



НЕКЕ
ЖӨНІНДЕГІ
ОҚИҒА

Джон және Лиза
БИВЕР

Қымбатты дос!

Сенің осы кітапты алғаның үшін біздер сондай қуаныштымыз. Сен Оның жүрегінің ганибеті, Жаратушы Иенің қуанышысың. Ол сені танып білуді өте қатты аңсайды және сенің Оны жақынырақ танып білуіңді қалайды. Сен Онымен қарым-қатынаста болған кезде рухани өсе бересің және Ол сені өзінің әріптесі болуға, сенің айналандағы адамдарға Оның жүрегін көрсетуге шақырады. Елші Пауылдың Қорынттықтарға арналған хатында жазылғанындай, біздер-Иса Мәсіхтің жіберген елшілеріміз, олар арқылы бүкіл әлемге ізгі хабарды жеткізушілерміз және оның өкілдеріміз.

Неке дегеніміз бұл, Құдайдың болмысына көрсететін ең жақсы тәсілдерінің бірі. Неке бұл, Мәсіх пен Оның қалыңдығының, яғни қауымның арасындағы ізгі қарым-қатынастың бейнесі. Әрбір одақтың (тіпті, қиындықтарға, азаптарға және қателіктерге толы неке одақтарын қоса алғанда), басқа адамдардың игіліктері үшін, сүйіспеншілікті және қуаныш пен бейбітшілікті тарату әлуеті болады.

Тәңір Ие осы тәліммен сізбен және дүние-жүзіндегі барлық топбастаушылармен бөлісуге жүректерімізге қозғау салды. Бұл тәлім барлық адамдарға яғни, бойдақтар және отбасы бар адамдарға, тұрмыстағылар және тұрмысқа шықпағандар үшін де, үйленген жігіттер және тұрмысқа шыққандарға және ерлі-зайыпты қарым-қатынастың кез келген мезгілі үшін маңызды болады. Осы тәлімді және біздің сүйіспеншілігіміз бен қолдауымызды шын жүректен қабылдауыңызды өтінеміз. Өзің білетін әрбір адаммен тәлім жайлы айтып, онымен ой бөлісуіңді ұсынамыз. Біз осы арнау шығарманың саған және оларға көшбасшы болып қойылған адамдарға, сенің армандарыңнан орын алған, бірегей, Құдайдың жарылқауына ие болған, махаббат оқиғасын жазып шығуға көмектесетініне біздер кәміл сенеміз.

Біздің некеміздің өзіндік қиындықтары мен сынақтары болды, бірақ, біздер Құдайдың сенімділігін өз көзімізбен көрдік. Ол біздің өмірімізді әрбір салада кеңейту үшін, ол біздің некемізді пайдаланды, және де тура сол сияқты, Ол сен үшін де солай еткісі келеді! Сенің осы кітап беттерін оқи отырып, сен жігерленіп және де өзіңнің тамаша оқиғанды жазуға қамдануың үшін, біз дұға етеміз.

Біздер осы арнау шығарманың саған және сенің қамқорлығыңда болған адамдарға да қалай ықпал еткені жайында естігіміз келеді.

Сіздің рухани бауырластарыңыз,
Джон және Лиза Бивер



JohnBevere@ymail.com

LisaBevere@ymail.com

Messenger
International
MessengerInternational.org



НЕКЕ
ЖӨНІНДЕГІ
ОҚИҒА

Джон және Лиза
БИВЕР

Story of Marriage by John & Lisa Bevere, Kazakh

© 2015 Messenger International

www.MessengerInternational.org

Originally published in English as Story of Marriage

Additional resources in Kazakh by John & Lisa Bevere are available
for free download at: www.CloudLibrary.org

To contact the authors: JohnBevere@ymail.com, LisaBevere@ymail.com

“Неке жөніндегі оқиға” қазақ тіліне аударылған кітап,

Джон және Лиза Бивер.

© 2015 Messenger International

www.MessengerInternational.org

Түпнасқадағы басылып шығарған кітабы ағылшын тілінде

Story of Marriage деп жазылған.

Қосымша ресурстарды мына сайттан www.CloudLibrary.org

тегін көшіруге болады.

Авторлармен осы электрондық пошта арқылы хабарласуға болады:

JohnBevere@ymail.com, LisaBevere@ymail.com

АЛҒЫС БІЛДІРУ

Біздің балаларымызға, олардың жұбайларына және біздің немерелерімізге ризашылығымызды білдіреміз. Біздің некеміз жайлы оқиганың жазылуына көп жағдайда сіздердің және оның себебі де болды. Біз, сендердің қалай рухани өскендеріңе және бір-біріңді шынайы сүйетіндеріңді бақылай отырып, біз сол үшін де қуанып отырамыз.

Біздің әріптесіміз, Брейв Эдиссонға да алғыс айтқымыз келеді. Тек мәңгілік өмір ғана, сенің қосқан үлесіңді анық өлшейді. Егер біз мұны сенсіз істей алмайды екенбіз деп айтатын болсақ, демек, онда ештеңе айтпағанымыз. Шыдамдылық көрсеткеніңе және адамдардың өміріне жанасуға қабілетті, бірдемені жасау үшін біздің сөздерімізді Таурат кітабының даналығымен біріктіргеніңіз үшін де рахмет!

Қымбатты және даналыққа толы Джейлин! Сенің әсерлілігің, сергектілігің және тамаша ынталылығың бізге неке жайындағы осы оқиганы әдемілеп өрнектеп, жарыққа шығаруға көмектесті. Жаратушы Ием сенің осы алқатта сепкеніңнің барлығын саған үйіп-төгіп қайтаруға жазсын!

Винсент пен Алиссон! Сендердің біз үшін жасаған барлық қызметтерің үшін және осы кітапта мінажат тақырыптарын жасауға көмектескендерің үшін рахмет айтамыз. Сендердің жұмыстарың осы кітапты рухани байытып және кеңейте түсті.

“Мессенджер Интернейшенал” қызметінің команда мүшелері мен әріптестеріне бізді қолдап, әрқашан жанымызда болғандары үшін рахмет айтамыз. Біздер, Иса Мәсіхтің даңқты Ізгі Хабарын дүние жүзі халқына жеткізу үшін, бізбен бірге саяхат жасайтын өте сенімді жанқияр достарды Тәңір Иеден сұрай алмаушы едік.

Ал ең алдымен Көктегі Әке, Сенің мәңгі сүйіспеншілігің үшін шексіз алғысымды білдіремін; Біздің Патшамыз-Мәсіх Исаға, біз үшін Өзінің өмірін құрбан еткеніне: және де Киелі Рухтың гажайып күш-қуатына, жұбанышына, әрі Оның бізге берген тәліміне, сондай-ақ тығыз қарым-қатынасы үшін алғыс айтамын. Бізді ешқашан тастамайтының үшін ризашылығымызды білдіреміз!

МАЗМҰНЫ

Кітап туралы мәлімет	7
Кіріспе сөз	9
1. Алғашқы Құдайдың жоспары.....	11
2. Істі бастаған кезде, оның аяқталуы жайында да ойланыңыз	51
3. Палубаны тазалау	95
4. Қызмет етуге шешім қабылдау.....	145
5. Жыныстық қатынас	185
6. Басынан бастаңыздар	229
Қосымша ұсыныс: Исаны қалай қабылдауға болады	271

Кітап туралы мәлімет

Осы кітапты басқа да кез келген кітап сияқты, басынан бастап аяғына дейін оқып шығуға болады. Дегенмен, біз сізге сіздің жеке тәжірибе алуыңыз үшін, қосымша интерактивті материалдарды оқып, зерттеуді ұсынамыз.

Осы кітаптың әрбір тарауы, күнделікті оқу үшін, бес тарауға бөлінген. Тақырыпқа сәйкес, тараудың соңында мінәжаттардың (дұғалардың) түрлерімен қоса берілген.

Күн сайын, сіз мінәжатпен (дұғамен) бірге, кітаптың бір тарауын оқи аласыз немесе оқудың өзіндік жоспарын таңдай аласыз. Осы тақырыптарды оқитын топтың қатысушыларына, біз аптасына бір тараудан оқып шығуды ұсынамыз.

Егер сіз “Мессенджер Интернейшенал” қызметінің, “Неке жөніндегі оқиға” кітабы материалдарының бір бөлігі ретінде оқып жатсаңыз, онда біз сізге аптасына бір бейне немесе аудиосабакты тыңдап, топтың ішінде сұрақтарға жауап беріп, содан соң, кітаптағы бір тарауды және қорытынды мінәжатты оқуыңызды ұсынамыз. Осы кітаптың әрбір тарауында бір бейне сабақ беріледі. Күнделікті оқуға арналған тараулардан соң, талқылауға арналған сұрақтар жазылған.

Бұл кітапты оқи отырып, рахатқа бөленіңіз!

КІРІСПЕ СӨЗ

Сіздің “неке жөніндегі тағы бір кітап” не үшін керек деп сұрақ қоюыңыз мүмкін. Тура осы сұрақты біз де қойдық.

Осы кітаптың жазуымыздың үш себебі болды. Біріншіден, біз бұл кітапты Құдайдың жетелеуімен жаздық деп айтатынымызға нық сенеміз. Екіншіден, біздің балаларымыз және бірге қызмет ететін әріптестеріміз осындай кітап жазуымыз жөнінде өтініш білдірді. Және үшіншіден, сіздердің көпшіліктеріңіз де біздің осы кітапты жазуымызды өтіндіңіздер.

Біз әлемде неке жайында көптеген ғажайып кітаптардың жазылғанына, олардың біраз бөлігінің бізге де пайдасын тигізгеніне сенімдіміз. Бірақ, сол кітаптан көз айырмай қарап, оқу кезінде біз үлкен кемшіліктерді байқадық. Осы кітаптардың көпшілігі, ерлі-зайыптылардың біреуінің ғана көзқарасы бойынша, айтарлықтай жазылған болып шықты. Алайда, ұлы неке бұл, шынайы әріптестіктен туындаған өнім, сондықтан біз, осы кітапқа біздің қосымша автор болуымыздың маңызды екендігіне сенеміз.

Сонымен қатар біз, әрбір оқиғаның дара екендігін, және де біздің оқиғамыздың ерекшелігінің жоғын білеміз. Осы жерде біздің екеуіміздің де күшті, жігерлі адамдар екендігімізді атап көрсету қажет. Біздің үйлі болғанымызға отыз жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде біз ерекше қиындықтарды бастан кешірдік. Біз, біздің ерекше тәжірибеміздің бізге бірегей болашақты беретінін түсіндік.

Бұдан басқа, біздер ерлер мен әйелдерге некелесудің олардың әрекеттеріне шектеу қоятын нысан емес екендігін көрсетуге түрткі болайын деген едік. Біздер, әрбір адамның өзінің некесін жобалауға, бәрінен бұрын, жеке мұқтаждықтарына және Жаратушы Иенің мақсаттарына сәйкес келетін шығармашылық лицензиясы бар деп есептейміз.

Біз осы кітап сізге өзіңіздің өте сирек кездесетін оқиғаңызды тауып, жазып шығуға көмектеседі деп сенеміз.

Бұл кітап кімдерге арналып жазылған

Бұл кітап отау құрып некелесуге дайындалып жатқандарға, некелесіп тұрғандарға, және “неке” деген ұғымның не екенін өте жақсы түсінгісі келетін адамдарға арналған десе де болады.

Қазіргі заманда біздің айналамызда, ажырасу мен ұрыс-керіс көп болған күндерде өмір сүріп отырғандықтан, көптеген адамдар тіпті, өз оқиғаларын айтып беруге ұялатын болды. Бірақ, сіз отбасыңызда көрген қиындықтарыңыз, өзіңізді болашақта күтіп тұрған оқиғаларға не кедергі жасамауы керек.

Кітапты оқып отырған кезде, тараудың ортасында олардың көңілінен шықпайтын әңгімені оқыған кезде, өздерін алданып қалғандай сезінетін адамдар бар.

Біз сіздің некеңіз жайлы кітаптың бетін жауып, ысырып тастағаныңызды қаламаймыз, және сіздің кітап бетін аударып, ары қарай жалғастыруыңызды қалаймыз.

Күтпеген жерден пайда болған ажырасу немесе зайыбынан айырылуы, олардың өмірлерінің жарқын кезеңдерін жұлып тастаған кезде, біздің маңайымызда біздің махаббатымыздың оқиғасы ешқашан таусылмайды деп есептейтіндер көптеп саналады. Сіздің некелесуіңіздің тарихы әлі аяқталған жоқ.

Осы кітапта некелесудің барлық көріністері талқыланады. Осы жөнінде тұтастай трактаттар жазып шығуға болады, бірақ біз барлық жауаптарды ала алмаймыз. Дегенмен де, оның өзгерісті кезеңдерімен бірге, біздер өз тарихымызды жазып шығуға шешім қабылдадық. Өйткені біз оларды жеңіп шықтық және біздің тәжірибеміздің басқаларға көмектесетініне сенім білдіреміз.

Ең соңында, Иса Мәсіх бұрынғыдай, неке бұл, айтып беруге тұратындай оқиға деп есептейді. Бұл, Оның біздерді қалай сүйетінін көрсететін бейне. Біз, сіз тұрмыстасыз ба, жоқ па, үйленгенсіз бе, әлде жоқ па, жассыз ба әлде егде жастасыз ба, осы кітап парақтарының сіздің бойыңызда сенімділік, үміт пен сүйіспеншілігіңізді оятуы үшін, сіз үшін мінажат етіп отырмыз. Сонымен, қайтадан армандау үшін, сіздің батыл болуыңызды өтінеміз!



— 1 ТАРАУ —

АЛҒАШҚЫ ҚҰДАЙДЫҢ ЖОСПАРЫ

Құдай Ие көз тартарлық, жеуге жақсы жеміс беретін әр түрлі ағаштарды жерде өсіп шығарды. Бақтың ортасында “мәңгілік өмірді сыйлайтын ағаш” және “жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш” та өсіп тұрды.

— Жар. басталуы 1: 9

1 күн

Бір күні, бір бақ пайда болған еді, оның ортасында екі ағаш өсіп тұрды. Сіздер, бұл бақтың жай шіріп кететін, қараусыз қалған әдеттегі бақ емес екенін шүбәсіз білесіздер. Соның ішінде, жер жұмағы Едем арқылы, ондағы барлық тіршілікті тап-таза, мөлдір сумен қоректендіре отырып, екі өзен ағып жатты.

Сол сәтте тек, сол бақтың ішінде, қандай ғажайып ағаштардың өсіп тұрғанын көз алдымызға елестетуге болатын еді. Әр ағаш құнарлы жерге тамыр жайып, сарқымалармен суарылып, күннің сәулесімен қоректенетін сол ағаштардың әрқайсысы, бейкүнә, адал өмір сүрудің бейнесін көрсетеді. Осы бақта көп ағаш өсіп тұратын, алайда Киелі Жазбада тек екі ағаш туралы яғни, “мәңгілік өмірді сыйлайтын” және “жақсылық пен жамандықты” танытатын ағаш жайында ғана айтылады.

12 НЕКЕ ЖӨНІНДЕГІ ОҚИҒА

Ағаштардың екеуі де, ешқашан да біздің жасаған күнәларымызбен жерге дақ тигізуді қайталамайтын, мекендеу аймағында шіріп кету мен ескіруге ұшырамайтын, екеуіне де бірдей, өте оңды жағдайы бар жерде өсіп тұрды. Дегенмен, бірінші ағаш-өмір ал екінші ағаш-өлім әкелетін ағаш еді.

Бәлкім сіз, осы әңгімені бұрынырақта естіген шығарсыз, әрбір отбасының тарихы, екі жер жұмағы Едемнен басталады. Біздің отбасыларымыз көбінесе, осы өмір ағаштарына ұқсайды. Әр түрлі уақытта, олардың өсу қарқыны әр түрлі болады, олар кемелдену тамырын жайып, нығайған кезде, олар үшін ең қолайлы, жайлы уақыт келіп жетеді.

Отбасы оқиғаларында көл-көсір, өнімсіз, ерекше және баяу өсу жылдары болады. Әрбір неке, өзінің бойға біткен ахуалының, әртүрлі маусымдардың, долы дауылдардың ықпалына ұшырай отырып, бізге өмірдің ауыспалы кезеңдерінен жасырынуға болатын паналайтын жер береді.

Осы кітаптың мұқабасындағы суреттемесі, бізге ағаштардың өміріне көз жіберуге мүмкіндік береді. Біз осы дөңгелектердің топтамасынан көріп отырғанымыз, шынында, оның саяхатының белгісін әкеле жатқан ағаш өмірінің тарихы болады. Біздің мектепте оқыған кезімізде, көпшілік оқушы дендрологияның негіздерін оқыды (ағаштар топтарындағы өсімдіктер жөніндегі ғылымдар) және дөңгелектердің саны бойынша, ағаштардың жасын шамалап анықтай алатын еді. Дегенмен, біз дендролог болмасак та (әдемі орманды жақсы көретінімізге қарамастан), біз ағаштағы дөңгелектерді айтарлықтай дәлме-дәл санап шығуға қабілетті болдық. Бірақ, мамандар болса, тек ағаштың нақты жасын анықтап ғана қоймайды, сонымен бірге, ағаштың діңінің кесілген жеріне әшейін қарап отырып, бізге оның өмірінің сырларын егжей-тегжейіне дейін айтып бере алады. Кәнігі көзге әрбір дөңгелек өз тарихының сырын айтып бере алады. Дөңгелектердің әртүрлі ендері, қыс мезгілін бастан қалай өткізгенін, жылы қыс па, әлде қытымыр қыс болды ма, сол немесе өзге жылда қуаңшылық немесе мол жаңбыр болды ма екені

жөнінде айтып бере алады. Ағашқа көз алмастан қарай отырып, зақымданудың іздері мен зиянды жәндіктердің шабуыл жасағанын анықтап қарауға болады. Ағаштың әрбір дөңгелегі бұл, домалақ пішінді және өзінің табиғаты бойынша өте сирек болатын мезгіл дердің жылы болады.

Некелесуде тұрып өткізген әрбір жыл, ағаш діңінің кесілген жері тәрізді және өзінің табиғаты бойынша, бірегей (өте сирек) болады. Некелесудің жылдықтары, бір жылдың аяқталуын және келесі жылдың басталуын белгілейді. Жыл сайынғы күні нақты белгіленеді, ал күнтізбелік жылдағы айлар, апталар және күндер, бұл қуаныштың, жан ауруы, еңбек етудің және тіпті, тосын жәйіттердің жинақтамасы екендігін білдіреді.

Неке жөніндегі сіздің әңгімеңіз

Осы саяхатты бізбен бірге бастай отырып, сіз қазіргі сәттегі немесе болашақтағы сіздің некеңіз жайындағы әңгімеңіздің тек, ерекше түрде сізге ғана тиесілі екенін есіңізде сақтаңыз! Әрбір адамның өмірі сияқты, сондай-ақ, әрбір ерлі-зайыптылар одағының тарихыда, бұл, қуанышты күндер, қиындықтар мен жеңісті күндердің жинағы деуге болады. Тым ұзақ уқыт бойы, барлық отбасылық мәселелерді шешуге келген кезде, сенушілер қауымының біраз бөлігі, барлығына берілетін жалпы рецептілерге (отбасын құруға дайындау жолы) қанағаттанумен шектелетінеді. Ол жерде бізге: “әйелдер күйеулерінді сыйлаңдар. Күйеулер әйелдерінді сүйіндер” дейтін. Осы сөздердің ақиқаттығы мен маңыздылығына қарамастан, барлық уақытта ерекше әрекет ететін некені құруға арналған амалдар болмайды, өйткені, әрбір отбасы өздерінің бірегей “саусақтарының ізімен” туылады.

Ал енді бұл жайтқа біз өзгеше қарайық. Кез келген үйдің жалпы жоспары болады, ол қабырғалар мен шатырды қамтитын үйдің іргетасын кірістіреді бірақ, үй иесінің мұқтажы мен қалауына сәйкес, үйдің әрлеуін (дизайнын) жасауға шығармашылық еркіндігі болады. Со-

нымен, ерлі-зайыптылық өмірде, біздің жеке сызбаларымыз бойынша, өз некелерімізді құруға шығармашылық жасауға “лицензиямыз” болады. Барлық тірішілік аясы бір-бірінен ерекшеленеді, және де өмір кезеңдеріне сәйкестене отырып, еркін түрде өзгере алады. Мысалы, әрбір отбасында балалары үйлі болып, өз үйінен кететін кезеңге қарай жылжиды делік. Бұл дегеніміз арада азғантай ғана уақыт өткен кезде, біздің үйге тағы да тек, бір ғана ұйықтайтын бөлменің қажет болатынын білдіреді. Сонымен қатар, жыл мезгілдерінің өзгергеніндей, отбастарындағы өзгерістердің болуы да, табиғи құбылыс деуге болады.

Әр жақты, мәңгі ақиқаттар мен құндылықтар, сіздің некеңізді Құдайдың еркіне сай, бақытты некеге айналдыра алады. Жаратушы Иеміз біздің өзімізден кейін жақсы мұра (бұл, көптеген қажетті қасиеттердің ішіндегі кейбіреулері ғана) қалдыра отырып, сүйіспеншілікпен, сыйластық және қуанышпен, жан-тәнімен берілгендікпен, жауапкершілікпен, адалдықпен, қамқорлық және жақындық танытумен қатар, өз неке одағымызды құруымызды қалайды. Некелесудің құрылыс одақтары ерлі-зайыптылардың әрқайсының бірегейлігін және олардың одақтарының мезгілдерін көрсетеді. Құдай біздерге басты қағидаттарды береді, бірақ, әркімнің өз ойын білдіруі үшін орын қалдырады. Ол әртүрлілікті жақсы көреді. Оның жаратқан затына бір рет қана көз тастау, осыны дәлелдейді.

Біздер, барлық жұптардың қандай да бір, жалғыз ғана үлгіге сәйкес болулары тиісті дегенге сенбейтінімізді бір уақытта айтып, ерекше көңіл аударғымыз келеді. Қазіргі заманда, жиі жағдайда ерлі-зайыптылардың екеуі де жұмыс істейді (2012-жылғы статистиканың деректері бойынша, АҚШ-да әйелдердің 60%-ы, қандай да болмасын, еңбектің бір саласында кәсіппен шұғылданады), кей уақытта, күйеуіне қарағанда, әйелінің жалақысы артық болады. Әйелінің ақша табуға қабілеттілігі, оның күйеуіне мойынсұна алмайтындығын немесе, еркектің “үйдің басшысы болуды қойған дегенді” білдірмейді. Бұл, тек әшейін, отбасылық бюджетке қаражат енгізіп жатыр, және де олардың

некелері бәрінен бұрын, олардың әжелері мен аталарының некесіне қарағанда, ерекшеленетін болады дегенді білдіреді.

Біздің отбасымызда біз екеуміз де жұмыс істейміз және екеуміз де, Құдайға қызмет етуде жетекшілерміз. Кей уақытта біз бірге жұмыс істейміз (мысалы, осы кітапты жазу үшін), кейде бөлектеніп жұмыс істейміз, бірақ, біздің некеміздің мақсаты және біздің басты құндылықтарымыз өзгермей келе жатыр. Ері мен әйелінің рөлі, біздің ақша табу жөніндегі қабілетімізге байланысты болмайды.

Жаратушы Иеміз пейіш бағында, (Жер жұмағы Едемде) Адам ата мен Хауа-анаға өсіп-өніп көбейіндер деп бұйырды. Ол Хауа-анаға сен үйде отырып, Адам-атаның табысын басқаруға тиістісін деп айтқан жоқ. Нақыл сөздер кітабының 31-тарауында, рақымды әйел ғажап үй иесі, үй басқарушы және іскерлікпен айналысушы әйел болды. Егер сіздің пікіріңіз бойынша, сіздің некеңізге осындай рөл сәйкес келетін болса, онда алға қарай қадам жасаңыз! Ал егер сіздердің ішінде біреулеріңіз, өзін толықтай үйге, отбасына және балаларына (егер сізде, отбасы және балаларыңыз бар болатын болса), арнаулы қалайтын болса, оның ешқандай сөкеттігі жоқ.

Басқа отбасыларына көмектескен нәрсе сөзсіз, бізге де көмектесетін сияқты болып көрінеді. Бірақ, шынында да, өмірдің барлық аясында біз, бірден-бір қиындықтарға тап боламыз. Алайда, олардың шешілетін өзінің бірден-бір (өте сирек) уақыты болады. Біз, сіздің некеңіздің мықты, берік болғанын қалаймыз. Бұл дегеніміз, сіздің басқа жұбайлар жұбының армандаған некесін емес, өзіңіз армандағандай некелесіп, отбасын құруыңыз үшін, бостандығыңыздың болуы керек деген мағынаны білдіреді.

Біз сіздерді сол сәтті пайдалана отырып, тіпті, уақытының басталуынан бұрын, атап айтқанда Сіз үшін Оның ойластырып жоспарлаған, мәңгілік ақиқаттың, сіздің некеңізді ерекше одаққа айналдыра алатынын ашып беруін, ақиқат Рухы болып табылатын, Құдайдың Рухынан сыйынып сұрауға шақырамыз.

2 күн

Сіздің отбасыңыз қиындықтарға тап болғанда

Адамның қанша жыл өмір сүргеніне қарап отырып, оның өмірі жайында баяндау мүмкін емес. Жұбайлардың елу жылдық некелерінде, елу жылдық қиыншылық жағдайларды немесе елу жыл үздіксіз рахаттанып, шаттыққа бөлену сезімдерін басынан кешіруі мүмкін. Бірақ, жиі жағдайда, некелесу, әртүрліліктің коллажи мен мезгілдердің кезектесіп отыруын көрсетеді.

Осы кітаптың мұқабасындағы ағаш кесіндісі салынған суретке қарай отырып, біз, әрбір дөңгелектің ағаштың диаметрін ұлғайтатынын көреміз. Өткен жылдар қиыншылықтарға толы жыл немесе молшылыққа толы жыл болды ма, оған еш байланыссыз ол оқиғаны кеңейте түседі және барлық жолға мағына беріп тұрады.

Егер мәсіхші (осы оқиғаның басты кейіпкері), ми батпақтағы уайым-қайғыдан өтпей жатып және Рухының түсуін жеңбей жатып, Көктегі қалаға келетін болса, Джон Буньяның “Пилигримның саяхаты” деген кітабы осындай мәңгілік өнердегі үздік туынды (үш жүз жылдан бері басылып келе жатқан) болар ма еді?

Қуаныш пен сынақтардың күрделі араласуынсыз, оның оқиғасы жалықтыратын және небір оқиғалардан айырылған болар еді. Мәсіхшілердің үлесіне тиетін сынақтардың және оны жеңудің арқасында, осы кітап оқырманның зейін қойып оқуына лайықты кітап болмақшы. Осылайша, біздің некелесуіміздің қиыншылықтары, біздің оқиғаларымызда зор сүйініш және мағынаны берудің әлуетті болады.

Отбасыңызға қиыншылық келіп, көңіліңіз жабырқаған кезде, ештеңені елең қылмаңыз. Оларды сіздің эмоциялық (әсершіл) және рухани күштеріңіздің шегінен асып түсуге қабілетті, Құдайдың рақымына кенеліп және Оның берген күшіне толу үшін пайдаланыңыз. Біз, отыз жылдан асатын жұбайлық өмірімізде, атап айтқанда, біздің өміріміздегі ең ауыр, сұрқай болып көрінген сол кезеңдер, кейінірек, біздің жолы-

мызды жарық қылатын шамшырақ болып шыққанын түсіндік. Осы кезеңдер бізге көтеріліп, белгілі бір позицияны иеленуге мәжбүр қылды. Отбасыңызда болып жатқан қазіргі шайқастар, сіздің некеңіздің тарихындағы ең үлкен кезеңдер болуы мүмкін.

Біз неке жөніндегі оқиғаға “сүңгіп” кетпей тұрған кезде, оның мақсатын зерттейік. Әрине, жұбайлардың одағының тамаша екені сөзсіз, бірақ, кей кездерде, онда оңай емес кезеңдер пайда болады. Біздің көпшілігіміз, жанға бататын үдерістен өтіп жатып, егер оның мақсатын түсінетін болса, шыдамдылығы зор болады. Мысалы, сіз тіс дәрігеріне барған кезде, егер барлық жасалынатын емшаралар, шыдатпайтын аурудан құтқаруы үшін қажет екенін білетін болсаң, тіс дәрігерінің креслосында бір-екі сағат шыдауға болатынын білесіз. Бәлкім, сіздің жұбайлық өміріңізде жағажайдың бойында серуендеп (ал егер осындай жағдай болмаған болса, демек, бәрі сіздің алдағы уақытта болады) жүргенге қарағанда, тіс дәрігерінің қабылдауына ұқсас болып келетін күндер болған шығар. Атап айтқанда, осындай ауыртатын кезеңдерде, мақсатыңды жете түсіну, бәрінен де маңызды болып келеді.

Бүгінгі күндері некелесудің мақсаты, мәселе болып табылады, және де көптеген адамдар некелесудің мақсатын түсінбегендіктен, олар долы толқындар оны тербей бастаған кезде, олар тез арада кемеден секіріп түсуге белін буады. Басқалары ерлі-зайыпты болу салтының өзі, жарамсыз болды, және оны қайтадан қарап шығып немесе жабу қажет деп бекітеді. Кейбіреулері тіпті, неке контрактілерінің әрекетін белгіленген мерзіммен шектеуді ұсынады, бұл, біздің кез келгенімізден талап ету үшін тым ұзақ мерзім. Осы адамдарға болашақ жайлы шешім қабылдауға болмайды, біз күні ертең өз сезімдерімізді әзер дегенде бақылауға бейімді болып жүрген кезде, өйткені, біз жиырма жылдан кейін нені сезінетінімізді білмейміз деп, өз ойларын бекітеді.

“Out Cast” деп аталатын хип-хоп музыкалық тобында, “Миссис Джексоннің” әйгілі бір әнінде, қоғамның некелік қарым-қатынастың міндеттеріне көзқарасы жайында айтылады:

Не болды сіздің қызыңызға?

Сіз “балалық махаббат” дейсіз бе?

Жоқ, бұл шынайы махаббат деп сізге жауап береміз

Осы сезім ешқашан тауысылмайды деп үмітенетіміз

Сіз серуен жасауды жоспарлап қойсаңыз да,

Бірақ, сіз ешқашан ауа райын болжай алмайсыз ғой.

“Мисс Джексон” әнінде өзінен жүкті болып қалған жас қыздың анасының алдында кешірім сұрауы, және де енді сол қызға деген өзінің сезімі жоқ екендігі жайында айтылады. Өкінішке орай, осы ән маған рахаттану сезімін сыйлауға тиісті болатын, неке және сүйіспеншілікке деген кеңінен таралған көзқарасты мінсіз көрсетеді. Осындай көзқарас, біздің эмоцияларымыз бізге ненің дұрыс және не нәрсенің бұрыс екендігін және біздің оларды басқаруға қабілетті емес екендігімізді айтуға мәжбүр етеді деген сенімге негізделеді. Егер мен өзімді бақытты сезіне алмайтын болсам, онда бәлкім, мен бір нәрсені өзгерте алармын.

Ақыр аяғында, мен ауа райының өзгерісін бақылағанға қарағанда, өз сезімдерімді одан артық бақылай алмаймын. Out Kast хип-хоп тобының әніндегідей, мінсіз серуенді жоспарлауға болады, бірақ та, ауа райын алдын ала болжауға болмайды.

Сонымен қатар, неке деген сөздің анықтамасының, уақыт өзгерістерінің бейімделуін қалайтындар да бар. Олар: “біз неге өте икемді бола алмаймыз” деп сұрайды. Егер ерлі-зайыпты болу салты сақталатын болса, онда ерлердің өз арасындағы одақты, және ерлер немесе әйелдер мен әйелдер арасындағы одақты заңдастыру қажет болады. Кейбір атақты адамдар, некелесу одағының параметрлері (міндеттері мен құқықтары) қайтадан қарастырылмайтын болса, тіпті, некелесуден бас тартады. Әрбір неке әрине, үнемі бейімделіп, дамуға міндетті, бірақ, оның анықтамасы мен қатысушылары өзгеріссіз қала береді деп пікір қосамыз. Сонымен, біз кімдерді тыңдасак екен? Некелесу дегеніміздің не екенін және осы анықтаманы қайта қарастыру құқығы кімге тиесілі болды екен? Некенің біздің өмірімізге қалай ықпал ететіні жөнінде, кімнің беделі мен билігі бар екен?

Біз, тек қана Құдайдың билігі бар деп сенеміз. Оның Сөзі былай дейді:

“Сен өзің емес, Құдай некені жаратты. Құдайдың Рухы соның тіпті ең кішкентай саласын да камтиды. Сондықтан, некелерінің рухын таза ұстап, ішкі-дүниелерінде оны сақтандар” (Малахия 2:15 The Message).

Осы аяттағы “Сен өзің емес, Құдай некені жаратты” деген сөздерден күдіктенудің ешбір қажеті жоқ. Ол тек некені жасап қана қойған жоқ, Өзі екі адамның біртұтас болып кетудің үдерісіне де жеке Өзі қатысады. Әрбір неке көптеген әр түрлі элементтерден тұрады, олардың кейбіреуі қарапайым, кейбіреулері тым күрделі болып келеді, бірақ, Құдай Өзінің рухымен тіпті, некенің ең сырлас қарым-қатынастың егжей-тегжейін де жандандыра түседі. (өмірдің қуанышымен толтырады).

Малахия пайғамбардың кітабында жазылғанына назар аударыңыз: “Құдайдың Рухы тіпті, оның (некенің) ең кішкентай бөлшегін де қуанышқа толтырады” (Малахия 2:15). Басқа сөздермен айтқанда, Құдай бізге некелік қарым-қатынасымызды шығармашылық жағынан қарауға ықпал етеді, алайда, неке деген не нәрсе және оның бөлшегінің кім болатынын Жаратушының шешу құқығын өзіне қалдырады. Жаратушы Иенің қатысуынсыз және келісімінсіз, некелесіп отау құру мүмкін емес, ал Ол болса, “Мен, Жаратқан Ие, еш өзгермеймін” (Малахия 3:6) деп басты шындықты айтты.

Пейіш бағына қайта оралу

Пейіш бағына қайта оралайық. Екі ағаш туралы әңгіме есіңізде ме? Солардың біреуі, жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш, бұл Адам-ата мен Хауа-анаға жемісін жеуге тыйым салынған жалғыз ғана ағаш еді. Құдай оларға осы ағаштың жемісін жесеңдер өлесіңдер деп ескертті. Бірақ, осы ағаштағы бір нәрсе Құдайдың ескертуін тыңдамауға және тыйым салынған жемісті жеп қоюға мәжбүр қылды.

“Әйел ағаштың жемісіне қарап, оның жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін және *өзін ақылды етуге қызықтырып тұрғанын көрді*” (Жар. 3:6 авторлармен белгілеп қойған).

Әрине, сол бақтағы көптеген ағаштар жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі еді.

Бірақ, адамды Құдайдың позициясына дейін биіктету күшіне ие болған жемісі бар ағаш, бұл мүлде басқа шаруа! Хауа-ана өзінде болған нәрседен гөрі, бір үлкеніректеу нәрсе бар деп ойлады. Хауа-ана маған бір нәрсе жетіспейді деген ойға келген. Бізге осы әйелдің өзіне жатпайтын Құдайдың қасиетіне (Оған тең болу) ие болуға қызығып кеткені, сонымен бірге өзінің Жаратқан Ие берген қасиетінен, яғни даналығынан айырылғаны таңғаларлық болып көрінеді.

Адам-ата мен Хауа-ана Оның ықпалы мен билігіне байланыссыз, Жаратқан Ие іспетті болуды қалады. Олар өздеріне тиесілі емес рөлге елігіп кетті. Біздер, олардың таңдауының арасында және олардың ұрпақтарының біреуі жасаған таңдаудың арасында қандай айқын кереғарлықтың бар екенін көріп отырмыз.

“Мәсіхтің құдайлық болмысы бола тұра, ол Онысына жармасқан жоқ” (Філіп. 2:6).

Адам-ата мен Хауа-ана Құдайға рухани ұқсап жаратылған болса да, Оған тең болған жоқ. Олар Құдайдың рухани бейнесі болған. Дегенмен, олар Құдайдың бейнесі болса да, бірақ, Жаратушы Иенің өзі бола алмайтыны сөзсіз. Олар біз бір жақсы нәрсеге ие болдық деп өздері алданып, өтірікке иланып, шын мәнінде, өздеріне берілген қасиетінен айырылып қалды. Олар даңалыққа ие болмай, алданып қалған.

Алданып қалған және сөз тыңдамайтын жұптарды пейіш бағынан қуып шықты. Оларға мәңгілік өмірді беретін жемісті жеуге тыйым салынды. Осы өмір сыйлайтын жеміссіз олар ажалды пенде болды. Олар қайтыс болды, ал олардың бақтары өтіп кеткен уақытта қалды. Дегенмен, олардың өмірі өздерінің ұрпақтарына, яғни, біздерге әсер етіп келе жатыр. Енді ерлер мен әйелдер өшпес өмір сүрмейді, бірақ содан бастап неке - өмірдің жалғасы болды.

Алайда, Ізгі Хабардың мағынасы осы: Мәсіхтің айқыш-ағашы өмір беретін біздің соңғы ағаш болып табылады. Ол пейіш бағында

жоғалған, жойылып кеткеннің барлығын қалпына келтіреді. Құдайға ұнамды неке ғана, өмірді сыйлайтын ағаш ретінде қызмет ете алады. Осындай некелік қарым-қатынаста, ұрпақтар жалғастыру мен ерлі-зайыптылардың арасында тығыз-байланыста болу үшін, барлық жағдайлар туындайды. Сол себептен, біз некелік қарым-қатынасымызды сыйлап, оны таза сақтап, бір-бірімізді қатты сүйгеніміз Жаратқан Ие үшін өте маңызды.

Сондықтан, біз отбасымыз бақытты болуы үшін, құмалақшыға жүгіріп, дуалау сияқты неше-түрлі ырымға сенбеуіміз керек. Бүгінгі күндері көптеген некелер өмір сыйлайтын ағаштарға мүлдем ұқсамайды. Ажырасу, некенің адалдығын бұзу, көңілі қалу, бақытсыздық және көңілде орнаған реніштер, біздің некелік қарым-қатынасымызды құртып жатыр.

Сүйіспеншіліктің осылай бұрмалануының себебінен, көптеген адамдар некелесудің мақсатын, тіпті, олар өздерінің не үшін үйленіп, тұрмысқа шыққысы келетінін де түсінбейді. Басқа адамдар, жан-жақтан атыста өмір сүріп, тірі қалғысы келгендей болады. Олар үшін некелік қарым-қатынас қауіпсіз айлақ емес, соғыс алаңы іспетті болып тұрады.

3 күн

Сүйіспеншіліктің көзі.

“Басқа ұлттардың арасында сендерге бола Құдайдың атын қорланады” (Рим. 2:24).

Біз Мәсіхтің денесі бола тұра, Құдайдың еркіне сай бір-бірімізді сүймей, өмір сүріп жүрсек, басқа адамдар Құдайдың атын қорлайды. Бұның таңқалатын еш нәрсесі жоқ, егер біз мәсіхші болып аталған болсақ, онда біз Мәсіхтің өкілдері деген атаққа да ие боламыз. Пауыл елші былай деп жазды:

“Құдай адамзатты Мәсіхтің арқасында Өзімен татуластырды, енді олардың күнәларын мойындарына артпай, татуласу туралы Ізгі Ха-

барды жариялауды бізге тапсырды. Осылайша Мәсіхтің өкілдеріміз, біз арқылы Құдайдың Өзі адамдарға ескертеді, Мәсіхтің атынан “Құдаймен татуласыңдар!” -деп өтінеміз” (Қор. 2 хат 5:19-20).

Өкіл дегеніміз билікке ие болған елші немесе уәкіл. Біз мәсіхшілер бола тура, Мәсіхтің атынан сөйлейміз. Не деген зор құрмет екен! Біз Құдайдың татуластыру қызметіне қатысу үшін шақырылғанбыз. Біз сөздер мен өз іс-әрекетімізбен Құдайдың атынан сөйлейміз. Бұл, біздің өміріміздің мақсаты. Біз осы жерде Құдайдың Патшалығын кеңейтуге шақырылған, Оның әріптестері болып, бірге еңбек етеміз.

Енді, Мәсіх, өзінің өкілдерінен яғни біздерден нені талап етеді? Иса:

“Сендерге жаңа өсиет айтамын: бір-бірін жақсы көріндер! Мен өздерінді сүйгендей, сендер де бір-бірінді сүйіндер” (Жохан 13:34) деді.

Біз осы өсиетті өз күшімізбен іске асыра алмағанымыз үшін, Тәңір Иеге ризашылық білдіреміз. Киелі Жазба бізге ең алдымен, Жаратқан Иеміздің еркін (Мәсіхтің айқыш-ағашының арқасында Құдайдың рақымы арқылы барлығымыз құтқарылып, соған мұрагер болып), тек Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болу арқылы орындай алатынымыз жайында нақты айтады. Сонда ғана біздерді өзгертетін Киелі Рухтың құдіретінің көмегімен әрекет жасап, бір-бірімізді сүйе алады екенбіз. Қазіргі, Жаңа Өсиет заманында, Құдай бізге Өзінің тапсырмасын орындай алмайтынымыздан артық еш нәрсе бермейді. Иса Мәсіхпен тығыз байланыста тұрғанымыздың арқасында әрі Оның Киелі Рухы бізге осы күнәкар дүниеге Құдайды көрсетуге және оны сүйуге күш-қуат береді. Бірақ, біз өзіміз сүйіспеншілікке толмайынша, басқа адамдарға соны көрсете алмаймыз. Ефестіктерге арналған хатында Пауыл елші Мәсіхтің сүйіспеншілігінің кілтін қалай ала алатынымыз жайында айтады: (Еф. 3:16-19)

“... былай деп мінажат етемін: Құдай Өз ұлылығын байлығына сәйкес Киелі Рухының арқасында жан-дүниелерінді Өзінің Құдіретімен нығайта көрсін. Мәсіх сенімдерің арқылы жүректеріне орныға көрсін, әрі рухани өмірлерің Оның сүйіспеншілігіне тамыр жайып, негізделсін. Осылай сендер, Мәсіхтің сүйіспеншілігінің қаншалықты кең де көз жеткізсіз терең не биік екенін Құдайдың бүкіл халқымен

бірге түсіне алып, адам санасы жетпейтін осы сүйіспеншілікті танып білсеңдер екен. *Сол арқылы Құдайдың рухани қасиеттері бойларына толықтай дари берсін*” (курсив авторлармен белгілеп қойған).

Мәсіхтің сүйіспеншілігі туралы терең түсіну үшін біз ең алдымен, Құдайдың бізді Өзінің Рухының ішкі құдіретімен толтыруына жол беруіміз керек. Бірақ, егер біз өмірімізді Оған толық бағыштамайтын болсақ, онда Киелі Рухтың құдіретіне ие бола алмайтын боламыз. Сіз өзіңізді Мәсіхке арнаған сәтте, Оның сүйіспеншілігінде өсе беріп, өміріңіз рухани ағыл-тегіл, мағыналы әрі бақытты болады. (Иса Мәсіхке өмірді қалай арнауға болатыны туралы 271 бетін ашып оқуға болады).

Сонымен, Пауыл Мәсіхпен тығыз байланыста тұрудан Оның құдіреті өмірімізде қалай әрекет жасайтыны әрі соның күшінің мақсаты жайында осы аяттарда айтылады:

“Сонымен Иемізге қызмет еткеніме бола түрмеде жатқан мен сендерге Құдайдың *өздеріңді шақыруына лайық өмір сүріңдер* деп ескертемін. Барлық жағдайларда кішіпейіл, ілтипатты, бір-біріңе төзімді болып, сүйіспеншілік көрсетіндер. Құдай Рухымен иемденген бірліктеріңді өзара байланыстырған татулық арқылы сақтауға ұмтылындар! Бәріміз бұртұтас рухани денеміз, Құдайдың Рухы да біреу, сол сияқты Құдай сендерді шақырғанда бірдей үміт берді” (Еф. 4:1-3 курсив авторлармен белгілеп қойған).

“Құдайдың өздеріңді шақыруына лайық өмір сүріндер” Пауылдың дегеніне ерекше мән беріңіз. Ол біздің мақсатымыз жөнінде яғни Құдайдың сүйіспеншілігі мен шындығын әрі Оның Патшалығына апаратын жолын осы күнәкар дүниеге көрсету керек екенімізді айтады. Құдайдың сүйіспеншілігін танып білмесек, осы мақсатты орындау мүмкін емес. Теориялық білімі болса да, көмектеспейді. Біз Құдайдың сүйіспеншілігін танып білу арқылы ғана соның күшін қабылдап, некемізді, әрі отауымызды құрып, бақытты бола аламыз.

Осы мәтінде, Пауыл елші отбасының мінез-құлқының өрнегі, яғни, ең жақсы қатынастың қасиеттері кішіпейілділік, ілтипаттылық,

төзімділік әрі бір-бірінің қателерін қабылдау және бірлік пен татуластықты сақтауға күш салу жайында айтады. Ал келесі тарауда, біз некелік қарым-қатынас және жанұя туралы аяттар бекер жазылмағанын түсінеміз. (Қауымның жетекшілері тек он үшінші ғасырда Киелі Жазбалардың тараулар мен аяттарына тек бөліп қойған, Пауылдың түпнұсқадағы жазған хаттарында ондай бөлінудің болмағаны есіңізде болсын). Бәлкім, Пауыл бірінші төрт тарауда да, Құдайдың сүйіспеншілігі туралы яғни, неке жайында негізгі шындықтарды біліп алып, басты тақырыпқа оқырмандардың жүректерін дайындаған шығар?

Сонымен, Құдайдың реттілігі осындай, өз жұбайыңызды немесе басқа адамды сүю үшін, сіздің ең алдымен Жаратқанның сүйіспеншілігінің тереңдігіне өз жүрегіңізді ашуыңыз керек. Сіздің Құдайдың сүйіспеншілігінің танып білуіңіз “басқа адамның қолынан” емес, тек өзіңіздің тәжірибеңізден болады. Сіз Мәсіхтің сүйіспеншілігіне тола берген кезде, шынайы өмірге ие болып, Құдайдан келген құдіретке кенеліп, кемелді адам боласыз. Сонда ғана сіз Жаратқан Иенің шақыруына лайықты өмір сүре аласыз. Тәңір Иенің өзімізге деген шексіз сүйіспеншілігін танып білу арқылы, лайықты өмір сүруге және сүйе білу үшін күш келеді. Егер сіздің жеке өміріңіздің мақсаты, Мәсіхті осы дүниеге таныстыру болса, онда некеңіздің мақсаты қандай болады?

Ал енді, Құдай – сүйіспеншілік деген сөзден бастайық. Сүйіспеншілік бұл тек әшейін, Жаратқанның жасағаны ғана емес. Оның қасиеттерінің бірі емес. Құдайдың Өзі-сүйіспеншілік. Некенің өзі-сүйіспеншіліктің институты, Құдай орнатқан ең бірінші жұбайлар қоғамы. Неке дегеніміз тек Құдайдың ең бірінші орнатқан Заңмен бекітілген қоғам заңы ғана емес, сонымен бірге Жаратқан Иенің бізге деген, яғни Оның қауымына әрі қалыңдығына арналған сезім тереңдігінің поэзиялық бейнесі болып табылады. Қалыңдық пен күйеу жігіт Мәсіх пен қауымды бейнелейді.

Оның осы терең бейнесі, көптеген адамдардың Исаны қабылдамағанының некені бұзып құртуға басқа көзге көрінбейтін себептер мен ой-ниеттерді ашып көрсетеді. Некенің одағына (оның анықтамасына, мақсатына әрі рухани тамырына) қауіп-қатерлер тек, саяси және қоғам-

ның ілгерілеуінен ғана келе қоймайды. Киелі Жазба біз адам баласына қарсы емес, біздің жауымыз не саяси партия, не қандай да бір ұйым емес екенін нақты айтады (Еф. 6:12 аятқа қараңыз). Біздің көне заманнан бері жанымызды әрі некемізді құртқысы келетін жауымыз бар. Ол Құдайдың сүйіспеншілігінің әрі Оның мен халқының арасындағы қарым-қатынастың негіздерін толық бұрмалап алмағанша, шабуыл жасай береді. Шайтан бізді өзгертетін Құдайдың сүйіспеншілігін танып біліп, оны қабылдауымызға қарсы тұрады. Бірақ, біз Құдайдың рақымының арқасында әзәзіл жауымызды жеңіп, Жаратқан Иеден өзімізге, әрі отбасымызға арналған барлық игіліктерін қабылдай аламыз.

Иса не жайында ойлайды?

Жаратушы Иеміз некелесуді тек әшейін ғана жаратып қойған жоқ, сонымен бірге ол, неке үшін жоспар мен өзгермейтін мақсатты ойлап тапты. Некелесудің ерекшеліктері жайындағы пікірталастардың мындаған жылдар бойы жүріп жатқанына қарамастан, Құдай бұрынғыша, Өзінің бастапқы жоспарынан айнып кетпейді. Исаның отбасы мен неке жөніндегі мәселелер бойынша, Өзінің атақты әңгімелерінің бірінде, парызшыларға айтқан сөздеріне назар аударыңызшы:

“Бірнеше парызшылар қасына келіп, Исаны сынақтан өткізбек болып: – Күйеуінің кез келген себептен әйелімен ажырасуына бола ма?–деген сұрақ қойды. Исаның жауабы мынау болды-сендер Жаратқан Иенің әуел бастан-ақ “адамды бірін еркек, бірін әйел қылып” жаратқанын оқымап па едіңдер?!” сол кезде Ол былай деген: “Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады” Осылайша олар енді екеу емес, біртұтас. Сонымен, Құдай қосқанды адам баласы ажыратпасын!” деп жазылған (Мат. 19:3-6).

Парызшылар Таурат заңын жақсы білгендеріне риза болды, бірақ, Иса олардың сүйіспеншіліктің құдіретін түсініп білулерін қалады. Құдайдың еркектер мен әйелдерді бір-бірі үшін жаратқанын теріске шығару мүмкін емес. Некелесуге отырған олар, нақтылы одақты құру үшін, өздерінің ата-аналарын қалдырып кетеді. Қара-

ма-қарсы жыныстағы екі адамның бірігуі кезінде, ешкім де олардың одағын бұзуға тиісті емес.

Жаратушы Иеміз неге ажырасуға қатал қарайды?

The Message Киелі Кітабының аудармасында “ажырасу” деген Құдайдың өнер туындысын қорлау деп жазылған. Неке дегеніміз, бұл, Оның жаратқан Құдайдың әлдебір өнер туындысы болатындықтан, бұл ажырасудың барып тұрған жамандық екенін көрсетеді. Қорлау дегеніміз, демек, киелі бір нәрсеге құрмет көрсетпеу немесе оған зорлық-зомбылық көрсету.

“Қорлау” деген сөздің мәндес сөздері бұл, абыройын төгу, Құдайға тіл тигізу, мұқату, ардақты нәрсені қорлау, зорлық-зомбылық көрсету, жаншып таптау сияқты сөздер. Барлық айтылған осындай ащы сөздер, зорлық-зомбылықтың мағынасын жеткізеді. Біз сізге The Message Киелі Кітабының аудармасын ұсындық, тап осы жағдайда, Киелі Кітаптың кез келген аудармасында, Құдай қосқанды ажыратудың ауыр екендігі жөнінде айтылады. Біз мән-мәтінді зерттей отырып, сондай-ақ, Исаның барлық некелер жайында айтатыны жөнінде сөзсіз қорытындыға келеміз.

Егер әлдебір адам, Леонардо да Винчидың “Мона Лиза” деген картинасын бүлдіріп, қорлайтын болса, әлемдегі адамдардың қандай пікірде болатынын көз алдыңызға елестетіп көріңізші!? Вандализмнің осы бір сорақы әрекеті жайында, барлық жаңалықтарда айқайлап тұрып айтылатын еді. Кінәлы адамды барлық қоғамда айыптайтын еді, және бәлкім, ол қалған ғұмырын түрмеде өткізуші еді. Сол бір әлдекім адамның ең үлкен өнер туындыларының біреуін қорлауға қалайша батылы барды екен? Егер бұл жағдайды ана дүниеде жатқан Леонардо білегін болса, ол моласында бір аунап түсетін еді.

Міне қалай, Құдай некелесуге оның сүйікті жаратылған затында көрсетілетін, ең үлкен өнер туындысының бірі ретінде қарайды. Оның некеге деген құмарлы көзқарасы, Исаның парызышылдарға берген жауабынан айқын көрінеді. Парызышылдарға Исаның сөздерін

кабылдау өте қиын болды, сондықтан, олар Оған жауап беруден бас тартты. Құдайдың жарығындағы некенің бастапқы мағынасын түсінуге қабілетсіз болған олар отбасын сақтағанның орнына ажырасуға рұқсат берген Мұсаның заңына сүйенген болатын.

“Парызшылдар қарсылық білдіріп:- олай болса, күйеуі арнайы куәлік қағазын жазып берсе, ажырасуына болады деген ережені Мұса пайғамбар неге жазып қалдырған?– деді. Иса оларға былай деп жауап қатты:- Мұса жүректеріңнің (Құдайдың еркіне мойынсұнбай) қасарысқандығына бола әйелдеріңмен ажырасуына жол берген. Алайда әуел баста ондай болмаған. Сендерге айтамын: жеңіл жүріске түспеген әйелімен ажырасып, басқаны алса, сол неке адалдығын бұзады” (Мат. 19:7-9).

Мұсаның заңы адамдардың жүректерінің қасарысқандығына бола әйелдеріңмен ажырасуына рұқсат еткен еді. Ондай нәрсеге рұқсат етілген болса да, бірақ, бұл Құдайдың алғашқы жоспары, әрі Оның еркі емес еді. Алданбаңыз, Жаратқан Ие ажырасуды жек көреді. Ерлі – зайыптылар ажырасқанда, Құдайдың жаратылған құпиясы екі жаққа бөлініп, бұзылып, құртылады (Неке деген Құдайдың құпиясының бірі деп Еф. 5:31-32 аяттарда жазылған).

4 күн

Жаңа жүрек

“Сендерге айтамын: жеңіл жүріске түспеген әйелімен ажырасып, басқаны алса, сол неке адалдығын бұзады” (Мат. 19:9).

Сонымен, Иса ешқашанда бізге Оның айтқанын орындауға күш бермей жатып, Иса бізден ештеңені де өтінбейтінін қайталаймыз. Біздің ерлі-зайыптылық одағымызға арналған Құдайдың жоспары Оның қолында, және Ол біздің онда өмір сүре алуымыз үшін, бізге қажеттінің бәрін де бергісі келеді. Мұсаның заңы тасжүректіліктің себебінен жеңілдіктер береді, бірақ, Иса Мәсіхтің құрбандығы арқылы біз тастан емес, Рухтан жаралған жаңа жүректерге ие боламыз.

“Өздерің жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын. Көкіректеріңнен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын” (Езек. 36:26).

Біз осы сөздердің Жаңа Өсиетте жаңғырықтың шақырғанына үн қатқандай болып жазылғанын көреміз. Пауыл бізге мынадай жігер береді.

“Бұл үміт алдамшы қиял емес, өйткені, бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті” (Рим. 5:5).

Біз өз бетімізбен жүректерімізді жаңарта алмаймыз. Бұл тек Құдайдың күдіретіне әрі Оның шексіз сүйіспеншілігіне байланысты. Біз Оған толық мойынсұнып, Тәңірдің күдіретін қабылдай аламыз. Жаратқан Ие адамдарды мәжбүрлеп, Өзінің сүйіспеншілігін қабылдатпайды. Ешқашан бізді күштеп, біздің еркімізге қарсы өмірімізде әрекет жасамайды. Бізге жаңа жүрек дарытылғаннан кейін, Исаның алғашқы Құдайдың неке мен ажырасудың түсінігінің күрделі сөздерін терең түсіне аламыз.

“The Message” Киелі Кітаптың аудармасында “liable” деген сөз қолданылады (осы сөздің мағынасы “заңға сәйкес жауап беретін” немесе “заңының алдында жауапкершілік алатын”) яғни адамның өз жұбайымен ажырасудың қалпы суреттеледі. Некені ажырасудан сақтау қиын болып көрінеді, алайда, егер Құдай біздерді осындай жоғарғы стандартқа көтерген болса, онда Ол бізге соған сәйкес өмір сүруге Өз рақымын беруге дайын. Осы “өмірлік саяхаты” оңай болмағандықтан, олар қиындықтардан өтуге күш салағанынан гөрі, тез жеңіліп қалады. Бір зерттеудің мәліметтеріне сәйкес, егер олар ажырасудан бас тартқан жағдайда, некелері қиылған бақытсыз ерлі-зайыптылардың үш жұбының ішіндегі, екі жұп бес жылдың ішінде бақытты отбасына айналады. Сондықтан, берілмеңіз! Сіздің некеніздің қазір қандай жағдайда екенін біз білмейміз, бірақ егер сіз өзіңізді мүлде дәрменсіз сезінсеңіз де, бәрі-бір үміттенуге болады. Сіздің жетістігіңіз алыста емес! Иса жақсы некелерді одан да жақсы қылуға, және некесі бұзылғандарды қалпына келтіру үшін келді.

Ерекшілігі жоқ ереже болмайды

“Сендерге айтамын: жеңіл жүріске түспеген әйелімен ажырасып, басқаны алса, сол неке адалдығын бұзады” (Мат. 19:9).

Иса некенің алғашқы жоспарында, ережеден бір ерекшілік бар екенін айтты. Егер тіпті жұбайның бірі неке адалдығын бұзса да, некенің тағдыры олардың қолдарында болып қалады. Егер сіздің жұбайыңыз өзіңізге адал болмаса, сіз онымен бірге тұруға міндетті емессіз, сонымен бірге оны тастап кетуге де міндетті емессіз. Қандай шешім қабылдасаныз да, сіздің оны кешіруіңіз керек. (Егер жолдасыңызбен бірге тұру сізге және балаларыңызға да қауіпті болса, онда сіз оны тастап кетуіңіз керек. Егер де күйеуіңіз өзіңізді ұрып-соғатын болса, өзіңізді және балаларыңызды да сақтау үшін, қажетті шараларға кірісуіңіз керек. Қауымнан немесе жергілікті өкімет орындарынан өзіңізді қолдап-қорғауын сұраңыз).

Кешіру мен татуласудың арасында үлкен айырмашылық бар. Сіз өзіңізді тонап алған адамды кешіре аласыз, дегенмен, оны үйіңізге шақыруыңыз қажет екендігін білдірмейді. Егер ерлі-зайыптылар бір-біріне сенімділікті әрі некелік келісімді бұзғаннан кейін, арасындағы бірлігін қайтадан қалпына келтіруге шешім қабылдаса, онда татуласу іске асады.

Біз неке адалдығымыздың бұзылмағандығынан, ешқашан қиындықты көргенемеспіз, бірақ осындай қиындықты бастарынан өткізген достарымыз бар. Кейбіреулер қайтадан татуласуға шешім қабылдайды. Олар өз некесін қалпына келтіруге ауыр еңбек ететін. Кез келген жағдайда жұбайының біреуі істегеніне қатты өкініп, өз күнәсін мойындап, теріс жолдан қайтқан. Біз бір шындықты анық түсінейік, адам өз күнәсінен бас тартпаса, татуластық бола алмайды. Дәл солай, Құдай Ие, әрі мейірімді болса да, Онымен татуласуға, бізден жүрегіміз бен ой-санамызды күнәмізді мойындау арқылы тазарып, теріс жолдан қайтуды талап етеді.

Біз өз бетімен бір-бірімен татуласа алмайтын ерлі-зайыптылармен де кездестік. Олардың ажырасудың ауыртпалығына шыдап,

өмір сүруінің қажеті жоқ. Иса олардың некелеріне опасыздық жазағанының қиындығын жақсы түсініп, оларға рақымдылықпен қарап, кешірімді бола біледі. Біз Құдайдың ерлі-зайыптылардың ажырасқаннан кейін, жүректерін сауықтырып, өмірлерін қалпына келтіріп, жарылқағанын көзімізбен көрдік.

Егер сіз күйеуіңізбен ажырасқан болсаңыз, біз сізді ажырасудың өзіңіздің болашағыңызға жаман әсер етуіне жол бермеуге шақырамыз. Ажырасу сіздің өткен өміріңіздің белгісі ғана болып табылады, сонымен, осы белгі сіздің келешегіңізге кедергі жасамауы керек.

Өткен өміріңіз сізге емес, Құдай Иеге тиесілі болады. Сіздің болашағыңызға арналған Құдайдың жоспарын бүлдіру үшін, біздің жауымыз өткен өткен өмірді пайдалануға тырысады. Жаратқан Ие сізге бүгінгі күні беріп, бүгін шешім қабылдағаныңыз кешегі емес, ертеңгі күнге әсер ететіні есіңізде болсын. Егер сіздің шешіміңіз дұрыс болмаса, оны түзету үшін, Құдайдың құдіреті мен даналығын қабылдаңыз. Ең қиын жағдайды өзгертегін Тәңірдің құдіретін қабылдап, рақымының кереметтерін көру үшін, Оған мойынсұнып, кішіпейілді болыңыз.

Мен тұйыққа тірелдім

Некеге арналған Құдайдың жоспары жайында Исаның қатты сөздері сол замандағы қоғамына бір-түрлі болып көрінетін. Мәсіхтің шәкірттері Оның сөздерінен жігер ала алмай, соған бола көңілдері қалған еді. Олардың наразылық білдіргеніне қараңыз:

“Сонда шәкірттері: -егер еркектің әйелінің алдындағы міндетті осындай болса, *онда не істеріміз білмейміз...* үйленбеген артық болады”
(Мат. 19:10, курсив авторлармен белгілеп қойған).

Не істерін білмей, өмірлері тұйыққа тірелді ме? Неке құруға деген қандай теріс көзқарас? Дегенмен, көпшілігі, Исаның шәкірттері сияқты, некелік қарым-қатынасқа оларды шектейтін, әрі қысым көрсететін нәрсе ретінде қарайды. Қаншама жалғыз қалған ерлер мен әйелдер жаратпайтын адаммен отбасын құрудан қорқып, не істерлерін білмей, тұйық көшеде тұрғандай жағдайда өмір сүреді.

Бірақ, біз некеліктің бақытты қарым-қатынаста болу үшін, адамның өзіне жақсы жарасатын жұбайын табу емес, қайта өзінің жақсы жарасатын адам болуының маңызды екендігін түсіндік. Біз сіздің дұрыс түсінуіңізді қалаймыз, өзіңізге арналған жұбайыңызбен кездесу үшін, Құдайдан кеңес сұрап, Оның Киелі Рухының тыныштығына ие болуыңыз керек. Біз жиі жағдайда, өзімізге жарасатын адамды тапсақ, онда ол адам бізді бақытты қылады деп ойлаймыз. Ешбір пенденің басқа пендені бақытты етуі қолынан келе бермейді. Бұл тек Құдайдың қолынан ғана келеді. Дәл солай, біз адамды өзімізге жағатын мұратымызға сай етіп өзгерте алмаймыз. Бірақ біз өзіміздің жұбайымызға, не келешекте болатын жарымызға өмірімізді арнап, Жаратқан Иенің бізді өзгертуіне жол беруіміз керек. Сіз өзіңіз үшін өмір сүргеніңізден гөрі, жұбайыңызға өз жаныңызды арнап өмір сүрген кезде, көбірек рахатқа бөленесіз.

Матай жазған Ізгі Хабар кітабында дененің шамы-көз деп жазылған (Мат. 6:22). Бұл дегеніміз, сіздің түйсігіңіз, сіздің шынайылығыңыз деген мағынаны білдіреді. Бұл өміріңізге қалай қарап жүрсеңіз, солай пайда болатынын білдіреді. Және сонда сіздің тұйыққа тірелуіңіз, Құдайдың сіздің некелесіп тұрған өміріңізде және ол арқылы не істей алатынын шектейтін болады. Егер сіз өз некеңізді үмітсіз торға түскен іспетті қылып, қабылдайтын болсаңыз, ол шынымен де солай болады. Сіздің табиғи мән-жайларыңыз, ең соңында, сіздің рухани қиял көріністеріңізді анықтайтын болады, және неке бұл, ерекше жағдай емес.

Бәлкім, сіздің былай деп ойлауыңыз мүмкін: “Джон, Лиза сіздер тым артық талап етесіздер. Сіз өз өміріңізді күйеуіме (әйеліме) толық арнауымды күтесіздер ме? Ал өзімнің үмітім пен армандарым ше? Ал менің қалағанымды кім іске асырады? Иса менің бақытты болуымды қаламап па еді? Сіздің айтқандарыңыз тек жай пайдалы және қызықты пікірлер ғана”. Біз сіздерді Құдайдың шын мәнінде сіздің бақытты болуыңызды қалайтынына көзіңізді жеткіземіз деп кәміл сенеміз, дегенмен, Бірақ, шынайы бақыт бұл, ұлы мақсаттар мен талпыныстардан да жоғары болатын нәтиже. Адамзат баласының жоғары мақсаттарға қол жеткізу үдерісінен кейін бағы ашыла-

ды, ал кез келген лайықты мақсатқа жету үшін, сіздің бар күшіңізді салуыңыз талап етіледі. Тек өзімшілдікті жойып барып қана, нағыз бақытқа қол жеткізуге болады. Ал некедегі өмір бұл, эгоцентризммен (дарашылдық) күресу үшін мінсіз орта болады.

Тимоти мен Кэтти Келлер “ерлі-зайыптылардың екеуінің де әрқайсысы, “Мен біздің некелік өміріміздегі өзіндік эгоцентризмге (дарашылдыққа) ең басты мәселе ретінде қараймын” дейтін болса, осы жағдайда сіздің ең тамаша отбасын құруға мүмкіндіктеріңіз бар болғаны” деп жазады. Эгоцентризм біздерді ұлағатты некеде бақытты болуымызға бөгет жасайды, ал бұл дегеніміз, өзіңізді құрбандыққа әкелу, некесі қиылған өміріңізде рахатқа бөленіп өмір сүрудің жолы екендігін білдіреді. Егер сіздің күйеуіңізбен (әйеліңізбен) араңыздағы қарымқатынасыңыз шиеленіскен жағдайда болатын болса, мәселенің барлығы эгоцентризмде (дарашылдықта) болуы ықтимал.

5 күн

Некенің ұлағаттылығы

“Бұл айтқандарымды жұрттың бәрі емес, Құдай бұйырғандар ғана ұғалады. Себебі үйлене алмайтындар адамдар бар: кейбіреулері некеге жарамайтын болып туған, басқаларын кісілер сондай еткен, ал тағы біреулері - Құдай Патшалығына көбірек қызмет ету үшін некеден бас тартқандар. Бірақ егер сендер *некенің ұлылығын арттыра алсаңдар, соны істеңдер!*” (Мат. 19:11-12 Курсив авторлармен белгілеп қойған).

Шәкірттері өздерінің тұйыққа қалай тіреліп қалғандарын көз алдына елестетіп тұрғанда, Иса олардың тіршілік ету шекараларының кеңейту үшін әлуетке ие екендігі жөнінде айтты. Иса некедегі өмірді тұзақ ретінде көре алмайды. Ол некелік өмірге сіздің өміріңізді кеңейтуге қабілетті нәрсе ретінде көреді.

Некенің адамдардың санының азайтып, некеге қатысушылардың құндылығын азайтатын тәрізді болып көрінуі мүмкін; ақыр аяғында, екеуі біртұтас дене болып кетпейді ме? Алайда, неке адамдар санын азайтпайды және бөліске салмайды, қайта керісінше, көбейтеді. Екі

адамның қосылып біртұтас дене болып кеткен кезде, өмірдің әрбір аясында көбею пайда болады. Жаратушы Ие Хауа-ананы жаратқаннан бұрын, Адам-атаға өсіп-өніп көбейіндер деп әлі бұйрық бермеген болатын. Осы әмір ету, сендер тек, жарық дүниеге бала әкеліндер деген мағынаны білдірмейтін еді. Некелескен өмірдегі көбеюдің шынайы әлуетін бағалау мүмкін емес, себебі оны өлшеу үшін, ол тым ұлағатты болып табылады.

Сіздің қазір осы кітапты (немесе біздің біреулеріміздің жазған кез келген кітапты) егер, біздің некедегі өміріміз болмағанда... деп оқымауыңызды сендіреміз. Біздің әрқайсымыздың өміріміз қарапайым болатын еді. Мен (Джон) Құдайдың рақымымен және Лиза Бивер түріндегі тағдырдың сыйы бойынша, Мен сол Джон болып табыламын. Біздің некедегі өмірімізде әрқашан оңай болды ма? Әрине, жоқ! Бірақ, Жаратушы Иеміз біздің некемізді менің өмірімді барлық жағынан көбейту үшін қолданды.

Мен (Лиза) де осындай сезімді бастан кешірдім және менің күйеуім арқылы Оның менің өмірімді ұлғайтқаны үшін, Құдайға алғысымды айтамын. Біздің үйленген кезімізде, көп жағдайда, сенімсіздіктің себебінен мен адамдардан өте қатты қорқатынымын. Өйткені мен бес жасымда рак (қатерлі ісік) ауруының себебінен, бір көзімнен айырылдым. Джон менің қорқынышым жайлы білетін, алайда, бәрібір менің өмірімдегі Құдайдың берген сыйы жайлы айта беруден жалықпады. Оның мені жігерлендіруі, менің Құдайдың жоспарының соңынан ілесуіме көмегі тиді. Ендігі сәтте менің өмірім кеңейе түсті, мені таңғалдырғаны, мен көп адамдарға қызмет ете бастадым.

Біз алдында айтып кеткендей, Жаратушы Ие бізге көбейіндер деп әмір берген кезде, Ол тек қана балалардың туылуы жөнінде ғана айтқан жоқ. Құдай еркек пен әйелдің қосылуы (мұның өзі, бір санына бірді қосу, қарапайым математикалық көбейту мысалы болып көрінеді), ұлағатты көбеюге мүмкіндік жасайтынын білді.

Осы ұстаным, біздің өміріміздің әрбір аясында: жұмыста, отбасында, өміріміздің рухани және қалған барлық аспектілерінде дұрыс ұстаным болады. Некелескен өмірде Құдай бізге кез келген кедергілерді жылжытып алып тастай алатын мүмкіндіктерді берді.

Егер сіздің өміріңізде Құдайдың жарылқауымен көбею жетіспейтін болса, ұрыс-керісті тоқтатып, өз күйеуіңізді (әйеліңізді) құрметтеп, елжіреп жақсы көретін кез келді.

Бұл оңай емес

Жақсы әскери стратегияны білгіш, ұлы шайқасқа дайындалудың маңыздысы - бұл жауының өзін әрі соның құрған жоспарын біліп алу екендігін айтады. (Сіз қалай ойлайсыз? Неге футбол топтары өздерінің жарыстас топтарының бейнетаспаға жазылған ойындарын жиі көріп отырады?) Жау некеге, әсіресе мәсіхшілердің некелеріне шабуыл жасағанда, жанұяны екіге бөліп, билікті тартып алуды көздейді.

Біз некеміз үшін рухани соғысканда, Жаратқан Иенің некеге арналған мақсаты үшін соғысамыз. Шайтан некенің мақсатын жай сексуалды қарым-қатынас емес, рухани одағына бола тұра соны жек көреді. Некенің өзі маңызды болып, қоғамда ерекше орын алғандықтан көп қарсылықпен кездеседі. Бірақ, сіз Құдайдың сыйына ие болу үшін әрі қарай баса беру керексіз (Філіп. 3:14). Иса барлық уақытта оңай болатыны жайында айтқан жоқ. Шын мәнінде, Ол бізге алдын ала айтқан еді:

“Некелік өмір барлығы емес, тек рухани кәметке жеткен адамдар ғана сүре алады. Соған белгіленген қабілет пен рақымдылық керек”
(Мат. 19:11 The Message).

Рухани кәметтік деген рухани өсуге әрі әрі қарай үйренуге қабілеттілік. Гэри Томас есімді жазушы, “Қасиетті неке” деген кітабында былай жазды: “Егер сіздің Исаға көбірек ұқсағыңыз келсе, онда сіздің некеге тұруыңыз керек. Біз некеге тұрғанда ғана, өмірімізде ешқашан көрмеген мінезіміздің қандай екенін көре бастаймыз”. Сонымен, Иса бізге некелік қарым-қатынаста тұрғанда, өз мінезіміздің кемшіліктерін нақты көретін боламыз, алайда, егер біз Құдайдың рақымынына сүйеніп, рухани өсетін болсақ (кішіпейлді, шыдамды әрі риясыз болсақ), сонда біртіндеп, некенің ұлылығынан рахатқа бөленетін боламыз.

Некелік шарт немесе өсиет пе?

Көптеген адамдар некелік өсиетке келісімшарт ретінде қарайды. Содан барлық қиындықтар пайда болып тұрады. Келісімшарт, бұл адамдардың әрекетін шектейтін жай келісім ғана болып табылады. Ол былай деп нұсқайды: “Мұнда әрекетіңнің шегі бар, келісімді бұзба. Егер олай етсең, мен соны жоққа шығарамын”. Басқа сөздермен айтқанда, не істеу керектігін білемін. Келісім бұл етістік сөз болып табылады, Мерриан-Уэбстер сөздігінде бұл сөздің мағынасы: “қысып, басу арқылы азайту” білдіреді. Осы сөз Исаның некелікті ұлылығы жайында айтқанына ұқсамайды. Неке біздің өмірімізді жаншып емес, ұлғайтуға тиісті. Құдай некеге жай келісімшарт ретінде қарамайды; Ол некені рухани өсиет ретінде көреді. Осы келісім “Өзімді саған арнаймын. Мен өзім және барлық меншігім сенікі болады, ал сендегі бар нәрсе, маған тиесілі болады. Біз не нәрсені қолға алсақ та, осы ғажайып айырбастың арқасында, өседі, көбейеді және ұлғаятын болады” деп жария етеді. Некелік өсиет зор сүйінішпен: “Мен артқа бұрылып кетпеймін, мен бақыттымын!” деп лептеп сөйлейді. Өсу деген осы.

Пауыл ефестіктерге былай жазған:

“Күйеулер, *Мәсіх қауымды қалай сүйсе*, сендер де әйелдерінді солай сүйіңдер!” (Еф. 5:25 курсив авторлармен белгілеп қойған).

Пауыл күйеулерді, Мәсіх қауымды қалай сүйсе, әйелдерін солай сүйге жігерлендірді. Сол сүйіспеншілік, жай келісімшарттан артық некелік өсиетінің сүйіспеншілігі болып табылады. Күйеулер, сендер Құдайдың сүйіспеншілігіне лайықсыз болуға қарамастан, Мәсіх өздерінді сүйе бергеніне риза емессіңдер ме? Иса Өзі мен сендердің араларындағы қарым-қатынасқа өмірдің тұйыққа әкелген, келісім-шарт ретінде қарамай тұрғанына қуанбайсыңдар ма? Біздің әйелдерімізге қалай қарап, қандай қамқорлық жасайтын кезімізде Мәсіхке ұқсас болуға мақсатты көздеуіміз керек. (Пауыл осы жерде тоқталмай, өз әйелдеріміз үшін өмірімізді құрбандыққа келтіруге дайын болуымыз керектігін айтады. Не деген бұйрық?). Пауылдың ефестіктерге арналған хатында не жазғаны есіңізде ме? (Еф. 3 тарау). Ол Құдайдың Өз халқына деген сүйіспеншілігінің тереңдігі

қандай екені жөнінде мазмұндап жазды. Ал екі тараудан кейін, ол отбасымыз осы сүйіспеншілікпен толтырылсын деп “Мәсіх қауымды сүйгендей” біздің де солай сүюіміз қажет екендігі жайында өсиет айтты. Біздің некеміз, Мәсіх пен Оның қалындығының арасындағы қарым-қатынасқа ұқсап, соның өнегесі болуға тағайындалған. Егер Құдайдың адамдардың арасында сүйіспеншілік, күш-қуат, жан-жарасымы мен бір-біріне арнау болмаса, онда Исаны танымайтын адамдар Онымен қалайша қарым-қатынас жаса бастайды? Некенің маңыздылығының қандай зор екенін көріп тұрсыз ба? Мәселе сіздерде ғана емес. Мәселе, Құдайдың бүкіл адамзат баласына Өз сүйіспеншілігін көрсетіп, оларды құтқаруында.

Біз басында өз жұбайыңды шынайы сүю үшін, алдымен Құдайдың сүйіспеншілігін қабылдау керектігі жөнінде айттық. Біз осы терең сүйіспеншілікті өзіміз пайда болдырмаймыз. Адамның ақылынан асқан Жаратқанның сүйіспеншілігін қабылдауымыз керек. Біз Құдай неге байыппен қарайтыны жөнінде сізге дәлелдеп бере аламыз. Біздің отбасымызда ажырасамыз деген кездері болған еді. Біздің үмітіміз үзіліп қалған деп те жүрдік. Алайда, үйленгенімізге отыз жылдан асқаннан кейін біз екеуіміз бақытты болып, алдымызда әлі де, бірге отыз жыл тұратынымызға мәз болып жүреміз.

Өмір беретін ағаш па әлде өлімге апаратын ағаш па?

Мен (Лиза) бау-бақшада еңбек еткенді жақсы көремін, бірақ, Джон менің бақшаға әуестігіме ортақтаспайды. Оған бақшаның жеміс-жидектері ұнайды, бірақ, оларды өсіруге қажетті болатын, еңбек ету ұнамайды. Бақтың жұмысы көп уақыт әрі ауыр еңбек етуді талап етеді. Джонның бақытына орай, біз Whole woods супермаркетіне жақын жерде тұрамыз, сондықтан, оған бақта еңбек етіп, қолдарын былғаудың орайы келмейді. Неке де бау-бақша іспетті, ол да көп уақыт пен күшті талап етеді. Егер біз біздің некеміздің салауатты болуын қалайтын болсақ, олай болса, “фаст фуд” (жылдам тамақтану) варианты болмайды, оның үстіне тым жақсы жұмыстан жалтарып кетуге бол-

майды. Неге? Өйткені біз не үшін еңбек еткенімізді бағалаймыз, және өз некемізді бағалау біз үшін қажет болады. Алайда жақсы жаңалығымыз бар (кейбір уақытта, оның жаман болуы да мүмкін ғой), сіз өзіңіздің некенізге сепкендеріңіздің балығын, сіз өз өміріңіздің басқа салаларында игілігін көретін боласыз. Осы тараудың өзінде біз, жоғарыда некенің мәнісін зерттеп, оны өлімді әкелетін ағашпен салыстырдық. Әйтсе де, оның өлімді әкелетін ағаш болуы мүмкін.

Ал енді, осы пейіш бағындағы екі ағаштың сипаттамасына тағы да қарайықшы:

Ағаштардың екеуі де, бірдей қолайлы жағдайларда өсіп тұрған еді. Дегенмен, бір ағаш өмір беретін, ал басқасы өлім әкелетін ағаш болды.

Некелесудегі Құдайдың заңы бұл, таяныш тәрізді, ал сіздің бүгінгі немесе болашақта қидыратын некеніз ағашқа ұқсайды. Некенің бастапқы жоспары, сіздің одағыңыз өсе алатын жақсы негіз, бірақ, сіздің некеніз өмір жасаушы ағаш бола ма екенін таңдау өз еншіңізде болады. Сіздің жұбайыңыз, отбасыңыз, достарыңыз бен әріптестеріңіз осы қоректің арқасында, сүйіспеншілік, қуаныш және тыныштық ала алар ма екен? Немесе ол оның жемісін жегендерге түңілу, өзімшілдік, және күйініш әкелер ме екен? Көпшілігі неке дәстүрінің өзін біздің мәселелеріміздің көзі деп есептейді. Басқалары жұбайына кінә қояды. Солар да, басқалары да өзіндік азғын жүректі мойындап, жете түсінуден бас тартады. Біз сіздің некенің барлығы да өзгеше болады деп үміттенеміз.

Осы саяхатты жалғастырмастан бұрын, шешім қабылдау қажет болады. Сіздің некеніздің Тәңірдің ойластырғандай болуы мүмкін екендігіне сенуіңіз қажет болады.

Бәлкім, “мен көрген кезде сенегін боламын” деп ойлауыңыз мүмкін. Бірақ, өзгеріске деген сенім, көзге көрінетін өзгерістердің алдында болады. Өйткені, Құдайдың барлық уәделері сеніммен қабылданады. Сіздің некеніздің бұл тек сіз ғана емес, бірақ, бәрінен бұрын, Ол екені, бұл жақсы жаналық. Ал сіз істейтін нәрсенің барлығы ол, өзіңізді жеңе отырып, Жаратқан Иеге Құдай болуға мүмкіндік беру. Ақыр аяғында, сіздің некеніз бұл, Оның өнер туындысы. Егер сіз Оған ерік берсеңіз, Ол некені тамаша жаухарға айналдырып, қайта өзгертеді.

1 күн. Күнделікті оқу

НЕКЕНІҢ МЕЗГІЛДЕРІ

*“Өз уақыты бар, әр нәрсенің, осы дүниеде істелінетін
әр істің мезгілі бар өзінің”.*

— Уағыз. 3:1

Көктем мен жаз, күз бен қыс – бұлар жылдың әр түрлі төрт маусымы, олардың әрқайсының өзінің қуаныштары мен қиындықтары болады. Неке көп жағдайда, жыл мезгілдеріне ұқсайды. Өзіңіздің отбасылық өміріңізде, сіз әртүрлі кезеңді басыңыздан кешіресіз, кейбір жағдайлар бірақ рет болып қана қоймайды. Өміріміздің әрбір маусымында ұғып, үйренуге болатын нәрселер және рухани өсу үшін көптеген мүмкіндіктер бар болады. Маусымдар жайында автор және бағушы **Чарльз Свиндордың** ойланып-толғана отырып, қалай жазғанын тыңдаңыз:

“Мен Құдайдың уақыт пен мезгілдерді өзгертіп жатқанына қуаныштымын, ал сіз ше? Ұстаз үндемей отырмайды, және оған бәрібір емес. Ол жаңа құпияларға жауапты таба алмастан және жаңа әуендерді жаттап алмастан бұрын, ауысып тұратын маусымдардың тұтас өмірінің ортасында, біркелкілік бойынша, егжей-тегжейін білмей, қисынсыз әрең-әрең жүргені тәрізді, біздің уақытымыз бен маусымдарды өзгертіп тұрады. Маусымдар біздің тереңірек болуымыз үшін және біздің Жаратушы Иеміздің жолдарында парасаттылау болуды үйренуіміз үшін жасалған. Және де, су ағындары кезінде отырғызылған ағаш іспетті, бізге мықты болып өсуге көмектесу үшін. Сіз жұбайыңызбен бірге өз өміріңіздегі айтуға тұрарлық, қандай ең тамаша маусымдарды атай алар едіңіз? Оларды қысқаша суреттеп жазыңыз, және ол мезгілдердің сіз үшін неге сондай ерекше екенін түсіндіріп беріңіз.

Ерлі-зайыптылар жұбы ретінде, сіз қандай ең сұрапыл дауылды күндерді бастан кешірдіңіздер? Сіздер сол қиын күндерден қалай өттіңіздер және Тәңір сіздерді не нәрсеге үйретті?

Жігер алу үшін Уағыз 3:11, Рим. 8:28, Қор. 2 хат 2:14 аяттарды оқыңыздар.

Айналаңызға көз салыңыз. Сіздің көзқарасыңыз бойынша, сіздердің некелеріңіз қай мезгілде орналасқан? Некелік қарым-қатынастан бұдан да артық рахатқа бөлену үшін, сіздер не істей аласыздар?

Сіз үзіліс жасап, мінажат етіңіз (Құдайға сыйыныңыз) “Тәңірім, біздің қазіргі өтіп жатқан мезгілден, өмір мезгілінен артық рахат алу үшін не істей аламыз? Сен айналады қалай көрсең, бізге де айналаны солай көру үшін, бізге көз бере гөр. Біздерді осы мезгілде еккенімізді болашақта орап алу үшін, қазір сол жақсылықты бағалауға үйрете көрші. Иса Мәсіх атынан, амин”.

Арада жылдар өткен сайын, сіздің некеңіздің бірегей “белгісі” барған сайын айқын бола бастайды. Уақытыңызды бөліп, қандай да бір уақытты тыныштықта өткізіңіз және не нәрсенің сіздің некеңізді ерекше қылатынын бағалаңыз. Сізде және сіздің күйеуіңіздің (әйеліңіздің) бойындағы қабілеттері, дарындары, мінез-құлқы, тілектері, мақсаттары, күйзелістері жайлы ойланыңыз.

Мінажат етіңіз (сыйыныңыз) және Киелі Рухтан сіз үшін сіздердің өзара қатынастарыңыздың сирек ұшырасатындығының сырын ашып беруін және сіз арқылы және сіздің қосылған жарыңыз арқылы нақтылай не істегісі келетіні жөнінде сұраңыз. Оның нені ашып бергенін жазып алыңыз, сонан соң, осы жөнінде өзіңіздің күйеуіңізге (әйеліңізге) сыр қылып айтыңыз.

2 күн. Күнделікті оқу

НЕКЕНІ ЖАРАТҚАН-ҚҰДАЙ

“Сен өзің емес, Құдай некені жаратты. Құдайдың Рухы соның тіпті ең кішкентай саласын қамтиды”.

— Малахия 2:15 (The Message)

Барлық белгілі қоғам дәстүрін құрудан бұрын, неке салты құрылды. Бұл жөнінде бағушы және оқиғаларды тамаша әңгімелеуші **Макс Лукадоның** не дегенін оқып көрейік:

“Некені Құдайдың өзі жаратты. Оны бірде-бір үкімет комитеті, бірде бір әлеуметтік ұйым оны дамытып, жетілдірген жоқ. Неке бұл, Құдайдың ақыл-парасатында нышан болып, пайда болған. Құдай некені жаратты және некенің Ол үшін маңызды болатыны соншалықты, Жаратушы Иеміз сіздердің өзара қатынасыңыздың әрбір егжей-тегжейлі көріністеріне дейін қатысқысы келеді. Оның Сөзі былай дейді: “... Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы жалғыз Оны ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды...” (Жақып 4:5).

Сіз кішкене тоқталып қалыңыз да ойланыңыз. Сіз Жаратушы Иеміздің некеніздің барлық саласына қатысуын қалап, Оның Рухын шақырар ма едіңіз? Сіздің күнделікті жоспарыңызда, сіз үшін Оның кеңесі маңызды ма? Егер сіз Оның рухын дүркін-дүркін ғана шақыратын болсаңыз, сіз оны шақыруды ұмытып кеткен кезіңізде, сіздің өміріңіздегі айырмашылық, қандай дәрежеде байқалып тұрады?

Сіздің Құдаймен бірге кез келген уақытта, кез келген орында және не жайында болса да, сөйлесуге айрықша құқығыңыз бар. Сіз-

де өзіңіздің қорқыныш сезіміңізді, қаржылай қиындықтарды немесе қарым-қатынас жасау кезіндегі мәселелерді жеңу кезінде қиындықтар туындай ма? Онда сіз неге өзіңіздің уайым-қайғыңызды дұға қылып, Құдайға тапсырмайсыз? Осы аяттардан алынған үзінділерді зер салып оқып шығыңыз және Киелі рухтың сізге не айтатынын жазып алыңыз.

Філ. 4:6, 7, Матай 6:25-34, Петір 1 хат 5:7, Жақып 5:13-16

Матай 7:7-11, Жохан 14:13, 14, Жохан 1 хат 5:14, 15

Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз. Не сұрасақ та, Құдай бізге құлақ салады деп білсек, Оның тілегенімізді беретінін де білеміз.

— Жохан 1 хат 5:14-15

Құдай сіздің некелік қарым-қатынасыңыздың әскери әрекеттер аймағына айналып кетуін қаламайды. Ол некенің жер жұмағы болуын қалайды, бұл дегеніміз, “рақаттану мен құшырланып, ләззат алу” орны. Сіз өз некенізде Құдайдан келетін қандай өзгерістердің болуын қалар едіңіз? Осы сұраққа жауап беріп болғасын, одан: “Осы өзгерістердің болуы үшін, мен не істей аламын. Менің өз бойымда нені өзгертуім керек?” деп сұраңыз.

3 күн. Күнделікті оқу

МӘСІХТІҢ ӨКІЛДЕРІ

Біздер, Мәсіхтің өкілдеріміз, ерлер мен әйелдерді өздерінің алауыздықтарын тастап, және бітімгершілікке келуде Құдайдың ісін түсінуге сендіру үшін Құдай біздерді пайдаланады. Қазір біз Мәсіхтің Өзінің атынан сөйлеп тұрмыз...

— Қорынттықтар 2-хат 5:20, (Қор. 2 хат 5:19-20 The Message).

Қүдіретті Құдай, бүкіл әлемді Жаратқан Ие біздерге әлемге Оның өзгешелігін көрсету үшін, оның еркісі мен оның жолдарын жерге жеткізу үшін, біздің оның әріптесі болуымыз үшін, биік дәрежелілікті сыйға тартты. Бұл тапсырма әрбір адамға жекелей және отбасы бар жұптарға да қатысты болады. Осыған қатысты автор және дін таратушы бағушы **Рик Реннер** былай деп түсіндіреді:

“Қорынттықтарға арналған екінші хаттағы Пауылдың сөздері бойынша, (Қор 2 хат 5:20) біз, көктен түскен делегаттармыз, Көктің өкілдерінің жер планетасына жіберілген елшілеріміз, Біз Мәсіхтің елшілері ретінде, біз Құдайдың Патшалығындағы дауысымыз. Оның өкілдері ретінде, біз Тәңір Иенің атынан сөйлеп, әрекет етуге билігі бар адамдармыз. Құдай Тағаланың елшілері ретінде, біз толықтай қолдауға, толықтай қаржыландырылуға, абсолюттік қорғанысқа және биліктің бүтіндей көмегіне және жұмақтың ресурстарына ие боламыз”.

Сіздер, ерлі-зайыптылар жұбы ретінде, осы әлемге Құдайдың іс-әрекетін көрсете аласыз. Ол сенбейтін адамдарды Өзіне қайтып оралуын өтіне отырып, “сіз арқылы уағыз береді”. Сіз рухани жағынан қарағанда, қаншалықты тартымдысыз? Егер сіздер Құдайды танымайтын отбасы болсаңыз және тура сіздің отбасыңыз сияқты ерлі-зайыптылар жұбын кездестіретін болсаңыз, олардың өзара қатынастарындағы не нәрсе сізді Оған жақындататын еді? Ал, қандай себеп сізді Одан теріс айналып кетуге мәжбүрледі?

Адамдар Мәсіхтің қауымының ішінде сүйіспеншіліктің жетіспеушілігін әрі сондағы ұнамсыз өмірді көргенде, Құдайдың атын қорлайды (Рим. 2:24). Құдайдың атына кір кілтермеу үшін, Киелі Рух сіздерге бәлкім, мінез-құлқыңызда немесе адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде, немесе оны теріс қылып көрсететін жұбайлық өмірдің аясында, нені өзгерту қажет екендігін көрсете ме? Егер ондай нәрселер болса, онда атап айтқанда, не нәрсе екен, соны жазып алыңыз:

Осы жерде сіз өзіңізді кінәлы немесе үмітсіз адам ретінде сезінбеңіз. Киелі Рух сізге не көрсетсе де, Ол өміріңізді өзгертуді қалайды. Сіз тек қана, Оған мойынсұнып, Одан көмек сұрауыңыз қажет.

Біздің өмірімізде Әлемге Тәңір Иені өте жақсы қылып көрсету үшін, біздің рухани өсіп, оқи алатын, осындай салалары бар. Біз мұны қалай істей аламыз? Оның Рухтарының құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту арқылы.

Оның сүйіспеншілігін қабылдау арқылы, сіз өмірлік жолдасыңызды және сіздің айналаңыздағы адамдарды сүюге қабілетті боласыз. Аяттардан алынған осы үзінділерді зейін салып, оқып шығыңыз. Және Құдайдың сүйіспеншілігін қалай алу қажет екендігі және осы жолда қалай рухани жағынан өсу қажет екендігі жөнінде, Киелі Рухтың ашып бергенін жазып алыңыз.

Рим. 5:5, Еф. 3:16-19, Жохан 1 хат 4:7-17

Құдай - сүйіспеншілік. Сол себептен кім Оның сүйіспеншілігіне сай әрекет ете берсе, ол Құдаймен, Құдай да онымен тығыз қатынаста тұрады. Мәсіхтің осы дүниеде қалай сүргеніндей өмір сүрсек, онда Құдайдың сүйіспеншілігі бойымызда әбден толысып, мақсатына жетті...

4 күн. Күнделікті оқу

ЖАҢА ЖҮРЕК

“Өздерің жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын. Көкіректеріңнен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын. Әрі өз бойларыңа Рухымды дарытамын. Осылай сендерді бұйрықтарыма сәйкес өмір сүріп, ережелерімді мұқият орындайтын қыламын”.

— Езек. 36:26-27

Сіз некеңізге толып жатқан қорқыныш пен уайымдар ретінде қарауыңыз мүмкін. Бәлкім, сіздің жеке басыңыздың күйзелісі немесе сіздің мәдениетіңіздің ережелері, некеге ауыртпалық ретінде қарауға мәжбүр етеді. Бәлкім, сіз өміріңізде жолыңыз бола бермегендіктен, қырсықтық деген қорқынышпен өз жүрегіңізді қатайтқан боларсыз. Мүмкін, сіз де, “неге менің өмірім тұйыққа тірелген” деп өзіңізге сұрақ қойған шығарсыз. Құдай барлық бөгеттерді бұзғысы келеді және сіздің табысты болып, оның бастапқы жоспарын орындай алуыңыз үшін, оның сүйіспеншілікпен жанасуы үшін, нәзік және сезімтал, жаңа жүрек сыйлағысы келеді.

Иса үшін, сіздің жүрегіңізден артық маңызды ештеңе де жоқ. Лұқа жазған ізгі хабарда (Лұқа 8:5-15) айтылған Оның сөздерін зер салып, оқып шығыңыз. Осы аяттарда Киелі рух сізге нені көрсетеді? Жүрегіңіз жайында не айтады?

Диқан себуші туралы Матай 13:3-23 және Марқа 4:3-20 аяттарында жазылған

Сіз өз жүрегіңізді толық біле алмайсыз. Тек Жаратқан Ие ғана соны терең ашып, сауықтыра алады.

Біраз уақыт осы шындық туралы ойланып көріңіз:

... Себебі Жаратқан Ие күллі адамдардың жүрегінің түкпір-түкпірлерін тексеріп, олардың барлық ой-ниеттерін түсінеді. Егер Оған бет бұрып, сиынсаң, Оны табасың...

— Шежіре 1 жазба 28:9

... Адамның жүрегі бәрінен бетер алдамшы әрі жазылмайтындай бүлінген. Оны танып біле алатын кім? Мен, Жаратқан Ие, адамның жүрегіндегісін зерттеймін, оның жан-дүниесін анық тексеремін. Содан әркімге жасаған қылығына, істеген істеріне қарай есесін қайтарамын.

— Еремия 17:9-10

... Уа, Құдай, жүрегімнің түкпірлерін тексере гөр, мені мазалаған ойларымды біле гөр. Қауіпті жолдамын ба, сынай көрсеңші, мәңгілік өмір жолымен мені жүргізсеңші!

— Забур 138:23-24

Сіз кішкене тоқтай тұрыңыз да, Құдайға мінажат етіңіз: “Менің некемнің менің жүрегіме деген өзара қатынасы қандай екенін маған көрсетші. Сенің оны сауықтыруың үшін, онда не болып жатқанын маған ашып берші. Иса Мәсіх атынан, амин!” Бір сәт үндемей қалыңыз. Оның сізге нені көрсеткенін жазып алыңыз да, барлық мәселелерді Оның қолына тапсырыңыз.

Сізге Құдайдың сүйіспеншілігі мен мейірімін қабылдауға дайын тұратын жаңа жүрек керек пе еді? Егер оған қажетті болатын көмекті дайындап қоймаса, сіздің Көктегі Әкеңіз сіз үшін некені жоспарламас еді. Одан дәл қазір неге көмек сұрамаймыз? Сіз төмендегідей мінәжат ете (сыйына) аласыз...

“Әке, Саған отбасылық өмірді сыйға тартқаның үшін рахмет айтамын. Сондығыменен де, оның жарылқауынан айырылып қалған мені, менің некеме деген көзқарасымның қате болуына мәжбүрлейтін барлық нәрселерден азат етші. Сенің сүйіспеншілігіңе сезімтал, жана, жұмсақ жүрек бере көрші. Сенің көріп тұрғаныңдай, мен де некемді солай көруім үшін, менің рухани көздерім ашылсын. Ең жамандықты күтпестен, алдағы уақытта бәрінің де жақсы болатынына сенуге көмектесе гөр! Біздің барлық істерімізде Сені бірінші орынға қоюға көмектесші. Саған алғыс білдіремін. Иса Мәсіх атынан, амин”.

НЕКЕНІҢ ҰЛЫЛЫҒЫ

“Бұл айтқандарымды жұрттың бәрі емес, Құдай бұйырғандар ғана ұға алады. Себебі үйлене алмайтындар адамдар бар: кейбіреулері некеге жарамайтын болып туған, басқаларын кісілер сондай еткен, ал тағы біреулері-Құдай Патшалығына көбірек қызмет ету үшін некеден бас тартқандар. Бірақ егер сендер некенің ұлылығын арттыра алсаңдар, соны істеңдер!”

— Мат. 19:11-12 (The Message)

Кеңейту дегеніміз бұл, ұлғайту немесе күшейту. Жаратушы Иеміз, некені жасап шығарушы сіздің одағыңызды кеңейту үшін пайдаланылатын құрал ретінде пайдаланғысы келеді. Егер сіз оның шеберлік жоспарын жүзеге асыруға рұқсат берсеңіз, сізді неғұрлым Исаға ұқсастыра отырып, және сіз не істесеңіз де, барлық жағынан өркендеуге ықпал жасай отырып, сіздің күйеуіңіз немесе әйеліңіз арқылы әрекет ететін болады.

Темір темірді қайрайды, адам адамды қайрайды.

— Нақыл сөз 27:17

Некелесіп тұрған адамдардың ұқсамаушылықтары бір-бірін өзіне қарай тартады дейді. Осы сөздің күші бар: атап айтқанда, айырмашылықтар ғана бізге бірігіп, біртұтас болуға ықпал етеді. Бірақ, бір-біріне ынтықтырған нәрсенің, уақыты жеткенде, қағажыта бастауы мүмкін емес пе? Бұрын сізді күйеуіңізге (әйеліңізге) ынтықтырып тұратын үш қасиетін атап шығыңыз. Ал қазір өзіңізді қағажытатын үш кемшіліктерді атап шығыңыз. Кейбіреулердің арасында бір-біріне ұқсайма?

Бұрын мені қатты тартатын
үш қасиеттері:

Қазіргі мені ренжітетін үш кемшіліктері:

Айырмашылықтар сіздерді бөлу емес, біріктіруге тиіс екені есіңізде болсын!

Құдайдың Рухы сізге және әйеліңізге (күйеуіңізге) даналыққа толы сөздерді айтады. Тек сіздер бірге мінәжат еткенде ғана оның кеңесі ғана берілмейді. Жиі жағдайда, ол ерлі-зайыптылардың екеуі де білуге тиісті нәрсені жұбайлардың біреуіне ғана, жекелеп айтады. Құдайдың батасы берілген шешімдерді қабылдау үшін, сіздің әрқайсыңызға жарияланған (орын берілген) ашып берілген сырды әбден беріліп, түсінуіміз қажет болады. Сонымен, келесі қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беріңізші.

Өзімнің жұбайымның, даналығы, бағыты, сындарлы сынауын қабылдау үшін, менің жүрегім ашық па, әлде жабық па?

Өмірімнің қай салаларында менің жүрегім ашылады? Қай саласында жүрегім жабық? Неге?

Сіздің Құдай берген өмірлік серігіңіз, сіздің жеке тұлға ретінде қалыптасуыңызға басты үлесін қосады. Сіздің, ең болмаса, күйеуіңізбен (әйеліңізбен) қарым-қатынасыңыздың нәтижесінде пайда болған бір жақсы өзгеріс немесе сіздің мінезіңіздің сапасын атап көрсетіңізші. Сіздің өміріңізді кеңейту үшін, Құдай оларды (мінездеріңізді) қалай пайдаланады?

Сіз қашан да болмасын, сіздің өміріңізді “қайралып өткірленуі” және “кеңейтілуінде” көмек көрсеткені үшін, өзіңіздің күйеуіңізге (әйеліңізге) алғыс сезімін білдірдіңіз бе? Егер жоқ деген жауап берілетін болса, онда тура қазір күйеуіңізге (әйеліңізге) шынайы тілекпен ризашылығыңызды білдіріңіз.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Егер сіз осы кітапты “Messenger” қызметінен алынған “Неке жайындағы оқиға” атты материалдардың бір тарауы ретінде оқитын болсаңыз, онда бірінші бейнесабақты көруіңізді өтінеміз.

- 1| Әуел бастан-ақ неке бұл, Құдайдың түпкі ой болған еді. Тәңір Ие оны жаратты және оның некеге арналған мақсаты мен жоспары болған. Сіз Жарат. баст. 1:27, 28, 31 және Малахия 2:15 аяттарды мұқият оқыңыз. Некеде Құдайдың бекіткен бес ерекшелікті атап шығыңыз. Және жанына шайтанның оларды алмастыруға талпынатын бұрмалаушы жасанды істерінің бес түрін жазыңыз.

Құдайдың мақсаттары:

Шайтанның жалған түсініктері:

- 2| Дін тәртібін ұстанатын некелер, өздері жанасқан адамдардың өміріне ықпал етеді. Сіз тамаша отбасын құрған ерлі-зайыптылар жұбын атай аласыз ба? Олар өз сүйіспеншіліктерін қандай жолмен қорғап сақтайды екен? Өз некеніздің рухын сақтау үшін, сіз олардан не нәрсені үйрене алады екенсіз?
- 3| Иса былай деді: “Құдай екі адамнан бір негізгі одақты құрғандықтан, Оның жасаған өнерін екіге бөліп, арамдауға болмайды” (Мал. 2:15 The Message). Сіз “табиғи” деген сөзді естігенде, ойыңызға не түседі? Некеге жаңа, дұрыс көзқараспен қарау кезінде, осы идеялар сізге қалай көмектеседі?

- 4| Иса тағы да: “Барлығы да ерлі-зайыпты болып өмір сүру үшін, рухани жағынан жетілген емес. Ол үшін белгілі бір қабілет пен рақым керек. Егер сендер некенің ұлылығын арттыра алсаңдар онда үйленіп, тұрмысқа шығып отауларыңды құрыңдар” деді. (Мат. 19:19, 20 The Message). Некенің ұлылығы қалай болып көрінеді? Біз оны қалай сынай аламыз?
- 5| Неке дегеніміз бұл, қасиетті ұғым. Ол бір еркек пен бір әйелдің арасындағы барлық өмір бойына айтылатын өсиет іспетті ойластырылған. Осы сабақта естігендеріңіздің ішінен не нәрсе сіздің өз некеңіз үшін күресе білуге қозғау салады? Жаңа позитивтік көзқарас сізге қандай рухани түсінік берді?
- 6| Иса дененің шамы-көз деді (Мат. 6:22 қараңыз.). Бұл демек, сіздің сол бір немесе өзге заттарға деген көзқарасыңыздың үлкен мәні бар, өйткені, уақыт өте келе, ол сіздің өміріңіздің әсіресе, некедегі өміріңізде ақиқатқа жататындық болады. Егер сіздің өмірге деген көзқарасыңыз “мен тұйыққа тірелдім” деп аталатын болса, онда алдағы уақытта не болады? Киелі Жазба біздің рухани соғыста жүргенімізді айтады, (Еф. 6:12, 13 және Қорынт. 2 хат 10:4-5 қараңыз.). Бұл жағдай сізге Өз жұбайыңызбен қарым-қатынас жасау кезіндегі араңыздағы келісе алмаушылық пен қиындықтарды басқа жарық дүниеде көруге қалай көмектеседі?
- 7| “Неке жөніндегі оқиға” кітабы, атастырылғандарға, әлі некесін қидырмағандарға, сондай-ақ, үйлі болған жігіттерге, немесе күйеуге шыққандарға арнап жазылған. Сіз қай санатқа жататын болсаңыз да, сіз осы кітаптан қандай тәлім аламын деп үміттенесіз. Осыған жауап беріңіз. Егер сіздің некеңіз қиылған болса, сіз “Иә” деп айтпастан бұрын, не жайында білгіңіз келіп еді? Сіз некесі қиылмаған сіздің тобыңыздың мүшелеріне қандай данышпандық сөздерді айта аласыз?

ТАРАУҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ ЖАСАУ

- Құдай барлық қалған дәстүрден бұрын, неке өсиетін жаратқан. Ол оған кейін ешқашан өзгертпеген анықтама берді.
- Неке Құдайдың көзқарасы бойынша өмір беретін ағаш болуы тиісті. Біздер, жер жұмағы Эдемде жоғалтылған игіліктердің барлығын қалпына келтіруді ұсынатын өкілдері іспетті, Құдайдың сүйіспеншілігін көрсету үшін шақырылғанбыз.
- Сіз Жаратқан Иені Оның кез келген саласына қатысуға шақыра отырып, өзіңіздің ерлі-зайыптылар одағының рухын қорғаңыз. Ол сізге Өзінің сүйіспеншілігін қабылдап, соны басқаларға іс-жүзінде көрсету үшін жаңа жүрек беріп, некеге Құдайдың көзқарасымен қарау үшін рухани көздерді ашады.
- Менмендік бұл, Тәңір Иенің сіз үшін дайындап қойған, ғажайып ерлі-зайыптылар одағының болуына және онымен рахаттануға кедергі жасайтын ең үлкен бөгет.
- Ерлі-зайыптылар одағына шабуыл жасау, бұл, Құдайдың өз халқына деген қарым-қатынасына шабуыл жасағанымен бірдей.
- Жаратқан Ие біздің өміріміздің барлық салаларын кеңейту үшін некені жаратты.



— 2 ТАРАУ —

ІСТІ БАСТАҒАН КЕЗДЕ, ОНЫҢ АЯҚТАЛУЫ ЖАЙЫНДА ДА ОЙЛАНЫҢЫЗ

1 күн

Сіз, көптеген романтикалық фильмдердің және кітаптардың желісінің тек қана махаббат оқиғасының басталған жерін ғана суреттеп көрсететінін байқап қалдыңыз ба? Осы сәтте өзіңіздің ең сүйікті махаббатыңыздың романтикалық оқиғасы жайында ойланыңызшы. (Біз, біреулердің мұндай оқиғаны есіне алудың өте оңай болатынын, ал басқалар үшін күрделілеу болатынын түсінеміз). Оның желісі қандай болды екен? Осы оқиғадағы кейіпкеріміз, шығармадағы кейіпкер қыздың көңілін табуға тырысқан кезде, сіз эмоциялық сезімді бастан кешіретініңіз шындық па? Және сіз, олардың тағдырының бұрылысын қадағалап отырған кезіңізде, олар бір-бірімен алғаш рет сүйісуге дайын болған кезде, ғашықтарды бір нәрсе алаңдатқан сол сәтте, сіз орындыққа бұғауланып қалғандайсыз. Әлбетте, уақытша кедергі жасайтын бөгеттер де болады, бұл, бақталас, жан күйдіретін пікірталастар немесе күтпеген жерден жарақат алу, бірақ, біз осының барлығы немен аяқтала-тынын білеміз. Сөйтіп, ғашықтарды екі жаққа бөліп жіберуге қауіп

төндіретін барлық мәселелерге қарамастан, бақыт нұрын шашқан көздер барлық қиындықтарды жеңудің амалын табады. Және оқиға “Олар бақытты болып, ұзақ өмір сүрді” деген сөздермен аяқталады.

Біз олардың ұзақ және бақытты ғұмыр кешкенін білеміз, бірақ, ол қалай болды екен? Шығарманың жақсы басталуы бұл, әңгіменің оңай айтылатын бөлімі. Оқиғаның орта тұсында және еңбектенуге тура келетін кезде, күрделі болады. Әлбетте, біздің мәдениетіміздің махаббат оқиғаларының қалай басталатынын бақылауға қосып алатындығынан да шығар. Бір-біріне ғашық болған жас жұбайлар той салтанатының қалай өткізілетіні жөнінде ойластырып, бірнеше сағат бойы жоспар жасайды. Бірақ, олар тойдан кейінгі жылдарды қалай өткізетіні жөнінде ойлануға азғантай ғана уақыт бөледі. Қалыңдық той көйлегін таңдау мен өлшеуге көп уақытын кетіруі мүмкін, бірақ, осы кезде ол некелесу мәселесі бойынша берілетін консультацияға өте аз уақыт жұмсауы мүмкін. Сонан соң, осы ғажайып ертегі аяқталған кезде, осы жұп шынайы қарым-қатынас құрып және өздері осыған әлі дайын емес болатын өте нақтылы мәселелерді шешуге мәжбүр болады.

Үйлену тойы күндері үмітке, сұлулыққа және мейрамға толы күндер десе де болады. Алайда, егер жұптар оның басталуына қарағанда, өз оқиғасын жыламай, бақытты аяқталуын жоспарлайтын болса, үміт пен қарым-қатынастардың көркемдігі ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. “Ұзақ және бақытты” деген сөз орамы біздер үшін, кедергі тас болмауы керек, себебі бұл, біз соның ізінен еріп жүруге және мұқият сапқа тұруға тиісті бағыт болады.

Айналаңызға көз салыңыз және адамзат данышпаны шығармашылығының бір тамаша өнімін таңдап алыңыз. Бұл заттың үй, автокөлік немесе тіпті, сіз отырған орындық та болуы мүмкін. Сіз қандай затты таңдап алсаңыз да, ол жақсы ойластырылған жұмыс пен шеберліктің нәтижесі болып табылады. Бірақ, сіз бәлкім осы бұйымның екі рет жасалғаны жөнінде ойланбаған шығарсыз. Бір рет ол адамзат данышпандығының шығармашылық талдамасы бол-

ды, ал екінші рет ол, осы жобаның нақтылы түрде іске асырылуы болған екен. Материалдық жағынан нақтылы түрде көрсетуде, үнемі шығармашылық ниет те одан бұрын болып өтеді.

Бірінші кезең - бұл адамның ойындағы нақты жоспарының немесе затының жобасын ойлап шығаруы. Екінші кезеңге қол жеткізу үшін, – сол жобаны іске асыру үшін, қажетті материалдар және еңбек ету керек. Біз не жасасақ та, не жай бутерброд болсын, немесе қандай да болмасын, күрделі механизм, мысалы, көк тіреген үй болса, ең алдымен, оны көз алдымызға елестетуіміз керек, және содан кейін ғана, материалдық әлемге нақтылы түрде көрсету керек.

Егер үйдің сызбасы жасалмаса, сіз тіпті, үй туралы армандамаған да болар едіңіз. Осы кезде бейберекеттік болатын еді! Кез келген әдемі үй, жақсы ойластырылған жобадан басталады. Тек, үйдің жобасын жасап болғаннан кейін ғана, қажырлы еңбек пен дұрыс таңдап алынған материалдардың себебімен, үйдің құрылысын сала бастауға болады. Үйдің сызбасы, үйді салу құрылысына жұмсалатын шығындарды есептеп шығару үшін де маңызды болады. Сіз оған қанша қаражат шығындалатынын білмей жатып, үй құрылысын бастауға кірісіп кетер ме едіңіз? Өмірді қалай құруға болатыны жөнінде тәлім берген кезде, Иса осы сұрақты қойған еді:

“Сендердің біреуің бір мұнара салғыларың келеді дейік. Сонда ол құрылысты аяқтауға қаражатының жетер-жетпесін білу үшін алдымен отыра қалып, кететін шығынды есептеп алады. Ол солай етпесе, іргетасын қалағаннан кейін бастаған ісін аяқтай алмас еді. Мұны көргендердің бәрі: “Мынаның құрылысты бастағанымен аяқтауына шамасы жетпес еді, ә?” -деп оны мазақтар еді” (Лұқа 14:28-30).

Үй салудың немесе отау құрудың екеуінің еңбек етудің реттілігі болуы маңызды. Ал сіз енді, қандай некені құрып жатырсыз? Сіз некенізді жақсы ету үшін соның шығындарын есептеп, еңбек етудің құнын білесіз бе?

Құдай сіздің некеніздің жаман аяқталғанын қаламайды. Ол отауымызды құру кезінде шала істеп, бастаған ісімізді соңыңа дейін жеткіз-

бегенімізді қаламайды. Сіз қандай адам болсаңыз, көптен бері үйленгесіз бе ме немесе үйленбегенсіз бе, соған қарамастан, сізге Құдайдың жоспарын пайдалануыңызға әлі кеш емес. Оның бойынан біз, Жаратушы Иеміздің ұлылығын көрсетіп тұратын, некедегі өмірімізді орнатуға қажет болатын, қиял көрінісін, құралдар мен күш-қуатты табатын боламыз. Таңғаларлығы сол, Сізге қарағанда, Құдайдың өзі, Оның сізге ең жоғары жұмысының бақытты және толықтай іске асырылуын тілейтіні, шындықтың мәні осыны негіздейді.

Осы тарауда сізді жоспарлап және неке жайындағы өз оқиғаңызда жақсы өмір сүруге үйрететін ақиқат әңгімелер бар. Мұнда біз өмірдің барлық дауылды және алай-түлей күндерін жеңіп шығуға ықпал еткен, берік негіз орнатуға көмектескен, өзіміздің ерлі-зайыптылық өміріміздің бас кезіндегі тәжірибемен бөлісуді жөн көрдік. Біз сіздерді даярлаймыз сонымен бірге, ұзақ және бақытты отбасылық өмірге әкелетін жоспар құруға үйретеміз. Біз нық пікірлерден бастаймыз және тәжірибеден өту тарауымен аяқтаймыз. Бұл тарау, тек жас жұбайларға ғана арналған жоқ, мысалы, әлі үйлі болмағандар да, сонымен қатар, жұбайлық өмірдің майталмандары да, өздерінің өзара қатынастарына жаңаша көз тастай отырып, біздің айтқандарымыздың ішінен, өзіне пайдалы жерінен сабақ ала алады. Біз әлдеқашан осы ұстанымдарды орындадық.

Құдай бастаған кезде, істің аяқталуын ойлайды

Адам бастапқыда “біз мұны не үшін жасап жатырмыз және біз қайда талпынып жатырмыз?” деп бастапқыда сұрамастан бұрын, ежелгі, көкейтесті қарым-қатынасқа түсу, ақымақтыққа жатқызылатын еді. Әрбір өсиеттің тиісті мақсаты болуы тиісті. Егер, Құдайды мысалға алатын болсақ. Ыбырайыммен өсиет жасасам деп шешкен кезде, Оның нақты мақсаты болды.

Жаратқан Ие Ыбырайымды Өзінің тандап алған халқының түп-атасы болуға не үшін шақырғаны жөнінде, сіз қалай ойлайсыз? Біз көбінесе осы сұрақты қойған кезде “Өйткені Ыбырайымның сенімі

күшті еді” деген жауапты аламыз. Әрине Құдайдың жоспарын орындау үшін сенім өте қажет, дегенмен, Тәңір Ие Ыбырайымды басқа себепке байланысты таңдап алды. Жаратқан Ие Ыбырайымның өз ұрпақтарын Құдайдың жолымен жүруге үйрететінін білді.

“Мен Ыбырайымды өз балаларына және кейінгі үрім-бұтағына Менің жолыма түсуді, дұрыстық пен әділдікті істеуді үйрету үшін таңдап алдым. Ыбырайым осылай істегенде Менің оған берген уәдем орындалады”, – деді” (Жар. 18:19 курсив авторлармен белгілеп қойған).

Құдай осы баласы жоқ, көшпендіні таңдап алғанда, Ыбырайымнан да жыраққа қарап, және оның барлық ұрпақтарын көрген болатын. Өйткені Ол, Ыбырайымның үрім-бұтағы арқылы, кінәның өтелуі жайлы оқиғаны жазғандықтан, “оның өзінің ұлдары мен үрім-бұтағына Тәңір жолымен жүруді” өсиет етуі, Құдай үшін өте маңызды болды. Ол Ыбырайым мен Сараның қателік жасайтынын, бірақ, сонымен қатар, балалы бола алмайтынын да білді. Жаратушы Ие бізбен өсиет бекіткен әрдайым уақытта, Ол ғалами ойлайды, өйткені ол ертеңгі күні не болатынын біледі, және де, бізді сол жерге әкелу үшін, бүгінгі күні біздің қалымыздың қандай болатынын біледі.

Құдайдың Ыбырайыммен бекіткен өсиетінің кеңейгені соншалық, ол біздің өмірімізге де келіп жетті. Сенімі арқылы, Ыбырайым баласы жоқ көшпендіден ұрпақтары сансыз көп жұлдыз іспетті болған адамға айналып шыға келді. Өз халқынан алшақтатылған, бір заманда елкезбе болған Ыбырайым пайғамбар, барлық халықтардың сенімі үшін негіздеуші бола білді.

“Ыбырайымнан үлкен де мықты халық шығады. Менің батам ол арқылы жер бетіндегі барлық халықтарға жетеді...” (Жар. 18:18).

Біздің өміріміз Ыбырайымның өмірінен өзгеше болса да, бірақ рухани заң өзгермей, өз күшінде қала береді. Құдай Өзімен келісімді бекітіп, соның күшіне жол беріп, басқаларға ақ-батасын жеткізгісі келетін адамдарды іздейді. Сіздің некеңіз тек өзіңізге және жұбайыңызға қатысты емес. Сізге Құдаймен тығыз қарым-қатынаста

тұру арқылы Онымен бекітілген келісімнің күші мен әсерінің толықтығын Көктің өзі ғана ашып бере алады. Ол сіздің өміріңіз әрі соның күшті әсері сіздің балаларыңызды және кез келген адамның өмірін өзгерткісі келеді. Сіз адамның ақыл-ойын түсіне алмайтын Құдайдың жоспарын қабылдап, өзіңіз үшін ғана өмір сүруден бас тартуыңыз керек. Жаратушы тек сізге ғана емес, келешекті үрім-бұтағыңызға Өз ақ-батасын бергісі келеді.

2 күн

Құдайдың рухани балалары

“Сен өзін емес, Құдай некені жаратты. Құдайдың Рухы соның тіпті, ең кішкентай саласын да қамтиды. Сондықтан, некелеріңнің рухын таза ұстап, ішкі-дүниелерінде оны сақтандар. *Жаратушы Ие некеден не қалайды? Құдайдың рухани балалары болуын қалайды*” (Мал. 2:15 The Message. Курсив авторлармен белгілеп қойған, ағылшын тілінен аударылған).

Құдай некеден Өзінің рухани балаларын күтеді. Енді бұл дүние-жүзінде адамдардың көбейе бергенін білдіре ме? Оған: “иә” немесе “жоқ” деген жауап болады.

Малахия кітабында Жаратқан Ие адамдардың санының көбейе беруін қалайды деп жазылмаған. Қайта осы кітапта Құдай Тағала Өзінің рухани балаларының өсіп-өніп көбейгенін қалайды деп жазылған. Тәңір Ие рухани балаларының жасына қарамайды, Құдайды мадақтап, Оның жолымен жүруіне қарап, сондай адамдарды іздейді. Біздер Оның өкілдері екендігімізді есіңізде ұстаңыз. Құдайдың мақсаты, Өзін бізге және өзіміз арқылы осы дүниеге көрсету.

Вестминстердің қысқа катехизисінде былай жазылған: “Адамның өмірдің негізгі мақсаты - Құдайды мадақтау және Онымен қарым-қатынаста тұрып, содан рахат көру”. Біз осыны шынымен ұнатамыз! Жаратқан Иені мадақтау деген күнде естіп жүрген сөз емес, Киелі Жазбада осы сөзді жиі пайдаланғандықтан, біз оған рухани бір түсініксіз

нәрсеге ретінде қараймыз. Құдайды мадақтау деген Оны бүкіл адамзатқа әйгілі ету. Тәңір Ие біздің өміріміз, отбасымыз әрі ұрпақтарымыз арқылы осы дүниеге атақты Құдай болуын қалайды. Рухани балаларын көбейтуге біздің некемізден басқа одан жақсы құрал жоқ.

Егер сіз ешқашан балалы болмасаңыз, Құдай некеңіз арқылы, сізді өзінің баласы қылуды қалайды. Ол сізді Өзіне ұқсатып, Патша салтанатының өкілі етеді. Сіз де жұбайыңызға өміріңізді арнап, онымен бірге тұрғанда, Құдайға ұқсап кетуге көп мүмкіндік болады. Біз Исаға ұқсайтын мінез-құлқы жағдай жақсы болғанда көрінбейтінін байқдық. Құдайға ұнамды мінез отбасындағы өмірде көрінеді екен.

Мен (Джон) некемізді лаулап жанып тұрған пешпен ал біздің өміріміз метал қорытпасымен салыстырып ұқсатамын. Жанып тұрған пеш метал қорытпасына қалай әсер етеді? Ол соның қоспасын бөлектейді. Менің неке сақинам таза алтыннан жасалған болып көрінуі мүмкін, бірақ соның құрамы елу пайыздың басқа металдардан болуы мүмкін. Егер біз сақинаны пешке тықсақ, онда соның қоспасының барлығы бөлініп шығады. Дәл солай, біздің некеміздеге мәселелері, титтей келіспеушіліктен бастап қиын жағдайдаларға дейін, өмірімізді әр-түрлі қоспалардан азат етеді. (Ал кейбір қоспалар тек өте жоғары температурасы арқылы ғана бөлініп шығады).

Неке арқылы, біздің кемшіліктеріміз ашылғанда, күйеуімізді сол үшін айыптамауымыз керек. Сіз үйленбей жүргенде, кемшіліктеріңіздің бар екенін білмедіңіз ғой. Біздің жұбайымыз арқылы кемшіліктеріміз көріне басталғанда, күйеуімнен (әйелім) көңіліміз қалғанда, өзімізді неке арқылы Исаға ұқсата беретіні үшін Жаратқан Иеге ризашылық білдіруіміз керек. Некенің соңғы мақсаты осындай емес пе?

Қиыншылық болған уақыттарда мақсат іздеу

Біз пешпен болған ұқсас оқиғаның бізге қуаныш әкелмейтінін білеміз, бірақ, оқиғаның сәтті аяқталуына апаратын жол, мүлде ертегіге ұқсамайды. Кейбір уақытта, сіздің оқиғаңыз күн батқан кез-

дегі серуендеуге емес, Эверест тауының басына шығатыныңызды көбірек еске түсіретіндей болады.

Қарлы Гималай тауларының баурайында, тау шыңына шығуға қай сарлық көрсеткен ер жүректі адамдар, Эверестке әсерлі бірақ, қиын көтерілу үшін, екі нәрсені есте сақтауға тиісті. Біріншіден, осы жорықтың олардың эмоциялық және табиғи мүмкіндіктерінің шегін сынайтыны жөнінде білуге тиісті. Осы батыл да табанды ерлер мен әйелдер олардың алдында қандай сынақтар күтіп тұрғанын нақты білмейді, бірақ олар қиындықтардың болатынын сөзсіз біледі. Екіншіден, олар көздеген мақсатын жадынан шығармауы керек. Олар әлемдегі ең биік таудың шыңына жетулері керек. Олар үшін жеңіске жету, теңіз беткейінің үстіндегі (8854 метр — шамамен алғандағы аударма) 29029 фут биіктікке көтерілу, жетістікке жетумен анықталады. Саяхатшылар осы фактілерді білмейтін болса, олар алғашқы шынайы кедергілерге тап болып, тез арада кері қарай бұрылып кетеді.

Сол нәрсе ерлі-зайыптылар одағына қатысты қолданылады. Егер біздер, қиындықтардың біздің оқиғаларымыздың ажырамас бөлігі болып табылатынын мойындайтын болсақ, біз өзіміздің эмоциялық, физикалық және рухани қабілетіміздің сынақтан өтуі кезеңінде, өте берік боламыз. Егер біз, оның аяқталуын жадымызда ұстай отырып, бастап және жасайтын болсақ, онда біз ең басты мәселелермен қақтығысқан кезде, оңайлықпен беріле қоймаймыз.

Иса рухани жағынан кемелдену жөнінде тәлім бергенде, Құдайдың Сөзіне сенген адамдарға сынақ пен қиын-қыстау келетінін айтты (Марқа 4:17 қараңыз). Грек тіліндегі түпнұсқадағы мәтінде, осы сөздер “флипсис” және “диогмос” деп жазылған. Флипсис деген сөз, бұл, күйзеліс, қарсыласу, бақытсыздық және қайғы-қасіретке апаратын қиындықтар”. Диогмос бұл, “басқа адамды төмендету және езу үшін жасалған бағдарлама немесе үдеріс” деген мағынаны білдіреді. Осы айтылған сөздердің екеуінде де, жағымды ештеңе жоқ. Бірақ, осы күштер Құдайды тануда біздің рухани жағынан өсе беруімізге ықпал етеді. Пауыл Исаның сөздерін жаңғырықпен қайталап айтады:

“Иә, тіпті азапталып жүрсек те, шаттана аламыз. Себебі азаптың бізге шыдамды болуға үйренуге көмектесетінін білеміз. Шыдамдылықтан сенімділік туады, ал сенімділік бізге үміт береді. Бұл үміт алдамшы қиял сияқты емес, өткені бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті” (Рим. 5:3-5).

Пауыл қиындықтар мен қуғын-сүргін келгенде, біздің қуанып шаттануымыз керек екендігі жөнінде жазды. Не себептен қуануымыз керек? Өйткені, біз қайғы-қасірет көрген кезде, біздің мінез-құлқымыздың күшін дамытуға мүмкіндік береді. Біздер Жаратушы Иеге көбірек ұқсас болған кезімізде, сол мәселелер жағдай туғызады және біздер, Құдайдың біздің мүдделеріміз үшін әрекет ететінін біле тұра, соған үміт артқандықтан, жұбана аламыз. Оның бізді қатты сүйетіні соншалық, ол бізге тіпті ең қорқынышты дауылдың арасында да, жүректерді сүйіспеншілікпен толтыратын Өзінің Рухын берді.

Сондай-ақ, Киелі жазбада анық түрде, Құдайдың Өзі емес, барлық қуғын-сүргін және қудалаудың артында эзезіл шайтанның тұрғаны жайлы айтылады (Марқа 4:15 және Жақып, 1:12, 13), бірақ, Жаратқан Ие жаудың қастығын оның өзіне қарсы пайдаланатын болады. Бізді Құдайдан алыстатпақшы болған нәрсенің бәрі, ұлы Кешірімдінің қолында бізді Оған көбірек ұқсас қылатын құралға айналады.

Жаудың некені және онымен байланысты болатын нәрсенің барлығын да жек көретінін естен шығармаңыз. Ол біздердің ерлі-зайыптылар одағын ажыратып, және де мүмкін, оған шамадан тыс ауыртпалық түсіру үшін, барлық нәрсені жасайды. Бірақ, біздің ерлі-зайыптылар одағының келешегі және де, Құдайдың біз арқылы қиындықтарды басымыздан өткізетініне сеніміміз, бізге жауға қарсы тұруға күш пен үміт береді. Және осы тұста Жаратушы Иеміз біздің некелесуге қарсы шабуылды бастан кешіріп ғана қоймай, сонымен бірге, біздің күштірек болуымызды қалайды. Бұл жерде мәселе біздің не үшін күресетініміз (Құдайдың мақсаты), кім үшін (жын-перілер үшін), және кімнің (Құдайдың рухы) бізді қолдайтынын ұмытпауымызда болып отыр. Егер біз, Оның біздердегі жұмысын

аяқтағанынан бұрын, берілмейтін болсақ, біздің сеніміміз бен үмітіміз шын мәнінде, қиындықтар болған кезде нығая түседі.

Иса үшін “ұзақ және бақытты” өмір сүру

Иса бірде бір адам баласы басынан кешірмеген сынақтарды бастан кешірді. Ол жетілген Құдай Ие, әділетсіз қатал өлімнің қорлауы және ауыруды бастан кешіру үшін, біз сияқты адам кейпінде болды. Ол біздерге Құдаймен табыстыруға апаратын жол ашты, және дегенмен, адамзаттың көптеген бөлігі оны әлі де болса қабыл алмай жатыр.

Осындай жанға батарлық ауру мен шеттетілуге Иса қалай ғана шыдады екен? Оның жауабы қарапайым және терең үркітетін болды. ол ешқашанда Өзінің “ұзақ және бақытты” деген ақыр соңғы мақсатынан көз жазып қалған жоқ. Оның мысалынан біз, өзіміздің оқиғаларымыздың бейнесін көреміз.

Біз орналасқан сол жүгірісті тындырушы және бастығымыз *Исаға көз салайық*. Оның мұны қалай жасағанын қараңыздаршы. Ол өзі талпынған мақсаттан көз жазбаудың арқасында, Құдайда және Құдаймен бірге ғажайып мәреге талпынғандықтан, Ол Өзінің жолында бәрінен де өте алды: айқышқа шегеленудің қорлығын елемей, соған төзді. (Еврей. 12:1-2 авторлардың курсивтері).

“Басқа жаққа мойын бұрмай, бар назарымызды *Исаға* аударайық! Бастапқыда сенім жолын салған Ол бізді сеніміз арқылы Құдай белгілеген мақсатымызға жеткізеді де. Иса Өзін күтіп тұрған зор қуаныш үшін айқышқа шегеленудің қорлығын елемей, соған төзді. Бұдан кейін Ол Құдайдың тағының оң жағындағы жайғасып отырды” (Евр. 12:2).

Иса қай жерге бара жатқанын білгендіктен барлық қиындықтарға шыдай алды. Ол қайғы-қасірет арқылы алға қарады да, арман еткен жерді көрді.

Сондықтан... алдымыздағы жарысты қажырлылықпен аяқтайық... Иса Өзін күтіп тұрған зор қуаныш үшін айқышқа шегеленудің қорлығын

елемей, соған төзді. Бұдан кейін Ол Құдайдың тағының оң жағындағы жайғасып отырды” (Евр. 12:1-2 курсив авторлармен белгілеп қойған).

Сіз “Өзін күтіп тұрған зор қуаныш үшін” дегенді түсіндіңіз бе? Иса айқышқа қуанды ма? Әрине, қуанған жоқ. Оған қиын болғаны соншалықты, Ол айқышқа баруды қаламай, өлімге кесілер алдында, сол түнде Әкесіне осы жолдан құтылу үшін, жалбарынып сиындады. Алайда, көптеген ерлі-зайыптылар жұптарында жетіспейтін бір нәрсе Исада болған еді. Исаның табиғаттан тыс көре алатын қасиеті болды. Ол жағдайлар арқылы қарап тұрып және Оның таңдауының арқасында ашылып жатқан күші мен уәдесін көре алатын еді. Ал енді, Исаның нені іздегенін көру үшін, Ефестіктерге арналған хаттың бесінші тарауына қарайық:

“Оны Құдай сөзімен тазартып, қайта туғызып, қасиетті қылды. Сонымен *қауым* күйеуіне апарылған қалыңдықтай *салтанатты* да сұлу, ешбір дақсыз, ақаусыз, басқа да кемшіліксіз, қасиетті де пәк таза *болсын*” (Еф. 5:25-27 курсив авторлармен белгілеп қойған).

Біздер, Иса үшін сәтті аяқталатын оқиғамыз. Біз Оның күтіп тұрған зор қуанышы екенбіз. Иса біздерді Өзімен біздерді, Оның қалыңдығымен табыстыру үшін, айқыш ағаштағы азаптардан өтті. Енді, Қауым, өзінің бұрынғы кемшілігінен ұялмай-ақ, Онымен кездесе алады. Өйткені, ол Құдайдың жаңа жаратылысы болды. Міне, біздің некелерімізде осындай табандылық, мейірбандық пен шүбәсіз сүйіспеншіліктің болуы қажет. Сол үшін, бізге барлық қиындықтар кезінде қолдау көрсететін, қиял көрінісі мен болашаққа деген үміт қажет болады.

Еврейлерге арналған хаттың авторы бізді келесі сөздерге сенуге шақырады:

“Сендер сеніміміз әлсіреп қалды деп сезінгенде Исаның күнәкарлардың қаншама жауыздықтарына шыдағанын ескеріп, оның өмір баяны жайында қайтадан оқи беріңдер! Осылай сендер де қажымай, жігерленесіңдер” (Евр. 12:3 The Message ағылшын тілінен аударылған).

Біздің барлығымыз да, кейбір кездерде бойымыздағы әлсіздікті сезінеміз. Міне Еврейлерге арналған хаттың авторы, “егер” сенімдеріңіз әлсіресе деп емес, “сенімдеріңіз әлсіреген кезде” деп жаза-тыны да сондықтан.

Ұлағатты неке дегеніміз үлкен сенімнің болуын талап етеді, өйткені, адал болу дегеніміз, демек, жан-дүниенің сенімге толы болу дегенді білдіреді. Сіз Мәсіхтің оқиғасын қайтадан оқып шығыңыз. Біздің уақытша жағдайларымыз қандай қиын болса да, олар айқыш ағашта азап шегумен салыстырғанда түкке де тұрмайды. Егер сіз өзіңіздің күйеуіңізге немесе әйеліңізге деген адалдықты сақтау үшін, қабілетіңіздің әупірімдеп жететінін сезінетін болсаңыз, Исаның сізге деген адалдығын есіңізге түсіріңіз. Сізбен табысуы үшін, Оның басынан нені кешіргенін еске түсіріңіз. Оның көрсеткен үлгісі, сіздің еңсеңіздің басылмауы үшін көмектеседі.

3 күн

Ең жақсы болатынына сену

“Жалғыз Мен ғана шынайы Құдаймын. Маған ұқсас ешкім де болмайды. Ақырғы жайттарды әуел бастан-ақ және әлі істелмеген істерді баяғыдан-ақ алдын ала білдіріп келемін” (Ишая 46:9-10).

Біздің Құдайымызға “ұқсас ешкім жоқ” деп жазатын болсақ, ол қарабайыр сөз болып кететін еді, бірақ, осы пайымдаудың күші мен ақиқатын біз өте жиі жағдайда ұмытып кетеміз. Құдайдың балалары ретінде, біз Ол сияқты болу үшін және Оның табиғатын қабылдау үшін шақырылғанбыз. Сенім бойынша, біз ақыр аяғында не болатынын хабарлай отырып, бастапқыда өз өмірімізді, өз балаларымыздың өмірін, өз отбасылармызды қалыптастыра аламыз.

Ал қазір ұзақ және бақытты өмір сүру, бұл, кездейсоқтық емес, күтпегендік емес, біздің саналы түрде жасаған іс-әрекетіміз екені бізге түсінікті болды. Бұдан ары қарай, “Ұзақ және бақытты өмір

сүруім үшін, менің не істеуім керек?” деген айқын сұрақ пайда болады. Сіз Киелі кітаптан алынған осы аятты шексіз сан рет оқып шығуыңыз мүмкін, бірақ, оны тағы да оқып шығыңыз:

“Ал сенім дегеніміз-үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданбау, әлі де көзге көрінбей тұрған уәденің орындалуына шүбәсіз илану. Құдайдың әлемді айтқан сөзімен жаратып, ретке келтіргенін, яғни көзалдымыздағы жаратылысты көзге көрінетін заттан емес, ғайыптан жасап шығарғанын сенімізбен ұғынамыз” (Евр. 11:1, 3).

Біздің мақсатымыз - бұл алдағы болашақта болатын ұзақ және бақытты өмір сүру, ал сенім ол, әзірше нақтылық болмайынша, сол үшін құрылыс материалы болады. Жаратушы Иеміз біздің Оның сеніміне лайықты істер жасағанымызға дейін де сенген болатын. Оның Өзінің Өзіне деген үлкен сенімінің болуының арқасында, Оның бізге деген сенімі зор болды. Біздің өмірімізде Оның күшінің не нәрсеге қол жеткізе алатынын Ол біледі. Біздерді Құдайдың шексіз күшімен рахаттанудан ұстап тұратын, жалғыз ғана нәрсе бар, ол түп-тамырымен тәкаппарлыққа тамыр жайған, Құдайға сенбеушілік болады. Тәкаппарлық менменшілдікте немесе өз басының күштеріне шамадан тыс өзін сендіруінен көрінеді. Өз өзін жеккөрушілікпен бүркейтін менменшілдіктің өте нәзік түрі де бар екен. Ол қандай қалыпты өмір сүрсе де, бұл, кез келген жағдайда, Мәсіхтің айқыш ағашта аяқталған жұмысы арқылы, Құдайдың ұлы дәрменімен өтеп алған барлық игіліктерді қабылдаудан бас тарту болады. Иса сізді көрнекті тұлға қылу үшін, өз өмірін қиды. Біз “жай адамдар” деген атауда қала беріп, риза болуымыз мүмкін” деп жазды К. С. Льюис. Бірақ, Ол өзге жоспарды орындау үшін шешімге толы болды. Осы жоспарды орындаудан кері шегіну, бұл, бойұсынушылықты таныту дегенді білдірмейді, бұл, жай ғана жалқаулық пен қорқақтық. Оған бағыну бұл, атакқұмар болу немесе өзін-өзі артықпын деп санайтын болған дегенді білдірмейді, бұл –құлақ салу”. Біз өзімізге Жаратқан Иенің ұсынған ғажайып өмірін қабылдаймыз, және өзіміз туралы пікірді Оның қамтамасыз ету деңгейіне дейін көтереміз.

Сіз өзіңіздің үлкен, ұлы некелесуге лайықты екендігіңізге сенесіз бе? Бәлкім, сіздің санаңызды осындай ойлар мазалап жүрген болар:

Менің арқалаған жүзім өте ауыр болатын.

Мен нашар отбасында туып-өстім.

Менің ата-анамның қолынан түк те келмеді.

Мен өмірімде тым көп қате жасадым.

Мен өзімнің жеткен жетістіктеріме риза болуым керек.

Мүмкін, сіз Құдайдың сын-тегеурінді жақсы көретінін байқаған шығарсыз. Бірақ сенімнің жетіспеуі, біздің өміріміздегі Оның әрекетіне шектеу қоятын болады. Оның ұлылығы жайындағы рухани түсініктер біздерді сол мезетте бойұсынғыш болып қала беріп, Жаратушы Иеге сенуге шабыттандырады. Кішіпейілділік біздің өмірімізге арналған Құдайдың ең жақсы игіліктеріне жол ашады.

Ишая пайғамбардың жазбасында (Ишая 55:8-9-аяттарда):

“Жаратқан Ие: “Менің ойым сендердің пікірлеріңнен өзге, Менің жолым сендердікінен басқа” деп жариялайды. Аспанның жерден қаншама жоғары болатынындай, Менің жолым да сендердікінен соншама жоғары, Менің ойым да пікірлеріңнен тым биік” деп жазылған.

Бәлкім сіз, Жаратушы Иеміздің бізден де терең ойлы, қабілетті және күшті деген сөзге келісетін шығарсыз. К. Льюис: “Біз Құдайда үнемі барлық жағынан өзімізден өлшеусіз артық болған Тәңірімізге тап боламыз” деп жазған. Егер сіз үлкен некеге қажетті болатын материалдарға қол жеткізгіңіз келсе, сіз осыған сенуге тиістісіз.

Біз, біздің ерлі-зайыптық одақтың әлуетін көз алдымызға қалай елестетсек те, Жаратушы Иенің ауқымы бойынша, біздің елестерімізден бәрібір анағұрлым басым түсетін арманы болады. Тәңір Ие тек біздің некеміз жайында көп ойлап қана қоймай, оған үлкен жоспарларын да дайындап қойған.

“Өйткені сендерге деген ниетім Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім бар” -деп нық айтады Жаратқан Ие” (Иер. 29:11).

Осы уәде бізге екі түрлі таңдауды ұсынады: осы сөздердің шынайы екендігіне сену және біздің некемізге арналған Құдайдың көрсеткен мақсатын қабылдау немесе Оны өтірікші деп жорамал жасау. Сіздің болашақтағы ерлі-зайыптылар одағына көз жібере отырып, Жаратушы Ие Өзінің Ұлын нақтылы түрде көрсетеді. Осы мақсатты сіз қай уақытта Оның рахымы мен сенімі және кішіпейілдік таныту кезіндегі жігерін қабылдаған кезде барып, жүзеге асатын болады. Егер біз ұзақ және бақытты өмір сүруді жоспарлайтын болсақ, әйткенмен де, ол өзіміздің жеке күшімізбен шектелмейді. Ол, біз арқылы әрекет ететін Оның Рухындағы Құдайдың сүйіспеншілігінің көрінуі болып табылады.

Сіз “Құдай біздің некемізге қолын нақты бір сілтеген шығар” деп ойлауыңыз мүмкін. Бізде болашақ жоқ. Махаббат алыстап кетті” деп ойлауыңыз мүмкін.

Бәлкім, сіз өз күшіңізбен әрекет етуге талпынғандықтан, осылай айтатын шығарсыз? Сіз өзіңіздің жеке дәрменіңізді және өз некеңіз жайындағы армандарыңыздың орнын Құдайдың күші мен арманына ауыстырғаныңыз дұрыс болады. Сіз Оған сенген шақта, Ол сіздің армандарыңызды алып, оларды өмірмен толтырады және сіздің жүрегіңізге көктегі мақсатын отырғызады.

Бұл дегеніміз, әртүрлі эгоцентризмнен (дарашылдық) қалдыра отырып, Мәсіхтің Қауымды сүйгені сияқты, өз әйелдеріңізді сүю үшін, жүрегіңізді жігермен толтырады. Ал әйелдер сіздерге, күйеулеріңізді сыйлау үшін, Ол күш-қуат береді. Осылайша, сіздердің екеулеріңіз де, некенің ұлылығында өсе алатын боласыздар.

Киелі Кітап Құдайға сенім артпайынша, Оған ұнамды болу мүмкін емес деп нақты айтады (Евр. 11:6 қараңыз). Неге Құдай сенімді өте қатты жақсы көреді екен? Өйткені, Оған сенім арту арқылы біз, Ол тәрізді болу үшін күш-қуат аламыз, ал біздер үшін, Құдайға ұқсас өмір сүруден артық жақсы өмір жоқ. Ол біздің рақаттануымызға қарап, соған қанағаттанады. Және біз осы жерде уақытша бақытты болу жөнінде айтып отырған жоқпыз. Біз, ұзақ уақытқа созылатын қуаныш, қанағаттану, және рахатқа бөлену жайында айтып отырмыз. Құдай сіздің некеңіз үшін, тек ең

жақсы нәрсенің ғана болғанын қалайды, ал Оның ең жақсысы, Оның толтырып бере алатын одағында ғана қалыптасады.

Сызба

Адамдар жиі жағдайда, Сенім мен үміт жөнінде екеуі де бір ұғымды білдіреді деп қабылдайды. Егер сенім бұл, ұлы некенің құрылыс материалы болатын болса, онда сенім-оның сызбасы болады. Басқаша айтқанда, үміт ол қалыпқа ұқсайды, ал сенім, оның толтырғышы. Үмітсіз сенім бұл, егер үйдің сызбасы болмаса, құрылыс материалдарының пайдасының қаншалықты болатынындай, бұл қалыпсыз (форма) зат болады.

Сіздің Құдай Тағаланың Ыбырайым пайғамбармен мәңгі келісім жасап, өзінің үрім-бұтақтарын Тәңірдің жолымен жүруге таңдап алғаны есіңізде ме?

Жаратқан Ие Ыбырайымды шақырғанда, ол ұрпақсыз адам еді. Дегенмен, Құдай оның көптеген халықтардың түп-атасы болатынын сендірді. Ыбырайым пайғамбар сенімі зор адам еді, Киелі Жазба ол туралы “Құдайдың уәдесіне күмәнданбайтын адам” дейді (Рим. 4:20). Және дегенмен, Жаратылыстың басталуы тақырыбының 15-тарауында, ол сенім аясына кірместен бұрын, түңілумен күрескен болатындығы жайында жазылған.

“Осы оқиғалардан кейін, Жаратқан Ие Ыбырайымға аян беріп: -Ыбырайым, қорықпа! Мен сені қалқандай қорғаймын. Саған берілер сыйлық аса зор болады, – деді. Бірақ Ыбырайым жауап беріп былай деді: -Уа, Жаратушы Тәңір Ие, Сен маған қандай сыйлық бермексің? Мен әлі де ұрпақсыз келемін. Үйіме дамәскілік қызметші Елиезер иелік етпек. – Ыбырайым тағы: -Сен маған бала сыйламадың, сондықтан, мұрагерім үйімдегі бір қызметшім болады, – деп те мұңын шақты. Ал Жаратқан Ие оған сөзін арнап: “Мұрагерің ол емес, сенен туатын ұл болады! – деп уәде берді. Ыбырайым Жаратқан Иеге сенді. Сондықтан Жаратқан Ие оны Өзінің алдында ақтады” (Жар. 15:1-6).

Құдай Ыбырайымға жаңа өлшемдегі сенім береді деп ойлауға болатын еді. Бірақ, осының орнына ол, Ыбырайымның сеніміне сол

аянға жармасуы үшін, оның сеніміне аян берді. Бұл оның сенімін нығайтып, үмітін қалыптастырды. Жаратушы Ие Ыбырайымға шатырдан шығып, жұлдыздарды санап шық деді. Түнгі аспан оның сеніміне жұлдызды сызбаның суретін салды, және осы кезде төбедегі сансыз жұлдыздар, оның санасының экранында балалардың жүзіне айналып шыға келді. Тәңір Ие, Ыбырайымға жәй ғана, аспан әлемінде қанша жұлдыздар болса, сенің мұрагерлерің сонша болады деп айтудың орнына, Тәңір Ие, оның тағдырының қандай болатынын тұрақты, бейнелі, суреттемеде көрсетті. Осы жұлдызды сурет арқылы, Ыбырайымның қиялында Құдайдың берген аянының ізі қалған.

Дәл солай, Құдай сіздің қиялыңыздағы сіздің некеніздегі Өзінің суретін тура солай салғысы келеді, өйткені, аян бар жерде үміт бар болады. Міне сондықтан, Пауыл елші бізді “Құдайды тануға бөгет болатын күллі ой-пікірлер Мәсіхке бағындыруға” шақырады (Қорынт. 2 хат 10:4-5). Біз өзіміздің ой-санамыздың кенебін қорғауымыз керек, өйткені ол, біздің қылықтарымыздың сипаты мен құнылықтарын анықтайды. Лайым сіздің қиялыңыз, үмітімізге арналған сызу тақтасы іспетті болса екен. Құдай бізге, бізді үмітпен толтыруға уәде берді, бірақ, біз оған қалай мүмкіндік ала аламыз? Атап айтқанда, мінәжат ету арқылы Киелі Рух бізді ақылымыздан асқан үмітке толтырады.

“Үмітіміздің бастауы – Құдай қандай жағдайда да бәріңді қуанышпен тынышттыққа кенелте көрсін! Өздерін Оған сене отырып, Киелі Рухтың құдіретімен үміттерің молая түссін!” (Рим. 15:13).

Құдай Ол, біздің үмітіміздің қайнар көзі. Егер біз Жаратушы Иеден сұрайтын болсақ, Ол біздерді қуанышқа, бірлік пен татулыққа толтырады. Біздің барлығымыз да өз некемізде қуанышқа, бірлікке толы болуын қалаймыз. Оған бой ұсынғыштықпен келе жатып, біз Оның рухының дәрменінің сенімді үмітіне толтырыламыз. Қандай керемет уәде еді!

Нақыл сөздерде (29:18) егер біз аян алмайтын болсақ, онда біз тіршілігімізді жоямыз деп жазылған. Шын мәнінде, Құдайдың аянынан айырылған ерлі-зайыптылық өмір, өмірден айырылған деуге

болады. Сонымен, кәнекей, ірілеу нәрсені армандау үшін, батылды болайық. Ал сіз, өз армандарыңыз бен мақсаттарыңыздың сценарийін жазған кезде, Құдай сіздің жүрегіңізді Оның жоспары үшін оятсын деп сыйыныңыз.

4 күн

Қытай мейрамханасы

Біздің үйленген кезімізде, біздің болашақ жайлы әңгіме айту үшін баратын ерекше орнымыз болатын. Бұл, біздің тұрып жатқан пәтерімізден аяқ жетер жерде орналасқан қытай мейрамханасы еді. Сол уақытта біз, колледжді жақында ғана оқып бітірген едік. Және біздің ақшамыз өте аздау болды, біз мушу деп аталатын тауықтың бір кісілік тамағын екі адамға, ал оған қосымша құймақ пен алхоры тұздығының қосымша порциясына тапсырыс беретінбіз. Сол мейрамхананың іші тыныш және қарапайым жер еді. Бірақ та, бір шыны аяқ шәй үстінде, қытай мейрамханасының жағдайында, әлі жас ерлі-зайыптылар жұбына алыс елдер жөнінде армандау қорқынышты болған жоқ.

Сол уақыттарда біз көп нәрсені білген жоқпыз, бірақ, бір нәрсеге сенімді болдық, біз шын жүрекпен, барлық жан-тәнімізбен, және барлық бекемдікпен екеуіміз бірге Құдайға қызмет еткіміз келді. Біз құштарлықпен өмір сүруді және өз отбасымызды жақсы құруды қалайтын едік. Бізді өмір жолдары қайда бастап апара жатқанын білмедік дейтін болсақ, дұрыс айтылған болар еді, бірақ, біздің өмірмен бірге жүргіміз келетінін нақты білдік. Біздер, Құдайдың біз арқылы жаңа мұраны бекіткеніндей етіп, өмір сүргіміз келді.

Мен (Джон) тамаша отбасында туып өстім. Менің ата-анам алып бес жылдан астам уақыт бірге өмір сүрді. Менің әкем біздерді жан қиярлықпен жақсы көрді және отбасын қамтамасыз етті. Ал менің анам болса, үй шаруасындағы әйелдің нақтылы үлгісі болды.

Көп жағдайда, менің ата-анам мен үшін жақсы отбасын тудырудың және адал өмір сүрудің үлгісі болды. Мен сол үшін оларға мәңгі-бақи алғысымды айтамын.

Мен (Лиза) мүлдем басқа отбасында туып өстім. Маған менің ата-анаммен салыстырғанда, Джонның ата-анасы өте оңды адамдар тәрізді болып көрінді.

Менің отбасым ішімдіктің, зинақорлықтың, күш жұмсаудың, опасыздықтың, сараңдықтың, айырылу мен ажырасудың күйінішінен бұзылып, құртылды. Біздің жұбайлық өміріміздің бастапқы кезінде, менің мықты және дені сау отбасы жөніндегі тәжірибем мен практикалық білімімнің болмағаны айқын болды; бірақ, мен өжеттікпен осындай отбасының бір бөлігі болуды қаладым.

Біз екеуіміз сол қытай мейрамханасында сөйлесіп отырған кезімізде, өзіміз басқа некені құрғымыз келетінін түсіндік. Біз Джонның ата-анасын аса зор құрметпен сыйлайтын болсақ та, олардың некесінің үлгісі, бізге сай келмейтін болды. Біздің екеуіміз де, олардан көргенімізге қарағанда, өзіміздің ерлі-зайыптылық өмірімізден одан да көп нәрсені қалайтынымызды білдік. Бұл, некенің өзі үшін, Құдайдың ықыласы болды. Оның мәні, тек өмірдің аяғына дейін бірге болу емес, сонымен бірге, біздің одағымыз арқылы мәңгілік мұраны құруда болып отыр. Әрине, ол өзіне біздің балаларымызды және немерелерімізді бірақ, көптеген басқа адамдардың өмірлеріне ықпал жасауын қоса қамтитын еді. Біз өз отбасымыздың қиялдағы көрінісін (аянының) суретін сала бастадық. Біз принциптерді анықтай отырып, бір-бірімізге сұрақ қойдық және әліміздің жеткенінше армандай бердік. Біз бәрінен бұрын, Құдайға қызмет етіп, барлық шешімдерімізбен бірге, Оған құрмет көрсетеміз деп ұйғардық. Қалғанының барлығы да, осы сүзгіден өтуге тиісті болатын. Біздің ерлі-зайыптылық өміріміздегі отыз екі жыл ішінде, біз сондай маусымдарды бастан кешіргендігіміз сонша, сол кезде, бізді бірге байланыстыратын жалғыз ғана себеп ол, біздің Жаратушы Иені құрметтеуіміз болды.

Сол уақыттарда, менің (Лиза) Джонға деген махаббатты сезінбеген кезеңдерім болды, және Джон да маған деген сезімінің жоқ екенін айтты. Ол мүлде қызмет етуге кірісіп кетті, мені үйдегі кішкентай балалармен қалдыра салып, көп жерлерге жол жүріп кететін.

Егер шындықты мойындайтын болсам, болашақта Джон екеуіміздің арамыздағы махаббаттан ешқандай үміттенбедім. Менің жан-дүнием осы қиын мезгілдерде жарақат алған болатын. Мен эмоциялық және күш қуаты жағынан да өзімді шеттетілгендей сезіндім. Егер, мен үшін осындай амал бар болатын болса, мен қуана отырып ажырасуға келісер едім. Менде біздің некеміздің болашағын көретін қиял көрінісі де болмады, тек келешекте не болуы мүмкін деген сауалдың болмашы көлеңкесі ғана қалды. Тіпті, қандай да бір сәтте мен: “Уа, Құдай, егер сен маған көкте Джонмен бірге өмір сүрудің сәті түспейді деп уәде беретін болсаң, мен біздің некемізді сақтаймын” деп те ойладым. Мен өзімді өте жалғыз қалғандай сезіндім, ал қызметшілердің әйелдеріне басқа біреумен өзінің жан ауруы жайлы бөліскені қиын болады екен.

Мен де (Джон) сол сәтте үмітсіздікпен күрестім. Мен Лизаның көз алдында барлық нәрсені дұрыс істемегенімді сездім. Мен, менің өз-өзімді төмен бағалауымда оны кінәлы деп есептедім, маған оның тарапынан оның мені құрметтеуі жетіспеді және оның сөздерінің дәрекілігі бөгет жасады. Біз тез арада төменге қарай құлдырап кеттік, екеуіміздің біреуіміз де, сүйіспеншілікті, сыйластық пен нәзіктікті қайтару үшін, азғана мүмкіншілікті көре алған жоқпыз.

Сол бір мезгілдің эмоциялық және рухани ауруы адам төзгісіз болып көрінді. Бұл қорқынышты уақыт болған еді, бірақ, ол тек бір маусымға ғана созылды, ал маусымдар өзгере береді. Жылап-сықтайтын түн болады, ал таң атпай бізді қуаныш тосады дейді Жаратқан Құдай (Забур 29:6). Қазір сол кезең бізге шынайы емес тәрізді болып көрінеді, осы кезең қандай да бір басқа жұптардың өмірінде болған тәрізді. Құдайдың рақымының себебімен біз, Құдайды құрметтейміз деп қойған өз мақсатымызды орындауда адал болып қала бердік. Өзіміздің сараңдығымызда шынайы өкініп, тәубеге келу және Жаратушы Иенің даналығына мойынсұну

арқылы, біздің некеміз бен сүйіспеншілігіміздің нығайып, ұлы күшке дейін өсе бастағанын біз көре бастадық.

Біздің өмірге деген көзқарасымыз, біздерді сол бір қиын мезгілден өткізген біздің уәждемелейтін күштердің бірі болған еді. Біз өмірімізге жетпіс немесе сексен жылдағы уақыт аралығы іспетті қарамаймыз; біз оған мәңгілік болашақ ретінде қараймыз. Жетпіс немесе сексен жыл, бұл мәңгілікпен салыстырғанда, ол тек бір сәт қана. Киелі Жазба, біздің Исаның айқыш ағашқа деген қарым-қатынасымыз, біздің мәңгілікті қай жерде өткізетінімізді анықтайды деп үйретеді; алайда, біздің мәсіхшілер ретінде өмір салтымыз, біздің мәңгілікті қалай өткізетінімізді анықтайды. Пауыл елші былай деп жазады.

“Содан жігерлі болып, осы тәнімізді тастап, Иеміздің қасында орнығуды қалаймыз... Барлығымыз Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда әрқайысымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы-жамандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз” (Қор. 2 хат 5:8, 10).

Бұл жерде Пауыл сенушілерге қарап айтады, өйткені, Құдайға сенбейтіндер өз денелерін қалдырған кезде, олар Құдайдың қатысатын жеріне бармайды. Пауыл Иса Мәсіхтің құтқарушы рақымы арқылы, Құдайдың жанұясына келген адамдарға қарап жүгінеді. Біздер Оның алдына келетін боламыз және қабылдаған барлық шешімдеріміз бойынша, біз сенушілер бола тұрып, қалай өмір сүргеніміз жайында Оған есеп береміз. Мәсіхтің сотының шешімі бізге не мәңгілік сыйларға немесе мәңгілік шығындарға алып келеді. Немесе біздің өміріміздің барлық еңбегі жанып кетеді, не болмаса, мәңгілік сыйды аламыз, тіпті, Исаның жанында мәңгілік бойы билік құратын боламыз. Осы іргелі доктринаны (ілімді) білу, біздің беталысымыздан қайтпауға көмектесті. Біздің біреуіміз де, Исаның тағының алдында Оның некесінің аяқталуы жақсы еңбегін қор қылатындығымыз жөнінде, біздің ешқайсымыз да есеп бергіміз келген жоқ.

(Құдайдың соты жайында көбірек оқу үшін Джонның “Мәңгілікке ұмтылғандар” кітабын оқыңыз).

Құдайды құрметтеуден кейін, оның басына қарағанда, біздің жолымыздың соңында, бір-бірімізді бекемдеу сүйіп өту, біздің екінші мақсатымыз болды. Осы мақсат, қиын уақыттарды жеңе отырып, бізді алға қарай баса беруге және де тіпті біз махаббатты сезінбейтін болсақ та, бір-бірімізді сүйіп өтуге мәжбүр етті. К. С. Льюис былай деп жазды:

“Сүйіспеншілік дегеніміз бұл, өз еркімен шешім қабылдаған және әдетімен бекітілген, екі серіктестің де сұрап және Құдайдан алған рақымымен күшейтілген (мәсіхшілердің некелерінде) мықты одақ. Олар тіпті бір-біріне ұнамаған сәттерде де, бір-біріне деген осы сүйіспеншілікті бастан кешіре алады”.

Әлбетте, біздің бір-бірімізді ұнатпаған уақыттарымыз да болды. Бірақ, Жаратушы Ие, сол бір толқынды баспалдақтардан өте алуымыз үшін, біздерді Өзінің рақымымен аялап, әлпештеді. Ол Сіз үшінде осылай жасағысы келеді. Ал, бұл күндері біз бір-бірімізге ұнаймыз және біздің тойымыз болған күнге қарағанда, бір-бірімізді одан да күшті сүйеміз. Бұл шындық! Және де біздер әрбір он жылдық сайын, осы махаббаттың ұлғая түсетінін тағатсыздана күтеміз.

Құдай бәрін де жазып отырады

Мейрамханада отырып біз, өз армандарымызды қағаз майлықтарға жаза отырып, әлі дүниеге келмеген балаларымызды қалай тәрбиелейтініміз жөнінде әңгімелесетінбіз. Біз олардың тәртібі жөнінде, яғни оларға нені рұқсат етіп, не нәрсені істеуге тыйым салатынымыз, біз олардың атқаратын міндеттерін және үйдегі бөлмелерді қалай бөліп беретініміз жайлы талқыладық. Біз мұралық жөнінде және біздің шешімдеріміздің балаларымыз бен немерелерімізге ықпал етуі жайлы сөйлестік. Олардың рухани және қаржылай мұрасын беру, біз үшін-маңызды болды. (Нақыл сөздерді қараңыз 13:22).

Біз өзіміздің болашақтағы үйімізді көз алдымызға елестеттік. Ол үй үлкен және әдемі бола ма, оның маңызы болған жоқ. Біздер ол үйіміз қонақжай және жайлы үй болғанын қаладық, және де үйге кіріп бара жатып, адамдар өздерін қауіпсіздікте сезінуін қаладық. Біз, ол үйіміздің сауық-сайранға толы болып, және біздің балаларымыз сол үйге достарын әкеле беруін қаладық.

Сонымен қатар біз, біздің міндетіміз жайында және оның ерлі-зайыптылық қарым-қатынастардың дамуына қалай ықпал ететіні жөнінде пікір алыстық. Біз еркектер мен әйелдердің атқаратын рөлі жайында талқыладық. Сондай-ақ, біз қарыздардан қашып құтылу үшін, ақшаны қалай ұстаймыз деп, осы мәселені шешетінбіз. Біз тоқтаусыз сөйлей бердік және қағаз майлықтағы белгілердің біздің қолымызда біздің құрғымыз келген, сол бір өмірдің сызбасына айналып кеткенін тауып алғанша, барлық нәрсе жайында сөйлесе бердік. Әзірше біз жапырақ қағазға жоспарымызды құрып жатқан кезде, Құдайдың да бір жерде жазып жатқаны жайында ой ойлау, бізге де ұнайтын.

“Содан соң Жаратқан Иені терең қастерлеушілер өзара сөйлесіп, Жаратқан Ие оларды ден қойып тыңдады. Сонда бұлар туралы Оның алдындағы естелік кітапқа жазылды. Сол кітапқа Жаратқан Иені терең қастерлеп, Оның есімін құрметтейтіндер тіркелген” (Малахия. 3:16).

Біздің ерлі-зайыптылық өміріміздің сол бір алғашқы күндерінде, біздің нені айтсақ та, Құдай бәрін де жадында сақтады. Және де тіпті, біз өзіміздің құрған жоспарымыз жөнінде ұмытып кетсек те, Ол оның барлығын да жүзеге асырды. Құдай Одан қорқатын адамдардың жүргізіп отырған әңгімесін де жазып отырады. Егер сіз оның Авторына құрмет көрсететін ерлі-зайыптылар өмірінің қарта-сының суретін салған кезіңізде, Аспан көкте де оны қабыл етеді.

5 күн

Құдай көрсеткен аянды жазып алыңыз

“Сен аянда көрген хабарымды тақталарға анық қылып жазып қой! Содан шабарман оны әр жерде оқып жарияласын!” (Аббақ. 2:2, ағылшын тілінен қазіргі аудармасы).

Өзіңіздің некеңіздің аянын жазып алудың ешқашанда кеш болмайтындығын қайтадан қайталаймыз. Оны жазып алып, және де сіз-

де айқын және түсіну үшін жеңіл болатын бірнәрсе шыққанша, қайтадан көшіріп жаза беруден қорықпаңыз. Анық аян мәреге дейінгі барлық жолды жеңіп шығатын, сізге қажетті күш-қуат береді.

Сіздерден өтінеріміз, өзіңіздің күйеуіңізбен (әйеліңізбен) немесе (болашақ күйеуіңізбен/әйеліңізбен сіздің некеніздің ортақ аяны жайында әңгімелесуге аздаған уақыт бөліңізші. Егер сіз үйленбеген жігіт немесе тұрмысқа шықпаған қыз болсаңыз, өз тарапыңыздан көрген аянды тура қазір жаза бастаңыз. Сіз армандай алу үшін, бір орынды тауып алыңыз. Сіз өзіңіздің тілектеріңіз бен үміт еткен кезіңізде нақтылы болыңыз. Өзіңіздің абсолюттік құндылықтарыңызды анықтаңыз және ірі нәрселер бойынша армандаудан қорықпаңыз! Осы аян, болашақтағы күндерде сіздің жол көрсеткіш жұлдызыңыз болады.

Неке дегеніміз бұл, он жылдықтың бастау сәті мен мәресінің арасындағы, ұзын қашықтыққа жүгіру. Ерлі-зайыптылар жұптарының көпшілігінің “қысқа” ғана армандары болады. Олар сатып алып, балалард тәрбиелеуді армандайды. Және де бұл, үлкен мақсаттар, бірақ та, олар алысқа әкете алмайды. Ал, одан да басқа біраз үлкендеу мақсат бар. Сонымен, армандауды тоқтатпаңыз!

Сіз бен сіздің жұбайыңыздың жүгіруге бірге қатысатындарыңызды, бірақ, бір-біріңізбен жарыспайтыныңызды есіңізде сақтаңыз. Бір адамның барлық жолды жалғыз өзі жүгіріп шығуы мүмкін емес, сондықтан да, командада жұмыс істеген маңызды. Егер сіздің ерлі-зайыптылық өміріңіздің бастапқы кезі қиын өткен болатын болса, онда бастапқы өмірге қарағанда, жұбайлық өмірдің соңғы кезінің анағұрлым маңызды болатыны, сізді жұбататын болсын. Жоспарды жазу, сізге мәреге жетуге көмектеседі. Не нәрсеге ұмтылатыныңызды білу үшін, аяның болуы керек.

“Өйткені бұл хабар белгілі бір уақытта іске асып, орындалатын кезіне мензейді. Ол өтірік болып шықпайды. Орындалуы кейінірек болса да, оны күт. Ол шүбәсіз келіп. Еш кешікпейді” (Аббақ. 2:3-4).

Құдайдың шабыттандырған аяны, оның орындалуына сүрлеу жолды салу үшін, сіздің алдыңыздан жүріп өтеді. Егер сіз өзіңіздің

аяныңызды үнемі көз алдында ұстап тұратын болсаңыз, ол сізді жарға жығып, алдап кетпейді. Алдымызда Құдайдың айтқан сөздерінің барлығы да, шындық болуы мүмкін емес болып көрінетін уақыттар келеді. Сіздің жолыңыз, сіз ол жерде болуды қаламаған немесе боламын деп ойламаған жерге әкелуі мүмкін. Өз жолыңызды Жаратқан Иеге сеніп тапсырыңыз, Ол сізге оны аяқтау үшін, қалай көмектесу керектігін біледі. Аянды Сыйлаушының күші, сіздің мұқтаж болған кезіңізде, сізді нығайтатын болады. Бірақ, сіз осы аянды сақтап қалуыңыз керек. Сіздің жоспарыңыз бейнелі, жаңа лепті үрлейтін және негізгі құжат болсын. Бұл демек, жоспарда екі заттың болуы тиісті. Олар:

Нақты анықталған қағидалар.

Нақты пікірлер мен ұғындыру, бұлар сіздің аяныңызға қажетті көріністі береді. Мысалы, “біздің ерлі-зайыптылық одағымыз Құдайды терең қастерлейтін болады” немесе “бәрінен бұрын біз, бір-біріміздің мұқтаждықтарымызды толтыруға талпыныс жасаймыз” сияқты шеңберде. Бұл сіздер келісіп қойған шешімдер. Және оны талқыға салмайсыздар. Ол шешім өзгермейтін және ымырасыз болып қала береді.

Өсуге арналған орын.

Жақсы жоспар барлық сұрақтарға жауаптар бермейді. Ол айқындылықты ғана береді. Тек Құдай ғана, сіздің алдыңызда не күтіп тұрғанын біледі, бірақ, біртіндеп, сіз Оның Рухының жетелеуі арқылы, Оның жоспарының қырларын аша аласыздар. Уақыты жеткенде, сіздің аяныңыздың көлемі ұлғая береді, ол жаңа анықтамаға ие болады, басымдылықтарды және әр маусымның сын-тегеуріндерін пайдалана бастайды. Өзгерістердің осы саласы балалар өсіп кеткенше, олардың тәрбиесіне шығындалатын уақыты немесе мансапқорлық пен міндеттің даму кезіндегі бір-біріне қолдау көрсету амалдарын қамти алады.

Міне, өзіңіздің некеңіздің жоспарын жазып алу үшін, сіздің жасауыңыз үшін бес тәжірибелік қадам беріледі:

1. Мінәжат етіңіз.

Құдайдан сіздің сұхбатыңызды, ойларыңыз бен үмітіңізді. Өзінің Рухымен толтыруын өтініңіз.

2. Шабытқа тола беріңіз.

Киелі кітаптан аяттарды, мақалаларды, оқиғаларды, фотосуреттерді, әннің сөздерін, журнал қиындыларын, сізді нығайтатын нәрсенің барлығын да сақтап қойыңыз. Жаратушы Иеден Оның сіздің сеніміңізбен толтырғысы келетін, үміт жолын беруді өтініп сұраңыз.

3. Сіз қай жерде армандай алатын болсаңыз, сол жерге барыңыз.

Ол жердің қымбат немесе сәнді орын болуы, міндетгі емес. Бұл, сіздің көшеңіздің бұрышында орналасқан, қарапайым дәмхана немесе үйден алыс емес жердегі саябақтағы орындық та болуы мүмкін.

4. Өз мақсаттарыңызды анықтаңыз.

Үлкен жетістіктерге қол жеткізу жайлы армандаңыз! Өзіңізді бүгінгі күнгі мән-жайлармен немесе өткен өмірдің есте қалған оқиғаларды армандап, сонымен шектелмеңіз. Мысалы, мынадай тақырыптар жайлы ойланып-толғаныңыз. Ол: ақша, балалар тәрбесі, отбасылық өмірдің қарқыны, жеке бастың дамуы, рухани өсу, тыныштық пен демалу, мансапты армандау, үй ішіндегі атқаратын міндеттер, қауымның, қаланың өміріне араласып, қолғабыс тигізу және т. басқасы.

5. Алға қойған мақсаттарға қалай қол жеткізуге болатынын анықтаңыздар.

Сіз аянды жазып болғасын, өзіңіздің жағдайыңызды бағалай бастаңыз: сіз қай жерде болғыңыз келетін болса, сол орыннан қаншалықты алыс орналасқаныңыз жайлы ойлаңыз.

Өзіңіздің қазіргі жағдайыңызды бағалаңыз және сізді жол үстінде сақтап жүретін, жан-жақты үлгіні, қадамдар мен өзгерістерді жетілдіруге тырысыңыз.

Сіздің мақсаттарыңыз өмірдің көптеген мезгілдерінде өзекті болады. Алға қойған мақсаттарды ескере отырып, келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

Әлі баламыз болмаған кезде?

Кішкентай балаларды тәрбиелеген кезімізде?

Жас-өспірімдерді тәрбиелеген кезімізде?

Біздің балаларымыз отбасы-ұясынан ұшып кеткенде?

Немелеріміздің қызығына тоймай жүргенде...

Өзіміздің соңғы мезгілге бірге енген кезімізде.....

... Біздің некеміз қандай болады?

Егер сіз әлі үйленбеген жігіт немесе тұрмысқа шықпаған қыз болсаңыз, әлі кездесіп жүрсіздер немесе аттастырылған болсаңыздар, болашақтағы некеңіздің қандай болатынын көз алдыңызда елестетіп көріңіз.

Сіз алдыңызға қаржы мәселесі аясында, балаларды тәрбиелеу және тағы да басқа салада мақсаттар қойыңыз. Бұл, өзіңіздің күнделікті стандарттарға, шешімдер мен әдеттердің арқасында, жалғастырып отыратын ірі міндеттер. Енді, келесі сұрақтарға қалай жауап беретініңіз жайлы ойланыңыз. Олар:

Сіздер әр айдың қаржылық бюджетін қалай және қашан құра аласыздар?

Өздеріңіздің еңбек демалыстарыңызды қайда және қалай өткізесіздер, және оны қалай жоспарлап отырсыз?

Сіздер өздеріңіздің бос уақыттарыңызды қалай өткізетін боласыздар?

Сіздер өзіңіздің күйеуіңізбен (әйеліңізбен) жолығуды қашанға дейін жалғастыра бересіздер?

Сіз өзіңіздің күйеуіңізбен (әйеліңізбен) отбасындағы келіспеушілікті қалай шешетін боласыздар?

Өз балаларыңызбен уақытты қалай өткізесіздер?

Сіздер өз балаларыңызды қалай тәрбиелейтін боласыздар?

Сіздің әрқайсыларыңыз үйден тыс жерде өздеріңіздің мансаптарға жеткіңіз келе ме?

Егер олай болатын болса, осы нәрсе өмірдің әр түрлі мезгілінде әр түрлі болып өте ме?

Сіздер мансапқа жеткен кезде және басқа да басты мақсаттарға жеткен кезде, бір-біріңізге қалай қолдау көрсетесіздер?

Сіздер қандай білімді алуға тырысатын боласыздар? Сіздер өз балаларыңызға қандай білім беруге талпынасыздар?

Сіздің балаларыңызға демалыс күндерін өткізудің қандай мүмкіндіктері болады?

Олардың мүдделері мен дарындарының дамуына қалай ықпал етесіз?

Өз денсаулықтарыңызға қалай қарайтын боласыздар? (Дене шынықтыру жаттығулары, демалу, дұрыс тамақтану және т. б.).

Сіз өзіңіздің рухани денсаулығыңызға қалай қамқорлық көрсетесіз?

Сіз өз балаларыңыздың Құдайды танып білуді үшін, қандай ақыл бересіздер?

Сіздің некеңіз және отбасыңыз айналаңыздағы адамдарға қандай пайда әкеледі? (сіздің қауымыңызға, тұратын ауданыңызға, қаладағы орамға, жұмыс орындарында және т. б.)

Осының алдында біз, сіздің жоспарыңыздың нақты қырларының, сіздің даналықта қалай рухани жағынан өсіп, тәжірибе жинақтауыңыздың шамасына байланысты, өзгеріп, дами бастауы мүмкін екендігін айттық. Бұл дұрыс болды. Бірақ, жоспарыңызды сызып қойып, өзіңзді келешек өмірге арналған негіз болып қызмет ететін, үлгілерге арнайтын болсаңыз, маңызды болар еді.

Эверест тауына көтерілу

Сіз ұшаққа мініп кетіп бара жатқан жұбайларды көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Қуаныштан жүздері балбұл жанған олар саяхатқа кетіп бара жатыр, бірақ, олардың ұшақпен қайда ұшып бара жатқаны жөнінде титімдей де түсінігі болмайды. Олар тек, ұшақтың оларды қандай да бір ерекше әсерлендіретін оқиғаға қарай зулап бара

жатқанын ғана біледі. Олардың өздері қандай да болмасын, бір жылы жаққа қарай аттанып бара жатырмыз деп жобалайды, сондықтан, өздерімен бірге, жағажайлық киім және егер кешкі уақытта салқын болған жағдайда, бір екі жылы свитер алады. Ұзақ уақыт ұшқаннан кейін, олар белгіленген жерге келіп қонады да, өздерінің Непал мемлекетіне келіп тоқтағанын байқайды. Олар ыстық жақтарға жол жүріп бара жатырмыз деп ойлаған, ал шын мәнінде, олар Эверест тауының шыңына көтерілуге тиісті болды. Сірә, олар осындай қауіп-қатерлі және тәуекелді саяхатқа бару үшін, алдын ала қам жасамаған шығар. Сондықтан, олар тез арада үйлеріне қайтып оралады.

Көптеген адамдар некеге жағажайға сапар шегу ретінде қарайды, бірақ, ол тау шыңына шыққанға көбірек ұқсайды. Бұл, сый әрі рақаттану, бірақ, осы үдерістің өзі, ауыр еңбекпен тең болады. Әйтсе де, осы суретпен сипаттау біраз күлкілі болып көрінгенімен, статистика бойынша, ерлі-зайыптылар одағының өлімге ұшырау деңгейі, шамалап айтқанда, Эверест шыңына шыққан асқарпаздарға қарағанда, жиырма бес есе жоғары болады.

Неліктен ерлі-зайыптылар жұптарына қарағанда, Эверест тауының басына шығатындар анағұрлым табысты болады? Өйткені, оларда өз саяхаттарының аяны (Құдайдың көрсеткен мақсаты) бар, және нені күтуге болатынын олар біледі. Оларды ауаның төменгі температурасы, сұйытылған ауа мен сұрапыл жел де қорқыта алмайды. Өкінішке орай, ақиқат емес күтулердің және аянның жетіспеуі себебінен, өте көптеген отбасылар жеңіліп қалады. Өзіңіздің жоспарыңызды жетілдіру үшін, өз уақытыңызды қазір жұмсау мәнді болады.

Жақсы болып шығады

Сіздің некеніз дамып, өсіп келе жатқанда, Жаратқан Ие жоспарыңыздың шектерін кеңейтіп, соған жаңа нәрселерді қосатын болады, Ол сіздің некелік өміріңізді ешқашан бұзбайды. Басыңызға түскен қиындықтары Құдайдың сіздің некенізді құртқысы келетіні жайлы ойлар келіп, Одан көңіліңіз қалып, ашулануға азғырылу болады. Бірақ, Жаратқан Ие сіздің қиындықтарыңыздың себепшісі бола алмайды, қайта Ол барлық жағдайлар жақсылыққа айналдырады (Рим. 8:28). Оның Рухы мен рақымы бізді

ешқашан тастап кетпейді, Құдай бізге күшімізден артық сынақтарға жол бермеуіне әрі содан өтуге күш беруіне уәде етті.

“Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сынауларына жол бермейді. Еліктірілген кездерінде соған шыдауға күш-қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді” (Қор. 1 хат 10:13).

Кейбір кезде, сізге барлығы құрып бара жатқандай көрінетін болады, демек, егер сіз қатты дауыл соққан кезінде үмітті сақтай берсеңіз, онда кез келген сынақтан өтетін боласыз. Сіз бәрін істеп, орындап болған соң Ұстаздың: “*Жарайсың, жақсы да адал қызметші...*” деп Ұстаздың өзіңізге айтқан сөздерін еститін боласыз (Матай 25:23).

Ұстаз “кемшіліксіз, мінсіз” деп айтқан жоқ, ол “жұмысты жақсы істедің” деді, – бұл өте қызықты екені шындық емес пе? Біздердің ешқайсымыздың да, мінсіз, таза, кемелді өмір сүруге қабілетіміз жоқ. Бірақ, некеде тұрып та сондай өмір сүруге болады. Бұл демек, біздер некелесуде болған өмірімізде, мойынсұнушылықты сақтай отырып, кеткен қателіктерімізден сабақ ала отырып, және Оның біз үшін дайындап қойғандарының ішінен, ең жақсысын алу үшін, Құдайдың рақымымен алға қарай жылжи отырып, некелік өмірімізде дұрыс, таза өмір сүруге тиістіміз дегенді білдіреді. Егер сіз осылай өмір сүрем деп шешім қабылдасаңыз, бұл кезде сіздің некедегі өміріңіз тек аман-есен болып қана қоймайды. Ол өркендей береді. Жаратушы Ие сізге ақырына дейін қамқорлық жасайды.

“Әрқайсыларыңның үміттерінді соңына дейін берік ұстануларың үшін де осындай ынта-жігер танытқандырыңды аңсап тілейміз. Сонда сендер жігерсіз болмайсыңдар. Керісінше, сенім мен шыдамдылық көрсетіп, игіліктерді иемденгендерден үлгі аласыңдар” (Евр. 6:11-12).

Құдай некеде Оның рухани антын мұра етіп алуыңызды қалайды. Оның Рухының сізге беріп жатқан үмітіне сенім артыңыз, Өз жұбайыңызға шыдамды болып, өзіңіздің ерлі-зайыптылық одағыңызға сенім білдіріңіз. Сіз кемеліне жетпеген екі адам арқылы, Құдайдың не істей алатынын көріп, қайран қаласыз. Жаратушы Иеміз некелердің қалай басталғаны жөніндегі оқиғалармен емес, олардың қалай аяқталатыны туралы некелерді орнатуды құмарта тілейді.

1 күн. Күнделікті оқу

ҚҰДАЙДЫҢ ЖАРАТЫЛҒАН ӨНІРІ

“Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды”

— Еф. 2:10

Сіздің некеңізді қамти отырып, Құдайдың жаратқан барлық нәрсесінің мақсаты болады. Сіздің өміріңіздегі оның Рухының жеке өзінің қатысуы арқылы, ол сіздің некеңізді оның рақымдылығының ең жоғарғы жұмысы болуын қалайды.

Сіздің үйленбеген кезіңізде немесе тұрмыста болмаған кезіңізде және атастырылмаған кезіңізде, сіз көз алдыңызда некеңізді қалай елестеттіңіз? Сіз өз жүрегіңіз бен ақыл-парасатыңызда идеалды (мінсіз) некенің қандай бейнесін сақтадыңыз?

Сіздің некеңіздің осы арманыңыздан қаншалықты ерекшеленеді?

Құдай ерлі-зайыптылық одақтың өсиет болуын ұйғарды. Осы өсиетті “ажал біздерді ажыратпағанша” деп өмір бойына бекітеді. Осы өсиетте әрбір тарап, келесісіне бағынышты болады және қолында бар нәрсенің барлығын береді, бір адамның қиыншылығы басқа адамның қиыншылығы болады, жұбайлардың әрқайсысы бір-бірін қорғауға және әріптесінің мұқтажын түгендеуге ант береді.

Авторлар және Боб мен Одри Мейснердің спикерлері, өсиет жайындағы өздерінің алған аяндарымен былай деп бөліседі:

“Өсиет бұл, Құдайдың ісі, Киелі кітап өсиетте қолданылатын жарылқаулар жайында анық айтады. Оны қамтитындар: Құдайдың сүй-

іспеншілігі, қаржы еркіншілігі, қауіпсіздік және сенім, ұзақ өмір, денсаулық, және тақуалық қылық!

Ақиқат өсиет жағдайында, өз қателеріңді мойындап, өмірдің қиындықтарына қарсы тұру оңайға соғады, өйткені біз, біздің әділ болғандығымыз үшін, бізді қабыл алмай ысырып тастамайтынын білеміз. Біздің жұбайымызға да, біз қиындықтардан бірге өтіп келе жатқандықтан, бізге сәтсіздіктерді жеңіп шығу үшін, сүйіспеншілік танытып, шындықты айтқаны да оңай болады. Мәсіхке сенген өмірдің ең жақсы өсиеті осылай болады”.

Сіздің өсиетіңіз жайында Құдай не дейді? Өзіңізден “Мен некелік өмірімде өсиет бойынша өмір сүріп жатырмын ба? Осындай некеде өмір сүру үшін, мен нені істеуге дайынмын” Жаратушы Иеге сыйыныңыз және киелі Рухтан Оның жанасуы мен күш-қуат беруін сұраңыз.

Құдайдың ерлі-зайыптылардың мақсатынан да әлдеқайда алысқа жазылып жататын, өсиет бойынша сіздің некеңізге арналған ұлағатты мақсаты бар. Ол мысалы, Ыбырайым мен Сара іспетті, ерлі-зайыптылар одағының сүйіспеншілік пен ақиқатты болашақтағы қашықтарға таратуларын тілейді. Өзіңізден және Тәңірден: “Менің некем кімге ықпал жасайды, оның әрекеті қандай?” деп сауал қойыңыз.

Аздап кідіре тұрыңыз да, “Киелі Рух, менің балаларыма, немерелеріме және адамдарға таралуы үшін, менің ықпал ету ортама орналастырған сенің өсиетіңнің шегінің мен қалай кеңейте аламын” деп мінәжат етіңіз.

Құдайдың алдында тынышталып, үндемей отырыңыз. Оның сізге қазір және келешектегі күндерде не айтатынын тыңдаңыз. Жаратқан Иенің уағыздауын жазып алыңыз және мойынсұну (құлақ салу) үшін, Оның сәтін келтіруін өтініп сұраңыз.

ПЕШТИҢ ІШІНДЕ БАЛҚЫТЫЛҒАН

“Қымбатты бауырластарым, өздеріңнің “от кешіп” ауыр азап шегіп, сыналғандарыңды оғаш нәрсе деп ойламаңдар. Қайта, неғұрлым көбірек Мәсіх секілді азап шексеңдер, соғұрлым көбірек қуаныңдар. Сонда Мәсіх салтанатты ұлылықпен қайта оралып, ашық көрінген кезде шаттанып қуанатын боласыңдар”.

— Петір 1 хат 4:12-13 The Message

Неке дегеніміз рухани тазартатын үдеріс, ал Құдай біздің Тазартушымыз. Құдай сіздің қиындықтарыңыздың себепкері болмай, керісінше, өзіңізді және жұбайыңызды Исаға көбірек ұқсату үшін кез келген қиын жағдайды пайдаланады.

Шындығын айтсақ, біздің әрқайсымыз қиындықтарды ұнатпаймыз. Егер біздің қолымыздан келгенде, біз олардан қашатын едік. Бірақ, қиын жолдарда бір маңызды нәрсе бар.

Уақыт арнап қиын жағдайлардың артықшылықтары туралы жазылған Киелі Жазбалардың аяттарын ойланып оқыңыз. Біз сізге некеге қатысты бірнеше аяттарды таңдап алып, оқуды ұсынамыз.

Құдай (менің, күйеуімнің/әйелімнің) жүретін жолын жақсы біледі. Ол мені (жұбайымды) сынап тексергенде, алтын сияқты таза болып шыға келемін.

— Әйүп 23:10

Уа, Құдай, Сен сынақтан бізді (мені және күйеуімді/әйелімді) өткіздің, күмісті балқытқандай тазарта бердің... адамдарды басымызға шығардың, оттанда, судан да бізді өткіздің, ал ақыры молшылыққа жеткіздің...

— Забур 65:10, 12

Бауырластарым (ерлі-зайыптылар) менің, сендер алуан түрлі қиын сынақтарға ұшырағанда, бұл жайтты зор қуанышпен қабылдаңдар. Себебі сенімдеріңнің сыналып, берік те шынайы екендігін дәлелденуі төзімділік тудыратынын білесіңдер. Тек төзімділіктерің іс-жүзінде сонына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды...

— Жақып 1:2-4

Азап шегулерінің мақсаты, шын жүректен сенгендеріңді дәлелдеу. Жойылып кетуі мүмкін алтын отта балқытылған кезде сыналып, тазартылады. Сол сияқты, алтыннан әлдеқайда бағалы сенімдерің де бастан кешкен азаптарың арқылы сыналып, берік те шынайы екендігін дәлелденеді. Сонда Иса Мәсіхтің қайта оралып, ашық көрінетін күні Құдай сендерді (күйеуіні және әйелді) мадақтап, даңқ пен құрметке бөлмек.

— Петір 1 хат 1:7

Сіз тап осы кездегі жұбайыңызбен бірге бастан кешірген, сыннан өткен қайғы-қасіреттеріңізді (дау-жанжалды) қысқаша суреттеп жазыңыз.

Сізде орын алған осы оқиғалар жайында, осы аяттар арқылы, күйеуіңізге (әйеліңізге) Киелі Рух сізге нені көрсетеді?

Егер сіз, менің күйеуіммен (әйелім) бір нәрсені осылай болмаса игі еді! деп ойлайтын болсаңыз, сіздің өміріңізде ештеңе де өзгермейді. Сіз өзіңізді өзіңіз өзгерту қажет екенін білген кезде, өзгерістер басталады. Кішкене тоқтай тұрыңыз да, “Киелі Рух, менің жүрегім мен ақыл-парасатымда не болып жатыр? Сен нені өзгерткің келеді? Өзіме қатысты мен қай жерден қателестім? Маған сенің дауысыңды естуге және сенің сөздеріңе мойынсұнуға көмектесе гөрші. Исаның атымен” деп сыйыныңыз (дұға етіңіз)

Киелі Рухтың менің өзіме ашып берген шындығы:

Маған қозғау салатын киелі рухтың әрекеттері:

СЕНІМ, ҮМІТ, КІШПЕЙЛДІЛІК

“Үмітіміздің бастауы-Құдай қандай жағдайда да бәріңді қуаныш пен тыныштыққа кенелте көрсін! Өздерің Оған сене отырып, Киелі Рухтың құдіретімен үміттеріңмолая түссін!”

— Рим. 15:13

Сенімнің болуы, бұл таңғажайып некені құрылыс блоктарымен қамтамасыз етеді, ал үміт бұл, оның жасалуы үшін сызылған сызбасы болады. Сенімнің көзі- Құдай, Оның сізге және сіздің жұбайыңызға деген сенімі болады, Егер сіз оған сенім артсаңыз, Ол сізге өзінің сызбасын және сіздің армандағаныңыздай, ерлі-зайыптылар одағын құруға күш-қуат береді.

“Ыбырайым немесе сенімнің мойынсұнуы” өзінің кітабында, бағушы мен автор **Ф. Б. Мейер** төмендегідей түсіндіреді:

“Сенім дегініміз бұл, сирек кездесетін хош иістермен Мәсіхшілік өмірдің ғажайып өзгешелігі орналастырылған, кіп-кішкентай болып келетін дән. Ол тек, Тәңірдің қолының ұшын тигізіп, бата бергенін тосып тұрады. Егер адамның жүрегінде сенім болатын болса, онда бұл, адамның ішкі дүниесінде орналастырылған даму мен ұлғаю уақытының мәселесі... Сенімнің бізді Құдайдың Ұлымен байланыстыратыны сонша, біз Онымен мәңгі бақи бірлестірілген боламыз, және оның өзгешелігінің барлық даңқы... біздің қатарымызға қосылады”

Сонымен, сенім дегеніміз не? ол қайдан пайда болады? өз өмірімізде сенімнің өсуін қалай көруге болады? Осы үзінділерді оқып шығып, зейін қойып ойланып-толғаныңыздар және Киелі Рухтың сізге нені ашып бергенін жазып алыңыздар.

Рим. 1:11-12; 10:17; 12:3 Евр. 11:1, 6 Ефес. 2:8 Кол. 2:6-8

Сізге сеніммен бірге, үміт те қажет болады, бұл-ерлі-зайыптылар одағы үшін, Құдайдың жасап берген сызбасы. Аздап бөгеле тұрыңыз да, келесідегідей мінажат етіңіз (дұға оқыңыз): “Тәңір Ие, маған және менің әйеліме (күйеуіме) біздің некемізге арналған Құдайдың диаграммасын (кестесін) салшы. Сен Ыбырайымға аспандағы жұлдыздармен бірге, алдағы өмірін суретпен сипаттап бергеніндей, біздің жүректерімізде бізге түсінікті болатын және мәңгі-бақи есте қалатын бейнені сызып берші. Иса Мәсіх атынан, аумин”. Қараңыз, тыңдаңыз және Тәңірдің сізге нені ашып беретіні жайлы жазып алыңыз.

Сенім мен үмітті алу үшін, сізге қажет болатын тағы бір адамның адамгершілігін аңғартатын сөздер болады. Бұл бой ұсынушылық (мойындау). Мойындаған адам: “Уа, Тәңір Ие, мен сенсіз ештеңе де істей алмаймын, алайда, сенімен бірге барлық нәрсені жасау қолымнан келеді” дейді. Егер сіздің жүрегіңізде мойындау орнайтын болса, онда Құдайдың сіздің некеңізге арнаған барлық жақсылықтарға есік айқара ашық болады!

Он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген, **Эндрю Мюррей** есімді автор мен бағушы: “Иса біздерді Онымен қатысты қылу үшін, Жер бетіне мойынсұнғыштықты (мойындауды) қайтару үшін келді.... Оның мойынсұнуы, бұл біздердің құтқарылуымыз, оның құтқарылуы бұл, біздің мойындауымыз..... оның Құдай берген мойындауындағы Мәсіхтің келуі арқылы ғана, біз шынайы мойынсұнғыш бола аламыз” деп айтты.

Осы аяттарды оқып, зейін қойып ойланып-толғаныңыз. Құдай сізге қандай аян ашып береді?

**Маттай 11:28-30 Жохан 13:1-17 Филип. 2:1-11 Жақып 4:6
Петір 1 хат 5:5**

*Әрдайым сыпайы, момын мінезді адам болыңыздар.
Шыдамды болыңыздар, бір-біріңізге сүйіспеншілік көрсетіңіздер.*

— Еф. 4:2-3-қазіргі аударма

ЗОР АРМАНҒА БІРГЕ ҰМТЫЛЫҢЫЗДАР

“Біреу болғаннан екеу болған жақсы. Себебі бірігіп жұмыс істесе, содан көретін пайдалары игі болады... Біреу жалғыз адамды жеңсе де, екі адам оған қарсы тұра алады. Үш қабат жіп оңай үзілмес”.

— Уағыз. 4:9, 12

Некенің ұлағаттылығында өмір сүріп, рақаттану дегеніміз бұл, әрбір күйеу мен әйел үшін, Құдайдың түпкі ой осындай. Егер сіздің ерлі-зайыптылық одағыңыздың ортасында Киелі Рух үстемдік ететін болса, онда сіз ұлағаттылыққа апаратын жолда екендігіңізді біліңіз!

Сіздің мол табыспен, кеңшілікте өмір сүргіңіз келе ме? Табысты, кеңшілікте өмір сүруді армандау үшін, уақыт бөліңіз. Осы тараудың соңына қарай, өз некеніздің мақсатын (аянын) суреттеу үшін, қажетті нәрсенің барлығы болады. Ал енді, сіз қазіргі осы ерекше кезеңге дайындалыңыз.

Сіз және сіздің күйеуіңіз немесе (әйеліңіз) бірге болуды қалап және еркін түрде армандайтын бірнеше майсаң, ұнамды жерлерді атап шыңыңыз.

Өз жауаптарыңызды талқыға салыңыз, содан соң, сіздердің романтикалық жолығулар үшін, қай жерлерге жол жүретіндеріңіз жайында ойланыңыз.

Сіздер бір-біріңізге жүректеріңізді ашып, ұлы істерді ойлап, соларды Құдайдың мақсаты, даналығы, күдіреті әрі Оның берген рұқсатымен бірге армандап істей аласыздар. “Сіздер ерлі-зайыптылар ретінде ұмтылғандарыңыз одан да күшті әрі тиімді болғаны үшін тағы не істеулеріңіз керек?” деп **Бил және Пэм Фарелл** сұрақ қояды. “Табанды

болындар. Армандарына жету үшін сіз мақсаттарыңызды және соларға жететін жолдарды жазып алуыңыз керек. Мақсат нақты... шынайы... әрі Құдайдың көмегінің арқасында қол жетімді болуы керек”.

Біздер алға қойған мақсатты жоспарлау жайында, ертеңгі күнге арналған оқылымның үзіндісінде анағұрлым толық талқылайтын боламыз. Қазір сіздің жүрегіңізде қандай армандар бар? Сіздер, балаларды тәрбиелеу үшін, қаржылық тұрақтылық, білім алу және мансапқа қол жеткізу үшін, сатып алу немесе үй құрылысы, зейнетақы және тағы басқа нәрселер үшін, бір-біріңізбен қарым-қатынас жасау кезінде, не нәрсені көргіңіз келетіні жөнінде ойланыңыз.

Біздің некемізге арналған менің ең үлкен армандарым:

Сіздер бір-біріңізбен өздеріңіздің армандарыңыз жайында сөйлесіп алғаннан соң, оларды жазып алыңыздар.

Біздің некемізге арналған менің (күйеуімнің немесе әйелімнің) ең үлкен армандары:

Сіздердің армандарыңыз бір-біріне сәйкес келе ме? Осы армандардың ішінде, екеуіңізге ортақ арманыңыз бар ма? оларды талқылаңыз.

Біз келесі нәрсе жөнінде бәрінен де бұрын армандаймыз:

Естеріңізде болсын: “Құдайдың қолынан бәрін келеді, Ол бізге әсер ететін Өзінің құдіреті арқылы біз сұрағаннан немесе ойлағаннан әрі арман еткеннен әлдеқайда көп нәрселерді істей алады” (Еф. 3:20). Құдайға сиынып, барлық армандарыңызды Оған тапсырыңыздар, Одан сіздерге соларға жетуге нақты жолдарды көрсетуін сұраңыздар.

5 күн. Күнделікті оқу

КӨРГЕН АЯНДАҒЫ ХАБАРДЫ ЖАЗЫП АЛЫҢЫЗ

Сен аянда көрген хабарымды тақташаларға анық қылып жазып қой...

— Аббақ. 2:2

Сіздер бірге арман еткенде, Құдайдың берген мақсатын жазып алыңыз. Құдайдың берген аянында хабарға ие болу - бұл Жаратқан Иенің бағытында жүріп, Оның рақымының арқасында өз некеңізге арналған шынайы арманына ие болу.

Автор, профессор және отбасы мәселелері бойынша кеңесші **Х. Норман Райт** аян көру (мақсат) тақырыбына өзінің келесідегідей бағалы көзқарасын ұсынды.

“Болашақтағы көрініс (яғни аян) бұл келешекте не болатынын біліп, қазіргі уақытта не болып жатқанын терең түсініп, өткен өмірден бағалы сабақтар алуға мүмкіндіктері мен қабілеті. Аян деген көзге көрінбейтінді көріп, оны көзге көрінетін нәрселерге жүзеге асыру. Бұл адамның ой-санасында болашақ кездерінде қалай болуы керектігін немесе болуы мүмкін екендігін елестетіп көру. Аян деген әлі де жүзеге асырылмаған жағдайлардың бейнелері. Бұл өткен немесе қазіргі болып жатқан емес, келешекте болатын нәрселерге назар аудару. Аян дегеніміз Құдайдың құдіретінің әрі бағытының арқасындағы болашақта ең жақсы болатын жағдайларды жүзеге асыру үдерісі”.

Бақытты құрылған неке жоспарының өзгермейтін қағидалары бар. Сіз жұбайыңызбен бірге барлық уақытта орындағыларыңыз келетін кейбір тұрақты қағидаларды жазып алыңыз.

Бұл тізімде келесі шешімдер болуы мүмкін. Олар: ұрыс-керістен аулақ жүру, қарызға ақша алмау, кешірімді болуға дайын болу, бір-бірін ешқашан төмендетпеу және т. с. с.

Райттың аян жөніндегі сипаттамасын қайтадан оқып шығыңыз. Онда сізге не жайында айтады? Сіз сіздің әйеліңізбен немесе (күйеуіңізбен)бірге, келесі жылы қандай жетістіктерге жеткілеріңіз келеді?

Сіздің өзіңіздің некеңізге арналған қандай аралық аяндарыңыз (мақсаттарыңыз) бар? Бұдан кейінгі бес немесе он жылдан кейін, қандай жетістіктерге жеткіңіз келеді? Сіз алдыңызға нақты және шынайы мақсаттарды қойып, сол аяныңыз жайында, соған назар аударуыңыздың қажет болатыны, есіңізде болсын.

Сіздің некенізге арналған ұзақ мерзімді мақсатыңыз қандай? Сіздердің жиырма – отыз жылдан кейін қандай нақты мақсаттарға қол жеткізгілеріңіз келеді? Зейнеткер болуыңызды, немерелеріңіздің пайда болуын, Құдайға қызмет ету, және бос уақытыңыздағы кәсібіңізді, саяхат жасау және тағы сол сияқты нәрселерді ескере отырыңыз.

“Өйткені бұл хабар белгілі бір уақытта іске асып, орындалатын кезін меңзейді. Ол өтірік болып шықпайды. Орындалуы кейінірек болса, да оны күт! Ол шүбәсіз келіп. Еш кешікпейді”.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Егер сіз осы кітапты “Messenger” қызметінен алынған “Неке жөніндегі оқиға” атты кітап материалдарының бір тарауы ретінде оқытын болсаңыз, онда екінші бейнесабақты көруіңізді өтінеміз.

- 1| Көптеген үйленген жұптардың бір-бірімен қарым-қатынастары нашарлап, әзер дегенде некенің бұзылуынан аман қалып жатыр. Бірақ, Құдай сіздің некеніздің аман қалуын емес, оның көркейіп, өркендеуін тілейді. Сіздер бірнеше минут бойы бір-біріңізбен сөйлесіңіздерші. Сіздің некенізге арналған аянның (Құдайдың мақсаты) сіздің жұбайыңызбен бірге шектен шығып кетуі, неге соншалықты маңызды болады?
- 2| Сіздер, некелескеннен кейінгі өмірлеріңізде, қиындықтарға ұшырайтыныңыз, ол сөзсіз жағдай. Сіз өзіңіздің өмірлік серігіңізбен бірге, біртұтас дене болып қалыптасу үдерісінен өткен екі адамсыз. Еврейлерге арналған хатында, бізге қиындықтармен бірге жұмыс істеу үшін, жұмыс жоспары беріледі. (Евр. 12:2-3). Осы үзіндіні зейін қойып оқып шығыңыздар және біздерді таза алтындай етіп, пеште балқытылғандай тазарту үшін, Құдай не істейді?

Басқа жаққа мойын бұрмай, бар назарымызды Исаға аударайық! Бастапқыда сенім жолын салған Ол бізді сеніміміз арқылы Құдай белгілеген мақсатымызға жеткізеді де. Иса Өзін күтіп тұрған зор қуаныш үшін айқышқа шегеленудің қорлығын елемей, соған төзді. Бұдан кейін ол Құдай тағының оң жағындағы құрметті орнына жайғасып отырды. Оның күнәкарлардың қаншама жауыздықтарына шыдағанын ескеріңдер! Осылай сендер де қажымандар, жігерлеріңді жасытпаңдар!

— Евр. 12:2-3

- 3 | Тәкаппарлық біздерді Құдайдың дайындаған ең жақсы сыйымен рақаттануға бөгет жасайды. Сіз, некедегі сіздің (аяныңызды) мақсатыңызды шектеуге тәкаппарлыққа қалай жол бердіңіз? Сіз Құдайдың оны сіз үшін ойластырғанындай, осындай некелік өмірде өмір сүру үшін, сіздің қандай өзгерістер жасауыңыз қажет?
- 4 | Айбындылықта өсе беретін бақытты, дұрыс құрылған некелерде Құдайдың аяны (мақсаты) болады. Жақсы аянды (Құдайдың мақсатын) нақты, шынайы жоспар құру арқылы, қолдап отыруға болады. Әрбір жұп өзіне меншікті, дара жолын салады. Отағасы және әйелі де, өздерін осы жолдағы мақсатты орындауға арнайды. Толық жете аян (Құдайдың мақсаты) талап етілетін, некенің бірнеше аянын тап шығыңыз. Нақты жоспарды жазып алу, неліктен маңызды және пайдалы болады? Дүркін-дүркін –өзіңіздің мақсатыңызды қайта қарап шығу және түзету не үшін маңызды болады?

Жетекшілерге арналған тапсырма: өз тобыңыздан Аббақ. 2:2, 3; Нақыл сөз. 29:18 аяттарды оқып шығуын сұраныз.

- 5 | Матай жазған Ізгі Хабарында (Матай 25:23) “адал да жақсы” қызметші қожайының шаруасын “жақсы” басқарды. Некесі қиылып, жұбайымен бірге өмір сүру бұл, жақсы деген сөз, мінсіз, кемшіліксіз өмір сүру керек деген мағынаны білдірмейді. Мінсіз, тамаша некені күтіп отыру кезінде, біздерді онда жақсы өмір сүруден қалайша ұстап тұра алады? Біздің стандарттарымыз (үлгілеріміз), қарым-қатынастарымыз бойынша, жіберген қателіктерімізге көзқарасымыз кезінде, жақсы деген сөз нені білдіреді?

ТАРАУҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ ЖАСАУ

- Сіздің некеніздің оқиғасы тек, сіз жайында ғана баяндамайды. Ол ерлізайыпты болып өмір сүрген барлық ғұмырыңыздағы сіздің араласып жүрген адамдардың өмірін де қоса қамтиды. Және келесі ұрпақтарға мұра етіп қалдырады.
- Некеде ерлер мен әйелдер Мәсіхтің бейнесіне ұқсау үшін, жүре қалыптасуға және өзгеріп, көркеюіне болатын тамаша жағдайды жасайды. Бұл, әйгілі қыла отырып, Жаратушы Иеге ұлы даңқ әкеледі.
- Сенім дегеніміз бұл, шындық бола қоймаған, мұратты некенің құрылыс материалы. Сенім дегеніміз бұл, соған сәйкес құрылыс жүргізілетін сызба немесе Құдайдың берген аяны.
- Мойынсұнушылық дегеніміз, бұл, біздің өмірімізге Құдайдың ең жақсысының барлығын беру үшін бізге есік ашады. Мойынсұнушылық (кінәларымызды мойындау) арқылы біз, Жаратушы Иенің ойластырып, ниет еткен некенің ұлағаттылығы мен кеңдігін көруіміз үшін, Құдайдың беретін рақатының (күш-қуатын) алатын боламыз.
- Сіздің некеніздің бүгінгі күнгі жағдайына еш байланыссыз, оның мәңгі бақытты некеге айналып кетуі мүмкін.
- Сіздің некенізге арналған аянды (Құдайдың мақсаты) жазып алыңыз. Ол уақыт өте келе, өсе беретін жән сіздің үміттеріңізді, арман-тілектеріңізді және даусыз стандарттарыңызды (үлгілеріңізді) қамтитын, нақтылы, тыныс беретін аян болатыны сөзсіз.



— 3 ТАРАУ —

ПАЛУБАНЫ ТАЗАЛАУ

Палубаны тазалау дегеніміз, белгілі бір оқиға немесе мақсатқа жету үшін дайындалу, кез келген ықтимал кедергілерді алдын ала жою.

1 күн

Бұл теңіз термині, шайқасқа дайындалудың алдында кемелерде берілетін бұйрық болатын. Палубаны тазалау керек деген бұйрық естілген кезде, барлық құрал-саймандар, жіптерді және кеменің еркін қозғалуына бөгет жасайтын басқа да заттарды алып тастау қажет екендігін теңізшілер білетін. Бүгінгі таңда осы термин кедергісіз әрекетету үшін, кез келген дайындық қатысты қолданылады.

Соңғы тарауда біз, нақтылы жұмыс сызбаларының терминдерімен неке жайында сөз қозғадық. Осы тараудың мақсаты, ол алға қарай жылжуға және некенің ұлағаттылығына қол жеткізу үшін, барлық мәселелерді талқылау болды. Кемедегі палубаны тазалау кезінде, экипаж жіптерді тарқатып, дауыл болған кезде сүрініп қалмас үшін, немесе жайбарақат жүзу кезінде жеңіл аттап өтуге болатын, қандай да болмасын, бір нәрсеге шабуыл жасайтын, барлық артық заттарды жинап алып тастайды.

Бізге жолда қолдау көрсететін, болашаққа қарай жүкпен бірге жүзу идеясы ұнайды, ал сізді төменге қарай тарып немесе зәкірді өткен өмірімізде қалдыруып, борттың сыртына қарай лақтырып тастауы-

мыз қажет. Өте көп адамдар “палубада сүрініп құлап қана қоймайды, алайда, олар кемеден құлайды да, теңізге батып жоқ боп кетеді.

Құдайдың некеге деген ниеті мінсіз, кемшіліксіз, таза. Алайда, ерлі-зайыптылардың барлық кемшіліктері некеден басқа жерде осылай анық көрінбейді.

Кеменің бағытынан адасып, желкенінің төмен түсіп, жүктерінің шашыла жоғалып, ойықтардың пайда болып, жіптердің үзілгенін күтпестен, біз сіздердің өз жолыңызды сенімді өткеніңізді қалаймыз.

Теңіз бейнелерінің тақырыбы жайлы әңгімені жалғастыра отырып, ерлі-зайыптылардың негізге алынатын қарым-қатынастарының мәселелерін тиімді шешуден бас тарта отырып, олар кеменің түбіндегі ойықты тығынмен жауып тастағаннан кейін, теңізге сапарға шыққан тәрізді боламыз. Бірақ, қандай да бір уақытта осы тығын біздерді құтқарады, бірақ, қысымшылық күшейе бастағанда, ол судың қысымына шыдамай, тығын атылып кетеді.

Біз сіздердің жолдан адасып, суға батып кеткендеріңізді қаламаймыз. Біз сіздің некенің кез келген дауылға шыдауға қабілетті, Нұх кемесі болғанын қалаймыз. Сіз өткен тарауды оқи отырып, сіздің некенің арналған жоспармен жұмыс істеген кезіңізде, сіз бәлкім, белгіленген жолға сапарға шықпастан бұрын, шешуін талап ететін кейбір мәселелерді мойындаған боларсыз. Сонымен, түптамырын өзімшілдікте, тәкаппарлық пен ренішке тамырын жайған әрбір кемшіліктердің басын ашып айтайық. Келіндер, бізді шырмалап алатын кез келген қарғыстан және біздерді байлап тұрған қорқыныштан өзімізді босатып алайықшы, және біздің үмітіміз, біздің зәкіріміз болсыншы.

Басталуы

Біз, палубаны тазалаудың қаншалықты маңызды екенін білеміз, өйткені біз өзіміздің саяхат жасаған кезімізде, олай істеген жоқпыз. Бізге некеге дейінгі консультация берілген кезде, біз олардың ақыл-кеңестерін ерекше тыңдай қойған жоқпыз. Біздің кеңесшіміз, отбасындағы даужанжалдар мен түсініспеушіліктерді қалай шешуге болатын жайлы әңгімелеген кезде, біз: “Ұрыс-керіс

пе? Біз ешқашанда бір-бірімізбен ұрсыспайтын боламыз! Біздерді Құдайдың Өзі қосып отыр. Осы ақыл-кеңестер біздің бір-бірімізді сүйгеніміздей, бірін-бірін сүйе алмайтындарға қажет. Біздің өмірімізде Құдайдың құдіретті қолы бар ғой” деп ойладық.

Алайда, жұбайлық өміріміз басталғаннан кейін, арада бірнеше апта өткенде, бізде мәселелер пайда болды. Біздің қалай қатты қателескенімізді түсіну үшін, ұзақ ойланудың қажеті жоқ еді. Біз кемелді жұбайлармыз екендігімізге сенімді болған біздер, некемізді қидырдық. Бірақ, көп кешікпей, бір-біріміздің кемшіліктерімізді анағұрлым көбіне-көп көре бастадық. Біз ерінбей-жалықпай, бір-бірімізді өзгертуді қолға алдық. Нәтижесінде, біздің Құдай берген некеміз өте ерікті екі тұлғалардың арасындағы соғыс алаңына айналып кетті. Темірдің темірді қайрағанындай, ұшқынымыз шашырай берді.

Біз біздің одағымыздың шын мәнінде, әлсіз және нәзік болғанын жете түсінбедік. Әрине, біз бір-бірімізге өте адал болдық, бірақ, әсіресе бірбірімізге шыдамдылық пен ақ көңілділікті таныту қажет болған кезде, өз-өзімізді жоғары бағаладық. Біздің мойындағанымыздан гөрі, біздің әрқайсымыздың кемшіліктеріміз көп болды. Ал жақсы болған қасиеттеріміздің барлығы, келешектегі қиындықтарға қарсы тұруымыз үшін, нашар нығайтылған болып шықты.

Біз палубаны тазалау үшін, Тәңір Иеге ерік бергеннің орнына, біз бір-бірімізді тазалауды қаладық. Көктен бата алған деп саналатын жұптар, бір сәтте рақат пен шаттықтан айырылып қалды. Қауымда біз бұрынғыдай, мейірімді ерлі-зайыптыларға ұқсас болып жүрдік, бірақ, үйдегі біздің өміріміз WWF Monday Night Raw шоу-бағдарламасынан алынған рингтегі күрес алаңына көбірек ұқсай бастады.

Біздің бірлескен өміріміздің алғашқы жылында, біз “қарқынды қатынаста болу” деп аталатын тәжірибеден өткен кезең болды. Бір күні, мені (Лизаны) біздің әңгімеміз аяқталмағанша, мені бөлмеден шығарғысы келмеді. Сондықтан, ол маған кереуетке отыр деді. Мен Джонға көңіліне келетін бір сөздерді айтып қалмауым үшін, бөлмеден шығып кеткім келді. Бірақ, сол сөздерді айтатын болсам, мен келесі күні танертең өкінуші едім. Джон маған отыр деп әмір

берді, алайда, мен орнымнан тұрып, есікке қарай беттедім. Сол кезде ол, қарым-қатынасымызды анықтап алып, әңгімені аяқтау үшін, ол мені қайтадан кереуетке отырғызуға талпынды. Нәтижесінде, мен аяқтарыма ие бола алмай қалдым да, еденге құлап түстім.

Мен дереу орнымнан атып тұрғанымда, қолымда сән-сәуле (тіреуге орнатылған шам) болған еді. Менің күйеуім өз көздеріне өзі сенбестен, маған қарап тұрды да, оның бет-әлпетінен зәресі ұшқаны көрініп тұрды. Ол менен: “Сен онымен маған не істейін деп едің” деп сұрады.

“Білмеймін” деп міңгірледім мен.

Осы жөнсіз көріністің себебімен, біз есімізді жиып, тыныштықта сөйлесе алдық, дегенмен, мәселенің түп-тамыры солайша шеш солайша шешілмеген күйінде қала берді. Арада бірнеше күн өткенде, мен түскі ас кезінде, өзімнің құрбыммен кездестім.

Арада бірнеше күн өткенде, мен түскі ас кезінде, өзімнің құрбыммен кездестім. Оның менен бұрын тұрмысқа шыққан әйел болғандығы себебінен, мен оған ашылып, өзімнің күйеуіммен болған ұрыскеріс жайлы айтып беруім керек деп сезіндім. Алайда, оған аспа шаммен болған соқтығыстың егжей-тегжейін әңгімелеп берудің орнына мен, алыстан орағытып сөйлеуді жөн санадым. Мен құрбымнан: “қашан да болмасын, сені мен күйеуімнің араларыңда келісе алмаушылықтар болды ма, сол үшін де сенің қолыңа кенеттен еден үстілік шамды ұстап алып, онымен ұрғың келген кез болды ма?” деп сұрадым.

Менің қойған сұрағым сандырақтау тәрізді әсер еткендей, құрбым маған таңғала қарады да: “жоқ” деді.

“Менде де болған жоқ” деп мен оған жылдам жауап қайтардым.

Мен, әрине, жалған сөйледім. Бәлкім, менің құрбым менің сөзсіз оғаш сұрағымның өзіме көмек сұрау жөніндегі жан айқайым екендігін түсініп қалған шығар. Джон екеуміздің де, сылтауратып бишара бола қалғандығымыздың себебінен, біз өз мәселелерімізді шешуге бел байлаған жоқпыз.

Біз Джон екеуіміз, өзімізді біздің басқа баратын жеріміз жоқ тәрізді сезіндік. Мәселелер бірінен кейін бірі пайда болып, жинақтала берді, және барған сайын күрделене түсті. Бірақ, біз осы мәселелер жөнінде кімге барып жолығып айтатынымызды да білген жоқпыз.

Біз қауымға келгенде, отбасында өзіміздің ұрыс-керіспен өмір сүріп жүргенімізді, жан ауруымызды жасырып жүрдік. Біз біздің қарым-қатынасымызға түскен сызаттың уақыт өткен сайын, ұлғайып бара жатқанын көрдік, бірақ, онымен не істеуге болатынын білген жоқпыз. Үмітсіздік пен ұятты сезінудің себебінен, біздің қарым-қатынасымыз жаман болған еді, енді одан бетер жаманырақ бола бастады. Ақыр аяғында, үйдегі шиеленіскен жағдай да шегіне жетті.

Және соңында, үйде қопарылыс болды. Біздің жанжалымыздың қызғаны соншалық, мен (Джон) Лизаны бір соқтым. Осы оқиғаға дейін, біздің күш қолданған кездеріміз болды, мен оны итеріп жібере алатынмын, алайда, осы жолы мен алғаш рет оны соққыға жықтым. Мен қас қағым сәтте не істегенімді жете түсіндім, және өзімнің мінез-құлқымның қандай екендігін білгенде, менің құтым қашты. Ал Лиза болса, маған есесін қайтарды да, жуынатын бөлмеге кіріп алды да, есігін ішінен бекітіп алды. Сол күні кешкілікте біз өзімізді сөзсіз, бір нәрсемізді жоғалтып алған адамдардай сезініп, ұйықтауға жаттық.

Келесі күні, таңертең біз әдеттегідей тұрып, жұмысқа баруға жиналдық. Лиза үндемей жүрді және оның менен алшақтап жүргені байқалып тұрды. Мүмкін, біздің қарым-қатынасымызда қасиеттілік пен сенімнің жоғалып кеткендігінен де шығар.

Біз екеуіміз де толық жұмыс күні бойынша, жұмыс істедік. Жұмыс аптасының соңына қарай, біздің арамыздағы қашықтық үлкенірек бола бастады. Сол уақыттарда Лиза сату саласында жұмыс істеді, ол өзінің ауданындағы дүкендерді тексере жүріп, әдейілеп жұмыста кешігетін болды, және менімен тілдесуден қашып жүрді. Үйге келе салысымен ол, менімен сөйлесуден немесе кешкі ас ішуден бас тартты, кітап оқу үшін, тікелей жатын бөлмеге қарай өтіп кететін. Мен ең соңында, онымен сөйлесіп, дау-дамайды жөнге салу үшін, демалыс күндерін шыдамсыздықпен күтетінмін.

Менің берген аңтым

Жастық шақта мен (Лиза) егер менің болашақ күйеуім, қашан да болмасын, шапалақпен бір соғатын болса, мен сол сәтте одан кетіп

қаламын деп өз-өзіме анта бердім. Мен қиын шаңырақта туып-өстім, және мен қайтадан зорлықты көремін бе деген ой келгенде, мені қорқыныш биледі. Джонның мені соққыға жыққан кезінде, мен бірден осы антты есіме түсірдім, және мен менің барлық өмірімді өзгертуі мүмкін шешімге кездесіп тұрғандай болып шықтым. Менің өз некемді сақтай алатын ба едім? Маған соққы берген адамды сүйіп өтіп, оған өзімді арнай алар ма едім?

Жұмыстағы менің әріптестерім, мені бір нәрсенің қатты алаңдататынын түсінді. Бір бастық әйел не болып жатқаны жөнінде түсініп қалды. Ол маған ешқандай сұрақ қоймастан-ақ, “шұғыл түрде Джонды тастауың керек” деп ақыл берді. Мен Джонды үйден қуып жіберу үшін, демалыс күндерін күттім. Өзімнің әріптестеріммен әңгімелесуден басқа, мен Джеймс Добсонның “Сүйіспеншілік қатал болуға тиіс” деген кітабын оқыдым. Осы кітап мені осы жағдайды күйзеліске дейін жеткізу үшін, одан сайын шабыттандыра түсті.

Сол кеште Джон үйге келді, алайда, ол үйге кіре алмады. Мен есікті шаппамен бекітіп жауып алған едім, оны тек, іш жағынан ғана ашуға болатын. Ол қалай болса да, үйге кіре алмайтын еді. Сол уақыттарда әлі ұялы телефондардың пайда болмаған кезі болатын. Джон терезенің түбінде тұрып алды да, “Лиза, мен мұндамын. Өтінемін, мені үйге жіберші” деп айқайлай бастады. Ақырында, мен терезені аштым да, оның сол жерде тұрғанын білетінімді, және де оның түнеп шығуы үшін басқа жерді іздегенін қалайтынымды айттым. Джон бұл жағдайға сене алмады. Арада біраз уақыт өткен соң, ол үйге кіре алмайтынын түсінді, сондықтан, ол досының үйінде қалып, ораза ұстап, сыйынуым керек деп шешім қабылдады.

Үйде жалғыз қалған мен, Құдаймен шындап сөйлесуді жөн санадым. Мен өз дұғамды шамалап айтқанда, былай бастадым: “Жақсы, Құдай, менің саған айтатын бірнеше идеяларым (пікірлерім) бар. Қазір Джонның менен алыста жүрген кезінде, Джонның мен жөнінде, өзін өзі сұмдық нашар ұстағаны жөнінде, оған ашып берші. Мүмкін, Сен оған оның жаман ұл екенін көрсетесің немесе оны найзағай түскендей қорқытасың. Тек, өтінетінім, оны өлтіре көрме, менде оның өмірін сақтандыратын құжат жоқ.

Бірақ, мен Джон үшін қаншама мінажат етсем де, Құдай маған менің өзімді ғана көрсететін. Джон жайындағы әңгіме Құдайға қажет болмады. Ол менің жүрегімнің жағдайын түсінгісі келді. Ол маған: “Лиза сенің некеңе табиғаттан тыс күштердің араласуы қажет. Егер сен осыны қалайтын болсаң, тылсым күштермен әрекет етуге тура келеді. Бұл дегеніміз, ол кешіруге лайықты емес деп ойлаған кезінде де, сен оны кешіресің” деген мағынаны білдіреді. “Лиза деп жалғастыра түсті Жаратушы Ие, Сен одан өшінді алуға үміттенесің” деді.

Кек алу

Біз Джон екеуміз араздасып кеткен кезімізде, біз қандай да болмасын, себептер үшін күрескен жоқпыз. Біз бірбірімізді төмендетіп, беделін түсіру үшін, біздің некемізде айлар бойы жинақталған, ату жарақтарын пайдаландық. Үнемі ұлғайып бар жатқан теріс қылықтарымыздың жазбасы, айыпталушылық пен күйініштер, біздің барлық ынтымақсыздығымыздың негізі болды. Тіпті, кішігірім дәлелдер шайқасқа айналып шыға келетін және ақылға сыймайтын деңгейге дейін, ұлғайып кететін.

Мен сол бір көп уақытқа созылған жанжалдардағы ең үлкен қылмыскермін, оның осыған дейінгі жасаған қылмыстары үшін, Джонды кешіруді қаламадым. Біздің қарымқатынастарымыздағы мен сақтап қалған, жан аурының салдарынан, егер оны өтіп кеткен міндеттері үшін кешіретін болсам, менің әсершіл және табиғи жағдайыма қауіп төнеді деп қорқып кеттім. Бірақ, Құдай маған Джонның кемелділіктен қаншалықты алыс болғандығына қарамастан, ол бәрібір менің оны кешіруіме лайықты адам деп айтты.

Мен қайтадан Мен Құдайдың назарын Джонның өзіне аудартуға тырыссам да, алайда Ол маған көнген жоқ. Мен: “Барлық уақытта да неге мен өзгере беруге тиістімін? Сен де Джонға тап сол нәрсені айтасың де үміттенемін. Өйткені, Егер тек Сен ғана оған айтпайтын болсаң, ол өзін өзгерту жайлы еш ойланбайды да” деп жалбарындым.

Алайда, Жаратқан Ие жүрегімнің қырсықтығының бар екендігін көрсетуді жалғастыра берді. Көп кешікпей, тәкаппарлық пен өзімшілікті көрсету, өздерінің жексұрын бастарын көтере бастады. Мен әр жексенбі сайын, Джон екеуіміздің қауымда қол ұстасып, қатарласып отырмайтынымызды адамдар көретін болса, олар не деп айтады деп ойлай беретінімді байқадым. Мен оның басқа киім киюі үшін, және осыдан кейін, әдептілікті сақтау үшін, менімен бірге қауымға баруға рұқсат етемін деп ұйғардым. Джон да, тым болмаса, біз екеуіміздің қарым-қатынасымыз да мені уайымдатқан жоқ. Біз жайында адамдардың не ойлайтыны ғана менің тынышымды кетірді. Мен бәрінен де бұрын оған мұқтаж болған кезде, менің бойымдағы тәкаппарлық қасиетім, мені сол кезеңдегі Құдайдың берекесін алып өзгеруге жол бермеді.

Ақырында, мен Құдайға мойынсұнып, өз жүрегімнен Оған орын бердім. Джон тіпті, сұмдық қателік жасаса да, мейлі, дегенмен мен, болып өткен оқиғалардың ішінде, өзімнің кінәмды мойындауды жөн деп санадым. Менің Жаратқан Иенің алдында мойынсұнғаным сол-ақ еді, сол сәтте Оның рақымы мені толтыра бастады. Мойынсұну, әрдайым рақымға апаратын есікті ашып береді.

“Құдай тәкаппарларға қарсы тұрады, ал Оған бой ұсындарға рақымын шашады” (Петір 1 хат. 5:5).

Мен Джонды өзгерте алмайтынымды анық түсіндім. Оны өзгерту, тек Құдайдың қолынан ғана келеді. Алайда, мен өзімді өзгерту үшін, Жаратқан Иеге жол бердім.

Сол бір демалыс күндері, Джон мүлде басқа адам болып үйге қайтып келді. Біздің некелескен сол бір алғашқы жылдарында Құдайдың онымен сөйлескенінен кейін, алайда, арада отыз жылға жуық уақыт өтсе де, ол бұдан былай, мені соққыға жығып көрген емес. Біздің екеуіміздің де Жаратушы Иеге мінәжат еткенімізден кейін, біздің қарым-қатынасымыз толықтай қалпына келіп, екеуіміздің татуласатынымызға шын жүректен үміттенген кезде, біздің одағымыз өзгеріп кетті.

Болған оқиғаның өнегесі

Біздің жүректегі жараларымыз бірден жазылған деп айтсақ, өтірікші боламыз.

Келесі екі жылдың ішінде, Құдайдың алдында адал жүруге әрі бірге тұруға үйреніп жүргенде, жан-дүниеміз шайқала беріп, күреске толы болды. Лизаның әйел бастығының берген ақыл-кеңесі есімізге түсе беретін.

Кейде біз рухани ер жетпегенімізден, кемшіліктерімізге бола ашуланып, бір-бірімізге тіл тигізетінбіз. Төрт жыл бірге тұрғаннан кейін әбден шаршап-шалдығып кеттік. Былай айтқанда, біз қателеріміздің салдарынында өмір сүрдік. Тіпті бірге жаман тұрғанымыздың нәтижесін айқын көрінетін, соның мысалы: сынық тоназытқыш немесе жаңа терезе еді. Бірақ Құдайдың Өзі үмітін үзген жоқ. Ол біздің қателерімізді түзетіп, бізге палубаны тазартуға мүмкіндік беріп отыратын. Жауымыз біздің некемізді жойғысы келседе, Жаратқан Ие оған болашақтың негізін сала берді.

Отбасымызда болған ұрыс-керіс жөнінде айтқан болсақ та, толық айтқан жоқпыз. Қазір өзімізді ақтау үшін емес, барлық жағдайлар жақсылыққа өзгере алатынын сізге көрсетіп, сол жайында ашық түрде сөйлескіміз келеді. Сонымен бірге, зорлық көрсетудің ақыры жақсы болмайтынын айтпаймыз да, осындай қауіпті жағдайда еркек пен әйелге әрі балаларға қала беруге болатынына сенбейміз. Егер сіз отбасыңызда осындай жағдайға ұшыраған болсаңыз, онда сізге міндетті түрде қауіпсіз жерге кету керек. Бұдан ұялатын ештенесі жоқ. Өзіңіздің қамыңызды ойлап, керекті жәрдем тауып алыңыз. Біз сол жайлы кейінірек сөйлесеміз.

Осы алғашқы бірге тұрған кезімізде, некеміз құрып кетеді ау деген ойдан үмітіміз үзіліп кетті, бірақ отыз жылдан кейін, бір-бірімізді одан да қатты сүйіп, содан кейін барып, рахат көріп отырмыз. Біздің бақытты отбасымыз бұл, кереметтер жасайтын Құдайдың құдіретінің нәтижесі. Әрине, біздің басқа қиындықтарымыз да бар болатын. Жаратқан Ие бізді барлық қиындықтардан өткізіп, сүйіспеншіліктің пайдасы болуы үшін дұрыс шешім қабылдадық.

Біз сіздің отбасыңыздағы жағдайы қандай екенін білмесек те, сіз үшін үміт бар деп нық сенеміз. Құдайға шын жүректен бет бұрып, Оған сізді өзгертуге жол беріңіз. Сіздер бір-біріңізді өзгерте алмайсыздар, тек Жаратқан Ие ғана мұны істей алады. Барлық мәселерді Оған тапсырыңыздар. Егер сіз Оған жол берсеңіз, онда Ол сізді ерекше өзгерте бастайды.

Зорлық-зомбылық жайында сөз

Біз бұл жайында анық айтқымыз келеді. Күйеуі өз әйеліне ешқашан қолын көтермеуі керек. Киелі Кітап әйеліңізді сыйлап, оған нәзік жан ретінде қарауыңыз керектігін айтады (Петір 1 хат 3:7). Егер әйеліңіз шыдамай өз ауызына ие болмай, сізге қолын көтерсе де, оған есесін қайтармауыңыз керек. Керек болса, оның қасынан қалып тұрыңыз, егер тіпті ол сізге қолын көтерсе, есесін қайтармаңыз, әйтпесе өзіңізге деген сенімін кетіріп аласыз. Ол өзін сіздің жаныңызда қауіпсіздікте жүргендей сезіне алмайтын болады. Егер сіз әйеліңізге қол көтеріп, оны соққыға жыққан болсаңыз, онда Құдайдың алдында күнәнізді мойындап, әйеліңізден кешірім сұраңыз.

Әйелдер сіздердің күйеулеріңіздің табиғи ынтасы, ол сіздерді қорғау. Жаратқан Ие осы себепке бола оларға осындай тәндік күш берген. Сіз күйеуіңізге ашуланып, оған тиісе берсем түк те болмайды деп ойлайтын шығарсыз. Бірақ, сіз олай істей берсеңіз, оған жаман әсер етіп, оны өзіңізге қол көтеруге, сізбен төбелесуге азғыратын болсаңыз. Енді бір-бірімізді жамандыққа еліктірмей, тек жақсылық жасау үшін, бір-бірімізді жігерлендірейік. Егер сіз күйеуіңізге тіл тигізген болсаңыз, дереу доғарыңыз да, Құдайдан кешірім сұраңыз.

Мүмкін, сіз төбелес пен ұрыс-керіс жиі болып тұратын отбасында өскен шығарсыз. Бәлкім, сіздің үй-іштеріңіз бір-біріне тіл тигізіп, ренжітіп, жанға бататын ауыр сөз айтып, бір-біріне тәндік залал келтірген шығар. Біз сіздің үйдегі жанжалдың осы жолмен шешілмейтінін білулеріңізді қалаймыз. Қауымдағы рухани қамқорлық қызметі сіздерге отбасындағы қиындықтары мен түсінбеушіліктерін шешуге үлкен жәрдем бе-

реді. Көптеген қауымдарда тура осындай қызмет ететін кішкентай топтар бар. Ешқашанда кәсіби және рухани көмек сұраудан ұялмаңыз.

Бұл күйеулер мен әйелдерге де қатысты: егер сіздің жұбайыңыз сіздің қасыңызда өзін қауіпсіздікте сезінбейтін болса, қандай да бір уақыт одан қол үзіп кетіңіз және оның сенімін қайтаруға тырысыңыз. Ол өзін қауіпті жағдайда сезінетін жерде, өзіңізбен сөйлесуге мәжбүр етпеңіз, сіз тек, жанжалды ұлғайта түсесіз, және ең дұрысы, кейін оған өкінетіндей іс жасайсыз.

2 күн

Ерлі-зайыптылар арасындағы реніш

Кешіру деген тұтқындалған адамды бостандыққа жіберу, ал тұтқынға түскен адам өзім екендігін түсіне білу.

— Льюис Б. Смит

Палубаны тазалаған кезде, ең алдымен, біз оны реніштен тазалауымыз керек. Реніштің залалының соншама нашар болғандығынан, осы тараудың біраз жерінде, сол жайында талқылайтын боламыз. Біз ренжіткен адамды кешірмеген кезде, өзіміз бостандықтан айырылып, некедегі рахатты көре алмайтын боламыз. Кешіре алмайтын адам кек сақтап, бақытсыздыққа ұшырай беретіні сөзсіз. Кешірімділік деген ренжіткен және оған өкпелеген адамдарды рухани азат етеді.

Кейбір адамдар өкпелеткен адамның басына қиыншылық түссе ғана, кешіремін деп жүреді. Сіз “егер ол өзгерсе, кешіремін” деп кем дегенде, бір рет айтып көрдіңіз бе? Бірақ Құдайдың Патшалығында өмір сүрген адам кешірім жасауға міндетті болады. Бұл өмірдің салты. Біз неғұрлым кешіре берсек, соғұрлым Көктегі Әкемізге ұқсайтын боламыз. Егер біз Оның құдіреті біздер арқылы әрекет жасағанын қалайтын болсақ, онда Оның кешірімінің күшін қабылдауымыз керек.

Пауыл бізге мына нұсқауды жазып жіберді:

“Өзара төзімді болындар. Егер біреуге реніш сақтап, тағатын кінәларын болса, кешірімді болындар: сендерді Иеміз Мәсіх қалай кешірсе, сендер де солай етіндер” (Қол. 3:13).

Пауылдың айқан сөздерін өтініш емес, бұйрық ретінде жазып жіберсе де, осы сөздер жанымызға батпайды екен. Құдай біздерді ренжіткендердің барлығын шексіз әрі шартсыз кешіре беруіміз керек. Сөз жоқ!

Біз өз істегенімізді ақтап, сылтау іздеп, басқа адамдар өзімізге жақсылық ғана жасайтынына үміттенеміз. Алайда, басқалардың әсіресе жұбайымыздың істеген қылықтарын кешіре алмаймыз. Дегенмен, кешіре алмайтын адам өзі кешірілген екендігін ұмыта кетеді. Көбіміз, өз әділдігімізге сүйеніп жүріп, тозақ отына түскен адам лайықты болғанымызды ұмытып қаламыз. Құдайдың алдында біздің кінәміз ауыр болғаны сонша, соның салдарын жою үшін, Жаратқан Ие Өзінің сүйікті рухани Ұлын жіберді. Мәсіх Өзіне қарсы күнә жасағандарға өкпелемей, айқыш арқылы барлығымызға кешірім сыйлады. Біз әлі де қылықтарымыздан бас тартып, кешірілуге лайықсыз бола тұра, Мәсіх бізді алдын ала кешірді. Бізде басқа адамдарға осылай істеуіміз керек.

Сіздің жолдасыңыздың кемшілігі бар деп айтуымыздың қажеті жоқ. Қате жасамайтын, мінсіз адам жоқ. Бірақ жасаған қателер бізге Құдайдың рақымын жеткізуге мүмкіндік береді. Мәсіх бізбен тығыз байланыста тұрғанымыздың көрсеткіші - басқа адамдарды кешіруге дайын болу.

Тұтқындалғандарды бостандыққа жіберу

Біздің жаңа үйленген кезімізде, мен (Лиза) басқа адамдар сияқты қате ойлап: “Сені өзгерген кезде ғана кешіремін” деп айтатынмын. Джон өзгермегенше, оның жасаған қылықтарының тізімін жаза беремін. Егер мен оны кешірмесем, оның тез өзгере бастайтынын ойладым. Бірақ Джонның үмігі үзіліп, өзін дәрменсіз әрі айыпталғанын сезініп жүрді.

Құдай маған Өзінің қалай кешіретінін көрсеткен сол сәтте бәрі өзгеріп кетті. Оның кешірімі адамның өзгеретініне байланысты сыйы емес. Қайта, Құдайдың шексіз сенімі. Жаратқан Ие ой-пікірді

өзгертіп, шынайы кешірімнің не екендігін ашып көрсетті. Ол менің аузымнан шыққан сөздерімді Өз жүрегінен шығатын сөздеріне алмастырып: “Мен сенің өзгере алатынына сенемін, Мен сені кешірдім” деп айтқызды.

Сол кезде Джонды қанша рет кешіруім керектігін терең түсіне қоймадым. Алайда, кейінірек, мен өзімнің кешірімсіздігімнің Джонның өзгеруіне кедергі жасап келгенімді түсіне білдім. Иса былай деді:

“Кімнің күнәларын кешсеңдер, солар кешіріледі, ал кімнің күнәларын кешпесеңдер, солар кешірілмейді” (Жохан 20:23).

Осы аятты адамдар көп ғасырдан бері теріс түсініп, басқаларды езіп қорқыту үшін пайдаланатын. Иса бұған өте қарсы. Мәсіхтің қызметін зерттеп алғанда, біз осы сөздердің мәнісі әрі соның мақсатын түсінетін боламыз. Иса Өзімен бүкіл әлемді татуластырғаннан, кешірімділіктің күшін барлық адамдардан жақсы түсінеді.

Қорынттықтарға арналған екінші хатында (5:17-20), Құдай бүкіл адамзатты Өзімен татуластырып, бізге татуластыру қызметі тапсырғанын жазылған. Біздің мақсатымыз - Мәсіхпен тығыз байланысып, Оның кешірімін дүниеге көрсетіп бекіту. Біз ренжіген кезде, Құдайдың үмітін жасырамыз да, шайтанның қатарына қосыламыз. Құдай жаңа бастамасы бергісі келген бауырластарымызға айып тағамыз.

Г. Л. Борхерт Исаның сөздеріне қосып, былай деген: “Кешірімділік адамдарды рухани азат етіп, жасаған күнәларын кешіріп, айыпталудан босатады да және Киелі Рухтың жетелеуімен Мәсіхтің өлімнен қайта тірілген өмірдің қуанышына назар аудартады”. Кешірімділік деген Құдайдың қасиетті іс болып табылады. Өз өмірді құрбандыққа келтіруге талап ететін басқа қайымдырылық іс жоқ. Кек алудың орнына өз жанын құрбандыққа беру өте лайықты мен батылды іс екен. Біз өзімізден бас тартқан кезде, Құдайдың құшағына ие боламыз. Біз кешіруге шешім қабылдаған кезде, өз сезімімізге берілмей, Құдайдың шындығына мойынсұнамыз. Біз бір-бірімізді кешіргенде, Жаратқан Иенің рақымының арқасында бір-бірімізге өзгеруіміз үшін жол береді екенбіз.

Біз Құдайдың алдында, кешірім сұрап, істегенімізді мойындаған кезде, Тәңір Ие бізге: “Мен Құдаймын, сен екі жетіден кейін

тағы осыны істеп қоятыныңды білемін” деп айтады. Ол “Мен сені кешіремін” дейді де, өзгеруге күш береді. Ол бізге “ертең көрешекті көресің” деп қорқытпайды. Ол бізге әр соғысымызда Өз үміт пен жеңісін жариялайды. Біз де осылай істей берейік.

Өз рухын ашу

Реніш біздің рухымызды жауып тастайды. Жүрегіміз қайтадан жарақат алмау үшін біз оның рухани қабырғасын көтеріп, қоршап аламыз. Осы қабырға бізді қоршайды деп ойлаймыз да, дегенмен солар Құдайдың сүйіспеншілігін қабылдауға әрі басқалармен бөлісуге кедергі жасайды. Ал Оның сүйіспеншілігіне ие болмайынша, өмірімізде не күш, не мақсат болмайды. Өзімізді қорғау біздің өміріміздің мақсаты болып, өзіміздік өмірімізде билік жүргізе бастайды. Ақырында, өміріміз тас сияқты болып, адамдарды менсінбей кетеміз. Бұл Ізгі Хабардың мәнісіне қарама-қайшы нәрсе.

Ғалилеядағы және Өлі теңіздер жайында естіген шығарсыз. Бұлар Израил елінде ең үлкен және әйгілі көлдер болып табылады. Ғалилея теңізіне су солтүстіктен ағылып кіріп, оңтүстікке қарай ағылып жатады. Бұл су ағылымның арқасында, Ғалилеядағы теңізде тіршілік және соның тереңдігінде әр түрлі балық пен тірі жаратылыс бар. Ол теңіз барлық қабылдағанды бере береді. Ал Өлі теңізге келсек, содан су ағылып шықпай, суының өзі әбден тұзды экосистемасы болғандықтан, ешқандай титімдей бактерия мен санырауқұлақшасынан басқа ешқандай тіршілік жоқ, сол себептен өлі деп аталған.

Ренішті сақтаған кезде, өлі теңізге ұқсайтын боламыз. Біздің рухымыз жабық болғандықтан некеміз тірі бола алмайды да, ешқандай игілікті жасауға жарамды болмайды. Алайда, кешірімдіктің арқасында, жүрегімізді ашып, Құдайдың құдіретіне ішкі дүниемізде әрі өзіміз арқылы әсер етуге жол береміз.

Ал кешірімділікті сыйлау және оны қабылдау, жан-дүниемізді сөзсіз уландырады. Біз өздігімізден шынайы өмір сүре алмаймыз. Тек Жаратқан Ие ғана ешкімге немесе ешнәрсеге тәуелді болмай, өзі

ғана бола алады. Біздің өміріміз бізбен бірге тұрғандармен байланысып, оларға жан-дүниемізбен бөлісіп, солардың сүйіспеншілігін қабылдауға байланысты. Біз сүйіспеншілікті еркін түрде беріп, соны еркін түрде қабылдауымыз керек.

Кешірімнің шегі бар ма?

Сіз “жұбайымды кешіре беруім керек болса да, соның шегі бар ма” екен? деп сұрақ қоюыңыз мүмкін. Исаның шәкірттерінде тура сондай сұрақ болған:

“Сонда Петір Исаның қасына жақындап: Мырза, егер бауырласым маған қарсы күнә жасай берсе, оны неше рет кешіруім керек? Жеті ретке дейін бе? деп сұрады. Иса: саған айтамын: жеті емес, жеті қайтара жетпіс ретке дейін-деп жауап берді” (Мат. 18:21, 22).

Петір Исаға мұны айтқанда, өзін аса мейрімді екенмін деп көрсеткісі келді. Ол Таурат заңы бойынша тәрбиеленген болатын, сол заң “өтірік айып таққан адамды аяп-мүсіркемендер: жанға жан, көзге көз, тіске тіс, қолға қол, аяққа аяқ” (Заң. 19:21).

Сондықтан, ол Исаға жеті рет ғана кешіру керек деген кезде Исадан “иә әрине, Петір сенің айтқаның дұрыс” деп осындай жауап беретінін күтті.

Петірдің жеті рет кешіру керектігін айтқанын біз басқа жерден оқимыз (Лұқа 17:3, 4 аяттарға қараңыз). Сондықтан Иса “жеті қайтара жетпіс ретке дейін” деп жауап бергенде кешірімнің шектерін кеңейтетіні әрі ренішті сақтамайтыны туралы ғана емес, Петірге үздіксіз кешіре беру керектігі жөнінде айтты.

Исаның айтқаны бойынша, адам өзінің бауырласына қарсы бір күннің ішінде 490 рет күнә жасауы керек. Яғни сіздің жұбайыңыз әр үш минут сайын, сонымен қоса түнгі уақытта, сізді ренжітуі керек. Бұлтым көп, адам солай күнә жасай алмайды екен. Егер тіпті жұбайыңыз бір күннің ішінде, сізге қарсы 490 рет күнә жасайтын болса, енді оның 491 рет күнә жасағанын кешірмеуге болатынын білдірмейді.

Киелі Жазбада жеті деген сан, әсіресе, аспан мен жердің арасындағы толықтықты символмен көрсетеді. Иса 490 деген саны туралы айтқанда, яғни жетпіс көбейту жеті, Көктегі Әкемізге ұқсап, толық кешіруіміз қажет екендігін білдірді. Біз Мәсіх арқылы, Құдаймен татуласқандықтан, шексіз кешірімділікке ие болдық. Иса Мәсіхте Құдай және Оның балаларының арасындағы үйлесімділік бар. Біз жана адам болып, жаңа жүрекке ие бола тұра, адамдардың жасаған қылықтарын кешіруге билік бар. Құдай бізге шарт қоймай кешірді де, рухани сау болу үшін, біздің де, басқа адамдарды шексіз, шартсыз кешіре беруіміз керек.

Иса біздің кешірімділігіміздің таусылмайтынын қалайды, өйткені Ол Петірмен сөйлесіп болған соң, оған қызметшіні кешірген патшасы ал қызметшісі өзіне қарызын өте алмаған борышкерді кешіргені туралы астарлы әңгімені айтып берді:

“Патша қаһарланып, оған қарызын толық өтегенше жазалаушыларға тапсырады. Міне, егер сендер бауырластарының күнәларын шын жүректен кешірмесендер, көктегі Әкем әрқайсыларына да солай істемек” (Мат. 18:34-35).

Егер біз кешірмейтін болсақ, онда бізді де кешірмейді. Бұл ереженің ешқандай ерекшелігі жоқ. Біздің кешіре беруіміз, Құдайдың Өзіне неге сондай маңызды болады? Өйткені, біз кешірген кезде Оның табиғаты ашылады да, Оған ұқсап кете бастаймыз да. Арамыздағы болған кедергіні алып тастап Құдай Әкеге ұқсайтын боламыз. Біз Жаратқан Иенің кешірімділігіне бола қалпына келіп, енді басқа адамдардың өмірлері қалпына келу үшін оларды кешіруге міндеттіміз. Егер сіздің жұбайыңыз әрқашан кешірім сұрай берсе, онда Құдай Ие сізге Оның кешірімінің сауықтыратын құдіретін таратушы болуға мүмкіндік береді.

Реніш туралы толық түсіну үшін “Шайтанның тұзағы” деген Джонның кітабын оқыңыз.

3 күн

Күрес: Джонның оқиғасы

Біздің некемізде, біздің Лиза екеуіміз бір-бірімізге ренжіп жүргенімізге шамалап айтқанда, бір жарым жылдай уақыт болған кезең еді.

Бір себепке бола, сөз таластыра беретін едік. Балалардың көзінше де бір-бірімізді тілмен шағып алатын едік. Үлкен балаларымыз істеген әрекеттерімізге қарап, бізге: “Сендер тым болмаса дастарханның басында отырғанда, бір-біріне осылай сөйлемесендер болмай ма?” деп өтініш білдіретін. Біздің жүректеріміздің жарасы мен арамыздағы болған жатырқаушылық, үйдегі әрдайым болатын шиеленісті жағдайдың себебінен болды, олар біздің некеміз бен отбасымызды құрта бастады.

Бір күні кешкілікте, біз қайтадан әдеттегідей Лиза екеуіміз ұрысып қалған кезде, мен үйден құйындай ұшып шығып кеттім. Мен Лизаға қатты ашулы болдым және бірден Құдайға шағым айтуға кеттім. Мен Лизаның кемшіліктері мен болжамсыздығын көрсете отырып, Жаратушы Иенің алдында жылай бердім. Мен өзімді Құдай маған мені қолдамайтын және ешбір себепсіз мені сынға алатын әйелді жасырын бере салған сияқты сезіндім. “Мен мұндай әйелмен бұдан ары қарай қалай тұра аламын” деп ойладым мен.

Сол сәтте, Құдайдың маған қалай жауап бергенін ешқашанда ұмыта алмаспын. Киелі Рух Оның мені аяйтыны жөнінде бір ауыз сөз де айтқан жоқ, және менің торығып, үмітімді үзгенім жөнінде маған аяныш білдірген де жоқ. “Ол: “Ұлым, Лизаның қандай қасиеттерін бағалайтының жөнінде ойлан да, және сонан соң, оның осы қасиеттері үшін, Маған алғыс айт” деп сыбырлап айтты.

Мен біраз ойланып: “ол жақсы ана” деп әрең мойындадым. Бірақ, мен осы сөздерді айтқан кезде, сол сәтте ішімде өмір қайнап бұрқылдап жатқандай болды. Құдай менен оның тағы бір қасиетін есіме түсіруді сұрады да, мен: “Тәңір Ие, Саған Лизаның жақсы тамақ пісіре алатыны үшін рахмет айтамын” деп әрі қарай: “Оның сондай сұлу әйел болғаны үшін, Саған ризамын” дей бергенде, жүрегімнен шыққан сөздердің ағылғаны соншалық, соларды ризашылықпен жылдам айта бастадым.

Енді мен Лизаға емес, өзіме ашулана бастадым. Өзіме-өзім: “Не деген адамсың, сенің әйелің сондай жақсы болса да, өзің оған лайықсыз, оңбаған болдың-ау!” деп ішімнен айттым. Мен күтпеген жерден, өзімнің әйеліме сұмдық қарағанымды, жаным күйе отырып, жете түсіндім.

Ол менің асыл жарым, балаларымның анасы, Құдайдың жарылқанған сыйы болды да, өкінішке орай, өзім оған Тәңір Иенің еркін орындауға бөгет жасайтын адам ретінде қарап жүрген едім.

Мен үйден қашып кеткенде, біз бір-бірімізді қайтадан көргіміз келмейді деп ойлап едік. Бірақ, енді мен үйге барып, Құдайға ол үшін қатты ризамын деп айтқым келді. Өзімді жылы жүзбен қабылдамаса да, Құдайға ол үшін қатты ризамын деуім керек деп үйге жүгіріп келдім.

Үйге кіргенде, оған жақындап келіп: “Лиза, кешір мені. Мен оңбағанмын, өтінемін, кешір мені. Сен керемет анасың, сен керемет әйелсің, жүрегімнің арманысың” деп айттым. Мен оған Құдайдың есіме салғанын және оны барлық жақсы қасиеттері және дарындары үшін ризашылық білдіргенім жайында айтып бердім. Сөздерім жүрегімнен өзендей ағылып кете бастады.

Мен Лизаға бәрін айтып тұрғанда, оның жүрегі елжіреп, жылай бастады. Мен үйден шығып кеткенде, Лизаның Құдайға сиынып “Уа, Құдай егер Сен Джонды үйге қайтарсаң, ол менен кешірім сұраса, мен оған қайтадан жүрегімді ашамын” деп мінәжат еткенін білмеппін.

Күрес: Лизаның оқиғасы

Сол бір жарым жылдың ішінде, біздің қарым-қатынасымыздың одан бетер нашар болған соншама, мен неке сақинасын шешіп тастадым. Мен Джонға біз екеуіміз үйленген болсақ та, некелескен емеспіз дедім. Өзім Джонды сүймейтіндігіме сене бастаған едім. Мен оны кешірмегенде, жүрегім тастай болып, қарым-қатынасымыз тұйыққа тіреліп қалғандай болды.

Сол кезде Джон үйде көп болмай, жиілетіп іс-сапарға кететін еді. Оның үйде болмағаны өзіме жақсы еді. Үйде болып, менімен ұрсыса бергенінен гөрі, жанымда болмағаны маған артық болып көрі-

нетін сияқты болды. Мен шаршап, қажып Құдайға жалбарынып: “Уа, Құдай біз тұйыққа тіреліп қалдық, Джонның жүріс-тұрысы өте нашар, ол ешқандай да өзгермей жатыр. Әкем, оның істеп жүргені Сенің көңіліңді қалдыратынын білемін” деп мінәжат еттім.

Мен күнде Құдайға мінажат еттім де, Оған жүрегімдегі бар мұңымды айта бердім. Алайда, мен тынышталған кезде, Жаратқан Иенің мына жауапты бергенін естідім, Оның маған: “Лиза, саған Менің де жеткілікті екендігімді мойында” деген жауабын естідім.

Дегенмен, “ал Джон ше?” деп сұрағымды қайталап айтқанда, “Менімен бірге болу да жеткілікті деп айт” деген жауапты қайтадан ести бердім.

Бұл сөздер жүрегімде өлеңнің қайырмасы секілді естілетін. Арамызда түсінбеушілік болған кезде немесе көңілім қалғанда, мен: “Иса Саған бола ризамын, Сенімен бірге болу маған жеткілікті” деп мінәжат ететінмін. Уақыт өте келе бұл сөздер қаныма сіңіп кетіп, мінажат етуім өзгеріп кетті. Мен: “Сенімен бірге болу маған жеткілікті” деп әрең мойындағанымнан, “Иса Саған бола ризамын, Сенімен бірге болу жеткілікті” деген мінәжатым, шын жүректен айтатын сөздерге айналып кетті.

Жақын арада, Құдай екеуіміздің жүректерімізді өзгерте бастады. Джон іс-сапардан келгенде, мен оны әуежайда қуана қарсы алдым. (Соған дейін, мен оны үйде көргім келмей, оны қарсы алуға басқаларды жұмсайтынмын). Мен оны көргеніме сондай қуандым, ал кейіндеу, ол маған өте әдемі сыйлық ала келіпті.

Сол кезде, біздің некеміздің жаңа кезеңі басталды. Өзгерістер болмай тұрғанда, Құдай ризашылық білдіру арқылы, біздің жүректерімізді ашты.

Егер біз Исаға ұқсас болу үшін талаптанамыз деп шешім қабылдап, Ол бізді кешіргеніндей, бізді өкпелететін адамдарды кешіретін болсақ, онда некедегі өміріміз мықты және бақытты болатыны сөзсіз. Бір-бірімізден кешірім сұрағанда, біреулерді кешіре бергенде, балаларымызға үлгі көрсеткенімізді өзіміз байқамадық. Балаларымыз осы кемелсіз дүниеде өмір сүріп, өзіміз пенде болсақ та, Құдайдың

шексізкешірімділігі көптеген күнәларымызды бүркемелейтінін түсіне білдік. Біздің отбасымызды жоятын жасаған күнәларымыз біздің балаларымызға жақсы сабақ болып, оларды Құдайдың сүйіспеншілігіне, рақымдылығына әрі кешірімділігіне ие болуды көп үйретті. Осы дана сөздербіздің отбасымызға жақсы әсер еткенін көрдік:

“Қатені кешіретін достығын нығайтар” (Накыл 17:9).

Егер сіз ренішті сақтайтын болсаңыз, онда барлығы азап шегеді, өйткені сүйіспеншілік өте нәзік зат. Алайда, бір-біріңізді кешіретін болсаңыздар, отбасыңыз бақытты болады, өйткені сүйіспеншілік күшейе береді.

Қорқыныш

Сіздің қарым-қатынастарыңыздағы тағы бір басын ашып алатын мәселе бар. Ол-қорқыныш. Біздің некеде тұрған өміріміздің алғашқы он жылында мен (Лиза) шеттетілу (тұл қалу) қорқынышымен күрестім. Менің әкем және менің алғашқы бағушым тым жас келіншектерге үйлену мақсатында, өздерінің әйелдерін тастап кеткен. Осы бір келеңсіз тәжірибенің себебінен, мен менің ақыл-ойымды толтырып алған үркітетін ойлардың пайда болуына жол бердім. Олар айқайлаған жоқ, бірақ, сыбырлап: “ақыр аяғында барлық еркектер кетіп қалады. Оларды өзіңе өте қатты жақындатпауың керек. Сол кезде олар сенің көңіліңді қалдыра алмайды” дейтін. Осындай ойлар, мейірімділік күйеуіме деген құштарлықты ұстануға мәжбүр етті. Джон мені құшақтаған кезде, оның тезірек қорғанып қалуы үшін, мен тез арада оның арқасынан қағып қоятынмын.

Бір күні, оның кезекті қағып қалуы мен итеріп жіберуінен кейін, ол менен: “Сен қанша жасқа келдің, ақыры, менің сені тастамайтынымды қашан түсінесің? Сен біздің жетпіске келгенімізді күтіп жүрсің бе? деп тікелей сұрады. Мен тұрған орнымда мелшиіп қатып қалдым. “Мен қанша уақыт болса да, күтуге дайынмын” деп әңгімесін жалғастыра түсті ол. “Бірақ, осы уақыттың ішінде, біз едәуір бақытты кездерді өткізіп аламыз” деді ол.

Мен, басқа еркектердің маған жасаған күйзелістері үшін, өз күйеуімді соның құнын өтеуге мәжбүр еткенімді түсіндім. Сол кезде мен: “Неге олардың кемшіліктерін Джонның өтеуі керек? Бұл әділетсіздік. Өзімді қорғауға талпынуым кезінде, мен біздің қарым-қатынастарымызға бөгет жасаймын” деп ойладым. Болашақта Джонды жоғалтып аламын ғой деген менің үрейім, біздің қазіргі қатынасымызды тонауға әкеп соқтырды. Мен Джонды жарым-жартылай сүйіп, кейін артыма қарайлап, соған өкінгенімнен гөрі, тіпті одан айырылып қалам ба деп қауіптенсем де, одан да оны бүтіндейсүйем деп шештім.

Үрей мен сенімсіздік, біздерді некесі қиылып өркендеуден ұстап қалады, өйткені, қорқыныш алдымызда ең жақсы бір нәрсенің болатынына сенуден бас тарта отырып, қорқыныш өткен өмірге жармасып тұрып алады.

Егер біз, Құдайдың біздің некемізде жаңа бір нәрсе жасағанын қалайтын болсақ, біз шешіммен ешбір қорқынышты шешіммен шеттетіп, және біздің болашағымыз үшін сүйіспеншіліктің нені дайындап қойғанын қабылдауымыз қажет болады.

Үрей сәтсіздікті күтеді, алайда, махаббат ешқашанда жарға жықпайды.

Қорқыныш бұл, Құдайдың сүйіспеншілігіне және біздің өміріміздегі қорғанышқа қарсы әрекет ететін рухани күш. Сүйіспеншілік пен үрей, әр түрлі әрекет жасайды. Сүйіспеншілік бізге біздің көріп отырғанымызға күмәндануға және біздің өзіміздің қол жеткізе алмайтын нәрселерге сенуге қарсы шығады. Қорқыныш көзге көрінетін нәрсеге сенуге және көзге көрінбейтінге күдіктенуге шақырады. Біз сәтсіздік қорқынышымен немесе сүйіспеншіліктің үмітімен түйісіп қалатын болсақ, біз бұдан ары қарай немен өмір сүру керек екендігі жөнінде өзіміз таңдаймыз. Осының екеуін де таңдап алу мүмкін емес. Қорқыныш сүйіспеншілікті ығыстырады, ал сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды.

“Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды, себебі қорқыныш жазаға байланысты. Қорқатын кісі де сүйіспеншілік мақсатына жеткен емес” (Жохан 1 хат 4:18-19).

Сүйіспеншіліктің қалпына келтіретін құдіреті, қорқыныштың күшінен үлкен. Біз тек Құдайдың Өзінде қорқынышты жолатпайтын сүйіспеншілікті таба аламыз. Құдай біздің мұқтаждықтарымызды толық орындай алатынына сеніп, Оның сүйіспеншілігінің құдіретімен өзіншілдікті жоя аламыз. Бірақ егер біз Құдайға уақытымызды арнамайтын болсақ, біз Оның сүйіспеншілігін жақынан танып біле алмаймыз, өйткені Онымен бірге болғанда ғана, біз Оның сенімділігін көре бастаймыз.

Егер біз Құдайдың шынайы сүйіспеншілігінің табиғатын білмейтін болсақ, онда Оның және жұбайымыздың бізден бас тартуынан қорқып жүреміз. Себебі бұл жазалаудың бұрмалап алған түрі болып табылады. Құдайдың сүйіспеншілігінің қауіпсіздігінде өсе беріп, қорқыныштан азат етіліп, жұбайымызға шексіз сүйіспеншілікті іс-жүзінде көрсететін боламыз.

Құдайдың Сөзі былай дейді:

“Сүйікті бауырластарым, бір-бірімізді сүйейік! Себебі сүйіспеншілік Құдайдан; сүйетін адам-Құдайдың рухани баласы, ол Құдайды танып біледі. Сүймейтін кісі Құдайды танып білмейді, өйткені Құдай-сүйіспеншілік” (Жохан 1 хат 4:7-8).

Қорқыныштың бекінісі бізге: “Егер жұбайым маған опасыздық жасаса, мен оны кешірмеймін” деп сыбырлайды. Біз өзімізді болашақта сақтау үшін осы сияқты ант етеміз, бірақ шын мәнінде, солар біздерді қазіргі уақытта Құдайдың сүйіспеншілігіне жол бермейді. Егер тіпті біздің жұбайымыз опасыздық жасаса, жүрегімізді ауыртатын болса, өзімізді қабылдамайтын болса да, Жаратқан Иеге ішкі дүниемізді сақтайтынын сеніп тапсыруымыз керек. Құдай уайымдарымызды және қорқынышымызды Өзіне тапсыруды үйреткісі келеді. Егер олай етпейтін болсақ, онда Тәңір Иенің жүрегімізге рухани қамқорлық жасайтынына сенбегеніміз болады. Біз уайымдарымызды

Оған тапсырмайынша, Исаның билігіне толық мойынсұна алмаймыз.

4 күн

Отбасына тиетін қарғыстар

Біз отауымызды құра бастағанда, Құдайдың біздің және балаларымыздың өмірінде бір жаңа нәрсені жасамақшы болғанын білдік. Біздің әке-шешеміз әрі ата-бабаларымыздың өмірлерінде ішімдік, азғындық және сиқыршылық яғни көзге көрінетін күнәлар билік жүргізген еді. Бұлар біздерге мұра іспетті өтті. Құдайдың батасын жаңа ұрпағымызға жеткізер алдында, көптеген уақыттан бері ұрпақтан ұрпаққа өтетін қарғыстарды жоюымыз керек еді. Соларды тек мінажат етіп, Құдайдың Сөзімен жоқ қылуға болады.

Отбасылық қарғыстардың ерекшеліктері ән түрлі ерлі-зайыптылар жұбында әркелкі болуы мүмкін. Мысалы, өткен тарауда біз, Джон екеуіміздің әр алуан отбасында туып өскенімізді айтып кеттік. Мен (Лиза) менің ата-анамның отбасындағы соншама ашықтан-ашық жағымсыздыққа Джонның отбасының қалай қарайтынын ойлап, мазасыздана бердім. Біздің атастырылуымыздың құрметіне дайындалған кешкі ас үстінде, менің әкем ішіп алып, мас болып, оның күйеуінің көз алдында ешбір ұялмай, Джонның анасына қылымси берді. Негізінде, оны Джонның анасы соншалықты қызықтырған жоқ, ол менің анамды ренжіткісі келгендіктен, солай істеді. Кейінірек Джонның анасы, біздің қарым-қатынастарымыз жайында қатты уайымдайтынын, және біздің некеміз олардың бейкүнә тұқымдарында бірінші ажырасу болғанынан қорқатынын айтты. Оның “Біздің тұқымымызда ешқашан ажырасу деген болған жоқ” деп айтқан сөздерін естіп қалдым.

Мен болсам, “сонымен, ол мені осылай түсінеді екен ғой. Мен олардың тұқымын бұзып жүрмеймін бе?” деп ойланып қалдым.

Мен қосарлы ауыртпалықты сезіне отырып, сол күнгі кешкі астан кетіп қалдым. Бұл, өзімнің анам үшін және одан да көбірек, өзімнің ұялғанымнан жан-дүнием ауырған еді. Бәлкім, егер таразыны алып және некелескенге дейінгі отбасылық үлестің барлық “жақ-

сысы” және “жаманын” өлшейтін болсақ, онда жақсы нәрселердің бірқатары Джонның жағында болып шығуы мүмкін. Менің жағымда тек жаман нәрселер ғана болды. Олар: ерлі-зайыптының опасыздығы, ажырасу және ішімдікке құмарлық болды. Осының барлығы да біздің тұқымымызда жеткілікті болған еді.

Мен Құдайдың Джонның жағынан болған “жақсыға” немесе менің жағымнан болған “жаманға” мазасызданбайтынын жете түсінген кезде, мен иығымнан ауыр жүк түскендей, азат етілдім. Ол қасиетті тұқымды жаратқысы келеді.

“Тыңда, қызым, ұғып ал, тос құлағыңды: шыққан әулетің мен халқыңды патша аңсап қалайды сұлулығыңды, Ол тақсыр ие сенің, ардақта оны! Зор қуаныш, шаттықпен бастап әкеленеді, патшалық сарайына салтанатпен енеді. Ұлдарың орнын баспақ аталарыңның, бүкіл елге оларды әкім етіп қоясың. Бар ұрпақтарға сыйлатамын есіміңді, халықтар дәріптейді мәңгі Өзіңді” (Забур 44:11-12, 16-18).

Бұл мәтін Исаны және Оның қалыңдығын суреттейді. Құдай маған осыны пайдаланып, өткен өмірімнің қателерін ескермей, Өзінің уәде беретінін түсіндіреді. Мен “Патшаның қызы” деп оқыған кезде, рухым көтеріліп кетті. Құдай маған Патшаның қызы ретінде қарайтынын түсіне білдім. Сол сәтте, менің Иса Мәсіхте кім екенім де, терең ашылды. Мен өткен өмірімдегі қарғыстарынан бас тартып, келешекті отбасыма жаңа үмітті қабылдадым.

Менің балаларым әкемнің мінезіне (яғни азғын, ішкіш және бұзылған адамға) тартпайтынын түсіндім. Олар өздерінің туған әкесіне (Құдайды терең қастерлейтін) ғана ұқсап қоймай, одан да әрі Құдайдың мінезіне ие болатынына сендім. Менің ұлдарым Құдайдың ханзадалары болады деген уәдені сеніммен қабылдадым.

Мен отбасыма тиген қарғыстардың күшін Құдайдың Сөзімен жойғанда, Тәңірдің Сөзі шын мәнінде жүзеге аса бастады. Мінажат етіп, Құдайдың Сөзін ашық мойындағанмыз арқылы, отбасымызда Жаратқан Иеміздің уәделері іске асуда.

Отбасына тиген қарғыстарды бұзатын мінәжат

Ғалаттықтарға арналған хағында (Ғал. 3:13) “Алайда айқыш ағашқа шегеленіп ілінген кезде Мәсіх бізге тиісті қарғысты Өз мойына алып, бізді Таураг заңы мәлімдеген қарғыстан құтқарды...” деп жазылған. Сіздің тұқымдарыңыз әрі отбасыңызға қандай қарғыс тиген болса да, Иса Мәсіхте байланыста тұрғандықтан, соның күші жойылған.

Егер сіздің тұқымымызға тиген бір қарғыс жайында білген болсаңыз, содан арылып, үрім-бұтағыңызға мұның әсерінің күшін қалай тоқтатуды үйреткіміз келеді. Осы мінәжат шайтанның бекінісін талқандауға көмектеседі. Мына қарғыстардан өз-өзімен кете қоймайды, біз шайтанның зымиян ниеттерін біліп алып соларды жоюымыз керек. Жаудың мақсаты, Құдайдың берген тыныштығы, қуанышы мен ынтымағын сізден ұрлап алу.

Бірақ, Жаратқан Иенің сізге берген билігімен оны жеңе аласыз. Осы кітапты әрі қарай оқымастан бұрын, мына мінәжатқа ерекше зейін салыңызшы. Егер сіз дәл қазір мінәжат етем десеңіз, онда жұбайыңызбен немесе жақын досыңызбен, немесе сізді рухани жағынан қолдайтын бауырласыңызбен бір оңаша жерге барып, солай етіңіз. Бұл сіздің жеке уақытыңыз болады, сонымен дауысыңызбен Құдайдың Сөзін қатты мойындап, қарғыстардан бас тартудың қажет болуы мүмкін.

Төменде жазылған мінәжат сіздің неке мен отбасыңызға қауіп төндіретін қарғыстарға қарсы тұрады. Біз осы мінәжатты Киелі Кітаптың аяттарына негізделіп жаздық, себебі Құдайдың Сөзі ол, екі жүзді әрі өткір Киелі Рухтың семсері іспетті. Егер осы мінәжатта сіздің отбасыңызға тиген қарғыстар атап айтылмаған болса, біз сізді өздеріңізге қатысты Киелі Жазбаның аяттарын тауып алып, солардың шындығы мен уәделерін ашық мойындауға ұсынамыз.

Құдайдың Сөзіне негізделген өзіңіздің мойындағаныңызды жазып алып, Иса атының құдіретіменен өміріңізге тиген барлық

қарғыстарды жойыңыз. Мына мінажаттың соңында сізге оқып зерттеу үшін аяттарды жазып алдық.

Құрметті Көктегі Әке,

Мен Өзіңнің қымбатты Ұлының атынан Саған келемін. Мен Саған бар ризашылық пен алғыстармен келемін. Менің өмірімде керемет әрекет жасай беріп, тозақтан әрі күнәнің құлдығынан құтқарып алғаныңа алғыс білдіремін. Сенің мейірімділігің әрі сүйіспеншілігің өзімді толтырады.

Қазір мен Израилдің Құдайымен, Тәңір Иемен келісім бекітемін. Сен көк пен жердің Несің, ұлы мен құдіретті Құдай, Өзіңді сүйіп, өсиеттеріңді орындаған адамдармен сүйіспеншілігіңнің келісіміңді сақтап ұстайсың. Сен Өзіңнің қызметшіңнің мінажатын есту үшін құлағыңды түріп, көзің ашық болсын. Мен өзімнің әрі әкемнің Өзіңе қарсы барлық жасаған күнәларды Сенің алдыңда ашық мойындаймын. Біздің сұмдық іс жасағанымызға кешірім сұраймыз. Өзіңе қарсы күнә жасап жүргеніміз әбден ұят болды. Бірақ, Сен Тәңір Иеміз, мейірімді болып, біздің күнәларымызды кешіресің. Саған қарсы күнә жасай беріп, Құдай Иеміздің тілін алмай Өзіңнің пайғамбарларың арқылы бізге жеткізген ережелеріңді менсінбей жүрген болсақ, та бәрі бір кешірімді бола бересің. Өткен жасаған күнәларымыз әрі ұятымыздан азат етуге, күнәларымызды алып тастауға және ескі күнәқар болмысымыздың қылықтарын жоюды сұраймыз.

Мен өзімнің әрі ата-бабаларымның жасаған күнәларымызды мойындаймын әрі оккультизмге қатысып, сиқыршылық пен құмалақ ашқанынан бас тартамын. (Тынышталып, Киелі Рухқа құлағыңызды түріңіз де, Ол сізге бір нақты жасаған күнәні есіңізге түсіруі мүмкін. Бәлкім, бұлар – астрология, экстрасенстың сеансына қатысуы, қорқынышты фильмдерді көруі, неше түрлі ойындар мен кітаптар болуы мүмкін.) Мен осы жасаған қылықтарынан бас тартамын да, өзімнің және балаларым, немерелерім, шөберелерім әрі шөпшектер мен неменелерімнің өмірлеріне тиетін қарғыстарды бұзамын.

Мен өзім мен ата-бабаларымның ішімдікке және есірткі заттарға салынып кеткенімізді мойындаймын және солардан бас тартамын. Әке, күнәға мен соның құлдығына әрі езіліп қанауына кез келген рухани ашық есікті жасауып тастауыңды сұраймын. Мен (егер

ондайлар болса, барлық есірткі заттарды атап шығыңыз) кез келген есірткі заттарын пайдаланғаннан және өзімнің және балаларымның әрі күллі ұрпақтарымның өмірлеріне тиген қарғыстарды бұзамын. Иса Мәсіх атынан. Аумин.

Біз осы қағидаға сүйеніп, келесі тарауларда жыныстық күнәларға қатысты біреумен жан-дүниесіндегі тәуелділігі мен нақты қарғыстарды атап шығатын боламыз. Исаның салтанатты жеңісінің арқасында сіз кез келген қарғыстардан азат етілген адамсыз. Сіздің өзіңіз бен балаларыңызға қарғыс тиеді деп қорықпауыңыз керек. Сіз бүгін өз отбасыңыз үшін, жаңа ұрпақ болады деп көңіл тоқтаттыңыз.

Оқып зерттеу үшін мына аяттарға қараңыз: Забур 99:4, Шежіре 2 жазба 29:10, 11; Нехемия 1:5-7; Даниял 9:8-10; Иешуа 5:9; Мат. 10:34; Евр. 4:12; Шежіре 2 жазба 29:5, 6.

5 күн

Туысқандардың бақылауы

Туысқандар көбінесе жаңадан үйленген екі жасты бақылайды, алайда кейде көптен бері бірге тұрғандардың ерлі-зайыптылардың өмірінде де бақылауға алынады. Жұбайлар және олардың әкешелерінің арасында түсінбеушілік пен келіспеушілік болғанда, екеуі де өмір бойы жақсы білетін өз туысқандарын жақтайтыны сөзсіз. Біздің барлығымыз әке-шешемізді сүйіп, оларға құрмет көрсетуіміз керек. Бірақ егер тіпті сіз әке-шешеніздің ақыл-кеңесін тыңдаған болсаңыз, жаңа ғана үйленген кезде алдымен олар емес, жұбайыңыз бірінші орында болуы керек.

Үлкен ұлымыз үйленер алдында, мен оған: “Эдиссон балам, сен менен ақыл-кеңес сұрағанда ғана, соны беретін боламын. Өз өміріңе араласып, басқармаймын. Сен өз отауыңды құрып, өзің шешім қабылдайтын боласың” деп айттым. Эдиссон менің осындай шешім қабылдағанымға риза болып, керек кезде менен ақыл-кеңес сұрайды.

Ұлымды бақылауды немесе өзіме ұқсатуда ешқандай қалау жоқ. Құдай оны қандай адам болғанын қаласа да, мен де оның осындай болғанын қалаймын. Егер мен өміріне тым көп араласа берсем, онда мен оған отағасы болуға кедергі жасайтын боламын. Шын айтқанда, мен оның үйін қалай басқарып тұрғанын қатты ұнатамын. Ол мұны менен одан жақсы істейді.

Киелі Жазба бізге нақты айтады:

“Сондықтан еркек әке шешесін тастап, өзінің әйеліне қосылып, сөйтіп біртұтас болады” (Жар. 2:24).

Әке-шешені тастау деген олардың билігінен шығып кету. Бұл ата-анасының өз балаларына жаман әсерінен азат болу. Біздің әке-шешемізді сыйлауымыз керек болса да, оларға мойынсұнуға қажеті жоқ. Сіз өзіңіздің отауңызды өзгеше құра бастайды. Үйленгеннен бері сіздің әке-шешеніз беделі бола алмайды, сондықтан олар өміріңізді де, отбасыңызды да басқармауға тиіс.

Мүмкін, сіздің туысқандарыңыз отбасыңызға әрдайым араласқысы келіп жүрген шығар. Бірде, бір туысымыз біздерді бақылап, арамызда алауыздық тудыратын. Оның біздің отбасымызға араласқаны жаман әсер етіп, сол кісіні тоқтатуға батылымыз жетпеді. Ақырында, бір күні біз онымен кездестік те, оған өзіміздің пікірімізді анық айттық. Дегенмен, біз оны адам ретінде бағалап, сыйладық.

Мен (Джон) оған былай дедім: “біздің үйімізде сізге бұйрық беруге ешкім рұқсат берген емес. Біз сізді сыйлаймыз, бірақ біздің үйімізде бастық болуыңызға жол бермейміз де, бақылауыңызға рұқсат етпейміз”. Мен оған қатты айтуға мәжбүр болдым өйткені әлгі кісі тұспалдап сөйлескенімізді, жұмсақтап айтқанымызды түсінбейтін. Енді сол кісі айтқанымызды ұққаннан кейін қазір біздің отбасымызға араласпай, бізге дұрыс қарай бастады.

Біз отбасымызды кез келген шабуылынан, олай болса, тіпті өз жақын адамдар мен туыстарымыздың қысымынан қорғауымыз керек. Көбінесе, осы туысқандарымыздың араласқанының бізге көмек-

тесуге ниет етеді сондықтан солар жақсы болып көрінеді, алайда олардың әсері жақсы емес. Бұлар жағымсыз ымымен көрсетіледі, сондықтан некеге жаман әсер етеді. Мен екі жасының неке рәсімін жасағанда, олардың туысқандар мен достарына қарап былай деймін: “Құдай қосқан осы некеге қарсы шығатындар қасіретке қалады. Олардың отбасын бақылап, ажыратуға тырыспай-ақ қойыңыздар. Сіздер тек Құдай бүгін берген өмір туралы айту керексіздер”.

Біздің үлкен ұлымыз Эдиссон үйленгенде, одан ешқашан “не біздерді не Джулияны тандайсың” деп талап етпеуге шешім қабылдадық. Шын мәнінде, ұлымыз өз әйеліне үйленгенде, оны тандағанына өзіміз ризамыз. Отбасында көрсетілген сүйіспеншілік ешқашан адамды шешім қабылдауға мәжбүрлемейді. Сүйіспеншілік барлық адамдарға бірдей қарап қолдайды. Біз Джулияны жақсы көріп, оған келінімізге емес, қызымызға ретінде қараймыз. Мұндай жақын қатынас оны сыйлағанымыздан әрі оған мен Эдиссонға өз отауын құруға кедергі жасамағанымыздан пайда болады.

Жалған үміттену

Америка құрамы штатында ерлі-зайыптылардың арасындағы жалған үміттер ажырасу себептерінің ең біріншісі болып табылады. Көбіміз үйленгенде, өшпейтін бақыттылық, үздіксіз жыныстық қатынас, әрі қарым-қатынасымыздың оңай болатынынан үміт етеміз. Біздің некеміз өзімізді ашық көрсетіп, бір-біріміздің осал жақтары мен кемшіліктерімізді көретінімізді ойламаймыз. Біздің жалған үміттеріміз күңкілдеуіміздің және ренішіміздің себепкері болып, отбасымызды бақытты етуге үлкен кедергі жасайтын болады.

Жалған үміттер ақылсыз салыстырудан келеді. Біз өзімізге рақат ету үшін ғана күнәкар дүниеде өмір сүріп, теледидарда көрсеткенімен некемізді салыстырамыз. Осы дүние бізге күш салмаған махаббат, құрбан етпей сұлулық, сенімсіздікті ұсынады. Олар тек қарым-қатынастының романтикалық жағын ғана көрсетеді.

Егер сіздің некелік қарым-қатынаста тұрғаныңызға біраз уақыт болса, соны үшін ешқашан жауапкершілік алмаймын, тек романтикалық кездесу бола беретінін қате екенін түсінген шығарсыз. Неке дегеніміз ауыр кейде кір жұмыс етуіне ұқсайды.

Егер сіздің некеңіздің жағдайы жақсы болмаса, онда ажырасудан басқа амалдың болмайтынын білдірмейді. Қиыншылық біздерді тазартатын әрі пайдалы құрал іспетті. Олар сіздің мінезі-құлқыңызды тазартып, қабілетіңізді көбейтеді. Мұндай қиындықтар рухани өсіп-өніп көбеуіңізге себепкер болады. Рухани өсіп, даңалыққа ие болғысы кез келген адам даңалыққа апаратын қиындықтармен кездестіні болады. Жалған үміттер тек теледидар мен бұқаралық ақпараттынан ғана пайда болмайды. Біз өз отбасымызды басқа адамдарының отбастарымен салыстырып отырғанда үлкен қате жасайды екенбіз. Бұл болмайтын іс. Біз олардың жеке өмірлерінде не болып жатқанын ешқашан толық біле алмаймыз. Сырттан бәрі жақсы мен керемет болып көрінуі мүмкін, алайда үйінің ішінде олар бір-бірін жеп, жойып баруы мүмкін.

Некедегі қарым-қатынастың кезеңдеріне қарап, соларды бір-бірімен салыстыру да дұрыс емес. Ерлі-зайыптылардың балаларын кішкентай болғанда, оларға ерекше қамқорлық жасау кездеріне қарап, өздері үшін уақыт болмағанына шағымданып, наразылық білдіреді. Бұл ақылсыз екен. Балаларыңыз туылғанда, сіздің өміріңіз өзгеріп, оларсыз өмір сүргеніңіздей жағдайыңыз болмайды. Балалар дүниеге келгенде, сізде өзіңіз үшін ғана уақыт аз болады да, жауапкершілік мойыңызға көбірек түседі. Балалардың туылғаны сіздің өміріңізді өзгертеді, некелік қарым-қатынасыңыз өзгеше болады. Біздің некеге зымыран құру ретінде қарамауымыз керек білсек те, дегенмен ақылсыз болып, некенің бір белгілі кезініне қуанып, рахаттанбай, соны басқасымен салыстыра бастаймыз.

Теодор Рузвельт былай деді: “салыстыру деген қуаныштың ұры”. Егер сіздің некеңіз бақытты болғанын қаласаңыз, онда сіз қарым-қатынасыңызды басқа көршілеріңізбен немесе теледидарда

көрсетілетін кейіпкерлерімен ешқашан салыстырмауға тиіс. Салыстыру сіздің қуанышыңызды ұрлап кетеді. Қуаныш деген биттей нәрсе емес, сондықтан, сіз оны маңызсыз нәрсе арқылы ала алмайсыз. Шынайы қуаныш сезімдерге шектелмей, әр түрлі жағдайды жеңе алып, Құдайдың жоспарына сүйеніп, содан күш-қуат алады.

Қуаныш-бұл Киелі Рухтың жемісі. (Ғал. 5:22, 23), сондықтан ол жағдайдан емес, тек Құдайдан ғана келеді. Адам соны өз еркіндіктің күшімен тудыра алмайды. Бақыттылық деген жағдайға байланысты сезімдер болып табылады, бірақ қуаныш барлық қиындықтарды жеңеді. Иса Мәсіхте тығыз байланыста кім екенімізді түсініп, содан жігерленіп, үміттен пайда болады. Егер бізде Құдайдың қуанышы жеткілікті болмаса, онда біз некемізде күш аз болады, себебі біздің күшіміздің қайнар-көзі Жаратқан Иеміздің қуанышы (Нехем. 8:10).

Пауылдың сөздері осы айтқанына қосылады:

“Әрдайым Иемізбен байланыстарына қуаныңдар! Тағы да айтамын: қуаныңдар! Сендердің кішіпейіл екендеріңді елдің бәрі көре алсын. Иеміз қастарыңда ғой. Еш нәрсені уайымдамай, барлық жағдайда өтініштеріңді Құдайға сиынып тілекпен және шүкіршілікпен білдіріңдер! Сонда Құдайдың адам ақылынан асқан керемет тыныштығы сендердің жүректерің мен ой-саналарыңды Мәсіх Исада сақтайды” (Філіп. 4:4-7).

Сіз өз некелік қарым-қатынас туралы уайымдағанда, Құдайға ризашылықпен және қуанышпен өтініштеріңізді білдіріңіз. Ол біздің уайымдағанымызды қуанышқа алмастырады. Не деген жақсы алмастыру екен. Жалған үміттер сіздің қуанышыңызды ұрлап алып, отау құруға күшіңізбен айырыласыз. Осы тұзағынан түсуден аулақ болыңыз. Сіз жалған үміттеріңізден пайда болған қарым-қатынасыңызға жаман әсер еткен рухани бекіністерді анықтап алыңыз да, соларға бола Құдайдың Сөзін және өміріңізге арналған Тәңірдің жоспарын басып алғанына Құдайдан кешірім сұрап, солардан бас тартыңыз.

Сіздің кезегіңіз

Осы тарау жайында жұбайыңызбен бірге уақыт арнап сөйлесіңіз. Киелі Рухтан сіздерге некеніз жөнінде ақындап алу үшін көмектесуге және жазып алуға көмек сұраңыз. Кейбір өзгерістер сіздің жүріс-тұрысыңызға және қарым-қатынасыңызға қатысты болады да, ал Жаратқан Ие сізді Өз құдіретімен әсер ете алады. Басқалар, мысалы үшін тұқымнан тұқымға өтетін қарғыстар мінажат етуімен женуге болады.

Егер сіздің өзгерістеріңіздің тізімі ұзын болса, көңіліңіз қалмасын. Соның мақсаты сіздің жағдайыңыз өте жаман немесе отбасыңызда кінәлі адамды табу емес. Осы тізімнің мақсаты болашағыңызды керемет өзгерту. Бұл мәселерді шешкенде сіз отбасыңызға зор болашаққа жетуге жол ашасыз. Құдайдан барлық дайындап қойған игіліктерін қабылдауға кез келген кедергілерді алып тастап, кеменіздің палубаны тазалап алыңыз. Біз сізге арнап жазған мінажатты оқып ете аласыз.

Мүмкін, осылай деп сыйынуға ерекше кез келген шығар:

Өке, біз Саған жаңа басталуы мен жаңа ұрпақ беріп жатқанына ризашылық білдіреміз. Бізге қандай нәрседен азат етуіміз керектігін жазып алып, өзімізді Көктегі құдірет қоршап алуына сұраймыз.

Киелі Рух бізді жетелеп, бағыт беру үшін сұраймыз.

Біз тұқымымызды қинап езетін жауымызға кек алуға әрі өзімізді Құдайдың періштелері қоршап алу үшін мінажат етеміз.

Ұлы рақымы біздерді толтырып, кешірім етуге және өзгертуге мінажат етемін.

Біздің ой-санамыз жаңара берсін деп мінажат етеміз.

Біз қорқынышты жолтпайтын сүйіспеншілігің туралы рухани түсінік беруінді сұраймыз.

Арамызда жоғалған сенімділігімізді қалпына келтіріп, қарым-қатынасымызды таза етуінді сұраймыз.

Біз бөліну бар жерге бірлікті әкелеуінді сұраймыз.

Біз Сенің Сөзіңе қарама-қайшы, өзіміздің жалған үміттерімізге емес, тек уәделеріңе сүйеніп, армандауымызды көмектесуге сұраймыз.

Біз үйімізге бостандық жариялап айтамыз. Біз, Иса Мәсіх атынан, өзімізге де, некемізге де бостандық жариялап айтамыз. Ішкі-дүниемізде Патшалығың орнасын деп мойындаймыз. Сенің еркің көкте орындалғандай, отбасымызда орындала берсін деп сұрайыз. Күдіретті Иса Мәсіх атынан, амин.

ЖАНҰЯНЫ ТЕКСЕРУ

“Шынында сенім жолымен жүрсіңдер ме, жоқ па, соларыңды тексеріңдер, Әрқайсың жеке бастарыңды сынаңдар: әрине, жүректеріңнің төрінен Иса Мәсіхтің орын алғанын білесіңдер. Егер Ол орын алмаған болса, шынымен сенім жолыңда емессіңдер! Соны тезірек түзетіңдер”.

— Қор. 2 хат 13:5

Алға қарай баса беру үшін қазір болған жерге қалай жеткеніңізге карап түсіну керек. Осы тексеріс сіздің некеңіздің қоқысын жинап, содан тазалауға көмектеседі. Сіз ойланып, мына сұрақтарға шынайы жауап беріңіз.

Өз болашағыңызды еске алыңыз. Сіздің отбасыңыздың жағдайының (атмосферасы) қандай болғанын суреттеп алыңыз.

Мысалы: тыныш, тәртіпсіз, сүйіспеншілікке толы, сүймейтін, ашық, жабық, мейірімді, сараң, қорқынышқа толы, әдемі, жылы және қабылдайтын, немесе қатаң және қабылдамайтын.

Әке-шешеніздің арасындағы қарым-қатынасты суреттеп алыңыз (қатынасқа толы, нәзік, достық және т. б. с.).

Сіздің әке-шешеніз арасындағы келіспеушілік пен жанжал пайда болған жағдайда соларды қалай шешетін? Олар бір-біріне қалай қарайтын еді?

Сіз еркелеп, тілін алмаған кезде олар сізді қалай тәрбиелеп жазалайтын? Олар сізді жазалағаннан кейін ашулана беретін бе, әлде бірден кешіріп, қабылдап сүйіспеншілігін көрсететін бе?

ОСЫ СӨЙЛЕМДЕРДІ АЯҚТАҢЫЗ:

Бала кезімде, жанұямда ұнап болғанын қалар едім.

Бала кезімде, жанұямда ұнатпай, осыны болмағаны жақсы болатын еді.

Осы жауаптарға қарап, сіздің некеңізде болып жатқан атмосферамен салыстырып көріңіз. Сіз өз үйіңізде, жұбайыңызбен қарым-қатынасыңызда атмосфераның қандай ұқсайтын нәрселерін көріп тұрасыз, соларды қалай шешесіз де, балаларыңызды қалай тәрбиелейсіз? Солардың арасында байланыс көріп тұрасыз ба?

Мына сұрақтарға қарағанда, некеңізді қоқыстан тазалау үшін жұбайыңызбен бірге не істеуіңіз керек?

Жолдасыңызбен сол жайында сөйлесіңіз де, Киелі Рухқа сиынып, өзгерту керектігін Оған тапсырыңыз.

БІР-БІРІНЕ МЕЙІРІМДІ БОЛУ

“Өзара төзімді болыңдар. Егер біреуге реніш сақтап, тағатын кінәларың болса, кешірімді болыңдар: сендерді Иеміз Иса Мәсіх қалай кешірсе, сендер де солай етіңдер”.

— Қол. 3:13

Сіздер бір-біріңізге мейірімділікті көрсетіп тұрасыздар ма? Біз бір-бірімізді кешіргенде Құдайдың рақымының арқасында Оған ұқсап, рухани өсетін боламыз. Шын айтқанда, әрбіріміз Құдайдың кешірімділігіне мұқтажбыз, өйткені біз барлығымыз көп қате жібереміз. Жұбайлар бір-бірін кешіргенде, Көктегі Әкеге ұқсас болады да, Оның кешірімділігінің арқасында Құдайдың құдіретіне бола ерлі зайыптылар өзгере бастайды. **К. Льюстың** жазушының сөздерін қайталап жіберейік:

“Мәсіхші болу дегеніміз кешіре алмайтын істі кешіру, өйткені Құдай менің кешіре алмайтын қылықтарымды кешірген екен. Бұл қиын екен. Мүмкін бір рет кешіру онай шығар. Бірақ өз ененді, ұрысқақ күйеуінді, тілінді алмайтын қызыңды, өтірікші ұлыңды кешіре беру мүмкін бе? Алайда, біз Құдайдың алдында тұрып, “Бізге күнә жасағандарымызды кешіргеніміздей, Сен де күнәларымызды кешіре гөр” деп әр кеште мінажат еткенімізге ерекше мән беруіміз керек деп ойлаймын. Біз осы шартты орындайтын болсақ ғана, кешірімділікке ие боламыз. Кешірім етуден бас тарту деген Құдайдың бізге көрсеткен мейірімділігінен бас тартумен бірдей. Кешірілуден басқа Құдайдың жолы болмайды”.

Сіз өміріңіздің қай саласында жұбайыңыздың кешіріміне мұқтажсыз? Қай жерге қате жіберіп, рухани өсуіңіз керек? Өзгертілуі қажет үш саланы аттап шығыңыз.

Сіздің кешіріміңізге мұқтаж болған жұбайыңыздың үш саланы аттап шығыңыз. Сіз солай етесіз бе? Олай болмаса, оны неге кешіре алмағаныңызды айтыңыз.

Егер сіз жолдасыңызға ренішті сақтап, кек алатын болсаңыз, сізге Құдайдың сөзі бойынша не болады деп қалай ойлайсыз? Маттай 6:14-15; 18:21-35; Марқа 11:25 мұқият оқып, Киелі Рух сізге не аша-тынын жазып алыңыз.

Құдайдың кешірімділігі шексіз. Егер сіз жолдасыңызды кешіре алмай жүрсеңіз, онда өз өткен өміріңізге көз тастаңыз. Сіз Құдайды өз ойыңызбен, сөздеріңізбен, әрекеттеріңізбен қалай ренжіткеніңізді есіңізге алыңыз. Егер сіз жасаған күнәларыңыздың ауыртпалығын сезе алып, солар үшін Исаның ауыр азап шеккенін есіңізге алатын болсаңыз, онда Киелі Рух сіздің жүрегіңізді жұмсақ етіп, кешіруге күш береді.

ТӘУБЕ ЕТУ ЖӘНЕ БОСТАНДЫҚ АЛУ ҮШІН МІНАЖАТ

Тәңір Ие, өз жұбайыма қарсы ренішті сақтап жүргенімүшін, кешірім с ұраймын. Енді, мен оның кемшіліктерін есімде ұстаймаймын. Сен менің күнәларымды кешіріп, оларды әбден ұмытасың. Маған да солай етуге күш-қуатыңды бере гәр! Өз жұбайымды Сенің қолыңа тапсырамын. Өзіңнің рақымыңды төгіп, сүйіспеншілігіңмен оның жүрегін толтырып, оны шын жүректен кешіруге және ол қате жасағанда, мейірімділікті көрсетуге әрі оған рухани өсуге көмектесе гәр! Оның денсаулығы зор, даналығы мол, тыныштық пен қуаныш, сүйіспеншілік пен сенім әрі Сенімен өзара тығыз байланыс жақсы болсын деп шын жүрегімнен тілеймін. Көктегі Әкем біздің некемізді сауықтырғаныңа рахмет айтамын. Иса Мәсіх атымен, амин.

Киелі Рухқа Өз сүйіспеншілігімен сізді толтырып, кешірімді болуға әрекет жасауға жол беріңіз де, Оған уақыт арнап, осы Киелі Кітаптағы аяттарды ойланып оқыңыз: Қор. 1 хат 13; Рим. 5:5; Еф. 3:16-19; Петір 1 хат 3:8-9.

ЖҰБАЙЫҢЫЗГА ҚАЛАЙ ҚАРАЙТЫНЫҢЫЗ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Сонымен, бауырластарым, күллі шынайы да қастерлі, адал да таза, ұнамды да тартымды нәрселер, яғни қандай да адамгершілік және мақтауға тұрарлық қасиет болмасын, солар туралы ойлана беріңдер.

— Філіп. 4:8

Сіз өз жұбайыңыз туралы ойлағанда, қандай ой түседі? Сіз оның кемшіліктері әрі сәтсіздікке ұшырағаны туралы ғана ойлай берсеңіз онда сіздің некеңіздегі мәселелері көбейе береді. Ал егерде, сіз өз жұбайыңыз үшін ризашылық білдіретін болсаңыз, сіздің қарым-қатынасыңыз басқаша болады! Некенің әрі өмірдің бақыттылығы адамның соған көзқарасына байланысты.

Сіздің көзқарасыңыз жұбайыңызға әсер етеді. Сіз оған қалай қарайсыз? Оған айтатын сөздеріңіз, не істеп жүргеніңіз әрі көзқарасыңыз қандай екенін ойланып, назар аударыңыз.

Құдайға сиынып, Одан жұбайыңызға қандай көзқарас екендігін ашып беруін сұраңыз. Ол сізге не көрсетеді? Ол сізді Өз құдіретіне сүйеніп қай жерін өзгертуіңізді қалайды?

Сіз жаңа көзқараспен қарап, жолдасыңыздың қандай құндылықтарын көріп тұрасыз? Філіптіктерге арналған хатында (Філіп. 4:8) жазылған сөздер жайында ойлап, Құдайға алғыс білдіре алатын жолдасыңыздың маңызды қасиеттері мен дарындарының ішінде, онын жазып алыңыз.

Отыз күннің ішінде осы тізім жайында ойлана беріп, оған жаңа қасиеттері қосып жазыңыз. Сол қасиеттері үшін шын жүректен алғыс білдіруге тырысыңыз!

Қорқыныш Құдайдың жоспарын елестетіп көруге кедергі жасайды. Ол сізді жұбайыңыздың кемшіліктеріне, өзіңізге де, болып жатқан жағдайыңызға назар аударта береді. Қорқыныш - бұл шындық болып көрінетін жалған үміт пен өтірік. Сіздің жұбайыңыз арасындағы қарым-қатынасыңызға қатысты ең үлкен қорқынышы қандай? Тәңір Иеден соны ашып беруін сұраңыз.

Сіз Құдайдың Сөзіне сүйеніп (Філіп. 4:8) сол аят арқылы қорқынышқа қарап алыңыз. Осы қорқыныштар шынайы ме, әлде жалған ба? Олар таза ма? Адал ма? Сіз олар үшін Құдайға рахмет айта аласыз ба? Егер сол қорқыныштар сынақтан өтпейтін болса, онда соларды алып тастап, шындықпен алмастыру керек.

Өткен өмірімден жүрегіміз жараланып, көңіліміздің қалуы арқылы өмірімізге қорқыныш келеді. Жүрегіміз қайтадан жарақатталып, ауыртпау үшін біз әке-шешеміздің, ескі достарымыздың кемшіліктеріне әрі бұрынғы жұбайымыздан айырылысып кеткенімізге бола жұбайымызға солар үшін жақындатпай, құнын өтуге мәжбүр етеміз.

Сіз тынышталып, Құдайға сиынып “Киелі Рух, осы қорқыныштар қалай пайда болатынын көрсетіп берші. Олардың негіздері неде? Оларды түп тамырымен жұлып тастағанын қалай көре алып,

Өзіңе сеніп тапсыра аламын?” Киелі Рух сізге не айтатынын мұқият тыңдаңыз. Ол сізге не ашып береді?

4 күн. Күнделікті оқу

ТҰҚЫМ ҚУАЛАЙТЫН ҚАРҒЫСТАН АЗАТ БОЛУ

*Алайда айқыш ағашқа шегеленіп ілінген кезде Мәсіх бізге тиісті
қарғысты қабылдады...*

— Ғал. 3:13

Құдай сіздің жанұяңызда бір жаңаны жасағысы келеді. Ол былай дейді: “Енді Мен жаңаны жасаймын да, қазір шыққалы тұр жарыққа, сендер мұны ұғынбайсыңдар ма? Міне, иен далада жол саламын, шөл даладан бұлақтар ағызамын” (Ишаы 43:19). **Джойс Майер** былай дейді:

“Иса түрменің есігін ашып, тұтқындалғандарды бостандыққа жіберуге келді. Мүмкін, сіздің өткен жағдайыңыз нашар болған шығар немесе қазір қиын езетін жағдай басыңызға түскен шығар. Бәлкім, сіз үмітіңіз үзіп, жағдай еш өзгермейді қиындықтарға тап болған шығарсыз. Бірақ мен сізге нық сеніммен мынаны айтқым келеді. Сіздің не өткен өміріңіз, не қазіргі жағдайлар болашаққа әсер ете алмайды. Құдаймен бәрі мүмкін! (Лұка 18:27)”.

Мәсіх сізді, жұбайыңызды әрі балаларыңызды тұқымыңызға кез келген тиген қарғыстан азат ету үшін, баға-жетпес құнын төледі. Сіздің міндетіңіз Оның жеңісін жүзеге асыру. Құдайдың алдына келіп, осы мінажат етіңіз: “Киелі Рух, менің және жолдасымның құдайсыз болып жүргендіктен тұқымына қандай қарғыстар тигенін көрсетіп, соларды жойып, бостандық алуға көмектесе гөр!”

Киелі Рух сізге қарғыстар қандай бар екендігін ашып бергенде, соларды Оған тапсырыңыз. Осы тарауда жазылған мінажатты пайдаланыңыз да, Құдайға өзгерістер келетініне сеніңіз.

Біз кейбір кезде ант етіп, уәде бергенде өзіміз білмей өмірімізге неше түрлі қиындықтарға жол береміз. Ант еткенімізді біздің жүрегімізді жабады. Осы ант бергеніміз өзімізді реніштен сақтайтыны ойлаймыз да, бірақ шынымен, солар біздерді тұтқындап, жүректерімізге одан бетер ауыртпалықты түсіреді.

Ауызыңнан шыққан сөзіңмен шырмалдың...

— Нақыл Сөз 6:2

Тынышталып, былай мінажат етіңіз: “Киелі Рух егер мен қандай да бір ант берген болсам, соны маған ашып берші”. Киелі Рух сізге не айтатынына құлақ асып тындаңыз. Кез келген ант еткеннен бас тартып, Құдайдан соны істегеніңіз үшін кешірім сұраңыз да, сізді азат етуге Киелі Рухтан, Исаның атынан мінажат етіңіз.

Біз қорыққаннан немесе жүрегімізді қайтадан жарақаталмау үшін соны сақтап жүріп: “Мен ешқашан еркекке/әйелге соны істеуге жол бермеймін... Егер жолдасым мені (алдайтын болса, қол көтеретін болса,, немесе т. б. сияқты істесе), онда мен...” деп осындай сияқты сөздер айтамыз. Егер сіз осы сияқты дауыстап, не болмаса іштей ант еткен болсаңыз онда Құдайдан сол үшін кешірім сұраңыз да, тәубе етіңіз. Жаратқан Иеден сізді сақтап қорғауға және Оған сенім артуға көмектесуін сұраңыз.

Ал бұдан былай қандай қару-жарақ саған қарсы жасалса да, сені құрта алмайтын болады. Өзінді айыптағандардың сөздерін әшкерелеп, жоққа шығарасың. Жаратқан Иенің қызметшілері осы *игіліктерді*

138 НЕКЕ ЖӨНІНДЕГІ ОҚИҒА

(тыныштық, қуаныш, қорғаныш, жауларды жену) иеленетін болады.
Оларды Өзім ақтап аламын - деп нық айтады Жаратқан Ие.

— Ишая 54:17, курсив авторлармен белгілеп қойған.

Исамен тығыз байланыста болғандықтан сіз кез келген қарғыстардан азат етіліп, рухани игіліктерді иемденетін болдыңыз (Еф. 1:3). Осы аяттарды мұқият оқып, сізге және отбасыңызға арналған Иса Мәсіхте қол жетімді қандай игіліктер бар екенін біліп аласыз: Мат. 11:28; 16:19; Лұқа 10:19; 11:13; Жохан 4:14; 7:38-39; 14:27; 15:11; Қор. 1 хат 1:30; Қор. 2 хат 5:21; Петір 2 хат 1:3-4. Киелі рух сізге тағы нені ашып беріп жатыр?

ҮМІТІМІЗ ШЫНАЙЫ БОЛУ

*Құдай: “Мен сені ешқашан тастап кетпеймін,
жалғыз, да қалдырмаймын”*

— Евр. 13:5

Үміт дегеніміз болашақта іске асатынына кәміл сену. Басқа адамдарға үміт артып, олардан күткеніміз, әсіресе бізге қатысты со-лардың күшті мен керемет болуына қатты сеніп отырмыз. Біз жақын туысқандарымызға әсіресе жұбайымызға ерекше үміт артып, күт-кеніміз өзгеше болады. **Патрик М. Морли** есімді автор мен спикері былай түсіндіріп айтады:

“Біздің барлығымыз некеден күткеніміз бар. Солар әр түрлі және жалған, шынайы емес болуы мүмкін, олар біріншіден, неке туралы түсінімізге, екіншіден, іске аспаған мұқтаждарымызға негізделген. Әрбіріміздің неке жайында түсініктеріміз бар. Осы түсініктер ата-анамыздың арасындағы қарым-қатынасының, ата-бабалаларымыздың аңыздарының, достарымыздың әке-шешеден естіп, теледидардың, кітаптардың, актерлардың немесе басқа әйгілі адамдардың айтқаны-ның ықпалынан пайда болулары мүмкін”.

Жалған үміттер кез келген жанұяның саласында болуы мүмкін. Бұлар ақшаға, қарым-қатынасқа, үйдің жұмысына, балаларды тәрби-елеуне, достармен қатынаста тұруына, сырластық қатынасына және т. б. сияқтыларға қатысты болуы мүмкін. Тынышталып, былай міна-жат етіңіз: “Тәңір Ие, менде некеге деген жалған үміттері бар ма? Егер бар болса, солардың қандай екенін көрсетіп берші”.

Киелі Рух сізге не ашып көрсетіп жатыр? Соны жазып алып, жүзеге асырыңыз.

Жалған үміттерді шынайы үміттерге қалай айналдыруға болады?

Патрик Морли жалғастырып былай дейді:

“Біз қайтарып алармыз деген үмітпен жақсылық жасамауға үйренуіміз керек. Біз жұбайымыздан нені күткенімізді айтуымыз керек, содан кейін оларды тыңдап, ол соған келісетінін көріп, үмітіміздің іске асатынын түсінеміз”.

Сіздер бір-біріңізге осы сұрақ қойыңыздар: “Менен күткен нәрсенің іске аспайтыны бар ма? Егер болса, үміттерің қандай?” Бір-біріңізді сыйлап, мұқият тыңдаңыздар. Естігеніңізді жазып алыңыз.

Егер сіздің күйеуіңізге (әйеліңізге) қатысты жалған үміттеріңіз болса, онда оған соларды жүзеге асыруға мәжбүр еткеніңіз үшін кешірім сұраңыз. Құдайға сиынып, сіздің некеңізді сауықтыруға әрі шынайы үміттерге ие болуды үйретуін сұраңыз.

Шындығын айтқанда, сіздің үмітіңіз тек Құдайдың Өзіне және Оның Сөзінде жазылған уәделеріне негізделуі керек. Ол сенімді және ешқашан көңіліңізді қалдырмайды. Сіз былай мінажат етіңіз:

“Құдай, жұбайыма үміт артып, күткенімді жүзеге Сенен басқа асыра алмайтын үміттерім бар ма екен? Егер бар болса, соларды маған көрсетіп берші. Үміттерім іске асу үшін Өзіңе сеніп тапсыруға үйретші мені”. Тынышталып, тыңдаңыз. Киелі Рух сізге не ашып жатыр?

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Егер сіз “Messenger” қызметінен “Неке жөніндегі әңгімелер” атты кітабы материалдарының бір тарауы ретінде оқитын болсаңыз, онда үшінші бейнесабақты көруіңізді өтінеміз.

- 1| Некеде келіспеушілік болатыны сөзсіз, деген соны қалай шешетіңіздері өте маңызды. Сол жайында ойланыңыз. Күйеуі мен әйелі екі басқа адамдардан біртұтасқа айналып кетеді. Жұбайлардың әрбіреуі ерекше де өзгеше. Сондықтан, әр жұбайы басқаша ойлап, сезіп, әрекет жасайды. Ерлі-зайыптылардың әрбіреуі бір жағдайға, бір адамға, мүмкіндікке әр түрлі қарайды. Сіз сол туралы ойлап па едіңіз? Сіздің жұбайыңыз ерекше болғаны екенін түсініп, оны бағалауды және басқа көзқараспен қарауға қалай көметеседі?
- 2| Мәсіх арқылы кешірімділік сұраған әркімге қол жетімді. Алайда, сіз Құдайдан кешірім сұрағанда, Оның сізге: “Сені кешірейін бе, кешірмеймін бе Өзім де білмеймін. Сен соны қайтадан істейтін шығарсың. Әуелде, өзіңнің өзгеріп жатқаныңды көрсем екен” деп айтатынын елестетіп аласыз ба? Сіз мына сөздерді естігеннен кейін, өзіңізді қалай сезінер едіңіз? Дегенмен, жұбайыңыз сізден кешірім сұрағанда, өзіңіз солай ойлап, осындай сияқты сөздерді айттыңыз ба? Ол өзін қалай сезінді екен?
- 3| Құдайдың кешірімі-адамның өзінің істегенін өзгертуіне байланысты емес. Бұл Құдайдың сеніміне байланысты. Құдайдың шексіз сүйіспеншілігі әрі Оның кешірімділігі жүрегіңізге өзгеруге түркі – қалау салғаны жайында ойланып көріңіз. Олай болса, сіздің жолдасыңызды кешіруге қалай қарауыңыз керек? Мұны оның өмірінде не өзгертеді?

Кешірімділік – айып тағатын кінәдан азат етілуге және қарым-қатынасқа зиян келтіргенінің салдарын алып тастаудың жалғыз ғана жолы. Бұл әділдік пен кінәларынның барлық мәселелерін шешпейді. Алайда, қарым-қатынасты қайтадан қалпына келтіруге көмектеседі.

— Филипп Янси

- 4| Қорқыныш деген Құдайдың сүйіспеншілігіне әрі өміріміздің қорғанышына қарсы шығатын рухани күш. Егер біз соны біліп алмай, жоймайтын болсақ, онда ол бізге шабуыл жасап, некеде өсуге кедергі жасайтын болады. Күйеулер, әйелдерімен қарым-қатынастағы қорқыныштар қандай болады? Әйелдер, сендердің күйеулеріңмен қарым-қатынастағы қорқыныштар қандай бар екен? Соларды жою үшін қандай тәсілдерді қолданасыңдар?

Күйеулердің қорқыныштары

Әйелдердің қорқыныштары

- 5| Жалған үміттер реніш, көңіл қалуы, өкпелеудің себепші болады. Жауымыз арамызда алауыздықты тудырып, жалған үмітке ұмтылу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланады. Әр түрлі бейнефильмдер, музыка, телешоу, кітаптар және интернет неке және жұбайымыз туралы түсінікке қандай әсер ететіні жайында ойланып көріңіз. Біз ой-санамыз бен жүрегімізді жалған үміт етуден сақтан үшін, не істей аламыз?

Жетекшіге: Кез келген бұқаралық ақпаратты ажырата білу үшін Фил. 4:8 аятты пайдаланыңыз.

- 6| Сіз жұбайыңыздың туысқандары сізді бақылап жүрген кездері болды ма? Олардың аттарын айтпай, біреуі туралы айтып беріңіз. Сіз оның бақылауының әсеріне жол бермеуге Құдайдың сізге қалай көмектескені жайында әңгіме айтып беріңіз. Ал егер де сіз сонымен әлі күресіп жатқан болсаңыз, сізді қолдайтын рухани тобынан Құдайдың рақымы күш беріп, сол жағдайды шешу үшін дұға етуін сұраңыз.

ТАРАУҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ ЖАСАУ

- Некенің палубасын тазалау дегеніміз, Құдайдың өздеріңізге белгілеп қойған ұлы дәрежесіне дейін өзіңізді көтеру.
- Кешірімділік – бұл ренжіткен әрі өкпелеген адамдарды бостандыққа жіберу. Құдайдың рақымының арқасында басқаларды еркін түрде шексіз кешіре беріп, Оның кешірімін қабылдай аламыз.
- Біз өз жұбайларымызды өзгерте алмаймыз, оларды өзгерту тек Құдайдың қолынан келеді. Бірақ, біз Онымен бірге рухани еңбек етіп, өзімізді өзгертуіне жол бере аламыз.
- Жұбайыңызға ризашылық білдіру арқылы жүрегіміз ашылып, оны сүйіп, кешіре беріп, Құдайдың рақымы арта түседі де, екеуіңіз өзгере беріп, одан жақсы адамға айнала бересіздер.
- Сіз кешіремін деп шешім қабылдағанда, отбасыңыздағы кез келген адамға жақсы болады, өйткені сүйіспеншілік бізді алға басуға, рухани гүлденуге көмектеседі.
- Құдайдың сүйіспеншілігі қорқынышты біліп алып, оны қуып шығады. Біз Құдайдың сүйіспеншілігіне біздің өмірімізде және біздер арқылы әрекет жасауға жол бергенде, жұбайыңызға деген қорқыныш жойылып, барлық кемшіліктер мен сәтсіздіктерімізді алып тастайды.
- Жаңа ұрпақ көтерер алдында, біз тұқымды қуалайтын қарғыстарды бұзып жоюымыз керек. Кез келген қарғыстарымыз Мәсіхтің айқыштағы құрбандығының арқасында жойылған еді.
- Сіздің некеңіз қандай болмаса да, Құдайдың соны өзгертуге құдіреті жетеді, өйткені ол сіздің некеңізге қатысуда. Оның қолынан келмейтін ештеңесі жоқ.



— 4 ТАРАУ —

ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ

*Қайсыларың ең бастысы болғыларың келсе, сол сендерге құл іспетті
қызмет ете берсін! Осы сияқты Мен де Құдай тағайындаған
Билеуші бола тұра, Өзіме қызмет еткізуге емес, Өзім қызмет етіп,
көптеген адамдардың азаттық төлемін өтеу үшін жанымды
қиюға осы дүниеге келдім.*

— Мат. 20:25-28

1 күн

Некені бақытты етудің бір-ақ жолы бар. Бұл жол елдің көпті-
гінің көздерінен тасаланған. Осы жол оңай, көңілді әрі
жеңіл еместігін сізге алдын ала айтқымыз келеді. Бірақ,
некеде сүйіспеншілік пен мақсат қабылдауға әрі содан рахат көру
үшін содан басқа жол болмайды. Сіздің сол жолдың құпиясын біл-
гіңіз келе ме? Бұл – қызмет ету. Некеңізді бақытты ету үшін өз жұ-
байыңызға өміріңізді арнап, оған шын жүректен қызмет көрсетуден
басқа жол жоқ.

Біздің сізден, осы кітапты соңына дейін оқып шықпастан, немесе
келесі тарауды ашпастан бұрын, осы кітаптың бетін жауып қоя салу
үшін, кенеттен ұмтылмауыңызды өтінеміз. Біздер, Құдайға қызмет
етудің тұжырымдамасының әдетте, зор қуанышқа бөлемейтінін

білеміз. Ол, ең дұрысы, мұңды сезімдерді және тіпті, қайғы-қасірет басқан көзқарасты тудырады. Біз басқа адамның мүдделерімен, тілектерімен және өзгеше ілтипат білдіруімен әуестенеміз деген ойлар жөнінде, біз сары уайымға салынамыз. Алайда, Иса, Құдайдың Ұлы және Патшалардың Патшасы, Өзінің басты мүдделерімен қызметші болуға шешім қабылдады. Біздің ең жақсы мүдделеріміз Оның барлық өмірінің ісіне айналды. Ол құқық бойынша Оған тиесілі орынды қалдырды да, Құдай мен адам арасындағы жер мен көктей алшақтық тұнғыықтан дәнекер болатын көпірді салуға кірісіп кетті. Ал қазір, біздерді Құдаймен табыстырғаннан кейін, Ол біздің ең үлкен армандарымыздың, тілектеріміздің және қуанышымыздың орнын толтырғаны үшін, рахатқа бөленіп отыр. Ол бізге әдеттегіден тыс өмір сүріп, Оған ұқсас болу үшін, айрықша құқық берді. Тіпті, Иса Өз өмірін құрбан еткен кезде де, ол бізге шынайы, рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп өмір берді. Осы теңдесі жоқ және шексіз қызмет ету, бізге әсіресе, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасының үлгісі іспетті берілді.

Енді, кемеңнің палубасы тазартылған кезде, сіздің өзіңіздің армандаған отбасын құру мүмкіндігіңіз бар. Өз арманыңызды тауып, соған қол жеткізу дегеніміз, бұл, егер оны өз өміріңізге айырбастайтын болсаңыз, сізді тағдырдың қуанышқа бөлеуі деп түсініңіз. Егер сіз өз еркіңізбен бере алатын болсаңыз, Құдай Патшалығында бірдемені сақтап қалуға болады. Өзіңіздің жұбайыңыз үшін, өзіңіздің ең жақсы мүдделеріңізді құрбандық етсеңіз, сіз өзіңіздің некенізде көргіңіз келетін қуаныш, сүйіспеншілік пен молықтырудың сол кезде ғана келуі мүмкін.

Өздерінің ғана қамын ойлайтын мәсіхшілердің ең бақытсыз болып шығатынын байқап көрдіңіз бе? Басқа адамдарға қызмет етпеген сенуші ең сорлы, бейшара әрі рухани дамымаған болып қалады. Себебі, адамдарға қызмет етуіміз деген біздің Исаның рухани ДНҚ-ында, Мәсіхтің жаңа болмысында орын алған. Сонымен,

біз Мәсіхтің жаңа болмысынан соның ішінде қызмет етуден бас тартқанда, Оның өзімізді өзгерететін құдіретінен құр алақан қаламыз. Киелі өмір сүріп некеміз ерекше болу үшін Исаға ұқсас болуға тырысқанда ғана Оның құдіретін қабылдаймыз. Ал, егер біз бір-бірімізге қызмет етпейтін болсақ, онда некемізді бақытты ете алмайтынымыз сөзсіз.

Ең кішісі болу

Ең соңғы кешкі ас ішкенде, Иса дастарханның басында жақын достарына Өзіне опасыздық жасалып, болмай қалмайтын өліммен кездесетіні жайында айтып берді. Олардың жауабы қандай еді? Біріншіден, олар Сенен бас тартпаймыз деп ант берді де, содан кейін арамызда қайсымыздың жолымыз ең үлкен деп бір-бірімен таласа бастады.

Не деген сандырақ! Иса өлімге кесілетін уақыт келгені туралы айтса да, олар арамызда қайсысы ең үлкен деп таласып отырды. Исаның оларға қалай жауап бергенін қараңыз:

“Бірақ сендерде ондай болмасын! Керісінше, ең ұлыларың ең кішілеріндей, басшылық ететіндерің қызмет көрсетушілеріндей болсын! Қалай ойлайсыңдар, қайсысының жолы үлкен: дастарқан басында отырғанның ба, әлде оған қызмет етушінің бе? Әрине, дастарқан басында отырғанның. Ал Мен араларында қызмет етуші іспеттімін” (Лұқа 22:26-27).

Мүмкін, Исаның айтқан сөздері шәкірттеріне қамшымен сойғандай естілген шығар. Олар өз абыройының ғана қамын ойлайтындықтары әшкереленді. Сонымен, Иса ең үлкен болу үшін басқаларға ең жақсы қызмет көрсету керектігін түсіндірді.

Дегенмен, Иса осы қарапайым және қиын сөздері айтқанда, сонымен тоқталған да жоқ. Оның үлгісін көрсеткені шәкірттерінің ойларына ешқашан түспеген және мүлдем түсініксіз, бір түрлі болып көрінген еді. Киелі Жазба бізге былай дейді:

“Бірақ Иса Әкесінің бүкіл билікті өз қолына беріп қойғанын, сондай-ақ, Өзінің Құдайдан келіп, Оған тағы қайтып баратынын да білді. Содан Иса дастарқан басынан тұрып, сырт киімін шешті де, беліне алжапқыш байлады. Бұдан кейін Ол шылапшыңға су құйып, шәкірттерінің аяқтарын жуып, беліне байлаған алжапқышпен құрғатып сүрте бастады” (Жохан 13:3-5).

Осы мәтінде Исаның шәкірттерінің аяқтарын не үшін жуып алғаны ең қызық оқиға еді. Біз “білді” деген сөзге мән беретін болсақ, осы сұраққа жауап таба аламыз. Иса Өзіне бүкіл билікті өз қолына берілгенін білгендіктен, Өзін кішіпейіл етіп, ең төмен жолмен жүруге шешім қабылдады. Иса жалған кішіпейілділік көрсеткен жоқ. Ол Өзінде бүкіл билік бар екендігін білді. Бірақ, Ол билігін теріс пайдаланбады да, адамның ақыл-ойына сыймайтын ең төмен қызмет етуді қолданды.

Бірінші ғасырда адамдар ешқандай көпір тұрғызбай, “Найк” деген спорт аяқ киімдер сатып алуға дүкендер салынған жоқ. Сол замандағы адамдар сандалдар киіп алып, кейбіреулер жалаң аяқпен далада жүретін. Сол себептен, адамдар далада малдардың тезегін басып, аяқтары балшықпен былғанып жүретін. Қазіргі замандағы адамдар, сол кезде барлық жаяу жүргіншілердің аяқтары былғанып, солардан кереметтей сасық иіс шығатынын елестете алмайды.

Даладағы шаң мен кірдің көп болғаны сонша, қожайындардың құлдар мен қызметшілері олардың немесе қонақтардың аяқтарын барлық кезде жууға тиіс еді. Байдың үйінде шаруашылық жұмыстары көп еді: атқораны тазалау, тамақ пісіру, бөлмелерді жинау. Бірақ, біреуінің аяқтарын жуу деген ең төмен жұмыс еді. Кейбір қоғамдарда, осы төмен қызмет ең жиіркенішті іс деп саналатын да, мұны лайықсыз, маңызсыз әрі жарамсыз күндеріне мына қара, кемсітетін жұмыстан басқа қалмайтын.

Ал енді, Иса неліктен ең төмен қызмет етуді таңдап, көрсетті? Өйткені, Ол шәкірттері Одан ең маңызды сабақ алатынын ниет етті. Ол тіпті Ұстаз бола тұра, сыртқы киімін шешіп алып, құлдардың істе-

геніндей, беліне алжапқыш байлады. Иса Өзінен таңап, бас тартатына карамастан шәкірттеріне осыны істегенін есіңізден шығармаңыз.

“Шәкірттерінің аяғын жуып, сырт киімін киіп, орнына отырғаннан кейін Иса: — Сендерге не істегенімді түсінесіңдер ме? — деген сұрақ қойды. — Маған “Ұстаз”, “Ием” дейсіңдер. Осылай атағандарың дұрыс, себебі Мен Солмын. Ал егер Мен Иелерің және Ұстаздарың бола тұра, аяқтарыңды жусам, сендер де бір-біріне сондай қызмет көрсетуге тиіссіңдер! Сендерге өте маңызды шындықты айтып тұрмын: қызметшінің жолы қожайынынан үлкен емес, елшінің жолы да өзін жібергендікінен үлкен емес. Мен сендерге қалай қызмет етсем, сендер де солай етсін деп үлгі көрсеттім. Мұны біліп, осылай іс-әрекет етсеңдер, бақытты боласыңдар!” (Жохан 13:12-17).

Иса шәкірттерінің аяғын жуып, сырт киімін киіп, қайтадан Ұстаз болып, оларға өздерінің естерінен мәңгі шығармайтын, соңғы маңызды сабақтардың қағидаларын берді. Осы мәңгі шындықтары төрт пункттерге бөліп алуға болады:

1. Мен сендердің Тәңірлерің әрі Ұстаздарың бола тұра, өздеріңе кемелді үлгі көрсеттім.
2. Мен осыны Өз еркіммен істегенім, өздеріңе мына қызмет лайықсыз, қара әрі кемсітетін жұмыс екен деп ойланып қалмаңдар.
3. Мен сендердің Ұстазыңмын яғни сендердікінен үлкен болсам да, өздеріңе құл іспетті қызмет етуге дайынмын.
4. Менен үлгі алып, қызмет ететін адамға Өз батамды беремін.

Қызмет етуге шақырылған

Егер сіз Одан үлгі алып жүрсеңіз, Иса сізге бақытты боласыз деді. Бұл бір-бірімізге қызмет ететін болсақ, некемізге Құдайдың батысының жаудырылатынын білдіреді.

Біз сізді күнде, әр кеште біреудің аяғын жуу рәсімін орындау керектігі жөнінде айтпаймыз. Біздің айтатынымыз, Исаның шәкіртіне қызмет етуінен үлгі алып, соны өз өміріңізде жүзе асыру. Біз

бір-бірімізге қызмет еткенде, некедегі міндеттерді атқарғанда, Мәсіхтің үлгісін көрсетеміз. Пауыл елші деп былай жазды:

Жеке басының абырой-атағын ойлайтын менмен емес, кішіпейіл болып, басқаларды өздеріңнен жоғары қойыңдар! Иса Мәсіхтің мінез-құлқы сендердікі де *болуға тиіс* (Філіп. 2:3, 5 курсив авторлармен белгілеп қойған).

Исаның ойы қандай еді? Ол Өзіне қалай қарады? Ол Өзіне қызмет етуші ретінде қарап, басқалардың мүдделерін өзінікінен жоғары қойды. Ол тіпті азапты өлімге дейін барып, сүйген адамдар үшін Өз жанын қиды. Біздің көпшілігіміз, өз жұбайларымыз үшін жанымызды қию үшін шақырылған емеспіз, дегенмен олар үшін өзімшілдігімізден бас тартып, шын жүректен қызмет ете аламыз.

Егер қызмет ету деген сондай керемет болса, сол арқылы Құдайдың батасы төгілетін болса, онда неге көптеген адамдар қызмет еткісі келмейді? Бұл мәселе, Құдайдың Рухына қарсы шығатын және ең алдымен, өз мүдделерін ғана ойландыратын ескі күнәкар болмысымызға байланысты. Біздің ескі табиғатымыз өз қалауы мен құмарлықтарын іске асыруға мәжбүр етеді. Бірақ, сіз соның қалауларын қаншама іске асырмасаңыз да, ол ешқашан тоймайды екен. Ескі күнәкар болмысымыз біздерді өзімшілдік пен күңкілдеуге апарды. Алайда, Киелі Рух бізге барлығына қанағат етуге әрі өзімшіл болмай өмір сүруге күш береді. Біз күнде, әр кезде мен әр сәтте, Киелі Рухтың жетелеуімен жүреміз бе, әлді ескі күнәкар болмысымыздың қалауларын жүзеге асырамыз ба, өзіміз шешім қабылдаймыз.

“Өйткені ескі болмысымыздың қалауы Киелі Рухқа қарсы, әрі Рухтың қалауы ескі болмысымызға қарсы. Бұл екеуі бір-біріне қарама-қайшы, сондықтан игі ниеттеріңді жүзеге асыра алмайсыңдар” (Ғал. 5:17).

Иса бізді өз өмірімізді еркін түрде құрбандыққа келтіру үшін, ескі болмысымыздан азат етті. Құдай бізді өзімізге көбірек алу үшін емес, қайта көбірек беру үшін азаттыққа жеткізді! “Бауырластар,

Құдай сендерді еркіндікке шақырды. Бірақ еркіндікті күнәлі құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін теріс пайдаланбаңдар, қайта, бір-біріңе сүйіспеншілікпен қызмет етіңдер!” (Ғал. 5:13).

Тәңір Ие бізді өмірімізді құрбандыққа беру үшін бостандыққа шақырды. Егер біз тек өзіміз үшін ғана өмір сүретін болсақ, онда Мәсіхтің өлімінің себебінен кейінгі бізге берілген бостандықтан айырылып, өзіншілдікке және күнәға қайтадан бағынып кетеміз. Біз басқаларға, әсіресе, өз жұбайларымызға қызмет етуді үйренетін болсақ, онда Оның бізге шынайы әрі бақытты өмірге ие боламыз.

2 күн

Киелі Рухқа кенелген

Адамдар Ефестіктерге арналған хатының 5 тарауын ашып, “неке туралы” аяттарды оқиғанда, олар әдеттегідей әйелдердің күйеулеріне мойынсұну туралы 22 аяттан бастап оқиды. Бірақ, шын мәнінде, Пауыл некедегі нұсқауларын алдында жазыпты. Мәсіх мен Оның Қалындығының арасындағы қарым-қатынасқа қарап, некенің қандай болуы керектігін жақсырақ түсінеміз, 18 аятқа қарайық:

“Киелі Рухқа кеңеле беріңдер” (Еф. 5:18).

Грек түпнұсқадағы тілінде “кенелу” деген сөз Киелі Рухқа үздіксіз тола беру үдерісі деген мағынаны білдіреді. Оған бір рет ғана толу жеткілікті болмайды. Егер біздер үнемі Киелі Рухқа толуға бел байламайтын болсақ, және Оның жетелеуін іздемейтін болсақ, сол кезде біз, тек, Құдайдың ғана толтыра алатын мұқтаждықтардың орнын толтыруын, өзіміздің жұбайларымыздан күтетін боламыз. Сіздің күйеуіңіз немесе әйеліңіз қандай тамаша болса да, ол Жаратушы Иенің орнын иелене алмайды. Егер сіз жұбайыңыздан ол сіздің өміріңізді мақсат және мағынамен толтырады, яғни, тек, Жаратушы Иенің ғана сыйлай алатын ақ батасымен толтырады деп

күтетін болсаңыз, онда сіз бір күндері көңіліңіз қалып, күйзеліске түсесіз де, Құдайдың сүйіспеншілігін көрсете алмайсыз. Сіздің өміріңізде Киелі Рухқа қаншама рет орын болатын болса, сіздің некеңіз қиылған өміріңізде, сонша рет Мәсіхтің құдіретін көрсететін болады. Мәсіх деген құтқарылуымыздың іргетасы, ал Киелі Рух - бізді өзгертетін Сол бір бейне. Егер біз үнемі Киелі Рухқа толып жүретін болсақ, біз ой-сананың жаңаруы мен өзіміздің мінез-құлқымыздың өзгеруін бастан кешіреміз.

Құдай бізге:

“Алдамшы құмарлықтарымен өмірлерінді құртып келген ескі күнәлі болмыстарың мен бұған дейінгі өмір салттарыңды енді тастандар! Рухтарың мен ақыл-ойларың түгелдей жанарсын; осылай Құдайға рухани жағынан ұқсас жаратылған жаңа, шынымен әділ де қасиетті адам болып өмір сүріңдер” дейді. (Еф. 4:22-24).

Оның Рухынан бөлек, адамдарды сүюге және Мәсіхке қызмет етуге талпыну бұл, су құбырына қосылмаған құбыршектен суды сығып шығаруға тырысумен бірдей болады. Құбыршек өздігінен суды шығара алмайды, ол тек, өткізгіш қана. Нақты дәл сондай, тек, егер Киелі Рухтың күшін қабылдайтын болсақ, Құдайдың қалағанындай, біз сүйіспеншілік көрсетіп, өзіміздің жұбайларымызға қызмет көрсете аламыз. Ерік күші мен мінез-құлықтың үлгісінің де өз орны бар, бірақ олар, ақыр аяғында, ақыл-ойымызды жаңартып, тәннің қалауын жеңе алмайды. Біз, тек егер, Тұлғаның және Киелі рухтың алдында өзіміз ашылып сөйлейтін болсақ, өз өмірімізде Оның ықпалы мен өзгертуші күшіне төзе алатын боламыз. Оның ықпалы жұбайына Мәсіхке ұқсап қарым-қатынас жасау мен отбасындағы қылықтарынан көрінетін болады. Құдайдың рухының араласуынсыз мінез-құлықты өзгерту үшін кез келген талпыныс жасаудың соңы, қынжылу мен түңілуге әкеп соқтырады.

Біз, айлалы әрекеттердің және зор көкіректі мінез-құлқы бар адамдардың себебінен, отбасы ойран болған ерлер мен әйелдердің көптеген жолдаған хаттарын алып тұрамыз.

Жиі жағдайда, осы адамдар Киелі жазбаны біледі, бірақ, оларға сүйіспеншілік және Киелі Рухтың берекесі жете бермейді.

Соның нәтижесінде, олардың айтқан сөздері азаттық пен күш әкелуге тиісті сөздер, адамдардың жүректерін жаракаттап, езіп, жандарын ауыр азапқа салады. Осындай бүлдірушілер өзіміздің қасиеті етек алған жерде болады, және де ол, біздер Құдай Рухының жұмысына бағынып, некедегі басты рөл іспетті, Құдайға қызмет етуден бас тартуды қоймағанша, жоғалып кетпейді.

Осы тараудың қалған бөлігінде біз, неке сөзінің мәнмәтініндегі қызмет ету дегеннің нені көрсететінін зерттейміз. Біздің мақсатымыз, өмір сүру және қызмет етуде некені құру үшін, Киелі Кітаптағы негізделген қызмет етудің қағидаларын беру болады. Сондықтан, біз осы тарауды жұбайыңыздың өткен өміріндегі және қазіргі кездегі мінез-құлқына кінә тағу үшін рұқсат алу ретінде пайдаланбауға шақырамыз. Бұның орнына, оны алға қарай жылжу үшін, үлгі ретінде пайдаланыңыз.

Біздің түсінігімізде, біз оқиғаның осы тұсында екпінмен айтайын дегеніміз, күйеуі мен әйелдің өздерінің ерлі-зайыптылық одағы үшін, Құдайдың жоспарын құрметтегісі келетінін баса айтқымыз келеді. Біз бұл жайттың үнемі осылай болмайтынын білеміз. Сіздің отбасыңызда қандай жағдай болса да, сіз өз жұбайыңызды өзгерте алмайтыныңызды есте сақтаңыз. Егер оны өзгерткіңіз келіп, осыған талаптанатын болсаңыз, осы жерде тек, Құдайдың жолымен әрекет жасаңыз. Киелі Рухтың әрекет етуі үшін, өз жүрегіңіздегі ниеттерді ашып айтыңыз. Және тек Ол ғана, сіздің жұбайыңыздың өзгеруіне апаратын жолды салады.

Жеке тұлғалар және олардың некеде алатын орны.

Некедегі қызмет етудің маңызының қандай болуы қажет екенін түсіну үшін, біздің кері қарай, Пейіш бағына оралуымыз қажет болады:

“Осылайша Құдай адамды (рухани жағынан) Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты” (Жар. 1:27).

Еркектер мен әйелдер Құдайға рухани жағынан ұқсап, Оның табиғатын осы дүниеге көрсетуге жаратылған. Еркек пен әйел әр түрлі болса да, Құдайдың киелі болмысын осы дүниеге көрсетуде тең болады.

Күйеу және әйел бұл, екеуі де маңызды. Олардың екеуі де бірегей тұлғалар, және Киелі Кітап олардың ерекшеліктерін нақты түсіндіреді, алайда, олардың атқаратын рөлдері, Құдайдың біз туралы түпкі ойниетімен байланысты болатын, біздің сәйкестілігіміз болып табылмайды. Біз осы жерде Құдайдың бейнелесі болып, Оның кім екенін көрсетуге жаратылғанбыз. Адамзаттың күнәға батқаны, осы ой-ниетті бүлдірді, алайда Мәсіхтің құрбандығы соны қайтадан қалпына келтірді. Біздің Мәсіхтегі құтқарылуымыз, бәрінен бұрын, осы сәйкестікті өзгертті.

Сіздің ұқсастылығыңыз жөнінде, (күйеуіңіздің, әйеліңіздің, кәсіби қызметкердің, Құдайға қызмет етушінің, ата-ананың немесе досыңыздың) рөлі де айта алмайды. Рөлдің өзгеруі, (мысалы, сіз үйленбеген немесе тұрмысқа шықпаған болсаңыз, және үйленген немесе тұрмысқа шықтыңыз) сәйкестіліктің өзгеруі дегенді білдірмейді, ерлер мен әйелдер некесі қиылғанға дейінгі іспетті, некелерін қидырғаннан кейін де, Құдайдың көзқарасы бойынша бірдей құнды болып келеді.

Өкінішке орай, көптеген адамдар, әсіресе әйелдер олардың үйленіп немесе тұрмысқа шыққаннан соң, олар өздерін құндылығым өзгерді деп сезінеді. Әйелдер егер олар өздерінің күйеулеріне құрмет көрсете бастаса, отбасында екінші орынға түсіп қаламын, маңызсыздау болып, қажеттілігім аздау болады деп қорқады. Соның нәтижесінде, сүйіспеншілік көрсету кезінде және қызмет ету кезінде, біртіндеп жалықтыратын жұмысқа тәуелді болудан қорқады.

Егер осының нәтижесінде күйеуі жеңіп шығатын болса да, шын мәнінде бәрі басқаша болады. Ақиқатында, өзіншілдікті өмірдің стилі іспетті құптау кезінде, күйеуі де, әйелі де жеңіліп қалады. Өзінің әйеліне некесі қиылған өмірдегі тең серіктестігі ретінде қарамайтын күйеуі, өзінің одағын рухани жуықтықтан айырып қана қоймайды, дегенмен, рухани өсу үшін үлкен мүмкіндіктердің біреуінен айырыла-

ды. Исаның Қауымға қызмет еткені іспетті, еркектер өздерінің жұбайларына қызмет ететін болса, олар анағұрлым мәсікке ұқсастау болады. Ол жетелеп және сүйіспеншілік көрсететін адамдарға қызмет ете отырып, Иса Өзінің озықтылығын көрсеткенін есіңізде сақтаңыз.

Сүйіспеншілік, сыйластық және құрмет көрсету, ерлі-зайыптылардың екеуі үшін де, басты-басты қасиеттер болып табылады. Олардың екеуі де маңызды және екеуі де бір-біріне қызмет көрсетуге міндетті. Осы көзқараспен некені бақылай отырып, жаратылыс кезеңінен бастап, бізге аманат етіп жүктелген Құдайдың берген абыройы және биліктің күш-қуатын ерлер мен әйелдердің де естеріне түсіруіне болады.

Билік жүргізу және үстем болу

“Құдай оларға оң батасын беріп: “Өсіп-өніп көбейіңдер! Ұрпақтарың жайылып, жер бетін толтырыңдар! Оны өздеріңе бағындырып, теңіздегі балықтарға, аспандағы құстарға және жер бетіндегі барлық жануарларға билік жүргізіндер!” — деді. Құдай Өзінің жаратқандарының бәріне қарап, өте жақсы екенін көрді. Тағы да кеш түсіп, таң атты; бұл алтыншы күн еді” (Жар. 1:28, 31).

Әуелгіде еркектер мен әйелдер бір-бірімен бәсекелес болған жоқ. Олар бір жүрекке біріктірілген екі түрлі адамдар болса да, жақын ниеттес және жұмыстас жолдастар болған еді. Оларға жер бетін толтырып, және оны иелену құқығы сеніп тапсырылды. Құдай Тағала оларға өсіп-өніп көбеюді және қалған жұмыстарды істеу үшін тапсырма берді. Ол адамдарға үстемдік қылуды әмір етті.

Әмірші болу, басқарушы өкіметпен, беделмен және бақылаумен байланысты болады. Ол ықпал ету мен билік аясы жайында сөз қозғайды. Біз нан үзу рәсімі жайлы әңгімеден білгеніміздей, еркекке немесе әйелге сауғаға берілген барлық билік, олардың игіліктері мен өсуіне қызмет ету үшін берілетінін білдік.

Адам баласы күнәлы болып қалғаннан кейін, ер жынысы мен әйел жынысының арасында шайқас басталды.

Құдай мен Оның жанды затының арасында жатқан, орасан зор шыңыраудың салдарынан, қожалық ету басымдық жағдайға және айлалы әрекетке айналып кетті. Құдайдың дәрменімен берілген осы бұрмалаулар, әйелдер қауымы одағы жайындағы Оның түпкі ойымен жауласуды әрі қарай жүргізе берді. Неке көбею құралы болудың орнына, бөліну құралы болып кетті.

Құдайдың ниеті бойынша, жұбайлар одағы шайқас алаңы емес, бірлік алаңы болуға тиісті болатын. Неке әртүрлі өткен өмірлері бар, әртүрлі күшті бейтарап көзқарасы бар екі адамды біріктіреді, ал содан кейін, көбейтуге мүмкіндік жасау үшін, осы айырмашылықтарды пайдаланады. Бұл ымыраға келмейтіндей болып көрінетін нәрселерді табыстыратын Құдайдың жоспарының бір бөлігі.

Иса былай деді:

“Өйткені Мен тура жолдан адасып кеткендерді іздеп, құтқаруға келдім, — деп жауап берді” (Лұқа 19:10).

Біз осы аяттың мағынасы, адамдарға Ізгі Хабар жеткізу ғана екенін түсінеміз, алайда соның одан да терең мәнісі бар екен. Иса тек тура жолдан адасып, жоғалған адамдарды емес, сонымен бірге барлық жоғалғанды іздеп, қалпына келтіруге келді. Күнәға батудың кесірінен, біз Құдаймен тығыз байланыстан ғана емес, арамыздағы ерекше болған қарым-қатынасымыздан да айырылып қалдық. Бұл аға-інілерге, апа-сіңлілерге, ата-ана мен баланың және ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынастарына қатысты да. Біз Құдайдың барлық жаратылысымен байланысының әсемділігін жоғалтып алдық.

Исаның құтқаратын еңбегі Көкке жетуге ғана көмек бермей, бүкіл өміріміздің қалпына келтіруге және оны рухани игіліктерге толтырады. Мәсіхтің айқышының арқасында барлық бұзылған қарым-қатынастарымыз қалпына келе алады. Сіздің некеңіз дәл қазір рухани дертінен сауыға алатынын түсіне біліңіз. Ерлі-зайыптылар қайтадан бір тұтас бола алады.

Біздің жүректеріміз біртұтас болып, бар мақсатты көздейтін болсақ, көбейе бастаймыз, өйткені бірлік бар жерге Құдайдың батасы қонады деп Жаратқан Ие айтады (132-ші Забур жырына қараңыз). Біздің жауымыз, Құдайдың батасын беруіне және біздің көбеюімізге қарсы тұрады да, біздің некеміздің одағын құртуды мақсат етеді. Жалған үстемдігіне қарсы тұрып шынайы билігін қабылдап, біз Құдаймен бірге әрекет жасап, Оның еркі жер бетінде орындалатынына куә боламыз.

Енді ерлі-зайыптылардың нақты рөлдеріне қарап, солардыанықтап алайық. Құдайдың шынайы берген билігі, соның құндылықтары әрі біздің кім екенімізді білдіретін дұрыс түсінікке ие болмай, адам алданып, Көктен берілген ерлі-зайыптылардың рөлдерінің бір жұбайды екіншісінен жоғары қоятынын қате түсінетін болады. Біз Құдайдың алғашқы берген тапсырмасы мен жұбайларының міндеттері жайында дұрыс түсініп болған соң, күйеуі мен әйелдің рөлдері қаншама бағалы, күшті әрі мағыналы екенін көретін боласыз.

3 күн

Күйеу, өз әйеліңді қастерле

“Сол секілді сендер, күйеулер, әйелдеріңе ілтипат пен қамқорлық көрсетіп бірге өмір кешіңдер! Жан-тәңдеріңіз нәзік екенін түсіне отыра, оларды ерекше қастерлей біліңдер. Себебі Құдай рақым етіп сыйлаған мәңгілік өмірді сендермен бірге олар да иемденеді. Тәңір Иеге сиыңған кездеріңде ештеңе кедергі болмас үшін де осылай істеңдер” (Петір 1 хат 3:7).

Құрмет екеуіне бірдей көрсетілуге тиіс. Киелі Кітап ерлі-зайыптылар бір-біріне құрмет көрсетулері керек дейді. Біз әйелдердің міндеттері жайында кейінірек сөйлесеміз, ал қазір күйеулеріңіздің міндеттерін қарап шығайық.

Күйеу, әйеліңнің орны табаныңын астында болмауға тиіс. Ол мәңгілік өмірді сенімен бірге иемденгендіктен, оны ерекше қастер-

леуің керек. Петір әйеліңнің жан-тәні нәзік екенін айтқанда, оның денелік күші жайында айтқаны, дегенмен оның даналығы, рухани күш пен ақыл-парасаттылығы өзіндікінен кем әрі төмендеу демейді. Әйеліңнің тәндік нәзіктігі оны сенен кем бағалы екенін білдірмейді, бұл оның өзің сияқты ауыр зілтемірді көтере алмайтынын білдіреді. Петірдің айтқаны әйелдердің құндылығының мәлімдеме емес, оның нақты байқағаны екендігін түсінуіңіз керек. Соны дұрыс түсінбейтін болсақ, бір-бірімізге құрметпен қарамай, қызмет ете алмаймыз. Өз әйелдеріміз үшін жанымызды қиюға дайын болу үшін олардың қандай бағалы әрі аса құнды екенін терең түсінуіміз керек.

Біздің осы тақырып жайында сөз қозғауымыздың себебі, әйеліңізді бағаламай, оны төмендетуді қалайтыңызды айтайын деп отырған жоқпыз, керісінше, осы сұрақты назарсыз қалдыруыңызды қаламаймыз. Еркек пен әйел Құдайға рухани жағынан ұқсас жаратылып, күйеуі өз әйелін қастерлемегенде, Көктегі Әкенің абыройын төгеді.

Әуел баста, Жаратқан Ие адамның жалғыз болғаны жақсы болмас деді (Жар. 2:18). Ол оған әйелін жаратып, сол мәселені шешті. Әйел бұл еркекке арналған екінші жаратылыс емес, Құдайдың жауабы болып табылады. Сізге Құдайдың адамы ретінде өз әйеліңізге сүйіспеншілік көрсетіп, оған қызмет етіп, қамқорлық жасау арқылы осы адасқан адамзат баласына Құдайдың жүрегін ашатын боласыз.

Петір күйеулері өз әйелдері түсінікпен қараулары керектігін жазды. Бізден өзгеше болған адамдарды түсіне білуіміз керек. Әйелдер және күйеулер әр түрлі және айрықша болады. Мен (Джон) Лиза өзімнен өзгеше болғандықтан, оны сыйламауым керек екендігін білдірмейді. Керісінше, оның өзгеше болғанына қуанамын да, түсінуге талпынамын.

Егер Лиза мен сияқты адам болатын болса, онда менің өмірім қызықсыз бірқалыпты болар еді. Біздің арамызда айырмашылықтың көптігінен кейде қиын болғанына қарамастан, соның арқасында осал жақтарымызды күшті етуге мүмкіндік туылады. Лиза маған ұқсас болмауы керек. Мен оны қастерлеп, сыйлап, оның өмірі әрі жан-дүниесінің қандай екенін түсінуге тырысамын.

Сонымен, Петірдің хатында егер біз әйелдерімізді сыйламайтын болсақ, онда Құдайға мінажат етуге кедергі болып тұрады. Құдайға әйелдерімізді қастерлеудің маңызды болғаны соншама, Жаратқан Ие соны мінажат етуіміздің рухани іргетасы ретінде орнатқан еді.

Отағасы

“Өйткені Мәсіхтің сенушілер қауымының Басы болғаны сияқты, еркек — әйелдің “басы”. Мәсіх сенушілерді құтқарып алды, енді қауым — Оның рухани денесі...” (Ефес. 5:23).


Бұл аят еркектің артықшылығы немесе әйелдің кемшілігі жайында айтпайды. Бұл Мәсіхтің және Оның Қалындығының арасындағы қарым-қатынасын суреттейді, себебі осы анықтамасы некелік қарым-қатынасының бейнесі көрсетіледі. Күйеулер Мәсіхпен тығыз байланыста болғандықтан, өз отбасының жетекшілері болуға тиісті. Мәсіхтің үлгісіне қарап, осы күнәкар дүниеге Оны көрсету үшін, оларға жетікші жауапкершілік тартылады. (Сіз Иса өз қауымын қалындығы деп атап, оны қатты сүйгенін түсінгенде, Құдай әйелдерді төмендетіп, оларға маңызсыз деп қарамайтынына көзіңіз жетеді).

Күйеуге отағасы болуға билік беріліп, өз әйелінің айтатын сөздерін менсінбей, соларға ден қоймау керек дегенді білдірмейді. Керісінше, егер күйеуі дана болса, әйелінің айтқанына назар аударып, оның ақыл-кеңесі шешім қабылдағанда маңызды болатынын түсінеді.

Біздің үйленгеніміздің алғашқы жылдарында, мен (Джон) күнде бір жарым сағат мінажат еткен болатынмын. Лиза күні бойы жұмыс істеп жүріп, машинаны жүргізіп жүргенде, іштей қысқаша мінажат еткен болатын. Біздің пікірлеріміз бір жерден шықпағанда, мен өзімнің көп мінажат еткеніме бола, отағасына ретінде билік берілгендіктен, өзімнің шешімді қабылдап, жиі қателесетінмін. Шешім қабылдағанымның жартысын өз бетімен қабылдағаннан кейін Лизаның айтқаны дұрыс болған екендігін біліп түсінген болатынмын.

Шындығын айтқанда, содан менің көңілім жиі қалатын. Мен іштей былай ойлап: “Өзім көп мінажат етсем де, оның пікірі неге

эрқашан дұрыс болатынын түсінбей отырмын” дедім. Бір күні мен Құдайға мінажат етіп: “Мен бір сағаттан көп, немесе таңертең біраз уақыт бойы мінажат етемін, ал Лиза жуынатын бөлмеде шайынып, небәрі он минут қана сиынса да, оныкі эрқашанда дұрыс болады екен. Неге?” дедім. Құдай маған: “шеңберді сызып ал” деді. Мен қағазда шеңберді сызып алдым да, Құдай маған тағы да: “Х әріптерін шеңбердің ішінде жазып кой” деді, сонда мен шеңбердің бәрінің ішіне Х әріптерін жазып қойдым. Одан кейін, Құдай маған: “шеңбердің ортасындағы сызықты сызып ал” деді. Мен соны да істедім.



Сен Х әріптердің жартысын шеңбердің бір жағында, ал қалған жартысының шеңбердің басқа жағында екендігін байқадың ба? Сен бойдақ болған кезде, Менімен ғана тығыз байланыста болып, өз-өзіңмен жүрдің. Бірақ, Лизаға үйленген кезде, сендер екеуің біртұтас болдыңдар, сонымен, осы шеңбер сендерді бейнелейді. Сен шеңбердің сол жағысың, ал ол, оң жағы екен.

Сонда Құдай маған: “Сен осы Х әріптерінің не екенін білесің бе? Осы әріптер дұрыс шешім қабылдау үшін, Менің саған білдіретін мәліметтерді білдіреді. Сен мәліметтердің жартысына ғана сүйеніп, қате шешім қабылдайды екенсің. Сен толық мәліметті біліп алу үшін, өз жұбайыңнан сұрауың керек. Сонда сен отағасы болып толық мәліметке қарап, дұрыс шешім қабылдайтын боласың” деді.

Құдай маған осындай рухани түсінік бергеннен кейін ой-санам ерекше өзгеріп, шынайы отағасы болудың не екенін өзгеше түсіне бастадым. Содан бері мен Лизаның айтқан сөздеріне құлақ асып, өзімдікі ғана дұрыс демейтін болдым. Құдайдан айтқанының бәрін Лиза арқылы ратхатпен қабылдап, бірлікке жеткенімізге қатты қуана бастадым.

Қызмет ететін жетекші

Біз отбасында еркектің рөлінің үстем болмауы тиісті екендігін қайталап айтамыз. Үстемділік құрудың жетекшілік етуден елеулі түрде айырмашылығы бар. Сол уақытта, үстемділік ешқандай вариантсыз өз дегенін талап еткен кезде, Жетекшілік ету, таңдау мәртебесін қоса қамтиды. Соның себебінен, үйде Құдайдан қорқатын жетекші болудың жолы, биліктен ұстану жолына ие болудың түсінуінде жатыр.

Исаның сөздерін есімізге алайық: “Бірақ сендерде ондай болма-сын! Керісінше, ең ұлыларың ең кішілеріңдей, басшылық ететін-дерің қызмет көрсетушілеріңдей болсын!” (Лұқа 22:26). Күйеуі отағасы болып, қызмет етуге тиіс.

Еркек сол үшін әйел барлығын да істеуге тиісті болатын қожайын емес. Ол жетекші болып, бәрін жұбайымен бірге істеуге тиіс. Шын мәнінде, егер ол ақылды өз әйеліне сенен бөлек ештеңе алмаймын дейтін болады. Мен (Лиза) Джонның маған “мен саған мұқтажбын” деген сөздерін қатты ұнатамын. Мен қатты жігерленіп, оның қалағанының барлығын істегім келеді. Егер мен барлығын істей алатын әйелдің қандай болуын білмесем, онда мен бар күшімді салып, осындай әйел болуға тырысамын. Ол маған өте маңызды адам ретінде қарағанда, өзімді күшті сезіне бастаймын да, жанарып келемін.

Күйеу, әйеліңе қызмет ету дегеніміз, ол оның қалағанының барлығын орындау керек екендігін білдірмейді. Бұл оның өмірі үшін өз жаныңды құрбандыққа келтіру және оған пайда әкелетін мүдделерін қамын ойлап, іске асыру. Иса Өз қауымын жетектегеніндей, біз де әйелдерімізді жетектейміз. Иса бізге пайда әкелетін мұқтаждықтырымызды орындайды, дегенмен, кейбір кезде біз соның барлығын ұнатпаймыз. Жұбайыңыздың мүдделері сіздің артық көргеніңізге қарама-қайшы шығатын кездері де болады. Исаның үлгісіне қарап, ең ыңғайлы, жеңіл жолын емес, қайта, ең жақсыны таңдау керек. Иса қауымды сүйіп, оған құрмет көрсеткеніндей, сіз де сүйіспеншілік

пен құрмет көрсетуге негізделіп, жұбайыңыздың мұқтаждықтарын орындауыңыз керек.

Иса шәкірттерінің аяғын жуып алған соң, олардың Қожайыны болып қалғанын анық көрсетті. Ол өз билігінен бас тартқан емес. Дегенмен, ол адамның ақыл-ойына сыймайтын әрекет жасап, биліктің жаңа анықтамасын берді. Оның үлігісіне қарап, бірлік бір-бірімізге қызмет көрсету үшін берілген. Ерлер біз өз отбасымызда әйелдерімізге қызмет ететін жағдай туғызуымыз керек. Бізге отағасы ретінде, ең басты қызметшілеріміз болуға жауапкершілік берілген. Осылай ететін болсақ, әйелдеріміз өзімізге мойынсұнатын болады.

“Сендер Мәсіхті кастерлейтіндіктен, бір-біріне мойынсұныңдар!”
(Еф. 5:21).

Пауылдың бізге қандай өсиет бергенін яғни “Киелі Рухқа кенеле беріндер” деп айтқаны есіңізде бар ма? (Еф. 5:18). Сосын Пауыл адамның Киелі Рухқа кенелуінің нәтижесі қандай болатынын айтады: рухани ән-жырларын айтып, ризашылық білдіреді. Содан кейін, 21 аятта “бір-біріңе мойынсұныңдар” дейді.

Көбінесе, осы сөздер Пауылдың неке туралы айтқанына қатысы бар. Тимоти және Кейти Келлер “Некенің мәнісі” атты кітабында былай дейді:

Ағылшын Киелі Кітабында 21 аятты бөлек сөйлем бөлектеп қойылған, бірақ оқырмандар Пауылдың ерекше назар аударған маңызды бөлімін байқамай қалады. Грек тілінде, тұтнұсқада 21 аят Пауылдың Киелі Рухқа кенелген адамның қасиеттері жайында анықтамасы ұзын сөйлемнен кейін жазылған.

Олар жалғастырып былай дейді:

Киелі Рухқа кенелгеннің соңғы нәтижесі осы ақырғы сөйлемде жазылған. Бұл сөйлемде өз еркімен жүруден бас тартып, өзіміздіктен толық арылу сонымен басқаларға кішіпейілділік танытып, қызмет ету жайында мағынаны білдіреді.

Сонымен, некеге келетін болсақ, Киелі Рухқа кенелген адам өз жұбайына мойынсұнатын болады. Көптеген адамдар мойынсұну туралы естігенде, мұны әйелдерге ғана қатысты міндет деп ойлайды, бірақ, шын мәнінде Пауыл елші ерлі-зайыптылардың барлығы бір-біріне мойынсұнуға тиіс екенін айтады. Осы аятта грек тілінде “мойынсұну” деген сөз, әйелдер өз күйеулеріне мойынсұнуға тиіс деп жазылған аятында да пайдаланады. Осы сөздің мағынасы бағыну және сатылы дәреже білдіреді. Біз отбасы туралы айтып отырғандықтан, әйелдер өз күйеулеріне мойынсұну керектігі сөзсіз. Бірақ, күйеулер әйелдерінің өздеріне мойынсұнуына Құдайдың көзқарасымен қарауы керек.

Пауыл біз Мәсіхті терең қастерлейтіндіктен мойынсұнуға тиіс екенімізді жазды. Грекше бұл сөз “фобос” деп жазылады, оның мағынасы терең қастерлеу. Сондықтан, осы аятты былай деп аударуға болады: “Құдайды терең қастерлейтіндіктен, бір-біріне мойынсұныңдар”.

Бір кезде мен Лизамен арамыздың жақсы болмай, оны менсінбей жүргенде Құдай маған тіл қатып, былай деді: “Ең алдымен, Лиза Менің қызым, содан кейін барып, ол сенің әйелің!” Осы сөздер мені шошытып, Құдайды терең қастерлеуге түрткі болатын қалау берді!

Ағайын, Құдай әрқашан сіздің жаныңызда болады екен. Ол сізге өз әйеліңізге қалай қарайтыныңызды, онымен қалай сөйлесіп жүргеніңіздің бәрін де біліп, көріп тұрады. Оған сіздің сөздеріңіздің әрі жүрегіңіздің түкпірлеріндегі барлық ой-ниетіңіз, сырыңыз да мәлім. Сіз өз әйеліңізді сыйлау арқылы, Құдайға құрмет көрсетіп отырсыз ба? Егер сіз, жұбайыңызды менсінбей жүрсеңіз, онда бұл сіздің Құдайды менсінбегеңіз болады. Пауыл күйеу өз әйелі үшін, тіпті, өз өмірін қиюы керектігін жалғастырып айтады. Басқа сөздермен айтқанда, ол оның мүдделерінің қамын ойлап, соларды орындау арқылы жұбайына мойынсұнады екен.

“Күйеулер, Мәсіх қауымды қалай сүйсе, сендер де әйелдерінді солай сүйіңдер: Мәсіх қауым үшін жанын қиды!” (Ефес. 5:25).

Мәсіх билікті Өз пайдасы үшін пайдаланған жоқ. Ол бізге күш дарыту үшін соны пайдаланды. Дәл осындай, біз әйелдеріміздің пайдасы және олардың күшті болуы үшін, билігімізді пайдалануымыз керек. Мәсіх Өз қалыңдығын қасиетті етіп, даңқын асыру үшін жанын құрбандыққа берді. Қауымның мақсатына жеткенінің жеңімпаз тәжіне ие болудан Мәсіхтің артық қуанышы жоқ. Исаның жолында өзімшілдікке орын болмайды. Сіздің басты міндетіңіз (рөлі) әйеліңізге өмір бойы қызмет етіп, оған және осы дүниеге Мәсіхтің кім екендігін көрсету. Егер сіз осындай отағасы болсаңыз, онда ол өзіңізге Құдай берген билікке оңай және қуанып мойынсұнатын болады.

4 күн

Әйел, өз күйеуіңді қолдай біл

“Әйелдер, Иемізге мойынсұнғандай, күйеулеріне де мойынсұныңдар; өйткені Мәсіхтің сенушілер қауымының Басы болғаны сияқты, еркек — әйелдің “басы”. Мәсіх сенушілерді құтқарып алды, енді қауым — Оның рухани денесі. Қауымның Мәсіхке мойынсұнғанындай, әйелдер де барлық істе күйеулеріне мойынсұнуға тиіс” (Ефес. 5:22-24).

Пауылдың ерлі-зайыптыларға “Сендер Мәсіхті қастерлейтіндіктен, бір-біріңе мойынсұныңдар” жазылғанды есіңізде болсын (Ефес. 5:21). Келесі аятта ол былай жазды: “Қауымның Мәсіхке мойынсұнғанындай, әйелдер де барлық істе күйеулеріне мойынсұнуға тиіс” (22аят). Көптеген адамдар осы нұсқау керек еместігін деп ойлайды.

Некеде бір-бірінен үстем болу деген нәренің болмайтындығынан, әйел күйеуіне тең болып, оған берген жауапкершілікті бірге алады. Бұл күйеуінің жетекшілігіне қарама-қайшылық болмайды, себебі екеуіне өз отбасында әрі айналасында билікті болу әрі әсер етуге бірдей жауапкершілік берілген. Билік бар жұбайы былай дейді: “Мен сенің атыңа бола, ал сен менің атыма бола билік пен әсерді пайдаланатын боламыз”.

Әйелінің күйеуіне қызмет еткені оны барлық жағынан қолдауында көрсетіледі. Әйелінің ең жоғары қызметі Оның жүрегін сүйіспеншілікпен шындықты айту және сыйлауы. Жолдасыңызға өз жүрегін ашуды көмектесу үшін қызмет етіңіз. Шұғыл шешім қабылдамай, оның өмірін рухани байытып, өсуге әрі Құдайдың мақсатына жетуге көмек беріңіз.

Әйелдер өз күйеулерінен тәндік жағынан әлсіз болса да, дегенмен, ерлер жүрек ауруымен жиі аурады. Ерлер өз әйелдерінің осал жақтарын қорғауға шақырылғандай, әйелдер де ерлердің жүректерін сақтауға шақырылған. Өз күйеуінің жүрегін сақтап қорғаудан басқа артық қызмет бар ма екен?

Күйеу өз әйеліне қызмет көрсетіп, ол үшін өмірін қиюға дайын болса, әйелі оған отағасы ретінде мойынсұнуға да дайын болады. Сөйтіп, әйел Мәсіхтің сүйіспеншілігін осы дүниенің адамдарына көрсете алады. Күйеуіне сүйіспеншілік көрсетіп, оны құрметтеу арқылы, Исаның жетегінде жүрудің не екендігі көрінеді. Құдай отбасында әйелдерге екінші рөлді атқару үшін күйеулеріне мойынсұнуды бұйырмаған. Ол қауымның қандай болу керектігін көрсеткісі келеді. Біздің мейірімді, сенімді, аса ізгі мен қайырымды Тәңіріміз әрі Құтқарушымыз қалай жетелейтінін отбасындағы өмірдің қандай болуы керектігін көрсетуге мүмкіндік береді. Алайда, некемізге шабуыл жасап, сонны аянышты ету үшін шайтанға жол бергеніміз дұрыс емес. Тәңір Ие өз қыздарына осындай міндет бергенде, оларға зор сенімділігін көрсетті.

Құдайдың Өзі әйелдерді күшті әрі қабілетті жаратқанын біледі. Тарих бойынша Ол әйелдерді басқаруға, үкім шығаруға, пайғамбарлық сөздерді жеткізуге, халық үшін Құдайға сиынып, өтініштер жасауға әрі жалғыз болған Ұлын туып, емізіп өсіру үшін тандап алатын. Жаратқан Ие олардың күйеулеріне құрмет көрсетуге шақырғанда, өздері күшсіз бен лайықсыз деп білдірмейді. Қайта, Ол әйелдерге былай дейді: “Мен сенің күшті әрі қабілетті екеніңді білемін

де, дегенмен некеде Маған мойынсұну арқылы рақымдылықты көрсетуің керек. Сен Оған лайықтыны басқаларға көрсету үшін, өз еркімен күйеуіңді қолдап, оған мойынсұна аласың ба?”.

Жетекшіліктің ауыр жүгі

Күйеулер Құдай іспетті кемелді және мінсіз бола алмайды. Олардың шешімдері барлық кезде дұрыс болмайды да, өз әйелдеріне тиісті түрде қызмет көрсете алмайды да. Осыған бола, өз күйеулерін қолдап, мойынсұнғысы келетін әйелдерінің көңілдері қалады. Уақыт өте келе олар өз қолыма бәрін аламын деген қорытындыға келеді. Егер тіпті олар күйеулерінің жетекшелігіне қарсы тұрып, содан азаттыққа жетем деп ойлайтын болса, біраздан кейін жүректері ауырып қалады.

Біздің үлкен ұлымыз әлі кішкентай болған кезде, мен (Лиза) көп уақыт жұмыс істеп, жұмыс кестесі тығыз болып, демалыс күндерінде де, қосымша жұмыс істедім. Жұмыста неше түрлі жеке және кәсіби мәселерге тап болғанда да, үйде жақсы және кемелді әйел болуға тырыстым. Сол кезде Джонның өмірінің өтпелі кезі болды. Мен көп уақыт бойы жұмыс істеп, баламды сирек көретін кездерімде, күйзеліске ұшырай бастадым да, ал Джон жарты күн жұмыс істеп, мінажат етіп, ораза тұтатын және достарымен бірге болып, гольф ойнайтын еді. Мен қатты қысылушылықты сезіп, оны барлық нәрсе үшін айыптайтынмын. Мен сол кездері бар шаруашылықты өз қолымда ұстап, барлығын басқарып жүріп, енді соның барлығынан шаршап жарылайын деп жүрдім.

Джонның өзімен бірге ауыр жүгін алып, барлығын уайымдағанын қаласам да, меніңше, оған бәрі бір болған сияқты көрінетін. Мен онымен өз уайымдарым мен қорқыныштар жайында айтқанда, ол маған: “Лиза, барлық уайымдарыңды Құдайға тапсыр” деп жауап қатты.

Мен: “жоға-“егер мен олай етсем, ештеңе болмайды” деп іштей ойлап едім. Алайда, өзім ауыр жүгін көтере алмай жүріп, қиналып кеттім. Бір күні, мен жуынатын бөлмеде шомылып отырып, тағдырыма наразы болып, Құдайға ренішімді айта бастадым. Джонның қолына ешнәрсені тапсыра алмайтынымды айттым. Оған тіпті қоқы-

сты далаға шығару керек екендігін де, есіне салуға мәжбүр болдым. Оған үлкен нәрсені қалайша тапсыра аламын? Мен Құдайға не себептен бәрін бақылауға мәжбүр болғанымды айтып, мұнымды шағып, бар уайымымды айттым.

Сонда Тәңір Ие маған: “Лиза, Джон жақсы жетекші ме? Қалай ойлайсың?” деп сұрақ қойды.

“Жоқ, олай ойламаймын! Оған сене алмаймын” -деп нық жауап бердім.

Ал Құдай маған: “Оған сеніп тапсырудың қажеті жоқ” деп айтып, әрі қарай жалғастырып: Маған сеніп тапсырсаң, болды. Джон отағасы ретінде өз жауапкершілігін жақсы атқармайтынын сезіп отырсың. Сен одан жақсы істей алатыныңды сезеді екенсің. Алайда, қысымшылық көріп, қиналып кеткеніңнің себебі өз мойыныңа жүктелмеген жетекшіліктің міндетін іліп алдың. Сол себептен бұл өзіңе көтере алмайтын жүк болды да, ал Джонға мына жауапкершілік онай әрі табиғи нәрсе. Соны таста” деді.

Мен өзімнің неліктен қиналып кеткенімді бірден түсіндім. Өзіме берілмеген отағасының атқаратын міндетін тартып алғаннан кейін, қиналып шаршап-шалдығып кеттім. Осы жүк менің күйеуіме ауыр болмаған еді, себебі Құдай оны соған шақырды.

Мен үйде жетекші болу үшін күрестім де, жолдасыма сеніп, оны қолдағанымның орнына, оны тұйыққа тіредім. Ол да соны менің қолыма берді де, өзім бәрін бүлдіріп алдым.

Мен қатты әшкереленіп болған соң, суды өшіріп, сүлгіні алып, Джонның өзіне, жататын бөлмесіне жүгіріп келдім. Көзіме жас алып: “Саған қарсы шыққаным өкінемін” деп кешірім сұрай бастадым да, оған: “Саған сене алмадым, содан қорқып жүріп едім. Егер қаласаң мен ертеңнен ақ жұмысымды тастаймын. Сенімен бірге әрқашан болғым келеді” деп жылап айттым.

Джон маған “мен сенің жұмысыңды тастағаныңды қаламаймын” деп айтып, әрі қарай жалғастырып: “Мәселе, сенің жұмыс істегеніңде емес, мәселе, өзіңе қамтамасыз етуші ретінде қарап жүргеніңде” деді.

Оның айтқаны шындық еді. Қажеттерімізді қамтамасыз ететін өзім емес, Құдай ғана болады. Сол шындықты түсіне алмағандықтан, біраз күйзеліске ұшырап, күйеуімді қолдамайтын болдым. Біз тағы біраз сөйлесіп, оған: “Мен сені қолдап, көмектесетін боламын. Саған сенемін” деп уәде бердім.

Сол кезде мен оны қалай қолдап, көмектесетінімді және оған қалай сенетімді білмедім. Білетінім бір-ақ нәрсе болды: оны бұрынғыдан бетер қолдауым керек екенін түсіндім. Мен үйімізде тәртіпсіздікке жол берілгендіктен, Құдайдан соны ретке келтіруін сұрадым. Ал Джон жетекші болмағаны және менен алыстап кеткені үшін менен кешірім сұрады. Біз екеуіміз бірі-бірімізді қолдап, өзара көмек көрсетіп, сүйіспеншілік көрсетеміз деп өзара келісім жасадық.

Сол түнде, көп жылдардан бері жақсы ұйықтайтын болдым. Осы жетекшілігінің ауыр жүгі бойымнан түскендей күй кештім. Біз өзімізге Құдай бұйырмаған міндеттерді алатын болсақ, соның құлдығына түсеміз. Ал егер біз Құдай бізге тапсырған жұмыстарды атқаратын болсақ, онда Оның құдіретіне кенеліп, Тәңірдің қорғанышында жүріп, барлығымен қамтамасыз етілетін боламыз.

Өзіме берілмеген жетекшілікті жүктеп алған кезде, мойныма ауыр жүк ілінгендей сезіндім де, Джонның өзі соның күшінен айырылып қалды. Сөйтіп үйде быт-шыт болды. Құдай берген тәртіпке мойынсұнғанымда, сол жүк бойымнан түсіп, Джон жетекшіліктің күшіне ие болды. Оның отбасымызға қамқорлық жасағаны өзіме де, балаларымызға да қорғаныш болды.

5 күн

Өз рөлдерін ойлап табу

Киелі Кітап ерлердің және әйелдердің рөлдері жайында көп айтады және де айтпайтыны да аз емес. Құдай Тағала Адам-ата мен Хауа-анаға өсіп-өніп көбеюге және жерді толтыруға бата

берсе де, соны нақты түрде қалай істеу керектігін айтпағанындай, бізге некемізді шектерін белгілеп, алайда отбасын қалай құруды ойластыру үшін, еркіндік берді. Ол бізге шектерді белгілеп қойса да, әр қадамды қандай жасау керек екенін айтпайды.

Бұл жердің көлеміне ұқсас болады, біз соңында қалағанымыздың барлығын салып, құра аламыз. Кейбір адамдар бассейн, басқалар баскетбол алаңы, тағы басқа адамдар екеуін де салғысы келеді де, ал кейбіреулер ештеңе салмайтын болады. Дәл сол сияқты, неке дегеніміз “жер көлемі” іспетті болады. Егер әйел жер бетінің көрінісімен айналысқысы келсе, сонымен айналыса берсін, егер күйеуі бақ өсіруді қаласа, соны істей берсін. Сонда екеуі еңбектерінің жемістерін рахаттанып жейтін болады. Ешкім тек ерлер ғана жоспар құра алады және тек әйелдер ғана бақ өсіре алады деп айта алмайды. Сіз не істесем десеңіз, соны істей беріңіз тек әрекетіңіз қызмет етудің аясынан тыс шықпауы керек. Сіз өзіңіз нақты қадам жасайсыз да, ал Киелі Рух бағыт беретін болады.

Жұбайларымызға қызмет еткеніміздей, олар да бізге қайтара қызмет еткенінен рахат алатынымызға үміт артамыз да, кейде солай болмай қалады. Біздер, Джон бізге “мен қызмет ететін адаммын” деп айтқанда күлетінбіз. Себебі кешкі асты ішкен соң, ол дереу ас бөлмесінен шығып кететін, мені және ұлдарымды дастарханды жинау үшін және ыдысты жуыңдар деп қалдырып кететін. Сол кезде оның бізге қызмет ететінін ойлай алмадық.

Біз Джонның басқаша жолмен қызмет еткенін қабылдай алмайтынбыз. Біз ыдысты жуған кезде, ол бюджетті тексеріп, поштаға қарап, барлық шоттарды төлейтін. Ол біз оңай істей алатын жұмысты алмайтын, керісінше, одан басқа жақсы атқара алмайтын жұмыстарын істейтін.

Осы мысал міндеттерді бөліп берудің маңыздылығын көрсетеді. Үйде тәртіп болу үшін, сіздер әр отбасының мүшелері не үшін жауапкершілік алатыны жайында ойланып, міндеттерді бөліп берулеріңіз керек. Әркім өз міндеттерін біліп алып, жақсы атқаратын болса, жұбайлардың екеуіне өте тиімді және пайдалы болады. Бірін-

шіден, егер сіз өз міндеттеріңізді жақсы атқаратын болсаңыз, сіз жұбайыңызға үлкен қызмет көрсетесіз. Егер олай істейтін болсаңыз, күйеуіңіздің бос уақыты мен тыныштығы болады. Екіншіден, сіздің жұбайыңыздың міндеттерін білетін болсаңыз, отбасыңыздың қай саласында қызметін кеңейте алатынын түсінесіз.

Сіз Ефестіктерге арналған хаттың 5-ші тарауында еркек пен әйелдің қабілеттері мен мүдделерінің қандай болуы керектігі жайлы жазылмағанын байқаған шығарсыз. “Дәстүрлі” немесе “біздің қоғамымыз қабылдайтын ғана” яғни, солардың ықпалында болып, міндеттерін бөліп беруді қажеті жоқ. Кейбір күйеулер тамақ пісіруді жақсы көреді екен. Кейбір әйелдер автокөлікке қарауды ұнатады. Сіздердің біреулеріңіз балаларға үй тапсырмасын тексеруді ұнатады, ал күйеуіңіз балаларды спорттық секцияға апаруды ұнатады.

Бюджетпен айналу қолынан келетін адам, сол адам отбасындағы қаражатқа жауап береді және ешкімге ақша қарыздар болмай, ақшаны жұмсауға көмектесе отырып, өз отбасына қызмет ете алады.

Өзіңіздің денеңіз бен сыртқы келбетіңізге күтім көрсете отырып, жұбайыңыздың мүддесіне зиян шектірмей, жарыңызға қызмет етуіңізге болады. Сонымен бірге, сіз сөзіңізбен де, іс-әрекетіңізбен де қызмет көрсетуіңізге болады. Некенің қызмет ететін орны да, мүмкіндіктері де көп болады.

Қызмет етуден рахат табыңыз

“Мұны біліп, осылай іс-әрекет етсеңдер, бақытты боласыңдар”
(Жохан 13:17).

Қызмет көрсетілетін адамға бақытты етеді, алайда қызмет ететін адам одан бетер бақытты болады.

Сіздің некеңіз тазаланып болған соң, Құдайдың жоспары анық білінсе, сол Жаратқан Иенің жер бетінде сүйіспеншілігінің әдемі салған суреті секілді көрінетін болады. Егер сіздер некеңізді бақытты болғанын қаласаңыздар, онда бір-біріңізге қызмет етуге кез кел-

ген мүмкіндіктерді пайдаланыңдар. Бір-біріңізді нығайта беріп, Құдайдың жарылқауы өздеріңізге қонатынын көресіздер.

Біз бір-бірімізді рухани көтере бастағанда, Жаратқан Ие екеуімізді де рухани жағынан жоғарылата бастады. Ол тыныштығымызды көбейтіп, Оның сүйіспеншілігі әрі рақымдылығымен айналамыздағы адамдармен бөлісуге жол ашып берді. Сіздер бір-біріңізге қызмет ету арқылы нығайтқан сайын, Құдай ықпалыңызда жүрген адамдарға қызмет етуге жол ашады. Оның кемелді жоспары сіздің некенізді бақытты ететіні сонша, Құдайды менсінбейтін адамдарға рухани көздері ашылып, сол жайында ойландыруға мақсат көздейді.

Қызмет дегеніміз іс-әрекет пен дұрыс көзқарасқа қатысты нәрсе. Жұбайыңызға қызмет етуге мүмкіндік пайда болғанда, сіз үш таңдауының бірін таңдай аласыз, бұлар: өзімшілдікке бола содан бас тарту, күнкілдеп қызмет ету немесе шын жүректен, қуанышпен содан рахатанып қызмет ету.

“Иса Мәсіхтің мінез-құлқы сендердікі де болсын: Мәсіхтің құдайлық болмысы бола тұра, Ол Онысына жармасқан жоқ, қайта, Өз құдіреті мен салтанатты ұлылығынан бас тартып, қабылдады құлдың сиқын: Ол адам секілді бұ дүниеге келді, әрі кәдімгі адамға ұқсап көрінді” (Філіп. 2:5-7).

Некеге тұрған адам, өмір бойы қызмет етуге уәде береді. Сіздің жолдасыңызға “иә, келісемін” деп айтқаныңыз мынаны білдіреді: “Мен сенің ең жақсы көретін мүдделеріңді іске асырамын. Сен үшін өмірімді арнап, қуанышты таңдаймын. Сенің қалауларың, арман-тілектерің және мақсаттарың менің өмірімде ең бастысы болады. Құдайдың сүйіспеншілігі сенімен бірге қалай көрсетуге болатынын білгім келеді”.

Егер сіз кішіпейл болып, қызмет ететін адам ретінде некеге тұратын болсаңыз, онда Құдайдың керемет некелік одағы не екенін біліп аласыз. Бұл оңай болмас, алайда егер сіз Құдай дайындап қойған ең жақсысына талпынатын болсаңыз, сіздің отбасыңыз сүйіспеншілік пен қуаныш, тыныштық пен бақыттылық, рахатқа толы болып, Жаратқан Иенің сүйіспеншілігінің суретін осы дүниеге көрсете аласыздар.

1 күн. Күнделікті оқу

ТАБЫСТЫҢ СЫРЫ

Ал Мен араларыңда қызмет етуші іспеттімін.

— Лұқа 22:27

Бауырластар, Құдай сендерді еркіндікке шақырды. Бірақ еркіндікті күнәлі құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін теріс пайдаланбаңдар, қайта, бір-біріңе сүйіспеншілікпен қызмет етіңдер.

— Ғал. 5:13

Сүйіспеншілік деген некенің іргетасы болып табылады. Бұл Құдайды және жақын адамды сүю деп **Генри Клауд** және **Джон Таунсенд** бізге айтады. “Соның мақсаты басқа адамдарға ұнайтынды істеп, соған лайықты немесе лайықты еместігіне қарамастан қызмет көрсету. Сүйіспеншілік өзінің қамын ойламай, басқа адамды өзінен жоғары қояды. Ол құрбандық жасап, беріп, басқа адам үшін қиналады. Ол ренжіткендерді кешіріп, мәңгі келісімді сақтау үшін барлық қиындықтарға төзе береді”.

Өз жұбайының ең жақсы мүдделерін іске асыру, олардың мұқтаждықтарын өзіндікінен жоғары қою, жомарты болып құрбандық жасау қызмет деген осы. Бұл некенің табысты сыры.

Сіз тоқталып ойланып көріңіз: жұбайыңыздың кейбір мүдделерін аттап шығыңыз: оған не ұнайды? Ол қалай демалғанды жақсы көреді? Оның әуестігі қандай? Не нәрсе оның көңілін көтереді? Не нәрсе Оны не қуантып және демалдырады?

Сіз оны өз мүдделерінде жігерлендіру үшін қандай әрекет жасауыңыз керек? Оның қызыққаның басты мақсатын етуге не істей аласыз?

Өзіңізге және Киелі Рухқа: “жұбайыма қызмет көрсетуге мені не ұстап тұрады? Менде өзімшілдігімді жақтауға қай нақты кедергілер бар екен? Егер кішіпейл болып, қызмет ететін болсам деп неден қорқамын?” Киелі Рухтан сіздің жүрегіңізді ашып көрсетуін сұраңыз.

Иса біздің ең жақсы қызметшіміз және сіздер Құдайдың балалары болғандықтан Оның табиғаты бойларыңыздан орын алды. Сіздерде, Оның рухани қабілеттерінің бірі яғни қызмет етуге ДНҚ-сы бар. Сол аяттар туралы ойлануға уақыт арнап алыңыз.

Рухани мағынада Құдайдан туғандар күнә жасай бермейді, себебі олардың бойында Құдай сыйлаған жаңа өмір қала береді. Осылайша олар Құдайдан туғандықтан күнә жасауларын жалғастыра алмайды.

— Жохан 1 хат 3:9

Рухани қайта туылып, жаңа өмірге иесіңдер ғой. Бұл шіріп кететін табиғи тұқым арқылы жүзеге асқан жоқ. Қайта, сендер ешқашан құрымайтын “рухани тұқым” — Құдайдың өмір беретін мәңгілік сөзін қабылдағанда, қайта туылып жаңа өмірге ие болдыңдар.

— Петір 1 хат 1:23

Қиналып қатты шаршап-шалдыққандар еңселерін тым ауыр жүк басқандар, Менің қасыма келіңдер, бәрің, жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін! қамытымды бірге киісіп, үйреніңдер Өзімнен, өйткені жуас, кішіпейілмін шын жүректен, тыныштық табады сонда көңілдерің.

— Мат. 11:28-30

Киелі Рух сізге нені көрсетеді? Аяттардың қайсысы сізге мінажат етуге жігер береді?

ҮСТЕМДІКТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

*Өзің ескеретіндей адам сонша кім, Сен қамқорлайтындай адам баласы кім?
Сен адам баласын билеуші еттің қолыңнан шыққан бар
жаратылысқа. Бәрін де оған бағындырып бердің...*

— Забур 8:5, 7

Өзінен бас тартып қызмет етуге дайын жүрек Мәсіхке сенушілердің рухани мұрасының бір бөлігі болып табылады. Біз Құдай Әкеге уақыт арнап, Онымен тығыз қарым-қатынаста тұрғанда, Оның қасиеттері бізге тартылып, өмірімізде анық көрінетін болады. Сөйтіп, біз өмірімізбен де, некелік қарым-қатынасымызбен де Исаның қызметі қандай екенін көрсетіп, Киелі Рухқа неғұрлым орын берсек, соғұрлым Мәсіхтің қызметі біздер арқылы айқын болады.

Сіз бір күні Исаның жолымен жүруге бастап, сол кезден бастап осы күнге дейін Онымен тығыз қарым-қатынас тұруыңыз жайында ойланып көріңіз. Оның Рухы сізді қай жағынан өзгертіп, жақсы адамды етеді? Сіздің некеңізді қай жолымен өзгертті?

Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста тұрып, Құдай екеуіңіздің Оның барлық тапсырғаның үстіне билік жүргізулеріңізді қалайды. 1828 жылда шыққан Вебстердің түпнұсқадағы сөздігі бойынша “үстемдік” деген “билікпен басқару, бағыт беру, бақылау, пайдалану, жоғары бедел” мағына білдіреді.

Сіз үстемдіктің анықтамасын мұқият оқып алыңыз да, ойланып сұрақ қойыңыз: сізге жеке және ерлі-зайыптылар ретінде бақылауға немесе қамқорлық жасау үшін жетектеп, билік жүргізуге қолыңыз-

дың астында біреуі немесе бір нәрсе берілді ме? Сіз осыны қалай атқарып жүрсіз?

Сіздің бақылауыңыздан шығып, өзіңізден үстем болып кеткен өмірдің саласы бар ма? Егер солай болса, онда соны түсіндіріп айтыңыз.

Сиынып, осы саланы Киелі Рухқа тапсырыңыз. Одан кешірім сұрап, билікті қайтадан қалтына келтіруге рақымдылығын сұраңыз.

Сіз жұбайыңызбен бәсекелестік жасамай, онымен бірге қалай әріптес бола аласыздар? Сіз балаларыңызды, қызметіңізді, үйіңізді одан жақсы қалай басқара аласыз?

Сіздер бір жүрек болып, бір мақсаты сақтағанда, көбейе аласыздар. Бірлік бар жерде, Құдайдың батасы бар (Забур 132). Араларыңызда жауыздық пен ұрыс-керіс туғызу үшін өмірлеріңіздің қай саласына жау шабуыл жасауға тырысты? Құдайға бағынып, Оның алдына мойынсұныңыздар. Киелі Рухты шақырып, жұбайыңыз екеуі бірлікті сақтау үшін көмегін сұрап, Құдайдың жарылқауын беретінін күтіңіздер.

3 күн. Күнделікті оқу

БІР-БІРІН КЕМСІТПЕЙ ӨЗІНЕ ТЕҢ САНАУ

Ал әр әйел күйеуін құрметтеуге міндетті.

— Ефес. 5:33

Сол секілді сендер, күйеулер, әйелдеріңе ілтипат пен қамқорлық көрсетіп бірге өмір кешіңдер! Жан-тәндерінің нәзік екенін түсіне отыра, оларды ерекше қастерлей біліңдер. Себебі Құдай рақым етіп сыйлаған мәңгілік өмірді сендермен бірге олар да иемденеді. Тәңір Иеге сиынған кездеріңде ештеңе кедергі болмас үшін де осылай істеңдер!

— Петір 1 хат 3:7

Ерлер мен әйелдер некеде тең болады. Әйел өз күйеуіне қосымша зат емес, күйеуі де өз әйеліне қосымша зат болмас. Ерлі-зайыптылардың екеуі Құдайдың рақымында бір дәрежесінде тұрып, олар екеуі де Құдайдың еншесіне иемденетін мұрагерлері. Біз бір-бірімізді қалай тең санай аламыз? Құдай берген міндеттеріне үйреніп, соларды атқару арқылы ғана.

Джимми Эдванс бағушы былай дейді:

“Адамның ең басты мұқтаждығы бұл, оның сыйлы адам болуы. Құдай әйелге Тәңірге мойынсұнғанындай, өз күйеуіне мойынсұну керектігін айтқаны қызық емес пе? Әйел күйеуіне құрмет көрсетіп, оған мойынсұнғанда, жұбайының ең маңызды мұқтаждығын орындағаны.

Дәл солай, ер адам өз әйеліне қамқорлық жасап, оны сүйгенде, оның ең маңызды мұқтаждығын яғни қауіпсіздікте болудың орындағаны. Әйелі өзін қорғайтын, қамқорлық жасайтын жетекшіге мұқтаж. Күйеуі мұны шын жүректен, қуанышпен істегенде әйелінің ең маңызды мұқтаждығын орындағаны”.

Күйеулер, сіздердің жұбайларыңыз, ең алдымен Құдайдың рухани қыздары болады, содан кейін сіздің әйеліңіз болу атағына ие болды.

Әйелдер, сіздердің күйеулеріңіз ең алдымен, Құдайдың рухани ұлдары болып, сосын сіздің күйеуіңіз болады. Бір-бірімізге бірдей қарап, құрмет көрсеткенде, Құдай Әкемізге құрмет көрсеткеніміз. Ерлі-зайыптыларға арналған Тәңірдің нұсқауын мұқият оқып алыңыз:

“Әйелдер, Иемізге мойынсұнғандай, күйеулеріңе де мойынсұныңдар; өйткені Мәсіхтің сенушілер қауымының Басы болғаны сияқты, еркек — әйелдің “басы”. Мәсіх сенушілерді құтқарып алды, енді қауым — Оның рухани денесі. Қауымның Мәсіхке мойынсұнғанындай, әйелдер де барлық істе күйеулеріңе мойынсұнуға тиіс. Күйеулер, Мәсіх қауымды қалай сүйсе, сендер де әйелдеріңді солай сүйіңдер: Мәсіх қауым үшін жанын қиды! Оны Құдай сөзімен тазартып, қайта туғызып, қасиетті қылды. Сонымен қауым күйеуіне апарылған қалыңдықтай салтанатты да сұлу, ешбір дақсыз, ақаусыз, басқа да кемшіліксіз, қасиетті де пәк таза болсын. Дәл осылай жұбайларын өз тәніндей жақсы көру — күйеулердің міндеті. Әйелін сүйген өзін де сүйеді. Ешкім де өз тәнін жек көрмейді, қайта, оған нәр беріп, баптап күтеді, Иеміз де қауымды солай қамқорлайды. Біздер Оның рухани денесінің мүшелеріміз. “Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады”, — деп (Тауратта) жазылған” (Ефес. 5:22-31).

Киелі Рух сізге күйеудің және әйелдің міндеттерін қалай көрсетеді?

Сіз Құдай берген міндет атқару арқылы жұбайыңызды құрметтейсіз бе? Сіз қай жағынан өсуіңіз керек?

Тынышталып, мінажат етіңіз: “Киелі Рух күйеуімді сыйлауға не нәрсе кедергі жасайды? Оған құрмет көрсетпегенде, неден айырылып жүрмін? Жұбайымның қабілетінің қайсысы дамымай қалған еді? Маған оның керемет құнын көруге көмектесе гөріші” Тыныш жерге барып, Киелі Рухтың сізге не айтатынын тыңдаңыз.

4 күн. Күнделікті оқу.

ИСАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады”, — деп (Тауратта) жазылған. Осында терең сыр бар, мен мұны Мәсіхке және қауымға байланысты айтамын.

— Ефес. 5:31, 32

Құдай күйеу мен әйелдің міндеттерін ойлап шығарды. Бұл міндеттер не төмен не үстем болуына қатысты емес. Бұлар Мәсіх пен Қалындығының арасындағы қарым-қатынасын суреттейді.

Сонымен, осы тарауда сіз ерлі-зайыптылардың міндеттері жайында оқып болған соң, сіз естіп-көрген немесе ойланып жүрген міндеттерге салыстырсаңыз қандай айырмашылықтар бар? Сізге не нәрсені өзгертуге итермелейді? Сізге солардың қайсысы жігер береді? Міндеттердің қайсысын терең түсінгізіз келеді?

Күйеудің міндеттері жайында ойланып көріңіз. Әйелдің басы болу үшін Иса сияқты қызмет ету керек. Иса некеде Өз сүйіспеншілігінде қызмет етіп, шынайы жетекшілік қандай болу керектігін көрсетеді. Күйеулер сендердің міндеттерінде не ұнайды? Сіз осыны орындай алмаймын деп өзіңіз сезінетін міндет бар ма?

Құдай осы міндеті өз күшіңізбен орындауыңызды қаламайды. Тынышталып, Киелі Рухқа сиынып сұраңыз: “Киелі Рух Сен Мәсіхтің Рухысың, Сен менің жүрегімде орын алдың. Мені Исадай сүйюге және қызмет етуге үйретші. Өз әйелімен тең қарап, оған құрмет көрсетуге әрі дұрыс шешім қабылдап, жақсы жетекші болуға рақымдылығыңды бере гөріші!”

Әйелдер, сендердің күйеулеріңнің міндеттерінде көбірек не ұнайды? Сіз некеңіздің бірлігін сақтау үшін жолдасыңыздың міндеттерін қалай құрмет көрсете аласыз?

Енді әйелдің міндеті туралы ойланып көріңіз. Өз еркімен мойынсұнып, күйеуіңізді қолдап, қауымға рухани қамқорлық жасау және Мәсіх алдында кішіпейілділік таныту деген әйелдің міндеті осы. Сізге әйелдің міндеті ұнай ма? Сіз содан қорқыныш пен олқылықты сезіп отырсыз ба?

Сіздің дауысыңыз де, дарындар мен қосқан үлесіңіз баға жетпес екен. Құдайға сиынып, былай деңіз: “Құдай, Өзіңе мойынсұну арқылы Сенің игілігіңнің үлгісі болуға ұсынғаныңа ризашылық білдіремін. Мен кім екенімді Сенің сөзіңнен басқа маған шынайы түсінік бере алмайды. Мен Саған қызмет етуімді қалағанымдай, күйеуіме қызмет көрсетіп, оны жігерлендіріп қолдауға рақымыдылығыңды бере гөрші”.

Күйеулер сіздерге әйелдеріңіздің міндеттерінде не ұнайды? Сіз некеңіздің бірлігін сақтау үшін күйеуіңіздің міндеттеріне қалай құрмет көрсете аласыз?

Өз күйеуіңізбен бірге сұрақтарға барлық жауаптар, бірлікті сақтау үшін, жоспарыңызды да талқылап отырыңыздар және барлық уайымдарыңызды ашып, керекті өзгерістер туралы пікірлесіп бөлісіңіздер. Араларыңызда біреуінде қорқыныш немесе сенбеушілік болатын болса, Құдайдың Сөзіне жүгініп, қараңыздар. Ол сол мәселе жайында не дейді?

Сіздер былай мінажат етіңіздер: “Қымбатты Әке, бізге некемізге арналған жақсы, керемет әрі күшті міндеттерді бергенің үшін Саған алғысымызды білдіреміз. Сенің даңқыңды асыру үшін бір-бірімізге қызмет етіп, бірлікті сақтау және сүйеге көмектесе гөр”.

КОМАНДА

*Өзара ынтымақтас болыңдар; өркөкірек емес, кішіпейіл болып,
өздеріңді басқалардан ақылды санамаңдар.*

— Рим. 12:16

Сіздер “Команданың ішінде “мен өзім” деген сөз жоқ” дегенді естіген шығарсыздар. Бұл тек қана спортқа емес, сонымен қоса отбасына да қатысты. Екеуіңізді әрбіреуі қажеті әрі маңызды міндет атқарады, араларыңыздан ешкім біреуден жоғары емес. “Айырмашылықтар некеде мәселерді тудырмау керек” деп **Генри Клайд** және **Джон Таунсенд** деп жазады. “Егер сіздің жолдасыңыздың пікірі балалары тәрбиелеу, үйде жиһазды қалай орнату жайлы сіздікінен өзгеше болатын болса, онда сіз рухани байи беретін боласыз. Сіздің ішкі-дүниеңіз кеңейе беретін болады”

Сонымен, араларыңызда кім өз міндеті одан жақсы атқарады екен? Сіздер бірге үйдің әртүрлі міндеттерін атқаратын боласыздар, солар уақыт өткен сайын өзгеретін болады. Дегенмен, екеуіңіздің арасында қайсысы некенің тапсырмасын орындау үшін өзінің міндетін тауып алды?

Өз командаңызға жақсылап қараңыз. Міндеттердің барлығын тізімге енгізіп, әр міндетті орындау үшін ең жақсы ойыншыны таңдап алыңыз. Кейбір тапсырмаларын күйеуге немесе әйелге толығын тапсыруға болады. Басқаларды екеуіне бөліп беріп, бір күні біреуі істесін, ал екінші күні басқа біреуі орындасын, немесе бірінші аптаға біреуге бересіз, екінші аптаға басқаға бересіз.

Мына жерде кейбір мысалдар ұсынамыз:

Машинаға қарау

Демалысты жоспарлау

Бюджетке қарау

Азық-түлікке бару

Балалардың үй тапсырмасын тексеру

Балаларды мектепке апару, олармен ойнау

Кір жуу	Түскі немес кешкі ас дайындау
Шаңсорғышпен тазалау	Ыдыстарды тамақтан кейін жуу
Шаңды сүрту	Гүлзарды тазалау
Бақбаншылықпен айналысу	Азық-түлік және қажетті заттар /бұтасатып алу
ларды кесіп тастау	

Сіздер некеге тұрған кезде, отбасыңызда әркім қандай міндет алатыны туралы сөйлестіңіздер ме? Егер сөйлескен болсаңыздар, солардың қайсысы болды? Жауаптарыңызды бағалап, қазіргі жағдайлармен салыстырыңыздар. Өзгеретін нәрселер бар ма екен?

Некеңізге кедергі жасайтын “дәстүрлі” ережелерінің мәселелерін шешіп алыңыздар. Басқа адамдарға некеңізге қатысып, соны басқаруға жол бермеңіздер.

Тізіміңізге қарап, күйеуіңіздің тізімімен салыстырып көріңіз. Жауаптарыңызды талқылап алыңыздар. Өздеріңіз келіскен міндеттерін жаңа тізімге жазып алыңыздар.

*Өзара сүйіспеншілік көрсетіп, игілік істеуге қозғау
салудың қамын ойлайық.*

— Евр. 10:24

Сіз жолдасыңызды міндеттерді атқаруға қолдау үшін қандай әрекеттер жасап, қандай сөздерді айтып, оған қалай қарайтын боласыз?

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Егер сіз осы кітапты “Messenger” қызметінің атынан “Неке жөніндегі оқиғалар” атты кітабы материалдарының бір тарауы ретінде оқитын болсаңыз, онда төртінші бейнесабақты көруіңізді өтінеміз.

- 1| Иса шәкірттерінің аяғын жуып, ең төмен қызмет етуі арқылы бізге жақсы үлгі көрсетті (Жохан 13:1-17). Аяғын жуудың нақты қажетті екендігіне қарамастан, Қазіргі заманда ондай жоқ деуге болады, бір-біріне қызмет ету қажеттелігі сол күйінше қалады. Сонымен, біз тәжірибе жүзінде Исаға ұқсап, қалай “өзіміздің жұбайларымыздың аяғын жуа аламыз”?
- 2| Сол секілді сендер, күйеулер, сендерге өз әйелдеріне некедегі тепе-тең серіктес ретінде қарау неге сонша маңызды болды (Петір 1 хат 3:7)? Егер әйеліңізді өзіңіздің теңіңіз деп санамайтын болсаңыз, не болады? Әйелдер, сендер әйел ретінде күйеулеріңе құрмет көрсету кезінде, төзімді болмау сонша маңызды болады? Егер сіз олай етпейтін болсаңыз, не пайда болады? Осы жауаптар, сізге Құдайдың берген рақымымен өз рөліңді орындау үшін, қандай жолмен сізді Құдайдың үрейімен толтырады?
- 3| Некеде бір еркек пен бір әйелдің арасындағы қарым-қатынасы, Исаның біздермен, оның Қалыңдығымен арадағы қарым-қатынастардың бейнесін көрсетуге тиісті. Ерлі-зайыптылық қарым-қатынастарда күйеу және әйел кімнің символын (бейнесін) көрсететінін бейнелеп түсіндіріңіз. Күйеу мен әйелдің рөлдері қандай түрде Исаның Қауымға және сенбейтін адамдарға сүйіспеншілігін көрсетеді? Осы міндеттерді орындап шығу үшін, бізде қандай күш-қуат бар?

Жетекшілерге: Осы сұрақтың екінші бөліміне жауап беру үшін, келесі Киелі Жазбалардың келесі аяттарына көңіл тоқтатыңыз: Ефес. 5:18; Елш. 1:8; Зах. 4:6; Жақып 4:6; Філіп. 4:13.

- 4| Құдай біздің айырмашылықтарымыздың біздерді бөліп емес, қайта біріктіруін қалайды. Егер сіз жұбайыңызбен екеуіңіз мүлде бірдей болып шықсаңыз, сол баяғы осал және қайсар мінезді, мықты жақтарыңыз бірдей болатын болса, сіздің өміріңіздің қандай болатыны жөнінде ойланыңыз. Осы сценарийді көз алдыңызға елестетіп көріңізші, ал содан кейін, сіздердің араларыңыздағы айырмашылықтарды қалай бағалап, қуана алатындырыңыз жайында, бір-біріңізге әңгімелеп айтып беріңіздер.
- 5| Үй ішіндегі атқарылуға тиісті міндеттерді сіздердің араларыңызда бөліп алу жөніндегі әңгімені білу өте маңызды және пайдалы болады. Атқарылуға тиісті шаруалардың қандай да біреуін, мен істеймін деп өзіңіз қолдадыңыз ғой. Осы білім сіздерге Жаратқан Иеге қызмет ету үшін, жағдай жасауға және дәл сол мезетте, жұбайыңызды нығайтуға қалайша көмектеседі?

ТАРАУҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ ЖАСАУ

- Кінәратсыз, дұрыс некені құрудың ең тиімді жолы, бұл, жұбайыңа қызметші болу, басқа адамның ең жақсы мүдделері үшін, өз мүдделерінді құрбан етуге үйрену.
- Біздің өмірімізде оның Рухының келуіне қаншама рет орын берілетін болса,
- Біздің некеміз соншалықты дәрежеде Мәсіхті көрсететін болады. Егер біз Киелі Рухтың бізді толтыруына жол беретін болсақ, біздің ойсанамыз қалпына келтіріледі, ал мінез-құлқымыз одан бетер жақсара береді.
- Ерлер мен әйелдер Құдайдың бейнесіне ие болады және жер жүзінде оның жаратылысын көрсетеді. Еркектің де, әйелдің де, құндылығы бірдей, олардың екеуіне де бір-біріне қызмет ету билігі сеніп тапсырылған.
- Күйеулер, Құдай сендерге өз әйелдеріне қамқорлық жасауды, оны шаң жуытпай қорғаштауды және қамтамасыз етуді сеніп тапсырды. Сендер әйелдеріңді жақсы көріп, бәрінен бұрын, оның мүдделерінің қамын ойлап, әйелім үшін өз өмірімді құрбан етем деп, оны құрметтеуге тиістісіңдер.
- Әйелдер, Құдай сендерге күйеуіңнің қамын ойлап, жүрегіне қамқор болу үшін, қызмет етуді сеніп тапсырды. Сендер Мәсіхтің алдында бас игендеріңдей, оның жетекшілік етуіне бағынып, оны сыйлауға міндеттісіңдер.
- Егер сендер, араларыңда бөлініп берілген үй ішіндегі міндеттерді білетін болсаңдар, сіздің шаңырағыңызда дау-жанжал аз болып, татулық орнайды және команданы құру үшін, мүмкіндіктерің көптеу болады.



— 5 ТАРАУ —

ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС

Секс (жыныстық қатынас) толықтай арналған өзара қатынас үшін белгіленген, өйткені ол, Мәсіх арқылы, Құдаймен бірге толық одақта туылатын, қуаныштан алдын ала дәмелену (үміттену). Жер бетіндегі еркек пен әйелдің арасындағы ең асқақ махаббат, тек Құдайдың сүйіспеншілігіне тұспал болып табылады.

Тимоти және Кейти Келлер “Некенің мәнісі”

... Уа, достарымыз, кәне, ішіп-жеңдер, Уа, ғашықтар, тоя іше беріңдер!

— Таңдаулы ән 5:1

1 күн

Киелі жазба сырлас(жақын көңілдестік) махаббат (сүйіспеншілік) жөніндегі Құдайдың жоспарын суреттеуге намыстанбайды.

Шын мәнінде, мұнда анық, ашық түрде жазылған. Егер сендер бізге сенбесеңдер, Таңдаулы Ән кітабын ашып, жұбайыңызбен бірге оқи отырып, әшейін бірнеше минут уақытты бірге өткізіңіздер, және артынша, не болатынын көресіздер.

Бізден ерекше, Жаратушы Ие секс (жыныстық қатынас) жайлы айтуды арсынбайды. Ол секстің (жыныстық қатынастың) әсемдігіне қайран қалады және аяғында оны мерекелейді. Жаратушы Ие біздің сырлас қатынастарымызға қатысқысы келеді. Некесі қиылған өмір-

дегі секс, тек қажет және пайдалы емес, ол маңызды орынды иеленеді және барынша ынталандырылады.

Сүлеймен пайғамбар: “Уа, ғашықтар махаббатыңа құмарланып, рахаттана беріндер” деді. Басқаша айтқанда, секс (жыныстық қатынас) бұл, бір құпиялы, шексіз терең бірдене; үстірт тәжірибемен қанағаттанудың себебі жоқ.

Некеңіз қиылған өмірде жыныстық қатынаспен айналысу бұл, қарымқатынастардың жаңартылуы үшін, батырманы басумен бірдей болады, сондықтан, Киелі Жазба сексуалдық сүйсінушілік және қанағаттанудың метафорасы ретінде, суды жиі пайдалатыны, таңғаларлық емес. Су, өмірді жалғастыру үшін қажет болады. Ол балғындық пен өмірлік күш-қуат береді. Адал жеңсікқұмар өмір, жұбайлар одағының тіршілігі жалғыз ғана шарты емес, алайда, оның құндылығын қайта бағалау мүмкін емес. Құдай махаббатпен айналысудың мереке болғанын және екі өмірді бір шаңыраққа біріктірген, терең өсиетті таңғажайып еске салуы екенін ойластырды.

Жыныстық қатынастың адамның денсаулығы үшін пайдалы екенін сіз білесіз бе? Қарым-қатынастарды жақындатудан басқа, ол адамның иммундық жүйесін нығайтады, дененің дұрыс салмағын сақтауға көмектеседі, артериялық қан қысымын төмендетеді, ауруды бәсеңдетіп, жүрек ұстамасының қауіптілігін азайтады, және бұл тек, оның артықшылықтарының біразы ғана.

Қауымдардағы кейбір діни ағымдар сексуалды ынтызарды күнәкар немесе тәннің зауығы деп атайды. Сондықтан, тіпті некеде де секстің абырой-беделі нашар болады. Әлдебіреулер бізді секс бұл, әйелдің күйеуіне қатысты міндеті деп илануға мәжбүр қылғысы келеді. Бірақ, шындығына келсек, жыныстық қатынас бұл ерлізайыптылардың екеуінің де рахатқа бөленуі үшін жасалған! Біреулер секс бұл, ұрпақты жалғастыру үшін, шыдауымыз керек болатын басымызға түскен бәле деп айтады. Осының барлығы да, жаңылысу және шайтаннан келетін қасиетті әрекетті бұрмалаушылық болады. Осындай адамдардың кесірінен, көптеген мәсіхшілер жыныстық қатынасқа қауіптеніп қарайды.

Ұрпақтардың жалғасуы бұл, секстің мақсаттарының бірі, бірақ, әу бастан Құдай оны рахаттанып, шаттанудың қайнар көзі ретінде жоспарлаған болатын. “Құдайым жарылқай көрсін “бұлағыңды”, қанағат етжастай алған қосағыңды: ол еліктей сұлу, тауешкідей әсем, үнемі ләззат тап кеудесінен, мас бола бер махаббатына әрдайым” дейді бізге Киелі Жазба. Киелі Кітаптардың басқа аудармасында “тұтқындалған”, “жаулап алынған” “таңғалдырарлық” деп жазылады.

Құдай Өзін кішіпейіл, сыпайы қылып суреттемейді. Ол жыныс мүшелерін жаратты және тіпті, олардың атқаратын қызметтерінен қымсынбайды да. Ол жыныстық қатынасты және онымен байланысты болатын рахатқа бөлену сезімін жаратты. Біз рахаттанған сәттерде, Ол зор қуанышта болады. Ол біздің жеңсікқұмарлық ынтызарымызды кеміткісі келмейді. Жаратушы Ие осы ықпалымызды дәріптегісі келеді.

Дәріптеу бұл, біздің өміріміз үшін, Жаратушы Иеде бар болатын, ең жақсыға саяхат жасау деп айтуға болатын, құрметтілік көрсетудің саяхаты. Осы жолда сіз адамзат табиғатынан босатыласыз да, Құдайдың табиғатындағы негізгі қасиетке толтырыласыз. Ерекше әсерлендіретін жеңсікқұмар өмірдің дамуы, сіздің төсектегі киелілікке Құдайдың үндеуін қабылдауыңыздан басталады. Тек солай ғана сіз адам баласының қиялының шегінен асып түсетін, жеңсіктіктің ләззатын аласыз.

Бірақ, Құдай біздердің Оған ұсыныс жасауымызды ғана дәріптеп, қасиетті қылып жасай алады. Өкінішке орай, біздің көпшілігіміз өздерінің жеңсіктігін Оның қарамағына беруден бас тартады, өйткені, өздерінің жасаған қателіктерінен намыстанады және өткен өміріндегі зорлық-зомбылықтың тұтқынында жүреді. Келеңсіз тәжірибе, өзіміздің жеңсіктігімізге қасиетті емес бір нәрсеге қарауға мәжбүр етеді, сондықтан, біз оны Киелі Құдайдан көлегейлеп жасыруға талпыныс жасаймыз. Көптеген адамдардың тез арада сексті Жаратушының біздің өтіп кеткен тәжірибемізді есесін толтыратынын және оны дәріптеуге күш-қуатының бар екендігін ұмытып кететіні, таңғаларлық.

Біздің ұятымыз назарымызды өзіне аударғанымызды және оны Құдайдан көз тайдыруымызды күтеді. Ол бізді бұғаулайды және Жаратушы Иенің мейірімі мен береке-құтын қабыл алмау үшін мәжбүрлеуге тырысады. Тұтас алғанда, арлану, ұялу іспетті болып көрінетін бізді тәкаппарлық жағдайына назар аудартуы мүмкін. Біз Құдайдың мейірбандығын жете бағаламаймыз, біздің өміріміздегі осы ашыналық аясын сауықтыру үшін, Оның жасағанының бәрі де, жеткіліксіз тәрізді. Біз оны сүйіспеншіліктің шамшырағына шығарудың орнына, үшін, жанымызды күйзелткен ауруды іште сақтап, іркіп қала береміз. Жаратушы Иенің өткен өмірде оларды жеңсіктігі жағынан қорғамағанын сезетін адамдар, жиі жағдайда, Оны өзінің қазіргі күніндегі жағдайларды қорғауға шақыруға қорқады. Мәселе, Құдайдың сізді ешқашан тастап кетпегенінде болып отыр; болып өткен нәрсенің бәрі де, адамның күнәлы болып қалуының салдарынан болған. Некесі қиылған өмірдегі және жеңсіктікпен рақаттану кезінде, күнәның немесе зорлықтың жалған ұятына ашыналық жақындықтың толысуымен рахаттанудан ұстап тұруына жол бермеңіз. Жаратушы Ие біздің тәніміздің әрбір бөлшегін сауықтырып, оны біртұтас қылып жасуды аңсайды.

Біз жас жұбайлар болған кезімізде, көптеген мәсіхші жұптар тәрізді біз, біздің некеді берген антымыз өткен өмірдегі сексуалдық ізтаңбаларды жойып жібереді де, бізге жұмаққа баратын жолды ашады деп ойлайтын едік. Біз біздің махаббатымыздың және арнауымыздың себебінен, бұрынғы өмірдің ешқандай күдігі біздің болашақтағы өміріміздің баспалдағынан аттай алмайды деп ойладық. Бізге тұрақты ашыналық қарымқатынасымыз өзіншіл әдеттер мен ұятты ұмыттырып жіберетіндей болып көрінді. Өкінішке орай, біз қателескен екенбіз. Және де осы жерде біз, біздің шешімдеріміз бен ашылған сырымыздың бізге бостандық алып келгенін көрсету үшін, өзіміздің ғажайып оқиғаларымызды әңгімелеп берейік деп отырмыз.

Ешқандай өткен өмірдегі дағдылар мен сәтсіздіктер Құдайдың балаларын жаңа сексуалдық мұрадан айыра алмайды. Бірақ, тек Құдай ғана, біздің жеңсіктігімізді дәріштеп, өтіп кеткен сонау бір

кездегі, қазіргі және болашақтағы жіберген қателіктеріміздің орнын өтей алады. Және тек, оның рақымының арқасында, жұбайлар төсегі құшырлану мен сүйіспеншілікті сезінетін орын болады.

Сіздің бұрынғы өгіп кеткен өміріңіз қандай болса да, Жаратушы Ие түбегейлі және толығымен сіздің жеңсіктігіңізді қалпына келтіруді қалайды. Алайда, сіздің бастан кешірген немесе іске асырған әрекеттеріңіздің барлығымен салыстырғанда, Оның рақымы анағұрлым артығырақ екені даусыз. Әйтсе де, сіз Оны өзіңіздің жеңсіктігіңіздің Тәңірі қылмайынша, оның рахатына алуға болмайды. Оның алдында жүрегіңіздің сырын ашыңыз, өзіңіздің мойынсұнғұштығыңызды мойындаңыз. Ол сіздің сексуалдық шатасуыңызды асқан тамаша түске айналдырып, қайта өзгертеді.

Жар төсегін құрметтеу

“Некеге барлығың да құрметпен қарап, жар төсегін былғамандар!
Азғындар және неке адалдығын бұзғандар Құдайдың сотына түспек”
(Евр. 13:14).

Егер сіздің некеңізде түсінбеушілік болатын болса, онда солардың барлығы төсекте айқын көрінеді. Жар төсегінде ыңтықтың жетіспеушілігі сексуалдық төмен қалауына емес, қарым-қатынаста болып жатқан қиындығына байланысты. Жасырылған мәселелер осал жерлерде көрсетіледі, ал біз сексуалдық қатынас жасаған кезде нағыз осалды боламыз.

Жыныстық қатынастың ең маңызды қағидасы - бір-біріне құрмет көрсету. Кейбір ерлі-зайыптылар жар төсегінің еш арамдалмайтын қате түсініп, ойына келген неше түрлі сұмдықтарды жасайды екен. Олар алданып жүреді.

Біз әлі де үйленбей жүргенде, келешекті жұбайымызға өзімізді таза ұстау арқылы жар төсегімізді құрметтейміз. Неке адалдығын сақтап жүріп, неше түрлі нәпсіқұмарлықтан (порнография, ұятсыздыққа немесе табиғаттан тыс сексуалдық қатынас жасамау) аулақ жүру арқылы

төсек қатынасымызға құрмет көрсетеміз. Жар төсегі неше түрлі құмарлықтарымен қасиетті етілмейді де, қайта осындай сұмдықтар жасау арқылы жыныстық қатынасты арамдап, ерлі-зайыптыларды содан шынайы рахат көруге кедергі жасайды. Алдағы өткен тарауда айтқанымыздай, біз жұбайларымыздың мүдделеріне қарай қызметкөрсетеміз де, сол арқылы жар төсегін құрметтейміз де. Жұбайымызға төсек қатынасы арқылы қызмет көрсету дегеніміз Құдайдың киелілігі жайында анықтамасына сәйкес оның мүдделерін құрметтеу.

Кейбір кезде, тіпті қалау болмаған кезде де, күйеуімізбен төсек қатынас жасау арқылы оған қызмет көрсетеміз. Адамдардың жасы ұлғайған сайын, жыныстық қатынас жасауға деген ынтасы азайып барады да, соған қатты назар аудармаймыз да. Біз сексуалдық қатынасқа жолдасымызға деген дененің тартылымдығына сүйеніп қарамаймыз. Бұл сырластық ішкі – дүниенің тартылымдығы болып кетеді. Құдай төсек қатынасты еркек пен әйелдің арасындағы тығыз байланыс ретінде жаратты да, сізді содан рахат көруге ештеңе кедергі жасамау керек. (Дәл сол сияқты, жолдасыңыз төсек қатынас жасағысы келмеген кезде, өзімізді ғана қанағаттандыру үшін оған мәжбүр етпеуіміз керек. Біз жар төсегімізді құрметтелі етіп, жасымыз елуде болып, осы қатынасымыз жиырма жасындағы болғаннан одан бетер жақсы болып барады. Төсек қатынас адамның жасына не соны қалай жақсы жасайтынына байланысты емес. Соның мәнісі сендер бірге кім екендеріңе байланысты.

Жыныстық қатынас жасаған кезде, біз отыз жылдан асқан бірге тұратынымызды тойлағандай күй кешеміз. Біздің қуаныштарымыз, қайғылы жағдай және қиындықтарымыз, әрі жетістікке жеткеніміз жар төсегімізге құндылықты қосып, соған жаңа мәнін беріп отырады. Біздің рухани, ішкі-дүниеміздегі әрі тәндік қатынасымыз таза болып, шынайы рахат алуында көрінеді. Жасаған төсек қатынасымыздың мәдениеті Құдайдың құтқаратын құдіреті жайында қуәландырады да, осы қатынасымыздың әуелден бастап, осы күнге дейін қалай өсіп дамып келе жатқанын көрсетеді.

2 күн

Лизаның өзі туралы әңгімесі

Джон екеуіміздің жасаған әр түрлі жыныстық күнәларымыз некемізге нашар әсер еткен еді. Джон өзінің жыныстық азғырылуымен рухани күресіп, соған қарсы тұрған кезде, менің де рухани күресім болған еді. Мен колледжде оқып жүрген кезімде, он тоғыз жасымда, тәртіпсіз жыныстық қатынасқа түскен болатынмын. Сол әрекетімнің жиырма екі жасымда тұрмысқа шыққан кезде, сондай үлкен кедергі жасайтынын білген жоқпын.

Менің әке-шешем сексуалдық қатынас туралы айтқанда, соны тек некеге тұрғанда ғана жасауға болатынын айтатын болса да, дегенмен не үшін екенін түсіндірмеген болатын. Олардың жыныстық аурулар жұқтырып, тұрмысқа шықпаған жүкті болып қалған қыз маскара болып, әбден ұят болады деп қорқытатыны ғана есімде қалды. Сол уақыттарда, менің әке-шешемнің некесінің бұзылуына аз ғана уақыт қалды, олардың сөздері және іс-әрекеттері сәйкес болмайтын еді. Менің әкемнің және әжемнің басқа адамдармен төсек қатынастары көп еді. Біздің үйде өзін таза ұстау әрі ізгі болу жайында ешқашан айтылмайтын. Дегенмен, мен қалағанымның бәрін істеуіме болатыны, соның салдарын ойланып, тек әке-шешем біліп қоймаса болды деп шештім.

Мен колледжде оқығанда, тек өзім сүйетін жігітпен төсекке жататын боламын да, жүкті болудан сақтандыруға жауапкершілік аламын деп өзім сияқты басқа құрдастарым осы ережені орындайтын болды. Кейбір кезде, құрбыларымды жүктілікті болдырмайтын дәрі жазып беру үшін, дәрігерге жетектеп апаратынмын.

Кейін мен Джонмен таныстым, онымен алғашқы кездескен күні ол мені Исаға әкелді. Мен сол кезде жиырма бір жаста болатынмын. Мен сол кеште ақ мен Киелі Рухқа кенеліп, барлық дерттерімнен сауықтырылдым. Джонмен сөйлескенімде, өзім байқамай оған: “мен жаным таза болып кеткеніне қатты қуанып отырмын” дей салдым.

Кейін осындай бір түрлі сөздері қалай айта салғанымға аң-таң болдым. Мен жаны таза болу мен киелі болудың арасындағы айырмашылықты білмейтін едім. Тек жақсы көретін жігіттермен бірге жату ғана тәртіпті болумен бірдей деп санап жүргенім есіңізде ме? Мен Исаны жаңа қабылдаған болсам да, ой санам әлі жаңарған емес еді.

Біраз уақыттан кейін, біз бірге жүре бастағанда, Джон осы сөздерді ұмытып кетеді деп үміттендім. Ол маған: “Өзімізді пәк таза сақтағанымызға қатты қуанып отырмын” дегенде, мен содан қорқып, қатты уайымдап кеттім. Сол кезде мен: “Бұл түк те рухани сәбидің айтқан сөздері еді” деп айқай салғым келді. Мен басқа адамдарға шешім қабылдағанымның салдары осынша ауыр бола алатынын сонда ғана түсіне бастадым.

Мен Джонмен бірге болуға лайықты емес екенімді сезіне бастадым да, Құдайды қатты сүйіп, өзіме қамқорлық жасайтын адаммен бірге тұруға ерекше мүмкіндікті пайдалануды тырысуға көрінген сияқты болды. Құдайға жалбарынып сиыну үшін далаға шықтым. Мен кешірілгенімді білдім де, дегенмен, өткен уақыттағы төсек қатынас жасағанымның салдарына бола өзім өкініп айыпталғандай сезіндім.

Содан кейін Джонмен сөйлесуге бардым. Алайда, Джонға өзімнің ұят қылықтарым жайында айтпастан бұрын, ол маған: “Саған мына Киелі Жазбаның бір аятын оқысам, қарсы болмайсың ба? Сол аят туралы пікірді сенімен бөлісу керек екендігін сездім” деген еді.

Джон мына аятты оқи бастады: “Сонымен, Мәсіхпен байланыстырылған әркім жаңа адам болып, ескі өмірі өтіп кетті” (Қор. 2 хат 5:17).

Ол жалғастырып: “Осы бір түрлі естіледі деп білемін. Дегенмен, Құдай саған “ескі өмірі өтіп кетті” деп мұны айтқанымды қалайтынын сезіп отырмын. Енді сен жаңа адамсың, сен былайша пәк таза сияқтысың” деді.

Осы сөздерді естіп отырғанда, менің жүрегім айни бастайды. “Мен пәк таза емеспін, соны айтқым келді саған” деп жауап қаттым.

Джон маған қолын тигізіп, иығымнан құшақтап маған былай деді: “Егер Жаратқан Ие саған пәк тазасың деген болса, онда Онымен таласатын кіміз?”. Сол кезде ақ менің ұятым жоқ болып кетті.

Дегенмен де мен өзімнің жыныс әрекетіне күйректігімді, махаббатта емес, нәпсіқұмарлығыммен ояттым. Мен тұрмысқа шыққан кезімде, мен сүйгім келді, бірақ, қалай сүю керек екенін білмедім. Тұрмысқа шыққанға дейін мен, жыныстық қатынасты бір жаман, тыйым салынған және жол бергісіз нәрсе деп есептедім. Ал енді, тұрмысқа шыққан кезімде, ол Құдай үшін және адамдар үшін, жақсы және маңызды бола бастады. Мен бұл өткелден қалай өтетінімді білген жоқпын.

Біз Джон екеуіміздің оңаша қалған кезімізде, мен бұрында колледжде көріп, тамашалаған қандай да бір сұмдық әдепсіз фильмнен алынған суреттер кенеттен менің көз алдымда пайда болатын. Немесе мен бұрынғы жүрген жігітіммен сексуалды байланыстарым жөніндегі естеліктерді еске түсіріп ұялғанымнан, өзімнің нәпсіқұмарлығымды басып тастауға талпыныс жасап, мен тұйық болып кеттім. Бұл маскара жағдай еді!

Мен Джонға өзімді беруім керек болғанда, өткен жасаған қылықтарыма байланғанымды байқаппын. Джон өзіме лайықты болса да, дегенмен, өткен уақытта жасаған қателерімнен ұялып, солардан азат бола алмай жүрдім. Мен жаман ойларыммен және өз ұятыммен күресіп жүретінмін. Мен соларға қарсы тұра аламай, беріліп кететінмін. Сол уақытта, мен ішкі жан-дүниесінің байланысын үзіп, тұқымды қуалайтын қарғыстарды алып тастайтын Құдайдың күдіреті жайында біліп алдым.

Біз осы кітапта жанұяға тиген яғни тұқым қуалайтын қарғыстар туралы жаздық. Менің тұқымымда азғындық пен сенімсіздік билік

жүргізетін еді. Солардан бас тартуым керек болды. Сонымен қатар, өзімді қалпына келтіру үшін мен басқа жігіттермен ішкі жан-дүниесінің байланыстарын үзуге тиісті болдым. Киелі Жазбаның жазғанына қарап алайық:

“Денелеріңнің Мәсіхтің рухани денесінің мүшелері екенін білмейсіңдер ме? Мәсіхтің бір мүшесін қайсыбір жезөкшенің дене мүшесі етіп қоюға бола ма? Жоқ, мүлдем болмайды! Әлде жезөкшемен жақын-дасқан кісінің онымен біртұтас болатынын білмейсіңдер ме? Себебі Тауратта “Екеуі біртұтас болады” делінген ғой” (Қор. 1 хат 6:15-16).

Менімен бірге болған жігіттерді жүргіштер деп айта алмасам да, демек, Құдайдың Сөзі шындық екенін түсінейік. Мен олармен біртұтас болдым да, сонымен Джонмен некенің келісімін жасаған едім. Олармен әрбір кездесу және айырылатын сәттерде менің жан дүниемнің бөлшектерге қақ айырылатыны соншалықты, ең сонында, сексуалдық байланыстарымның нәтижесінде өзімнің пәктігімді, адалдығымды, бүтіндігімді жоғалттым. Алайда, егер біздің сексуалдық тазалығымыз ласталған не жоғалған болса, соны Жаратқан Ие ғана қалпына келтіре алады. Тек Құдай ғана арамдалған нәрсені киелі әрі таза қыла алады. Тек Ол ғана бізге “бастарымызға шашқан күл орнына әшекейлі тәж кигізе алады”.

Егер сенің сексуалдығың өткен азғындықпен (сансыз төсек қатынастармен, порнография және мастурбациямен, немесе одан басқа жаман қылықпен) арамданып, қоздырылған болса, мына қалпына келтіру мінажатпен дұға етуге тағы да ұсынамыз. Өзіңізді рухани дайындап, тек жұбайыңызбен, немесе жақын досыңызбен, не рухани жетекшімен, не болмаса Киелі Рухтың көмегімен бірге мінажат етіңіз. Сіз дауыстап былай мінажат етіңіз:

Көктегі Әке,

Менің күнәларымның құнын өтуге Өзіңнің Рухани Ұлыңды жіберген үшін алғысымды білдіремін. Мен Мәсіхпен тығыз байланысып, ескінің барлығын өтіп кетіп, енді жаңасы пайда болды. Қорын-

тықтарға арналған хатында жазылғандай (Қор. 2 хат 5:21) Иса мені таза мен әділді ету үшін, Өз мойнына күнәларымды артты. Енді мен таза адаммын. Мен өзімнің де, ата-бабаларымның де барлық жыныстық күнәларынан, арамдылықтан, азғындықтан әрі төсек қатынас талай рет жасағанымнан бас тартамын. (Жасаған күнәларыңыздың Құдайдың алдында аттарын айтыңыз. Оның алдында соларды айтуға ұялмаңыз да. Оған бәрі айқын. Ол сіздің жасаған күнәларыңызды біледі де, солардан азат етуді қалайды. Содан дайын болғанда, жалғастырып мінажат етіңіз).

Әке, рухани семсеріңді алып, барлық ласталған сексуалдық және ішкі жан дүниемнің байланыстарын үзіп—кесіп таста. (Киелі Рухты тындап, кез келген естіген атын айтыңыз. Сіздің ұзақ уақыт қарым-қатынасыңыз болмаған, бірақ, тек жұбайыңызбен немесе Құтқарушыңызбен болуға тиісті, олармен әсерлену жағынан немесе тән жақындығымен байланысты болсаңыз, сол адамдардың аттарын естуіңіз әбден мүмкін).

Сіз әрбіреуінің атын аттап шыққаннан кейін, былай мінажат етіңіз:

Әке осы адамдардан жан-дүниемнің әр бөлшегімді алу үшін Өзіңнің періштелеріңді жібере гәріші. Өзіңе арналып, ұнамды өмір сүру үшін әрі өзімнің таза болу үшін Киелі Рухың арқылы солардың барлығын қайтарып бер гәр.

Әке, мен бұзылған өмірімнен бас тартамын. Көз алдымда ұнамсыз, азғындықты елестетіп жүргенім үшін кешірім сұраймын. Забур жырына негізделіп, арам нәрселерге көз салмауға және жүрегімді таза ұстауға уәде беремін. Мен кез келген арам рухардан бас тартамын, және де оларға өміріме әсер етпеуге бұйырамын.

Әке, мені Исаның киелі қанымен тазартшы, өйткені, соның ғана бізді құтқаруға және тазалауға құдіретін жетеді. Өзімді Киелі Үйің болуға арнаймын да, осы киелі үйінің рухынан, жан-дүниесіне әрі денесінен әрбір ластануын алып таста. Мені Киелі Рухыңмен толтыра гәр. Маған дайындаған барлық игіліктерді көріп-есту үшін көзімді әрі құлағымызды аша гәр. Мен сенің меншігіңмін. Сенің еркін өмірімде орындалсын. Аумин.

3 күн

Джонның өзі туралы әңгімесі

Мен үйленбей жүріп, келешектегі әйелім үшін өзімді таза ұстап жүргенмен, бейәдеп суретті көруге және мастурбацияға құмар болып, соған тәуелді едім. Үйленгенімде, содан толық азат етілемін деп жүріп, осы құмарлықты некеге кіргіздім. Содан еш азат бола алмадым. Некеге тұрғанымның көп жылдан бері, осы нәпсіқұмарлыққа қарсы тұруға қатты тырыстым да. Сол сексуалдық күнәлар біздің төсек қатынасымызға үлкен кедергі жасайтын. Өзім де жасап жүрген қылықтарымнан ұялып қысылып жүрдім. Осы құмарлықтарға тәуелді болғым келмей, қаншама солардан азат болуға тырысқанмен, соған жете алмадым. Мен өзгерістер болса екен деп қатты аңсап жүрдім.

1984 жылы, мен қауымға келген қонақтарды күтіп алатынмын. Бір күні, мен өзім қатты сыйлатын, бір Құдайдың қызметшісіне не нәрсемен рухани күресіп жүргенім туралы айтып бердім. Сол кісі адамдарға рухани азаттыққа жетуге ерекше қызмет ететін. Мен іштей “маған азат болуға осы кісіден басқа ешкім көмектесе алмас!” деп ойлап, оған барлығын айтып бердім.

Ол маған күтпеген жауап берді: “Соны доғар!” -деп айтты.

“Сен мұны тастауың керек” -деп қорытынды шығарды.

Мен оған: “жаксы, қоямын” дедім де, “мен үшін мінажат етіңізші” деп өтінішім жасадым.

Әлгі кісі мен үшін мінажат етті де, бірақ ештеңе болмады. Сонда мен: “Мүмкін, маған сол қызметшінен күшті басқа адам көмектесетін шығар” деп ойлап едім. Бірақ, тағы басқа біреу бар ма, жоқ па, ойыма ешкім келмейтін. Өзімді осы күнәға әбден батып кеткенімді сезіндім.

Тоғыз айдың шамасында менің досым өз үйінде біраз тұруға маған рұқсат етті. Мен соның үйінде тек бір мақсатпен яғни азат бо-

луға келдім. “Уа, Құдай мен азат болуға тиістімін” деп келіп едім. Сол күні, 6 мамырда, 1985 жылы, мен керемет жолмен азат етілдім.

Азат болғанымнан бірнеше ай болғанда, мен Құдайға былай сұрақ қойдым: “Құдай, мен соны түсінбейді екенмін. Менің азат болу үшін мінажат еткенде, неге азат етіле алмадым? Мен Құдайдың қызметшісіне күнәларымды ашық мойындау үшін күш салғанымның бәрі бекер еді ме?”

Құдай мінажат етуімнің өзгергеніне назарымды аудартты. Мен көп уақыттан бері былай мінажат ететінмін: “Уа, Құдай, мені пайдаланшы, мен арқылы керемет жасай гөрші”. Осы сөздер мінажат еткенімнің өзегі болды. Мен тек өзімнің берекелі болуға әрі қызмет етудің мақсатына жету үшін мінажат ететінмін. Күнәдан азат болудың не Құдайды, не Лизаны сүю мақсатын көздеген емеспін. Бір күні дайындалған қызметке кіруге кедергі жасайтын болатынынан қорқып жүрдім. Өзімшіл болып Құдаймен тығыз байланыста тұруға әрі мені ерекше өзгертетін Құдайдың құдіретіне жол бермейтінмін.

Содан кейін жүрегім өзгеріп, мүлдем басқа, өзгеше мінажат ете бастадым: “Уа, Тәңір Сені жақыннан танып білгім келеді. Екеуіміздің аразымызда ешқандай бөгет болмасын” деп осылай дейтінмін. Өзімнен бас тартып, Жаратқан Иеге назар аудара бастадым. Өзіме қарап жүрмей, Құдайға назар аударғанда, өмірім Оның рақымының қуатымен ашыла бастады да. Ол мені азат етіп, жеңсіктігіме пәктіктік, адалдық әрі бүтіндікті қайтадан қалпына келтірді. Мен Құдай үшін өкіну дегенді түсіне білдім.

Құдай үшін өкініп, Оған бет бұру

“Себебі Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет адамның Оған бет бұрып, құтқарылуына түрткі болады. Ол кейін соған өкінбейді де. Ал күнәкар дүниелік қайғы-қасіреттің нәтижесі — рухани өлім” (Қор. 2 хат 7:10).

Мен көп жылдан бері өзімнің нәпсіқұмарлыққа беріліп, тәуелді болғанымға өкініп жүрген едім. Мен бағана айтқанымдай, осы

күнәнің құлдығында болғанымды қаламай, істеген қылықтарымнан жиіркендім. Көптеген адамдар жасаған күнәларына бола қайғырып, өкініп жүреді. Алайда, Құдайдың еркімен болған қайғы-қасіреті Оған бет бұруға әрі өзгеруіне түрткі болады, ал дүниелік қайғы-қасіреті өзгертпей адамға үкім шығарып, айыптайды.

Осы дүниенің қайғы-қасіреті адамның өзіне ғана қаратады да, өзімшілдікке негізделеді. Сол қайғы-қасіретінің көрсеткішісі-адамның көңілі қалуы және өз-өзін аяп жүруы, өйткені адам тек өз күшіне сүйеніп, күнәдан азат бола алмайтыны анық көрініп тұрады. Бұл Құдайдың құдіретін көрмей, соның үмітіне көңіл аудартпайды, сонымен қатар, рухани өлімге апарады.

Ал Құдайдың еркімен қайғы-қасіреті адамның өзін-өзі аяп жүруіне және өзімшілдікке қаратпайды. Бұл Құдайдың Өзіне назар аудартады. Қиын болсада, бұл қайғы-қасірет болашаққа үміт береді, өйткені соның құдіреті бізді қасиетті, таза етіп, өзгертіп жаңа күш береді. Құдайдың еркімен қайғы-қасірет біраз қиындық әкелсе де, соның нәтижесінде, қуаныш пен шынайы өмір пайда болады.

Осы дүниелік қайғы-қасіреті мені құмарлықтарым да, қатты ұстап тұратын. Құдай мен пайдаланшы деп мінажат еткенімде, өзімді аса діншіл екенімді сезіндім де, шын мәнінде, бұл жасырылған менмендік болғаны екен. Мен өзімнің мүдделеріме бола азат болуға тырыстым. Ал Құдайдың жүрегін жасаған күнәларым арқылы ауыртқаным жайында ойлағам да жоқ.

Көптеген адамдар тек өздері кінәлі екенін сезінбеу үшін, болашақтағы жетістікке жетуге немесе айыпталмау үшін ғана азат болғылары келеді екен. Қорқынышқа және қорғанысына негізделген қайғы адамның өзгеруіне түрткі бермейді.

Біз Құдайдың жүрегін білместен, Оған жақын болмасақ, Тәңірге ұқсас бола алмаймыз. Біздің өзгеретін ниетіміз-Оған жақын болу. Біз Құдаймен тығыз байланыста болу арқылы ғана күнәдан азат етіліп, соған қарсы тұра аламыз. Біз Құдайға мойынсұнып, жақын-

даған сайын, Ол Өзін ашылып, өзгеруге әрі таза киелі өмір сүруге күшін сыйлайды.

“Ал Тәңір Ие бізге (арам құмарлықтарға қарсы тұруға) рақымын мольнан сыйлайды. Сол себептен де Киелі жазбаларда мынадай сөздер бар: Құдай тәкаппарларға қарсылық жасайды, “ал езілген кішіпейілдерге рақымын сыйлайды”. Сонымен, Құдайға мойынсұнындар, эзезіл шайтанға қарсы тұрындар, сонда ол сендерден қашып кетеді. Құдайға жақындандар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, колдарынды жамандық атаулыдан жуып тазартындар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырындар! Өкініп, зар еңіреп жыландар, күлкілерің қайғыға, қуаныштарың қасіретке айналсын! Жаратқан Иенің алдында бой ұсынындар, сонда Ол сендерді жоғарылатпак” (Жакып 4:6-10).

Құдай бізді неше түрлі арам құмарлықтардан әрі ескі күнәкар болмысымыздың қылықтарынан азат етіп, жоғарылатады. Ол бізді азаттыққа бола тұра, азаттыққа жеткізді. Дегенмен, Азат етушіні танып білмейтін болсақ, ешқашан азат бола алмайды екенбіз. Егер сіз шыныменде күнәдан азат болғыңыз келсе, онда Құдайдың бет-жүзін әрі Оның жүрегін іздеңіз. Осындай тығыз байланыс, Оның жолынан тайып кеткен сайын, жүрегіңізде Құдайдың еркімен қайғы-қасірет тудырады да, Құдай және өзіңіздің арасындаға қарым-қатынасын нығайтып, азаттықта тұруға күш береді.

Сіз Құдайдың баласы болғандықтан, үкім шығарылмайтынын есіңізде ұстаңыз. Егер сізге азаттық алуға бір нәрсе кедергі жасайтын болса, онда пендемін деп өзіңізді ақтап, сылтау іздемеңіз. Жіберген қатеңіздің салдарынан ұялмаңыз да, қайта Құдайдың құтқаратын күдіретінің рақымына сүйеніп жүріңіз.

“Енді Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы адамдарға Құдай жазауа үкімін шығармайды. (Олар өздерінің ескі күнәкар болмысының емес, Құдайдың Киелі Рухының қалауына сай өмір сүреді.) Себебі Иса Мәсіхпен тығыз байланыстырып, жаңа өмір сыйлаған Киелі Рух мені күнәлі құмарлық пен рухани өлімнің күштеуінен азат етті” (Рим. 8:1-2).

Порнография және жыныстық қатынас

Мен (Джон) үйленсем, порнографиядан азат етілемін деп қателесіп жүрдім де, бірақ үйленгеннен кейін одан да жаман қиналып кеттім. Кейбір ерлі-зайыптылардың мендей қиналып жүргенін біліп алдым; осы бейәдеп суреттің құмарлығы тұрмыстағы әйелге де, үйлі болған еркекке де, бойдақтарға да, тұрмысқа шықпаған қыздарға да өте жаман әсер етеді. Соның нәтижесі нашар болады және жұбайларға төсек қатынасынан рахаттануға кедергі жасайды.

Кейбір кеңес беруші мәсіхшілер ерлі-зайыптыларға төсек қатынасын ынталандыру үшін, жақсы ету үшін порнографияны көру керектігін айтқаны туралы естігенімізде, аң-таң болдым. Бұл сұмдық іс, осыны істеуге болмайды ғой! Егер олай ететін болсаңыз, біраз уақыттан кейін, мына нәпсіқұмарлық сізді құлдыққа түсіріп, төсек қатынасыңыздың адалдығын құртып кетеді.

“... Адамның көзі тойымсыз” (Нақыл 27:20). Порнография адамдардың некеге дейінгі әрі үйленгеннен кейінгі қарым-қатынаста қауіп қатерде болады. Сіз жалғыз өзіңіз де, не жұбайыңызбен бірге адамдардың ұят істеген қылықтарын көрмеуге тиіс.

Порнография ескі күнәкар болмысымызды қанағаттандырып, уақытша рахат беріп, ынталандырса да, шамалы уақыттан кейін, ол сіздің жұбайыңыз және Құдаймен арасындағы тығыз қарым-қатынасыңызды бұзады. Ақырында ол жұбайыңызға да және өзіңізге бола риза болдырмайды. Порнография сексуалдық қатынасты ынталандыруы мүмкін, дегенмен, бұл сол қатынаста жасырылған мәселелерді шеше алмайды. Дегенмен, бейәдеп суретті көру, өмірге деген қызығушылықты тудыратын сияқты болып көрінгенімен, шын

мәнінде ол, соның салдарынан абыржып қалған, сенімсіздік білдіру мен қорғаусыз қалудың дүмпуін тудыратын өлім жібінің тұзағына әкеп түсіреді. Құдай жұбайлардың бір-біріне өмірлерін арнау арқылы төсек қатынастан рахат ету үшін жаратты. Бұл тек төсекке емес, арасындағы қатынасының барлық салаларына байланысты. Ал

порнографияны көруден рахаттану тек бір адамға қатысты. Сондай адамға басқа адаммен тығыз қарым-қатынас керек емес, тек қалау мен құмарлықты қанағатандырса болды. Порнографиядан қанағат алу, бұл Құдайдың екі адамға арналған төсек қатынасынан рахат көруден өзге басқа жалған ләззаты.

Ерлі-зайыптылар некесіне порнографияны енгізген кезде, олар өз жар төсегін басқа адамдармен былғап алады. Құдай соған қатты қарсы тұрады. Сексуалдық тәжірибесі екі өмірдің біртұтас келісімін бейнелейді. Некенің келісімінде үшінші адамға орын жоқ. Екеуінің арасындағы қасиетті, таза төсек қатынасты басқалардың қатысуымен арам етеді. Құдай біздің төсек қатынасымызды құрмет, оны таза сақтағанымызды қалайды, өйткені, Ол жар төсегінің адамдардың ең күшті рахат әрі шынайы қанағат болуын ниет етті.

4 күн

Жүректерді қорғау

Осы уақытқа дейін порнографиялық интернет сайттары ең әйгілі, көпшілікке мәлім интернет ресурстар еді (қазір солардың орнына қоғамдық сайттар басты). Интернеттегі сайтының оннан бірі порнографиялық сайт болып табылады. Американдықтардың 40 миллионнан астам осы сайттарды тұрақты түрде көріп отырады, әр секунд сайын 28, 258 интернеттің пайдаланушылары порнографияның сайттарына кіреді. Осындай сексуалдық нәпсіқұмарлық адамдарды әбден басып алғаны ешқашан болмаған.

Сексуалдық ынталандыру баламасының көп болғаны соншама шынайы төсек қатынастың орнын жеңсіктік басты. Киберсекс жар төсекті әрі некені құртуда. Жас еркектер эрекцияның дисфункциясынан киналып, порнографияны көрмесе, төсек қатынасын жаса алмайды. Олар әйелдерге қанағаттандырылмай, өздерінің виртуалдық сексуалдық байланысы табиғи әйелдермен қатынасынан айырым шығады.

Осы мәселе тек әйелдерге ғана қатысты емес, ал порнографиялық мазмұны бүкіләлемдік желінің шегінен тыс өтіп кетеді. Шама-лап айтқанда, әрбір бесінші әйел желіде апта сайын, бейәдеп суреттерді көреді. Бұдан басқа, ерлер де, әйелдер де өздерінің тәуелділігін эротикалық журналдар және кітаптармен қоректендіреді. Соңғылары әсіресе, әйелдер арасында көпшілікке мәлім болды.

Бейәдеп суреттер мен жыныстық күнәнің басқа да түрлері Құдайдың бастапқы ниетінің аясынан тыс болатын, қалыптан тыс сүйсінуді ұсынады. Дегенмен, тіпті өз жанының қиялындағы немесе экран алдындағы ұяттан безген сексуалдық мінез-құлықтың, қалыптан тыс рақаттануға қарағанда, терең зардаптары болады. Иса: “Ал Мен сендерге былай деймін: кім бір әйелге құмарта қараса, оның өз жүрегінде сол әйелмен неке адалдығын бұзғаны” деді (Матай. 5:28).

Порнографияны көру - неке адалдықты бұзумен бірдей болады және некеге қауіп төндіреді, себебі кез келген азғындық Құдайдың төсек қатынас жайындағы түсінігін бұрмалайды. “Ең бастысы, таза сақта жүрегінді, өйткені ол — өміріңнің қайнар көзі” (Накыл 4:23).

Жыныстық күнә біздің жүректерімізді арамдап, өмірімізді де, жанұямызды бұзып құртады. Бұл шындықты қайғылы статистика растайды, елу алты жағдайының ажырасудың себептердің бірі – адамдардың “порнографияның сайттарын көруге тәуелдігі”.

Кез келген күнә біздің өмірлік іс-әрекетке шабуыл жасайды. Біз мәсіхшілер болғандықтан, шайтан біздің рухымыз үшін соғысты жеңілген болса да, жанымызға бола шайқасады. Ол бізді шынайы өмірден ажырату үшін күнәнің құлдығына түсіруді көздейді (Жохан 10:10).

Мәсіх біздерді күнәдан азат етті де, бірақ егер біз күнәға жол беретін болсақ, азаттықта өмір сүре алмаймыз. Сол себептен Пауыл елші былай жазды:

“Сондықтан күнә ажалды тәндерінді билемесін! Яғни тәндеріңнің күнәлі құмарлықтарына еріп кетпендер! Дене мүшелеріңді күнә жасау үшін қолданып әділетсіздіктің құралы етпендер! Қайта, сендер рухани өлімнен шынайы өмірге өтіп келдіңдер; сондықтан өздеріңді

Құдайдың қызметіне *арнап, дене мүшелеріңді* де Оған бағыштап, оларға әділ істер істетіндер” (Рим. 6:12-13 курсив авторлармен белгілеп қойған).

“Дене мүшелеріңді” деген сөздер төсек қатынасымызды да Құдайға арнап, бағыштауымыз керек. Біз Жаратқан Иеге өмірлерімізді арнап, Оның Рухына сексуалды байланысымызды басқару арқылы Құдайды мадақтаймыз. Тәңір Ие бізге дайындап қойған жақсы өмір сүруден ұстатқан күнәнің құлдығынан әрі соның тұтқынан да азат етеді. Ол бізге азаттық, жұбайымызға жақындығын және шаттығын сыйлайтын төсек қатынасымыздың рахатпен бөлінеді. Қанға сіңіп кеткен жыныстық күнәлардан оңай азат етілетінін айтпаймыз. Пауыл былай деп жазды: “...күтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға бар күшімен ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!” (Филип. 2:12). Бізді киелі таза ету Құдайдың жұмысы болғанмен, ескі күнәкар болмысты басып алу оңай емес. Кейбір кезде, киелі таза өмірді нығайту үшін менмендікке әрі әртүрлі азғырылуына қарсы тұра беру керек. Алайда егер, біз Киелі Рухқа ішкі дүниемізде әрекет етуіне жол беретін болсақ, күнәға күрескеніміздің қиындығын басып алған рухани қуанышқа кенелетін боламыз.

Тазалықтың аяны

“Сендерді Құдай берген қамқорлықпен қызғыштай қорғап келемін. Өздеріңді бір-ақ “Күйеу” — Мәсікке “айттырып қойдым”, әрі пәк таза “қыз күйлерінде” ұзатқым келеді. Өззіл жыланның қулықпен Хауа ананы алдап, азғырғанындай, кейбіреулер сендердің де ой-саналарыңды Мәсікке деген адалдық пен пәк берілгендіктеріңнен ауытқытып жүрмесін деп уайымдаймын” (Қор. 2 хат 11:2-3).

Некенің пәктігі біздер туралы ғана емес, Мәсіктің Өз қалыңдығының тазалығы туралы мәлімдейді де. Қазіргі уақытта нәпсіқұмарлық, азғындық сенушілердің өмірлерін басып жатыр. Жанағы

зерттеу бойынша мәсіхшілердің ер адамдардың елу пайызы және әйелдердің жиырма бес пайызы порнографияның құмарлығына тәуелді. Көптеген еркектер мен әйелдер соған қарсы тұрып, азат етілу үшін сенуші бауырластарына рухани жағынан есеп беріп, өздерінің жағдайына дұға етуге көмек сұрауда. Олардың ниеттері және осындай істеп жүргені дұрыс, дегенмен, күнәнің күшін жою үшін тек рухани есеп беріп, өздерін тәртіпке шақырып, ұстамдылық таныту жеткілікті емес. Егер адам жыныстық күнәларға батып кете берсе, онда сыртқы ұстамдылық пен өз ерік күші де оны азаттыққа жеткізе алмайды. Егер тіпті адам өз-өзін ұстап жүретін болса да, ішкі жан-дүниесінде күнә билік жүргізе береді.

Біздің сыртқы жүріс тұрысымыз тек ақыл ойымыз жаңарып өзгеру арқылы ғана өзгеріске түседі. “Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпендер, қайта, ой-тілектерің Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгерсін! Осылай сендер Оның еркін — ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білетін боласындар” деп Пауыл өтінеді (Рим. 12:2). Біз рухани балалары болғандықтан күнәнің күшінен азатпыз (Рим. 6:19-23). Алайда рухани азаттықтан рахат алу үшін, ең алдымен, ой санамызды Құдайға өзгертуіне жол беру керек.

Біз Жаратқан Иеге уақытымызды арнап, Оған дұға етіп, Құдайдың Сөзін оқығанда, ой санамыз жаңарып өзгереді. Содан басқа амал жоқ. Біздің жүрегімізге егіліп жатқан әрі Киелі Рухпен бекітілген Құдайдың Сөзі күнәдан азаттыққа жеткізеді (Забур 118:1, Жакып 1:21). Көптеген мәсіхшілер жыңыстық күнәлар істегенінен ұялып, өкініп жүрсе де, деген өздеріне көмектесе алатын әрі азаттыққа жеткізет алатын Жаратқан Иеге бет бұрмайды.

Кейбір мәсіхшілер осы азғындық пен құмарлықтан құтылу үшін адамдарды қорқытып, рухани бақылап жүреді. Осындай тырысқаны адамдарға азаттық бере алмай, керісінше оларды екі жүзді етіп, одан да бетер күнәға батырады. Діни ережелер мен адамның ойынан шыққан заңдар біздерді күнәдан азат ете алмайды. Шындығын айтқанда, осындай ережелер мен заңдар күнә жасай беруге жағдайды

туғызады (Рим. 7 және Қор. 2 хат 3:6). Құдай біздің өз күшімізге әрі заңдарымызға сүйеніп рухани өмір сүргенімізді қаламайды, сонымен қатар Оны жақыннан танып біліп, бірге болуымызды аңсайды. Біз Әкеміздің сүйіспеншілігінде жүріп, Онымен тығыз байланыста тұрғанда пәк таза, киелі өмір сүре аламыз. Киелі Жазба былай дейді:

“Ал Мәсіхтің күнәларымызды алып тастауға келгенін де, Оның ешқандай күнә жасамағанын да білесіңдер. Сондықтан кім Мәсіхпен тығыз байланыста тұрса, сол күнә жасай бермейді. Күнә жасай беретін әркім *Оны көрген де, таныған да емес*” (Жохан 1 хат 3:5-6 курсив авторлармен белгілеп қойған).

Осы аятта “ginosko” деген грекше сөзі мына аудармасында “тану” деген сөзінің мағынасы “адамды жеке тығыз қарым-қатынаста тұру арқылы білу, онымен қатынасты жалғастыру” білдіреді. Біз Құдайды басқа адамдардың айтуы бойынша емес, жеке жақыннан танып білу арқылы ғана күнәдан азат бола аламыз.

Киелі Рухының жетелеуінде жүрген Жохан елші күнә жасай беретін мәсіхші Құдаймен тығыз байланыста тұрмайтыны деп айтты. Сондықтан, некемізге қауіп төндерітен күнәға қарсы тұру үшін біз Құдаймен тығыз қарым-қатынаста өсуіміз керек.

Егер күнә сіздің өміріңізде билік жүргізіп жатқан болса, онда Құдайға бет бұрып, Оған жүгіріп барыңыз. Сіз Мәсіхтің рақымын әрі сүйіспеншілігін үздіксіз танып білу арқылы ғана күнәдан арыла аласыз. Сіз Жаратқан Иеге мойынсұнғанда, Ол сіздің ой санаңызды жанартып, Мәсіхте болған азаттықты танып білу үшін бар кедергілерді алып тастайды.

“Ал Иемізге бет бұрғанда “перде” алынып тасталады. Иеміз — Рух, Иеміздің Рухы бар жерде азаттық бар. Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көрген дей мұқият көз жібереміз. Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден — Киелі Рухтан келеді” (Қор. 2 хат 3:16-18).

Құдай біздің өз күшімізбен жыныстық әрі басқа күнәларға қарсы тұруымызды қаламайды. Ол сіздің пәк таза, киелі әрі адалдық өмір сүруіңізді қалайды. Сіз Құдайдың сүйіспеншілігіне бола, Оған деген сүйіспеншілік өсе берсе, өміріңіз жаңарып, Оған құрмет көрсетуді аңсайтын боласыз. Сіз Жаратқан Иенің еркіне мойынсұнып, Оның жолымен жүретін болсаңыз, Исадай өмір сүруге күш-қуатына бөленесіз. Пауыл елші Филип қаласындағы сенушілері үшін былай мінажат етті:

“Мен Оған сиынып, былай деп тілеп отырмын: сендердің сүйіспеншіліктеріңмен қатар жан-жақты рухани білімдерің мен көрегендіктерің бұдан да арта берсін. Соның нәтижесінде әр жағдайда ненің ізгілікті екенін ажырата білсеңдер екен деймін. Осылай сендер Мәсіх қайта оралар күні мінсіз пәк болып, Иса Мәсіхтің көмегімен молынан әділ іс-әрекеттер жасап келген боласындар. Содан Құдайдың ұлылығы көрініп, мадақталмақ” (Филип. 1:9-11).

Егер біз төсек қатынасымыз Мәсіхке ұнамды болғанын қалайтын болсақ, онда біз өміріміздің кез келген мезгілінде жұбайымызбен жақындығына бола рахаттанамыз.

5 күн

Төсек қатынасының мезгілдері

“Өз уақыты бар әр нәрсенің, осы дүниеде істелінетін, әр істің мезгілі бар өзінің” (Уағыз. 3:1).

Уақыт деген өмірдің салаларының көбігінде жай маңызды ғана нәрсе емес, бұл өмірдің өзі деп саналады. Егер өмірімізде мезгілдер болса, әр мақсатының орындалуының өзі уақыты болса, онда төсек қатынасының мезгілдері де болады да. Әр жылдың төрт маусымы бар, сонымен қатар некенің де маусымы бар. Сонымен, төсек қатынастың мезгілдеріне қарап шығайық.

Көктем: бірінші онкүндік

Мысал келтіру үшін жыныстық қатынастың әр мезгілін некесі қиылған өмірдің он жылдығына ұқсатып анықтайық. Ерлі-зайыптылардың екеуінің жасы жиырма сегізге дейік. Бірге тұрған алғашқы он жылдық бұл, (28-38 жас) пәктіктің мезгілі және жаңа бастамасы, яғни, көктем деп атайық. Көктемнің мүмкіндіктері өте көп.

Бірінші онжылдық - бұл өмірдің жаңа жыныстық қатынастың бастамасы, ерлі-зайыптылардың үміттерінің, әрі ашылуының мезгілі. Олар үйленбей жүріп, ғашықтың барлығы, некеге тұрғанда, соның көктемінде бар сезімдері іске асады. Сіздердің әрқайсыңыз жеке кім екендеріңізді түсініп, сонымен қатар отбасын бірге құрасыздар. Төсектегі қатынастың әр саласы жаңа болып келеді.

Егер сіздер балаларды туамыз деп жоспарлайтын болсаңыздар, баланы көтерудің қиындығы әрі қуанышын түсінетін боласыздар. Балалар туғанда, төсек қатынасыңыз өзгереді. Сіздер тек екі ғашықтар ғана болмай, әке-шеше боласыздар. Балаларыңыз ұйқыңызды бұзып, бөлмеңізде бірге ұйықтайтын болады.

Бұл өмірдің өте қызық мезгілі екен. Маған (Лизаға) кішкентай балаларымызды емізу қатты ұнайтын. Ұлдарымды бір тіпті, екі жасына дейін емізетінмін. Содан бір мәселе пайда болды. Мен балаларыма қамқорлық жасағаным соншама, өз отағасым туралы ұмытып кететінмін. Жас ана балалары мен күйеуінің арасын таңдамауы керек, қолында ұстап жүрген балалары күйеуін ығыстырмауға тиіс.

Мен балаларымды әлдилеп ұйықтатып, оларға қамқорлық жасағанымнан рахаттанып, күйеуіме көңілді аз бөлетінмін. Джон ұлдарымызды сүйгеніне қарамастан, олар мен өзімнің арамыздағы ерекше тығыз байланыс болғанымдай, жолдасымда ондай болмайтынын ұмытып кететінмін. Ол маған қатты мұқтаж болса да, өзім балаларға одан артық керекпін деп санап жүрдім. Сонымен қатар, кейбір күйеулер өз қыздарына нәзік махаббат сезімдерін білдіретіні соншалықты, әйелдеріне соны ашық көрсетуге ұмытып қалады.

Балаларға қамқорлық көрсете беріңіздер, бір-біріңіз туралы да ұмытпаңыздар. Бір біріңізге уақыт арнаңыздар. Бірге оңаша болу үшін балаларыңызды ертерек жатқызыңыздар. Бірге ғана ұйықтамай, міндеттерін бөліп беріңіздер сөйтіп некенің жүгін бірге көтересіздер. Өз жұбайыңызбен өз мұқтаждықтар және уайымдарыңыз туралы ашық түрде сөйлесіңіздер. “Мен сенімен бірге көп болмағанымды сағындым, бірге болу үшін не істеуім керек?” деп түсінбеушілік болмау үшін осыны айту жеткілікті болады. Осы бірінші онжылдықтың ішінде бір біріңіздің сексуалдық жақтарын біліп алыңыздар. Бір-біріңізбен сол жайында сөйлесіңіздер. Осы некенің маусымында, жаз бен күз кезінде егін ору үшін көктемде бақты салғаныңыздай жыныстық қатынасқа қамқорлық жасаңыздар.

Жаз: екінші онкүндік

Көктем біздердің үмітімізді нығайтса, жаздың кезінде Құдайдың берген аяны жаңарып, терең дем алғымыз келеді. Осы маусымда өміріміз гүлденеді. Ерлі-зайыптылар маңсапқа жетіп, әке-шеше болу ықтимал. Егер жанұяда балалар болса, олар өсе келіп, өмірдің тамаша кезіне жетті де, ал балалары өскен уақытта ата-аналар өз міндеттерінде қалыптасып танылды.

Сіздер жаздың кезінің бірде бір сәтін босқа жібергілеріңіз келмейді. Балалар мектепке оқиғанда не үйірмесіне қатысқанда, не жұмыстан босанғанда, жыныстық қатынаста болу үшін, уақыт пайдалануға мәжбүр боласыздар. Бағыңыздың көктемгі кезі жемісті болғанда, жаз уақытта соның жемісін жеп, көбірек рахаттануға қалайтын боласыз. Егер бірінші онжылдықта некенің бағына жақсы қарамаған болсаңыз, жаздың маусымында егуге әлі уақыт бар.

Жаздың кезінде бар өсімдік сондай-ақ арам шөп тез өсіп шығады. Тұқым егілген жүйектерін отап, бір-біріңізді сыйламайтын жағдайда арам шөп тез өсетінін біле түсіңіздер. Сол сіздің төсек қатынасыңызды “суара” беретін болсаңыз, сол одан да жақсы өсіп-

өніп жемісті болады, себебі сіздің бірге тұрғаныңызға он жыл болғанда, неке топырақты тыңайту секілді болады.

Жаздың маусымы-бұл ұзақ күндер, күлкі, пикник әрі тал түстегі найзағай. Біз “жаздың маусымында” күндіз уақытында төсек қатынас жасағанымызды байқап алдық. Өйткені, кешке қарай шаршап, ұйқымыз басып, балалар мектепте болғанша, сол мүмкіндікті жібергіміз келмей, кешке дейін күтуді қаламадық.

Күз: үшінші онкүндік

Келесі онжылдық күздің маусымы дейік. Қазіргі уақытта біз үшін осы маусым ең жақсы кез. Біз ыстық ашық күндер мен салқын түндерді ұнатамыз. Біз өзімізді еркін сезінеміз.

“Күз дегеніміз екінші көктем, әр жапырақ гүл болып есептеледі”.

— Альберт Камю

Күз бізге қатты ұнайды! Жастық кезіңізді қайтаруға тырысқанның орнына, күзге бола ризалық етіңіз. Бұл кезінде ерлі-зайыптылар төсек қатынасын жиірек жасайды. Жасыңыз елуден асқанда өміріңізді ағымы өзгеше болды. Балаларға сабақ істеуге, олардың мектептік немесе спорттық іс-шараларына барудың қажеті жоқ. Бір-бірімізге арнайтын уақыт өте көп. Біздер қыс қапыда баспасын деп, күздің мезгілінде не істейтінімізді жазып аламыз. Сонымен қатар біз сексуалдық өмірімізге жақсылап қарап, қамқорлық жасаймыз. Әрбіреуіміз өз денемізге жақсы қараймыз, пайдалы ас ішеміз де, таза ауада қыдырып, спортпен шұғылданамыз. Біз кездескен кезімізде далада бірге қыдырып жүрдік те, қазіргі уақытта да бірге серуендеп жүруді жақсы көреміз. Көптеген ерлі-зайыптылар “күз” келген кезде бірге тұрмайды. Балалары үйді тастап кеткен соң, олар бірге тұрса да, бір-біріне бөтен адамдар сияқты өмір сүреді. Осы

мезгілде әрбіреумізде таңдау бар. Біз не бұрын болған нәрселердің қазір солардың жоқтығына жылаймыз, не болашақта болатын нәрселерге қуанамыз. Біздің осы маусымға некенізді қалпына келтіретін мүмкіндікке ретінде қарауымыз керек. Сіз екі жасқа ұқсас боласыз да, сонымен қоса жасыңыз ұлғайып, ақылды даңа адамдар боласыз.

Қыс: қалған жылдар

*“Ең суық қыста мен ішкі жан –дүниемде тозбайтын
жас бар екендігін біліп алдым”.*

— Альберт Камю

Өтірік айтпасақ, кәрілік ауыр әрі әділсіз болып көрінеді. Джонның әке-шешесі соның ауыртпалықты жақсы көтереді. Олардың денсаулығы мықты болмағанына қарамастан, таза ауада жиі серуендеп жүреді, спортпен шұғылданады, достарымен дастарханның басында отырады, соған бола ажарлы адамдар болып жүреді. Осы екі ғашық осы күнге дейін бірге ұйықтайды. Бірге қартайғаны өте дұрыс, сонымен бірге өмірдің әр маусымында төсек қатынасы тамаша болады.

Уағыздаушы кітабында, жазушы былай деп айтады: “Құдай әр нәрсені өз уақытына сай көрікті етіп жаратты” (3:11). Әр іс өз уақытына сай көрікті болып көрінеді. Біз бірге қартайып, өз мауысымызға сәйкес би билегіміз келеді.

Мысалы: Олимпиялық ойындарына арналған Speedo деген шомылу костюмы әдемі болса да, бірақ мен (Лиза) егде ер адамдардың сондайды өздеріне киіп жүргенін көрсем, бетімді басқа жаққа бұрамын. Жас адамдарға арналған шомылу киімдері үлкен кісілерге жараспайды. Дегенмен, соған бола жүзуді доғару керектігін білдірмейді. Біз суға шомылғанда киетін киімді киіп, әдемі көрінбейтін болсақ, жүзуді қоймаймыз ғой. Жүзу және жыныстық қатынас жасау өмірдің әр маусымында жақсы бола береді, уақыт өте келе солардың барлығы өзгеше болып көрінеді.

Некеміздің көктемнің мезгілінде мен бикини киіп, суға түсіп шомылдым күнге күйіп жүрдім де, жаздың кезінде ана болып денемді жабатын шомылу костюмы кидім де. Енді күздің мезгілінде мен шорты мен топик киіп жүремін. Ал кім біледі, қыстың уақыты келгенде, мен юбканы бар шомылу костюмы киетін шығармын. Дегенмен, мен жүзуді қойматынымды білемін.

Мүмкін, біз көктемде сияқты суға жие түспейтін шығармыз, жаздың кезінде балаларымыз қасымызда деп қорықпай жүзетін боламыз. Бірақ біз өмірімізде болатын күзде де, қыста да жүзетін боламыз. Өйткені, төсек қатынас біздің мәңгі жазымыз болып қала береді.

Практикалық ұсыныстар

Сіз қай мезгілде өмір сүрсеңіз де, сол туралы сөйлесуіңіз керек. Егер сіз бойдақ, не тұрмыста болмасаңыз Құдайға іңкәр мен қалаулар жайында айтып береңіз. Бірдей ойлап жүрген досыңызбен сол туралы бөлісіп, бір-біріңізді жігерлендіріңіздер. Егер сіз үйлі не тұрмыста болсаңыз онда өз жұбайыңызға жан-сезіміңіз, жүрегіңіздің түпкіріндегін айтып береңіз.

Шындығын айтқанда, үйренгісі келетін әр адам, жыныстық қатынас жасауы мезгілінде де өсе алады. Ер адамдар барлық нәрсеге логикамен қарайды. Олар: “Егер осы қалыпта он рет жақсы болса, онда несіне соны өзгерту керек?” деп ойлайды. Әйелдер, егер сендер төсек қатынасында өзгерістер болғанын қаласандар, онда күйеулеріңе соны айтыңдар. Мысалы, оларға: “мені мойнымнан сүйгеніңді ұнатамын” деуге болады. Сендердің не қалағаныңды оны ойымен болжауға мәжбүрлемендер, – бұл жайында ашық айтыңдар.

Күн барысында, төсек қатынас жасай алмайтын жағдайда, өздерің емін еркін сезіну үшін бір-бірінді керек кезде жігерлендіріңдер. Бір-біріңе нәзіктікті көрсетіңдер. Төсек қатынас жайында сөйлесу керек болған жағдайда, далаға шығып, бірге серуендеп жүріңдер, сөйтіп әрбіреуің қате жасап жүргенін сезінбейтін болады. Журналдардың не

жазылғанына еш сенбеңдер, сендерде, некеңің кез келген саласындай, төсек қатынасты өз қалауыңа сай жасай аласыңдар.

Егер сендерге көмек керек болса, соны тауып алыңдар. Осы сырлы қатынасты назардан тыс қалдырмаңдар.

Біз өздеріміз мамандар болмағандықтан, жай ғана өз тәжірибемізбен және білімімізбен бөлісіп отырмыз. Біздің кеңесіміз жай қанағат іздеп жүрмей, төсек қатынастың жағындығын аңсайтын ерлі-зайыптыларға көмектеседі. Кейбір кезде ерлі-зайыптыларының бірі өз жұбайына мүдделі болмайтынын болуы мүмкін екендігін білеміз. Бұл ең қиын сексуалдық қабыл алмаушылық екендігін түсінеміз. Дегенмен, жұбайыңнан бас тартпай, Жаратқан Иеге бұрып, Оған жақындап алыңыз. Оның алдында жүрегіңізді ашып, бар сырларын айтыңыз, Оның сіздің некеңізді сауықтыратынына сеніңіз де. Сіз жұбайыңыздан төсек қатынас жасауға мәжбүр етсеңіз де, ешқандай нәтижеге келмейсіз.

Қиындықтар келіп, жұбайыңыз шаршағандықтан не ауырғандықтан сізбен бірге бола алмайтын кездері болатынын білеміз. Дәрігермен сөйлесіп, не істеу керектігін ақылдасыңыз.

Біз сіздер үшін өмірлеріңізді ешқашан таусылмайтын іңкәр болсын әрі Құдайдың киелі келісіміне негізделген және өткен жасаған қателеріңізді кесіріне қарамастан төсек қатынас керемет болсын деп дұға етіп тілейміз. Бір-біріңе деген махаббатың сендерді толтыра берсін!

ТӨСЕК ҚАТЫНАСЫНЫҢ ШАТТЫҒЫ

Құдайым жарылқай көрсін “бұлағыңды”, қанағат ет жастай алған қосағыңды Ол еліктей сұлу, тауешкідей әсем, үнемі ләззат тап кеудесінен, мас бола бер махаббатына әрдайым.

— Нақыл сөз 5:19-20

Құдай адамзат күнәға батар алдында төсек қатынасты жаратты. Ол бұның тек неке қарым-қатынастың ішінде болуын бекітіп қойды да, соны жақсы екенін көрді. Бұл өте керемет екен. Еркек пен әйелдің арасындағы махабатының одан күшті әрі тығыз қарым-қатынастан басқа жоқ. Сіз некеңіздегі төсек қатынасқа қалай қарайсыз? Сіз соған Құдай берген таза позитивтік бейнесіне ретінде қарайсыз ба? Олай болса, қандай себептен қарайсыз?

Сіздің өткендегі сексуалдық тәжірибе қандай болмаса да, Көктегі Әке жұбайыңыздың арасыңыздағы төсек қатынасына бата беріп, соны жақтырып ұнатады. Төсек қатынас жөнінде жазылған мына аяттарды оқып алыңыз:

Құдайым жарылқай көрсін “бұлағыңды”, қанағат ет жастай алған қосағыңды. Ол еліктей сұлу, тауешкідей әсем, үнемі ләззат тап кеудесінен, мас бола бер махаббатына әрдайым.

— Нақыл сөз 5:18, 19

Күйеуі әйеліне, ал әйелі күйеуіне тиісті ықылас көрсетулері керек.

— Қор. 1 хат 7:3

Некеге барлығың да құрметпен қарап, жар төсегін былғамандар!
Азғындар және неке адалдығын бұзғандар Құдайдың сотына түспек.

— Евр. 13:4

Шындықты айтыңыз, сіз некеңіздің өмірінде төсек қатынас қандай орын алады? Сіз соны шыдайсыз ба, әлді одан рахат көресіз бе? Осы аяттар сізге төсек қатынасқа жаңаша қарауға қалай көмектеседі?

Жаратқан Ие Таңдаулы Ән кітабында бізге жақсы жыныстық қатынас жайында айтады. Сіз осы қатынастан рахат алу жөнінде аяттарды әсіресе 4 және 7 тарауларда зертеп, Тәңір Иеден Оның еркіне сай жар төсегіне дұрыс қарауға көмектесуді сұраңыз.

Төсек қатынастағы ең маңызды міндеті-жұбайына құрмет көрсету. Төсек қатынасыңызды былғап, арамдайтын іс-әрекеттер бар ма?

Еврейлерге арналған хатының он үшінші тарауында төртінші аятында, құрмет көрсету туралы айтылған, соның терең мағынада жай құрмет емес, сонымен қатар, ерлі-зайыптылар төсекті таза сақтап, соны лайықты, құнды, бағалы етіп әрі асыл болуды есептеуге тиіс. Некедегі жыныстық қатынасты сақтау үшін және оның абыройын көтеру үшін қандай практикалық іс-әрекеттер жасай аласыз?

ЖАРАЛЫ ЖҮРЕКТЕРДІ САУЫҚТЫРУ

Жаралы жүректерді сауықтырар, қайғы-қасіреттерін Ол жұбатар.

— Забур 146:3

Арамыздағы көбіміз өткенде қате шешім қабылдағанымыздың әсіресе күнәкар жыныстық байланыс жасағанымыздың нәтижесінде жанымыздағы жаралары мен ауыртпалықтары бар. Бірақ даналыққа толы бізбен Иса Мәсіх арқылы тығыз қарым-қатынаста тұрғысы келетін Көктегі Әкеміз сауықтырып, қалпына келтіре алатын жолды көрсеткісі келеді. Пауыл елші Титке арналған хатында Құдайдың сүйіспеншілігінің күдіретін сипаттайды:

“Бір кезде біз де түйсіксіз болып, тіл алмай, азғырылып, түрлі құмарлықтар мен ләззаттың құлы болдық. Өмірімізді қара ниеттілікпен, күншілдікпен өткізіп, басқаларға жексұрын болып, бір-бірімізді де жек көрдік. Алайда Құтқарушы Құдайымыз Өзінің қайырымын және адамзатқа деген зор сүйіспеншілігін айқын көрсеткенде бізді құтқарды. Ол бізді жасаған әділ істерімізге бола емес, Өзінің мейіріміне бола күнәдан жуып тазартып, Киелі Рухы арқылы рухани қайта туғызып жаңартты. Құдай бізді Өзінің Киелі Рухына Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің арқасында молынан кенелтті. Осылай біз Құдайдың рақымымен ақталдық, Оның сыйлайтын игіліктерінен үлестерімізді алып, *Онымен тығыз қарым-қатынасымыз қалпына келді, жаңа өмірді берді де*”.

— Тит. 3:3-7 курсив авторлармен белгілеп қойған.

Сіздің немесе жұбайыңыздың өткен өмірінде өз жолдасыңызға лайықсыз немесе төсек қатынастан рахат алуға лайықты емеспін деп өзіңізді сезінетін кездер болды ма? Тыныш жерде отырып, сол жайында ойланып көріңіз де, дұға етіңіз. Егер Киелі Рух сізге бір нәрсе көрсетсе, соны жазып, Оған сеніп тапсырыңыз.

Сіздер бір-біріңізге жүректеріңіздің түкпірін ашып бөлісіңіз. Киелі Рухқа дұға етіп, жүректеріңізді сауықтыруға және де жоғалғанды қалтын келтіруін сұраңыз.

Құдай тек сізді Оған ашып бергеніңізді ғана таза киелі ете алады. Адал болып, өзіңізді алдамаңыз. Сіз Одан төсек қатынастың бір саланы жасырып жүріп жатқан жоқсыз ба? Сіз сексуалдық өмірдің бір бөлігіне “Бөтен адамдарға кіруге болмайды” деп жазуын іліп қойған жоқсыз ба? Егер ондай болса, қайсысы болғаны? Осы бөлігін не себептен жауып қойғаныңызды Киелі Рух ашып көрсетуін сұраңыз. Ол сізге не ашқанын жазып алыңыз.

Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды, соған көбірек назар аударыңдар!

— Қор. 2 хат 5:17 The Message

Біз Мәсіхті қабылдағанда, жүректеріміз сауығып, жаңарып таза болды. Біз Исаға алғашқы рет сиынғанымызда сол пайда болды. Енді мына Киелі Жазбаларының аяттарын мұқият оқып, ойланып алыңыз: Заң. Қайталау 6:5; Забур 118:2; Нақыл сөздер 3:5-8; Еремия 29:11-14; Марка 12:29-30.

Киелі Рух сізге осы аяттар арқылы некеңіз және төсек қатынасыңыз туралы не ашып берді?

ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ ЕРКІНДІК

*Сондықтан кім Мәсіхпен тығыз байланыста тұрса,
сол күнә жасай бермейді.*

— Жохан 1 хат 3:6

Біз Киелі Рухтың арқасында, Мәсіхпен тығыз байланыста тұрғанда, кез келген күнәдан азат боламыз. Тығыз байланыста тұру дегеніміз тығыз қарым-қатынас жасауды білдіреді. Дәуіт пайғамбар, Пауыл елші, Мәриям деген қыз Құдаймен тығыз байланыста тұрудан басқа еш нәрсеге аңсамаған. Тығыз қарым-қатынаста тұру деген “Мәсіхпен тығыз байланыста тұру”. “Мәсіхпен тығыз байланыста тұру” деген сөз Жаңа Келісімде жүз реттен көп айтылады. Иса біздерді Өзімен тығыз байланыста тұруды аңсайды. Біз Мәсіхпен қалай тығыз қарым-қатынаста тұра аламыз? Оған жеке уақыт арнап, ерекше көңіл бөлу.

Біз Құдаймен тұрақты түрде тығыз байланыста тұру үшін бір оңаша жерге баруымыз керек. Сол бөлек уақыт арнап, бар шаруаларымыздың артық болуға тиіс. Иса Тәңірмен жеке қарым-қатынаста тұрған адам Одан күш-қуатына бөленіп, отты сенуші болып, Құдайдың Патшалығының шексіз құдіретіне ие болады.

— Боб Сордж

Күнәдан азаттық Иса Мәсіхпен тығыз байланыста тұрудан келетіні сөзсіз. Сіз Онымен тығыз байланысыңызды қалай сипатта алар едіңіз? Сіз Онымен үздіксіз қатыста тұрып, уақытыңызды арнайсыз ба? Сізді Оны іздеуге не түрткі салады? Сіздің мінажат еткеніңіздің ниеті қандай? Одан дүниелік игіліктерін қабылдау ғана ма әлде Оны жеке танып білу ме?

Егер сіз үшін Исамен тығыз байланыста тұру ең бастысы болмаса, өзіңізді соттамаңыз. Оның алдында адал болып, рақымын сұраңыз. Осы сөздерді айтып, мінажат етіңіз:

Тәңір Иса мен Сені сүйемін, Өзіңді жеке танып білуді қалаймын, алайда қазіргі Сенімен қарым-қатынас қалағанымдай болмай жатыр. Сенің көмегіңе мұқтажбын. Өзіңді танып білудің аса маңыздылығы қандай екенін білуге рухани көзімді аша гөрші. Жүрегімнің түкпіріндегісін ашып көрсетші. Сенің өмірімді бірінші орында болуға не кедергі жасайтынын көрсетші. Сені өте қатты сүю үшін не істеуім керек? Сенің даналығыңды және рақымыдылығыңды сұраймын. Иса Мәсіх атынан, амин.

Тыныштықта отырып, Киелі Рух сізге не дейтініне назар аударыңыз. Соны жазып алып, сізден сұрағанын іске асыру үшін көмек сұраңыз.

Құдайдың бірінші орында болуына не кедергі жасайды?

Онымен тығыз байланыста тұруға қандай үлес қосуым керек:

ҚҰДАЙҒА УАҚЫТ АРНАП, ОНЫМЕН БІРГЕ БОЛЫҢЫЗ

Исамен тығыз байланыста болудың амалдарының бірі-Оның жүрегін біліп, азаттық жаңа деңгейіне жету. Құдаймен тілдесуге Оған мінажат етуге уақыт арнау үшін бір жерге баруға болады. “Құдаймен кездесу” деген қауымдағы қызметіне қатысу үшін немесе жұбайыңызбен бірге мінажат ету үшін де табиғатқа шығуға болады. Құдаймен оңаша бірге бірнеше күн болып, еш нәрсеге аланданды.

мағанда, сіздің өміріңізді де, некенізді де керемет өзгере алады. Бір жерге кетіп, Құдаймен бірге болуға уақыт арнаңыз. Өз күнтізбенізде соны ең маңызды етіп, жоспарлап белгілеп қойыңыз. Басқа шаруашылықпен айналыспай, ешқандай жұмыс істемеңіз де, тек Киелі Кітапты, қалам мен дәптерді алыңыз. Жаратқан Иенің сізге Өз жүрегін ашып, рақымдылығын молынан жаудыратын сәттерге дайын болыңыз!

Құпия бөлмесінің кереметтері жайында біліп алыңыз. Мына аяттарды оқыңыз:

Шежіре 2 жазба 16:27; Забур 15:11; 26:4-6; 30:19, 20; 90:1-16; Ишая 40:31; Жохан 15:4-8; Евр. 4:16.

4 күн. Күнделікті оқу

ДҰРЫС ҚАЛАУЛАРДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ

*Ал мен былай деймін: Киелі Рухтың күші мен жетегінде өмір сүріңдер,
сонда ескі күнәкар болмыстарыңның қалауы іске аспайды.*

— Ғал. 5:16

Мәсіх Өз қалыңдығында тазалық пен пәктіктің болғанын қалағанындай, неке адалдығы де соны көрсетуге тиіс. Құдай жаратқан төсектің қатынасында еш жамандық болмайды, Ол соны көтермелейді. Алайда, біз төсек қатынаста сұмдық қылықтар жасап, жаман әсерінің жетегінде әрекеттер жасайтын болсақ, солар Құдайдың ізгі атаған жар төсегіне қарсы шығады. Дұрыс қалауларды ынталандырағының жолы, ескі күнәкар болмысымызды рухани аштан қатыру, рухымызды Құдайдың Сөзімен, дұға етуімен тамақтандыру.

Киелі Кітап жыныстық қатынасты ізгі әрі ұнамды болып айтады (Таңдаулы ән кітабына қараңыз). Киелі Кітапты жазған авторлар Құдай берген дарын бұрмалап алатын адамдардың қабілеті бар екендігін әрі жыңыстық күнәларының тұзағы жайында жақсы білетін. Сол себептен қазіргі заманның төсек қатынасына некенің институты маңызды рольді атқарады. Төсек қатынасы, тек ерлі-зайыптылардың арасында болғаны қабылданады.

— Гэри Томас

Сіздің көріп естігендеріңіз ой мен рухыңызға кіріп кетеді. Сіздің көз құлағыңыз рух пен ішкі жан-дүниеніңіздің қақпасы болып табылады. Сіздің көріп естіп жүргеніңіз не ескі табиғаты не рухыңызды тамақтандырады.

Сіз ескі күнәкар болмысыңызды қалай тамақтандырыңызды ойланып көріңізші. Арам құмарлықтарды қоздырып оятатын фильмдерді, теле-шоуды көріп, жаман өлеңдерді тыңдап отырсыз

ба? Сіздің ой-санаңыз және жүрегіңіз кітап, журналдарды оқып немесе сайттарды көріп отырып арамдалды ма? Ал достарыңыздың әсері ше? Олардың біреуі сіздің жаман қылықтарыңызды қолдай ма?

Киелі Рухтан сізге жаман әсерін ашуын сұраңыз. Ол сізді кімнен немесе неден аулақ жүру керектігін айтады?

Біздің жүріс-тұрысымыз бен ой-санамыз, Құдайдың Сөзімен өзгерту арқылы өзгереді. Осы аяттар жайында ойланыңыз:

... Себебі Құдайдың сөзі тірі, әсері де күшті. Ол екі жүзді семсердің қайсысынан да өткір! Құдайдың сөзі бойымызға терең еніп, жан мен рухты айырып, буын мен жұлынға жеткен іспетті, жүрегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізді де әшкерелеп, бағалайды.

— Евр. 4:12

Ендеше, өздерінде қалған барлық арамдық пен жамандық атаулыны тастаңдар, жүректеріңе себіліп жатқан Ізгі хабарды кішіпейілділікпен қабылдаңдар! Ол сендерді күнәнің құлдығынан құтқара алады.

— Жакып 1:21

Менің сөздерім от сияқты емес пе? Ол тастың талқанын шығаратын балға сияқты емес пе? — деп сауал қояды Жаратқан Ие.

— Еремия 23:29

СОЛ АЯТТАР ЖАЙЫНДА ДА ОЙЛАНЫҢЫЗ: Иеш. Нұн 1:8; Забур 1:8; 118:103; Еремия 15:16; Рим. 12:1-2; Қол. 3:1-5; Петір 1 хат 2:2.

Сіз жыныстық қатынас, киелі пәктігі жайында Құдайдың Сөзімен рухыңызды қалай нығайтасыз? Жүрегіңізді Құдайдың шындығымен қалай толтыра аласыз? Киелі Рухқа сиынып, рухыңызды

нығайтуға және дұрыс қалауларды ынталандыруға қандай іс-әрекеттер жасауыңыз керек.

Егер сіз Киелі Рухтан сұрасаңыз, Ол сізге киелі таза өмір сүруге ынталандырып, төсек қатынасыңызды одан жақсы көтермелеуге көмектеседі.

ТІЛДЕСУ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС ЖАСАУ

Қайта, бір-бірімізге шындықты сүйіспеншілікпен айтамыз және қауымның Басы — Иса Мәсіхпен тығыз байланысымызда жан-жақты өсіп жетілеміз

— Ефес. 4:15

Тілдесу бұл некенің әр маусымның керемет төсек қатынасының кілті. Көптеген ерлі-зайыптылардың төсек қатынасының жағдайы “шындықты білмегендіктен” қиын болып кетеді (Ошия 4:6). Егер жұбайлар бірі-бірімен өздерінің қалаулары және ұнатқаны жайында сөйлеспесе, онда бір-бірін түсінбей, қиындыққа тап болатыны сөзсіз. Сіздер бір-біріңізге шындықты сүйіспеншілікпен сексуалдық қалаулар туралы айтатын болсаңыздар, сонда Құдай дайындаған некенің ұлылығында өсетін боласыздар. **Боб және Одри Мейснер** есімді уағыздаушылар мен авторлар былай дейді:

Сендер ең жақын достар әрі бір-біріңе ашық болыңдар – бұл сендердің жыныстық қатынастарыңның рахатын молаяды. Бір-біріңен не күткендерің, сонымен қоса қиындықтар мен мәселері жайындағы әңгімелер төсек қатынасын арттырып, жан жылуын әкеледі. Сізден өзінің сексуалдық қуатымен, ықыласымен және іс-әрекеттерімен ерекшеленетін сіздің жұбайыңыздың түсінігі, сіз үшін басымдық бола берсін. Шыдамды болыңыз, бір-біріңізді жақынырақ танып білу үшін, бүкіл өмір жетпейді.

Мына сөйлемдерді аяқтаңыз:

“Некеміздің қазіргі маусымында жыныстық қатынас жасауға ең жақсы уақыт қай кезде болады

”

Менің жұбайым төсек қатынас жасағанымызда, жағдайда өзін еркін сезінеді

Менің пікірімше, некенің қазіргі маусымында тұрақты түрде төсек қатынас жасауға ең үлкен кедергі жасайтыны

Қазіргі уақытта, жұбайымызбен төсек

Қатынасымыздағы бөліскім келетіні ең маңыздысы – бұл

Жұбайымызбен төсек қатынас жасағанымызда маған көбірек ұнайды.

Жұбайымызбен жыныстық қатынас жасаған кезде мен мүлдем ұнатпаймын.

Сіз жұбайыңызбен ашық түрде, ең болмағанда, бір рет өзіңізге не ұнайтыны, ненің ұнмайтыны туралы сөйлестіңіз бе? біз бір-біріміздің ойымыздың түкпірін біле алмағандықтан, сіздерді бір елсіз жерге барып, сол жайында сөйлесуге шақырамыз.

Шындықты сүйіспеншілікте айтып, Құдайдың рақымы үшін сиынып, жұбайының құндылықтары және қалауларын бағалау керектігін есіңізде ұстаңыз.

Күйеу, сен әйеліңе емес, өз жұмысыңа және балаларыңа көп уақыт арнап жүрсің бе? Сенің оның төсек қатынастағы қалауларын орындай алу үшін не істей аласың? Әйеліңе кішіпейілділікті танытып, өз пікірін айтуды сұрап, бірге мінажат етіңдер.

Әйел, жанұяң мен жұмысың күйеуіңмен жыныстық қатынас жасаудан артық болды ма? Оның төсек қатынастағы мүдделеріне сәйкес қалай қызмет ете аласың? Оған мойынсұнып, өз пікірімен бөлісуді сұрап, бірге мінажат етіңдер.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Егер сіз “Messenger” қызметінен “Неке жөніндегі оқиға” атты кітабы материалдарының бір тарауы ретінде оқитын болсаңыз, онда бесінші бейнесабақты көруіңізді өтінеміз.

- 1| Жаратылыстың басталуы кітабы бойынша Құдай еркекті топырақтан жаратып болған соң, әйелді жаратып, оған әкелген еді. Жар. 2:21-25 аяттарды мұқият оқыңыз. Еркектің өз әйелін алғашқы рет көргенде, әсері қандай еді? Құдайдың тілін алмай, күнәға батқаннан кейін әйеліне деген қандай көзқарасы болды? (Жар. 3:6-8 аяттарға қараңыз).
- 2| Сіз қазіргі заманда, Құдайдың мейірімділігі, кешірімділігі және рақымдылығы бізге қол жетімді және кез келген күнәні женуге көмекетесе алатынына сенесіз бе? Егер олай болса, онда неліктен көптеген адамдар жыңыстық күнәларынан азат бола алмай жүр? Егер сол күнәнің құлдығына түскен адаммен сөйлесетін болсаңыз, оның өткенде жасаған қателерінен рухани азаттықа жетуге әрі Құдайдың кешірімділігін және рақымын қабылдауға оған қандай жігер берер едіңіз?
- 3| Жар төсегін құрметтеу деген не, өз сөздеріңізбен түсіндіріп айта аласыз ба? Соны іс-әрекет кезінде қалай жүзеге асыруға болады? Төсек қатынас қалай былғанып арамданады?
- 4| Киелі жазба екі түрі қайғы-қасірет жайында айтады: осы дүниелік қайғы-қасіреті және Құдайдың еркіне сай қайғы-қасіреті. Екеуінің арасындағы болған айырмашылықтар, қасиеттер және нәтижелер жайында талқылап айтыңыздар.

Осы дүниелік қайғы-қасіреті

Құдайдың еркіне сай қайғы-қасіреті

- 5) Құдаймен тығыз байланыста тұру дегеніміз кез келген күнәдан сондай-ақ жыныстық күнәлардан азат ететін амал. Сол жайында тынышталып, ойланыңыз. Егер сіз өз күшіңізбен күнәдан азат етіліп, еркіндікте ұзақ уақыт жүретін болсаңыз, онда кейін сізге не болар еді деп қалай ойлайсыз? Сіздің Құдаймен және адамдармен қарым-қатынасыңызға қандай өзгерістер бола алар еді?

Біздің ескі күнәкар болмысымызда қандай да бір жақсылық бар ма екен? Рим. 7:18; Жохан 15:5; Филип. 3:3; Қор. 1 хат 10:12 оқыңыз.

- 6) Құдаймен тығыз байланыста тұрудан басқа, қазіргі заманның қоғамдығы итермелейтін жүгенсіз жүріс-тұрысынан және жаман ой-ниеттерінен әрі неше түрлі азғындықтан ақыл-санамызды, жүректерімізді, көз-құлақтарымызды қалай қорғай алуға болады? Жеке және қоғамдық өмірінде соны қалай іске асыруға болатыны жайында өз пікірлеріңізді айтыңыз.

Осы аяттар туралы ойланыңыз:

“Арам нәрселерге еш көз салмаймын” (Забур 100:3).

“Қыз-келіншектерге құмарта қарамауға көздеріммен келісім жасасып, оларды соған үйреттім” (Әйіп 31:1).

- 7) Сексуалдық пәктігін сақтаудың амалдың бірден бірі - некенің ішінде төсек қатынасқа қанағат етуі. Пауылдың Киелі Рухының жетелеуімен Қорынтықтарға арналған 1 хатында жазғанын мұқият оқыңыз (Қор. 1 хат 7:2-5). Киелі Рух сізге әрбір аятта не ашады? Осы мәтін төсек қатынасқа әрі жұбайыңызға сол жағынан қызмет көрсетуіңізге басқаша қарауға қалай өзгерте алады?

Жетекшілерге: топтарыңа қатысқан адамдарынан Киелі Кітаптың басқа аудармаларын осы аяттарды оқуын сұраңдар.

ТАРАУҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ ЖАСАУ

- Құдай сіздің төсек қатынасыңыздың керемет болғанын қалайды. Бұл Құдайдың еркіне сай соған келісіп, жататын бөлмеде жар төсегі құрметтеліп, соның тазалығынан басталады.
- Күнәнің ұятына бола және де соның зорлығын көргенінен төсек қатынасының толықтығынан әрі соның рахатынан сіздерді ұстатуға жол бермеңіз.
- Төсек қатынасының рахаты жұбайлар бір-бірін қанағатандырғысы келетін кезде ғана пайда болады. Төсек қатынас сіздің жұбайыңызбен рухани, жан-дүниесіндегі, тәндік жағынан біріктіріп, соның тазалығы мен пәктігіне бола қанағаттандырыласыз.
- Біз өзімізді Құдаймен тығыз байланыста тұруға және Оның өзгертетін құдіретіне жол беруге кедергі жасап болғандай, Оған назарымызды аударып, тығыз қарым-қатынаста тұруымыздың Жаратқан Иенің құдіретіне әрекет жасауға жол ашылады.
- Біз Құдайға уақыт арнап, Онымен қатынас жасап, Киелі Кітап оқығанда ақыл-санамыз өзгеріп, жүрегіміз тазартылады. Киелі Рухпен егіліп, бекітілген Тәңірдің Сөзі біздерді жыныстық күнәдан азат етеді.
- Некенің әрбір маусымы өзгеше болады. Бұның мағынасы-төсек қатынасыңыздың әрі өміріңіздің әр түрлі мезгілдері болады. Әр маусымда өзінің қиындықтары және қуанышты кездері болады. Бір-біріңізбен әр маусымның кезінде төсек қатынас жайында ашық сөйлесіп, уақыт арнап, әрқашан бірге болыңыздар.



— 6 ТАРАУ —

БАСЫНАН БАСТАҢЫЗДАР

*Бақытты болу үшін бір ғана жолы бар – бұл әр күнде бақытты болуға
шешім қабылдау.*

— Маргарет Бонанно

1 күн

Біздің балаларымыз кішкентай болған кезінде, мен (Лиза) оларға бір алма ағашының астында көміп тастаған қазына іздеп тауып алуға армандайтын бір кедей адам туралы халық ертегін әңгімелеп айтатынмын. Ол сол ағаш қай жерде өсіп тұрғаны білмесе де, жүрегі сол арманына толып, үміт беретін.

Әлгі кісінің өнім бермейтін бір үлкен ескі бақ болды да, үйіне кедейшілік келеді. Сол кедей адамның арманы болмаған кезде, бағын сатуға ойлап еді, алайда арман пайда болған кезде, ол жан сала еңбек ете бастайды. Ол сол ағашты тапқанша, маңдайынан терін төгіп, ауыр еңбек ететінін түсіне білді. Ынтасы болып, жұмыс істей бастап, әрбір алма ағашының айналасындағы топырағын қазады. Қаншама көбірек қазғанда, соншама сол қазынаны тауып алуға мүмкіншілігі көбейіп кетеді. Деген, соңғы алма ағашының топырағын қазып, қазынаны таппағанда, әлгі кісінің қабағын түйіп, көңілі түсіп қалады.

Дегенмен, әлгі кедей адам өзінің қазынасын тек келесі көктемде тауып алады. Ол бақтың ішінде серуендеп, алма ағаштардың жұпар иісті иіскеп жүреді. Оның барлық ескі ағаштар гүлденіп өсіп тұрады. Солардың әрбірі хош иісті шығарып, күздің уақытында мол өнім беретіні көрінетін.

Бұл адам қолында болған нәрсеге қамқорлық жасаған кезде, өз қазынаны тауып алған екен. Әрбір ағашының айналасындағы топырағын қаза бастағанда, өзі білмей, жерді кислородпен байытатын. Өнімсіз, құнарсыз болған топырақ жеміс бере бастады. Сол жылы және алдындағы жылдарда әлгі кісі отбасымен бірге ешқашан арман етпеген бақтың жемістерін жеген болатын!

Осы кітаптың басында некені ағашпен салыстырдық. Егер топырақ қатып қалған болса, ағаштың өсіп-өнім беруіне керекті нәрлі заттар және судың мөлшерін жеткілікті түрде қабылдамайды. Бірінші бес тараулардың ішінде біз сізге жерді қалай жұмсарту керектігін көрсеттік. Реніш, қорқыныш және өзімшілдіктің құртатын салдарын алып тастап, тамырларға нәрлі заттар әрі оттегі қабылдауға жол бересіз. Сіздер армандарыңызға және шешімдеріңізге бола құндылықтарды, некенің мақсаттарын және рөлдерін бекітіп алсаңыздар, болашақта некенің бұталарында үміт арта түсетінін көріп, қазынаны тауып аласыздар.

Әрбір неке әлі де көзге көрінбейтін егіндіктің уәделеріне негізделіп, берік тұрады. Біз өз міндеттерімізді орындайтын болсақ; яғни отбасымызды жүрегімізді қорғап сақтасақ, Құдай біздің отбасымызға Өзінің жарылқауы төгілуін бұйрық беріп, Өз міндетін орындайды. Кез келген өсімдік өркенінде, үлкен ағашта да, не біттей дәнінде барлығынында өсетін күші бар. Біздің Құдайымыз өнімсіз өсімдікті жемісті етеді. Ол ескінен жаңасы етіп, өлгенді қайта тірілтеді.

Барлық нәрсені жаңа ету

*Сүйіспеншілік өткен нәрсені өшіріп тастамайды,
ол болашақты өзгертеді.*

— Гэри Чапмэн

Енді қайтадан, соңғы рет барлығы басталған жеріне, пейіш бағына назар аударайық.

“Осылайша Құдай адамды (рухани жағынан) Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты. Құдай оларға оң басын беріп: “Өсіп-өніп көбейіңдер! Ұрпақтарың жайылып, жер бетін толтырыңдар! Оны өздеріңе бағындырып, теңіздегі балықтарға, аспандағы құстарға және жер бетіндегі барлық жануарларға билік жүргізіңдер!” — деді (Жар. 1:27-28).

Міне, бұл барлық уақытта бізге арналған Құдайдың мақсаты. Біздің өткендегі өміріміз, қорқыныштарымыз, қоршаған табиғат ортасының жағдайы нашарлануы Құдайдың алғашқы жоспарын бұзып алды. Мүмкін, сіздің Жаратқан Иенің жоспарын ешқашан орындай алмайтыңызға әрі Құдайдың барлық игіліктеріне ие болатыныңызға сенуіңіз өте қиын шығар. Батыл болыңыз. Құдайдың көмегінің арқасында әрбір өмір және әрбір неке жаңадан туылып, жана жолды баста алады.

“Таққа Отырған былай деді: Міне, Мен бәрін жаңасын жаратамын”
(Аян 21:5).

Құдай ескіні жай жаңартып қоймай, барлық жаңасын жаратады. Ол пейіш бағындағы ағаштарды яғни біздің күнәға батқанымыздың алып, соларды қайтадан жаңасын етіп жаратты. Жаратқан Ие біздерді мәңгілік қалада қарсы алу үшін, Өзінің рухани Ұлын өлім әкелетін ағаш арқылы өткізді де, сөйтіп біз сол қалаға кіріп, бүкіл адамзатты сауықтыратын мәңгілік өмір беретін ағаштың жемістерін жей аламыз. Біздің барлық жоғалғанымызды қайтадан қалпына кел-

тіре алуға Құдайдың құдіреті жетеді. Бұл некемізге де қатысты. Бізге қайтадан бастау үшін көмектесіп, бәрін жаңартады.

Өткен өмір өтіп кетіпті. Біз мұны ешқашан өзгерте алмаймызда, соған еш әсер ете алмаймыз. Бірақ уақытқа тәуелсіз, еш нәрсеге байланбаған Құдайымыз бар. Ол “Себебі Киелі Құдай деп аталған, мәңгі тірі дәріптелген Алла Тағала” (Ишая 57:15). Құдай өткендегі кінәміздің жойып алды да, болашақтағы тарихымызды жазуда. Құдайдың Патшалығында өткен құралған жоспарлар келешектігіне кедергі жаса алмайды. Оның мейірімі күн сайын жаңарып, уәделері біздерді күтуде. Ол мүмкін емес нәрсені іске асыруды жақсы көреді.

“Ал Тәңір Иеміз бізге әсер ететін Өзінің құдіреті арқылы біз сұрағаннан немесе ойлағаннан әлдеқайда көп нәрселерді істей алады...”
(Ефес. 3:20).

Құдай сізге де және екеуіңізге де берген рухани өнімді болу қабілеттілік, тиімділік және толықтық кез келген түсінігінен артық болады. Өткен күндерде мен апталарда некеңіз жайлы жазған армандар, мақсаттар мен қалауларыңыз жайында ойланып көріңіз. Құдай соларды жай ғана іске асырмай, одан да көп нәрселерді істегісі келеді. Құдай сіздің некеңіз арқылы Оның Көктегі Патшалығын жер бетінде бекіту үшін араларыңыздағы тығыз байланысты нығайтып, әсер етуін арттырғысы келеді. Ол сіздің ішкі жан-дүниеніңізде де, өздеріңіз арқылы да іс-әрекет жасағысы келеді. Сіз өткен тарауларды оқығанда, арман етуге батылыңыз жетпейтін шығар. Онда дәл қазір арман етуді бастап кетіңіз.

Қолынан келмейтін істі істеуге болатынын бір оқиғаны есімізге түсірейік. Бұл оқиға адамзат Құдайдың бұйырығына яғни жер бетін толтыруына қарсы шыққан кезінде болған еді. Адам-ата мен Хауа-ана Пейіш бағында Құдайға мойынсұнбаған сияқты, біздің түп-аталарымыз Көкке жеткізгісі келіп, жер бетін толтыруының орнына бір жерде жиналып, үлкен мұнарасы салайық десті. Сіз Құдайдың Бабыл мұнарасын салуды тоқтатуға мәжбүр болғанын білетін шығарсыз.

“Ал Жаратқан Ие көктен түсіп, адамдар тұрғызып жатқан қала мен мұнараға көз салып, былай деді: “Олар біртұтас халық болып, бірдей тілде сөйлеп, мынаны істей бастады. Бұдан былай олар ойындағыларын жүзеге асырмай қоймайтын болады. Енді Біз жерге түсіп, бірін-бірі түсінбеулері үшін олардың тілін шатастырып жіберейік” (Жар. 11:5-8).

Құдай олардың мұнарасын салуына жоспар қоймаса да, екі себепке бола яғни “біртұтас халық болып” және “бірдей тілде сөйлеп” дегенің нәтижесіне келе алатын еңбектерін бұзған да жоқ. Егер тіпті Құдайдың еркіне қара-қайшы шығатын мүмкін емес нәрсеге жету үшін осы екі шарт орындауға жеткілікті болса, онда Мәсіхте біртұтас болған екі адам істей алатыны қаншама зор болады.

Құдай некеңізге арналған “одан да жақсы игіліктеріне” жете бастағанда, осы бір мақсат пен бірдей тілде сөйлеу сіздерге өте маңызды болады. Сонымен, осы екі шартқа мұқият қарайық та, тілден бастап жіберейік.

2 күн

Көктегі тіл

“Жан дүниен неге толса, ауызың соны айтар...” (Лұқа 6:45).

Бұл кітаптың бес тараудың ішінде біз жүрегіңізде Құдайдың Сөзі жұмыс істеуіне жол берудің маңызды екендігін жаздық. Біз Құдайдың Сөзіне әрі Оның Рухына мойынсұнған кезде өзгереміз. Ішкі жан-дүние өзгермесе, адамның жүріс-тұрысы өзгермейтіні айтып түсіндірдік. Ал ішкі дүниеңіз өзгере бастағанда, көзге көрінетін жағдайлар да өзгертін болады. Сіздің сөйлеген сөздеріңіз жүрегіңізде Құдайдың жұмысы әрекеттер жасағанын дәлелдемесі болады.

Қандай жағдай болса да, бізде көктегі тілде сөйлейміз бе, бұ дүниедегі тілде сөйлейміз бе өзіміз тандайды екенбіз. Осы дүние көзге

көрінгенін ғана айтады. Ал Құдайдың Патшалығы шындықтың қайнар-көзіне сәйкес сөйлейді.

“Жаратқан Ие: “Менің ойым сендердің пікірлеріңнен өзге, Менің жолым сендердікінен басқа, — деп ескертеді. — Аспанның жерден қаншама жоғары болатынындай, Менің жолым да сендердікінен соншама жоғары, Менің ойым да пікірлеріңнен тым биік. Аспаннан жауған жанбыр мен қар аспанға бекер қайта оралмайды. Керісінше, олар жерді суарып, көгертіп, дақылдарды өсіріп шығарады да, диқанға себуге тұқым, халыққа жеуге нан береді. Менің аузымнан шыққан сөзім де соған ұқсайды: ол нәтиже берместен Өзіме қайта оралмайды. Керісінше, Менің сөзім еркімді толық орындап, көздеген мақсаттарымды жүзеге асырады” (Ишая 55:8-11).

Құдайдың тілімен сөйлеу үшін Құдайдың Сөзін білу керек. Ол біздің көргенімізді өзгертіп, көзге көрінетін нәрселерге қаратып, әлі орындалмаған уәделерін айтуға үйретеді. Құдайдың Сөзі бізді сенім тілінде сөйлеуді үйретеді де, ал сенім эмоционалдық немесе позитивтік көзқарасынан жоғары тұрады. Ол болашақта орындалатынына кәміл сенеді. Көктегі тілдің және бұ дүниедегі тілдің арасындағы айырмашылықтарынан мысал келтірейін:

Бұ дүние: “Үміт жоқ” дейді. Ал Құдайдың Патшалығы: “барлығы мүмкін” дейді.

Бұ дүние: “Барлық менен бас тартқан” дейді. Ал Көк: “Сен қабылдандың” дейді.

Бұ дүние: “Сен мені иемденіп тұрсың” дейді. Ал Көк: “Мен өз еркімен өзімді арнаймын” дейді.

Бұ дүние: “Кек аламын” дейді. Ал Көк “Сені кешіремін” дейді.

Бұ дүние: “Сенің құлың болмаймын” дейді. Ал Көк “Саған қызметші боламын” дейді.

Бұ дүние: “кемшіліктеріңді жек көремін” дейді. Ал Көк: “Сенің қабілетіңді көріп, кемшіліктеріңді сүйіспеншілігім жабады” дейді.

Бұ дүние: “Менің мұқтаждықтарыма қарамайсың” дейді. Ал Құдайдың Патшалығы “Мен сенің мұқтаждықтарыңды орындағым келеді” дейді.

Осы сөздер сізді жігерлендіре алады да, сонымен қатар, олар Құдайдың Сөзіне тамыржайған болса, сіздің мүмкіндіктеріңіз бен құқықтарыңызды бекітіп, кеңейте алады. Біз сіздің көктегі тілді үйреніп, Киелі Кітап бойынша әрекет жасап, некеңізде соны сөйлеп, ауызыңызбен ашық мойындауыңызды қалаймыз. Біз Құдайдың халқымыз бола тұра мынаны білеміз: “Уақытша көретін жеңіл азаптарымыз бізді өздерінен әлдеқайда зор, тіпті шексіз де мәңгілік ұлылыққа жеткізеді! Сонымен көзге көрінетін емес, көрінбейтін нәрселерге назар аударамыз. Себебі қазір көрініп тұрғандар өткінші, ал көрінбейтіндер мәңгі” (Қор. 2 хат 4:17-18).

Тілді өмір мен өлім билігі бар екендігін біліп, көзге көрінетін нәрселерді олардың пайда болғанын ретінде айта аламыз. (Накыл сөз 18:21 және Рим. 4:18). Құдайдың Сөзі сіздің ішкі дүниеніңізді қалыптастыра берсін.

Шындықты айту

“Қайта, бір-бірімізге шындықты сүйіспеншілікпен айтамыз және қауымның Басы — Иса Мәсіхпен тығыз байланысымызда жан-жақты өсіп жетілеміз” (Ефес. 4:15).

Көктегі тілде сөйлеу бұл, шындықты айту. Кез келген екпінмен сөйлеу бұл шындықты айту білдірмейді. Көктегі тілімен сөйлеу дегеніміз шындықты сүйіспеншілікпен айту.

Көптеген ерлі-зайыптылар, бір шектен екінші шекке шығып кетеді. Кейбір жұбайлар бір-біріне қатты сөгіс беру немесе төмендету үшін Құдайдың Сөзін пайдаланады. Кейбіреулер ашуланып, ызаланғанда, немесе ренішті сақтап, кек алу үшін шындықты айтады.

Басқалар өз жұбайларын ренжітпеу немесе үйде ұрыс-керіс болмау үшін шындықты басып, сүйіспеншілік өтірік көрсетіп, бәрі жақсы деп бола қалады. Уақыт өте келе көңілі қалады да, қатты ренжиді, біраздан барлығын сыртқа шығарады. Дауыны шешетін осы екі жол Исаға ұқсас болу үшін Құдайдың қалауын көрсетпейді.

Сіз күйеу немесе әйел бола тұра жұбайыңыздың кемшіліктерін жақсы білесіз. Оны ренжіту, ұялту не соттау үшін осы білімді пайдалана аласыз. Алайда біз олай істемейміз, өйткені бізде басқа мақсат бар. Біз жұбайларымызға қызмет көрсетуге әрі оларға ерекше қамқорлық жасауға өзімізді арнадық. Біздің сөйлеген сөздеріміз жұбайларымызды Исаға ұқсас болуға көмектеседі, алайда егер біз тілімізді ажалды қару ретінде пайдаланатын болсақ, мәңгілік өмірдің сөздерінің құнын сөздерін айта алмаймыз.

Егер біз жақсы отбасын құрғымыз келетін болса, онда біз жұбайымыздың жаман жүріс-тұрысын тоқтатуымыз керек, бірақ біз соны тек қолайлы уақытта және ыңғайлы орнында істеуіміз керек. Сіз жұбайыңызбен ұрысқанда оған кемшіліктері туралы айтқанда тиімсіз әрі пайдасыз болатындығын байқадыңыз ба? Керісінше, кекесінді ескертулер жағдайды нашарлатып, жүректерді жаралап, ұрыс-керістер одан бетер өршітеді. Егер сіз сөйлесу керек деп сезетін болсаңыз, жұбайыңыздың тынышталған сәтін күтіңіз. Егер жағдай жаман болып кете берсе, жұбайыңызбен кездесу туралы келісіп, онымен бір жерде оңаша сөйлесіңіз.

Құдайдың маған (Лизаға) сөйлегені есімде анық қалған: “Лиза, егер адам сенің айтқанын естуді қаласаң, онда өзің соны қалай естігің келсе солай айт”. Біз де: “Қай уақытта естігің келсе, сол уақытта айтуың керек” деп соған қосып айтқымыз келеді. Ұрыс кезінде бір-біріне шындықты айтпағандарыңыз жөн болады. Жұбайыңыз тынышталып, көңіл күйі сергек болса, сөгіс қабылдау дайын болған кезде ғана әшкерелеуге болады. Шаршаған кезде, оған демалуға мүмкіндік бергеніңіз дұрыс болады. Бір-біріңізді кешіріп, құшақтап, таңертен сұхбатыңызды жалғастырыңыз.

Сезімтал шындықты сүйіспеншілікте айту қажет. Адам өз кемшіліктерін немесе жасаған қателерінің көрсетілгенін ұнатпайды, алайда, егер ол өзгергісі келетін болса, сөгіс бергенінен үйреніп, соған рухани өсуге мүмкіндік ретінде пайдаланады.

Ақыл-кеңес берер алдында, өз ниеттеріңізді тексеріңіз. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: “Мен мұны сүйіспеншіліктен әлде өзіме пайда келтіру үшін ғана айтып отырмын ба? Жолдасымның амандығының қамын ойлаймын ба немесе кек алуға амалды іздеймін бе?”. Егер сіз жұбайыңызбен ұрысып тұрған кезде, оны ақылына үйретем деп ой болатын болса, онда сіз өзімшіл болғаныңыз. Сонымен, жолдасыңыз сізге не істесе де, оған сүйіспеншілікпен қарауға сіздің қолыңызда болады.

Адам ашулағанда, шындықты айту қиын болады. Егер сіз өз ауызыңызға ие бола алсаңыз онда екі нәтижесі шығады екен: сіз өзіңіздің дұрыс емес екендігін түсеңіз немесе тынышталып, жұбайыңызға есту керектігін бәрін жай айта аласыз. Біз азғана реніштердің болғанына назар аудармай, соларды Құдайға тапсыру керектігін білеміз. Алайда, жүректі жаралайтын реніштер бар екендігін түсінеміз де. Егер жолдасыңыз сізді қатты ренжіте берсе, ұнамсыз істер жасай берсе, онда осы жағдайда сөйлескеніңіз дұрыс болады. Алайда, сізге жауап қайтару керек болса, сізде оны ренжітуге құқы болмайды. Шындықты мына жолдарымен айтуға болады:

- Ниеттерді Құдайдың Сөзімен тексеру
- Дауды шешкенде, жұбайға емес, пайда болған мәселеге көбірек назар аудару
- Өз ауызына ие болу және жанды жаралайтын сөздерді айтпау
- Мейірімді болу
- Адал болу
- Үздіксіз үміттендіру
- Өзіңізге жұбайыңыз қалай сөйлегенін қаласаңыз, онымен солай да сөйлесу
- Дауды шешуге көмектесетін дұрыс сөздер пайдалану, дұрыс уақыт тауып алу және дұрыс жерде кездесу.

Сүлеймен пайғамбар былай деді: “темір темірді қайрайды, адам адамды қайрайды” (Накыл 27:17). Арамызда келіспеушілік пен түсінбеушілік болатыны сөзсіз дегенмен егер соларды дұрыс шешетін болсақ, біз рухани кемелдікке жетіп өсеміз.

Бірлікке қауіп төндіретін некенің мәселелерін тез шешу керек. Кішкентай реніштен жаралған жүрегімізді жөнде түрде емдемесек, олар терең жараларына айналып кетуі мүмкін. Көбінесе ерлі-зайыптылар бір-бірінің жүректерін қалай қатты жаралайтыны түсінбейді екен. Егер біз Құдайды сүйе тұра, бір-бірімізден уайымдарымыз жайында ашық сөйлесетін болсақ, онда бірлік пен татулық арта түсіп, біртұтастық өсе береді.

3 күн

Сүйіспеншіліктің тілі

Сонымен, біз азды көпті сөйлеген сөздеріміз және де соларды қалай айтатынымыз жайында талқылап алдық. Ал енді, біз “тілдің” басқа аспекті жайында сөйлесіп талқылайық. Біз төртінші тарауында егер жұбайлар бір-бірінің мүдделеріне қарап, қызмет ететін болса, онда олардың некесі мықты болады деп жаздық. Дәл осындай әр адам сүйіспеншілікті әр түрлі жолымен көрсетеді және соны әр түрлі жолымен қабылдайды. Сүйіспеншіліктің әр түрлі диалектерін түсіну үшін біздің қарым-қатынасымызды арттыруға көмектескен Гэри Чепменнің “Махаббаттың бес тілі” кітабын оқуға ұсынамыз.

Сізге осы маңызды екенін түсіну үшін біздің некеміздің мысалын келтіреміз. Менің (Лиза) махаббаттың көрсетудің көрсететін басты амалдары – уақыты сапалы өткізу және қызмет көрсету. Басқа сөздермен айтқанда Джонға сүйіспеншілікті көрсету үшін мен үйде қандай да бір шаруамен айналысамын (кірді жуамын, тамақты дай-

ындаймын, үйді жинаймын, балаларға қамқорлық жасаймын, сүрет саламын, бақ шаруашылықпен айналысамын). Сонымен қоса, мен онымен уақыт сапалы өткізу үшін сұхбаттасып, әңгімелеп отыруды жақсы көремін. Жалпы айтқанда, сүйіспеншілікті көрсетемін деп ойлап солардың бәрін істейтінмін.

Мен (Джон) бұған басқаша қараймын. Мен сүйіспеншілігімді басқа жолымен көрсетемін. Лиза дәмді тамақты пісіріп, кілемді қағып, плитканы аустырып жүрсе де, маған “сені сүйемін” дегенді ешқашан естіген жоқпын. Мен оған жылы сөздерді айтқан кезімде, оны құшақтағанда, ол да менен “сені сүйемін” деп те естімегендей болатын. Өйткені біз бір-бірімізге өзге тілдерде сөйлейтінбіз.

Неке жақсы болу үшін екеуі де өздерін бақытты сезіну керек те, ерлі-зайыптылар махаббаттын әрбіреуінің түсінікті жолымен көрсетуге тиіс. Сондықтан, жұбайлар өз сүйіспеншілігінің тілі қандай екенін бір-біріне айтып түсіндіру керек. Біз сіздерді Гари Чепменнің “Махаббаттың бес тілі” кітабын немесе осыны “www.5lovelanguages.com” интернет сайта оқуыңызды ұсынамыз. Кейін оқығаныңызды талқылаңыздар. Осы жайында бір-біріңізге айып тақпай, байсалды жай сөйлескендеріңіз жөн болады. Мысалы жұбайыңызға былай деуге болады: “Сен мынаны істегенде... осыны айтқанда өзімді сүйкімді болып сезінемін” деп әр қарай солай айта береңіз.

Жұбайыңыздың ұнатқанын біліп алып, соған сәйкес жылы сөздерді айтып, оған ұнайтынын істейтін болсаңыз, некенің махаббатының сөздігін көбейте аласыз. Соның нәтижесінде, көктегі тілімен сөйлеу әрі шындықты сүйіспеншілікпен айту арқылы некенің негізін бекітіп, нығайтады. Осы біріккен факторлар некенің одағының ішіндегісі бірдей тілді қалыптастырады.

Содан кейін, біз мүмкін емес нәрселерге жету үшін екінші жолды яғни бірлікті қалай нығайтуға болатыны туралы сөйлесеміз.

Құдайдың мақсатының туы астында

Иса қызмет етуден басқа бірлікті сақтаудың маңыздылығы жайында баса айтты. Жохан жазған Ізгі Хабарында, Иса сол түнде ұсталып берілер алдында, шәкірттерінің бірлікті сақтайтыны үшін мінажат етті:

“Мен бұлар үшін ғана емес, олардың айтқандары арқылы Маған сенетін барлық адамдар үшін де өтініп тұрмын. Әке, Мені Өзіңнің жібергендігіңе адамзаттың сенуі үшін, Сенің Менімен, Менің де Сенімен тығыз байланыста тұрғанымыздай, сенушілер де Екеуімізбен тығыз байланыста тұрып, бәрі біртұтас болсын деп өтінемін. Солар да Біз сияқты біртұтас болсын деп, Өзің Маған сыйлаған ұлылықты Мен оларға да бердім. Мен бұлармен тығыз байланыстамын, Сен де Менімен солайсың. Маған сенетіндер *толық бірлікке жетсін!* Осылайша Өзіңнің *Мені жібергеніңе әрі Мені қалай сүйсең, оларды да солай сүйетініңе адамзаттың көзі жетсін”* (Жохан 17:20-23 курсив авторлармен белгілеп қойған).

Бірлік Құдайдың ұлылығын айқын көрсетеді. Бұл адамзатты Құдаймен татуластыру жайындағы Оның рухани Ұлының құдіреті іс-әрекетінде көрсетіледі. Көптеген адамдар Ізгі Хабарды өз ақыл-ойымен жеткізуге немесе адамдарды соны қабылдауға мәжбүр етеді, алайда Құдайдың халқының арасында сүйіспеншілік көрсетілетін болса сонда ол осы күнәкар дүниеге нақты дәлелдеме болады. Бірлік тек Құдайдың Патшалығына кірмеген адамдарға куәлік болып ғана қалмай, біздер үшін үлкен артықшылық болып табылады. Жаратқан Ие бірлік бар жерге Өзінің жарылқауын төгеді (Забур 132). Сондықтан бірлік дегеніміз түнектің патшалығына екі есе қауіп төндіреді екен: Бұл Құдайдың халқына бата береді де, күнәкарларға Оның сүйіспеншілігін көрсетеді.

Сол себептен, шайтан некеде алауздықты туғызу үшін барлық күшін салады да, ал кез келген өзімшілдік пен қорқыныш соған

жол беретін болады. Бірлікті сақтау үшін шайтанға қарсы тұруға әрі ескі болмысымызды басуға ауыр еңбек етуге тиіспіз. Сол үшін бізге Құдайдың Рухының рақымдылығы және әрбір қиындықты женуге көмектесетін нақты мақсат қандай екендігін түсіну қажет. Ал енді, айтылғанын барлығын қорытып, Ефестіктерге арналған хатында (5:21) не жазылғанына қарайық:

“Сендер Мәсіхті қастерлейтіндіктен, бір-біріңе мойынсұнындар”

Біз өткен тарауда жұбайларының бір-біріне риясыз қызмет көрсетуге қандай міндеттерін атқарулары керектігін айттық. Ал енді, бірлікке жету үшін мойынсұны жайындағы толық түсінікті бергіміз келеді.

Ағылшын тілінде мойынсұну деген сөз “submission” болады, яғни “sub” деген сөзінің алды қосымшасы бір нәрсенің қарамағында болу, ал “mission” деген сөз бір тапсырманың астында болу мағына білдіреді. Сіздер жұбайлырдың міндеттерін және соларды іске асыру үшін жазып алуға көп уақыт жұмсадыңыздар. Сондықтан, бір-біріңізге мойынсұнудың сіздерге некеде әрбір тапсырманың үстінде одан да ұлы мақсат бар яғни Құдайдың ұлылығы және сүйіспеншілік көрсету керек екінін ескерту болсын. Жұбайлардың екеуі бірлікті сақтауға Құдайдың берген мақсатына мойынсұнуға тиісті.

Осындай көзқарас ерлі-зайыптыларға күшті әрі берік некені тұрғызуға жәрдем береді. Мойынсұну не ер адамның күшті болуға ал әйелдің әлсіз болуға тиісті не керісінше болу керек екендігін білдірмейді. Некенің мақсаты ұлы болғаны соншалықты, жұбайлардың екеуінен күшті болуды талап етеді. Біз “күшті” деп айтқанда, күшті жеке тұлғаны немесе адамның денелі қабілеті жайында білдірмейміз. Біз адамның үлес қосқандығы туралы айтамыз. Некенің ең маңыздысы біреуінен үстем болу емес, қайта бірге иелік ету.

Біздің отабысымыздың кейбір салаларында мен (Джон) Лизадан біліктімін. Лиза соған риза болып, маған жол береді. Дәл солай,

Лиза менен гөрі басқа салаларда біліктілікті көрсетіп келеді. Мен де оған сол жағынан қуанышпен жол беремін. Бізде өзімізден ең жақсысын талап ететін бір мақсат бар.

Джон қаржы есебін әрқашан жақсы атқарады. Ол Құдайдың бізді бәрімен қамтамасыз ететіне сондай-ақ Өзінің ақ-батасын беретіне ешқашан күмәнданған емес. Біздің көшіп келегініміз талай рет болса да, Джон барлық кезде үйді тауып алатын. Ол ақшаны басқаруға өзіне жауапкершілік алғанда, менің (Лиза) бойымнан ауыр жүк түскендей болды. Бір уақытта Джон қызмет етуге сапар шеккенде, мен қаржылық міндетін өз мойныма алуға мәжбүр болдым. Содан көңілім қалғанын көргенде, соны өзіне тартып алды. Маған қиын нәрсе болғаны, оған жеңіл әрі оңай еді. Оған үйді, машинаны және әртүрлі ірі нәрселерді сатып алуға қолынан жақсы келетін. Сонымен бірге, ол біздің ұлдарымызбен бірге әртүрлі жарысқа, спорттық ойын дар мен шаруаларға баруды жақсы ұнататын.

Ал мен үйге қарауды жақсы көремін. Менің үйімнің отбасым дастарханың басында, түскі немесе кешкі ас ішуге жиналатын орын болғанын қалаймын. Мен отбасыма тамақ пісіруді жақсы көремін де, балаларым достарының үйге шақыруды қалаймын. Сонымен қоса, менің үйімнің Джон іс-сапардан келіп, оған демалатын жер болғанын қалаймын.

Сіздердің екеуіңіз қай салада білікті екенсіз біліп алып, сол міндетті атқарыңыздар. Жұбайыңыз бір салада сізден күшті болғанын түсініп, оған сеніп тапсырыңыз. Егер сіздер еркін түрде кейбір салаларда жетекші болуға бір-біріңізге жол беретін болсаңыздар, онда бұл сіздерге бір мақсатқа жетуге көмектеседі.

4 күн

Өмірдегі ең басты нәрселер

“Біреу болғаннан екеу болған жақсы”. Себебі бірігіп жұмыс істесе, содан көретін пайдалары игі болады және бірге мақсатқа жетеді”
(Уағыз. 4:9).

Мақсат және ең басты нәрселер бірдей болмаса да, дегенмен олар бір қатарда тұрады. Ең бастысына келісіп, соларды орындағаны өте маңызды болады. Біздің ең бастысымыз ұлы мақсатқа яғни Құдайдың сүйіспеншілігін танып, соны дүниеге анық көрсетуіне негізделген. Осы мақсатқа барлық сенушілер көздеп жүрсе де, әрбір жұбайларының мезгілдерінің өзгеретініне байланысты өздерінің стратегиясының айырмашылықтарына қарамастан, біз де ең басты нәрселерді сақтап, оларға сәйкес іс-әрекеттер жасаймыз. Біз сіздерге ең басты нәрселерді мына ретімен келтіруді ұсынамыз:

1. *Құдай*. Шын айтқанда, Құдай бірінші орында болмау керек екен. Ол бәрінен артық болып, өміріміздің әрбір саласында жетістікке жету үшін және сенімділікті сақтау үшін Онымен тығыз байланыста болу өте қажет. Ол біздің өміріміздің бар салаларын әрі ең басты нәрселерді басқару керек. Бізге анық түсіну үшін Жаратқан Иені бірінші қатарда қоямыз. Сондықтан, Құдай барлық нәрселерден жоғары болу керектігін дейік. Құдаймен тығыз қарым-қатынасымыз және Оған қызмет етуіміз бірдей емес. Қауымда қызмет етіп жүрген қызметшілер қызмет өз отбасынан жоғары қояды. Сіздер бұған алданып, осындай қате жібермеулеріңізді өтінеміз

2. *Күйеу (әйел)*. Бұл салада да қате жіберуіңіз мүмкін. Балаларға камқорлық жасағаныңыз дұрыс, дегенмен оларға бола, жұбайыңызды ұмытпауыңыз керек. Бір күні балаларыңыз өсіп, ер

жетіп үйіңізді тастап кетеді, ал жұбайыңызбен қарым-қатынасыңыз қалған өміріңізде бола береді. Балаларыңыз өсіп сіздерді тастап кеткен кезде, сіздер ең жақын достар болып қалу үшін біртұтас болуға ұмтыла беріңіздер.

3. *Балалар.* Балаларды өсіріп тәрбиелеу әрбір жұбайының нақты міндетін кез келген некенің мезгіліне, әсіресе өмірге Құдайдың арналған мақсатына байланысты болып, өзгеретін болады. Егер сіздердің біреуі үйде жұмыс істемесе, сізде бизнесте немесе Құдайға қызметінде міндеттері пайда болады. Егер қазіргі уақытта сіздің басты міндетіңіз балалармен үйде отыру болса, онда осы үшінші және келесі міндетінің арасында бөліп алуға жарамсыз болады. К. С. Льюис атқанындай: “үй шаруашындағысы әйел-толық маманы болып табылады”.

4. *Өмірге арналған Құдайдың мақсатын орындау.* Шынын айтқанда, осы тізімнің барлығы және сіздің өміріңізде бар болғаны Құдайдың мақсаты екендігін деуге болады. Алайда, анық түсіну үшін біз осы басты нәрсесінің анықтамасын шектеп түсіндіреміз. Өмірге арналған Құдайдың мақсаты дегеніміз Жаратқан Ие сізді және жұбаңызды жеке қандай да бір іске мысалы үшін бір өнімнің саласына, бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеуге, бизнес жасауға, деңсаулық сақтауында еңбек етуге, білім бөліміне, рухани қызмет етуге, мемлекеттік жұмысын немесе тағы басқа саласында еңбек етуге шақыруды білдіреді. Біздің отбасымызда Құдайдың мақсаты бірдей болды, бірақ кейбір жұбайлардың бірдей жұмыс немесе қызмет болмайды. Егер сіздерде олай болса, әрбіреуіңіздің жұмысына қызығып, бір-біріңізге көмектесе аласыздар. Сүлеймен пайғамбар айтқанындай, екеуі бірігіп істесе, бір-біріне табысқа жетуге көмектеседі.

5. *Демалу.* Демалыс күні туралы ереже адамдар емес, Құдайдың Өзі белгілеп қойған. Егер біз демалуға уақыт тапсақ, онда басқа ең басты нәрселер де өркендейді. Құдай біздің өмірімізде тұрақты түрде демалыс болғанын қалайды, дегенмін демалу дегенді түк істемеу екенін білдірмейді. Біз рухани, жан-дүниесіндегі, тәндік жағынан қалпына келу үшін, әртүрлі істермен айналысамыз. Некеде тұрғанда, әркім бөлек емес, бірге демалуға әр тәсілін пайдалануымыз керек. Біз отбасымызда екеуімізге ұнайтын ортақ қызышулық және де сүйікті кәсіптерін тауып алып, отбасымыздағы әрі қызмет етуіміздің армандар жайында сөйлесуге табиғатқа шығамыз. Бірге демалып, күшіміздің қалпына келу - екі адамның біртұтас болудың бөлігінің бірі.

6. *Басқа адамдармен қарым-қатынаста тұру.* Жұбайлардың бір-біріне бөлек қоғамдық өмір сүріп жатқаны жиі кездеседі. Некенің жақсы болуы үшін күйеуі ер адамдармен, ал әйелі басқа әйелдермен уақыт өткізу керек болса да, екеуінің ортақ достары болу керек. Біздің достарымыз өмірімізге үлес қосқаны өте зор екен. Олар біздерді қолдап, жігерлендіріп, сенімдерімізді нығайтады. Біз біртұтас болғаннан кейін, екеуімізді білетін әрі жақсы көретін достар болуға тиіс.

Біздің отбасымызға әдейлеп жарылқау беретін достарымыз болғаның маңыздылығы жайында айтуға жай сөздермен жеткізе алуымыз мүмкін емес. Біздің мүлдем басқа рольдерді атқаратын достарымыз бар. Менімен (Джонмен) бірге демалатын, мысалы гольф ойнайтын ғана достарым және де өз жүрегімді ашып, соның барлығын айтып, мені тындап түсінетін де жолдастарым да бар. Менің кемшіліктер әрі осал жақтарымды білетін достарым екеуімізді жақсы көреді.

Менің (Лизаның) өмірім оқиғаға толы болғандықтан, гольфпен айналыспаймын, бірақ өзімді сүйіспеншілікте терең өсуге жігерлендіретін достарым бар. Бұл достар өмірде де жанұяда кездесетін қиындықтарды біліп түсінетін әйелдер. Кейбіреулер қиындықтар келген кезіндегі ең жақсы жолдастар болып табылады, ал басқалар қарым-қатынаста түсінбеушілік болғанда ақыл кеңес беретін достар болады. Олардың барлығы біздерге алтыннан қымбат болады. Кейбір адамдар бұрын біздің достарымыз болып, қазіргі уақытта өзіміз олардан біртіндеп алыстап кеттік. Олар біздің некеміздің бірлігін құптамай, екеуіміздің біреуге ғана оң көзбен қарайтын. Егер біреу сіздердің екеуіне дос болмаса, онда сондай адамен араласпауыңыз керек. Сондай кісі біраз уақыттан кейін некеңізге бөліну әкеледі.

Сүйіспеншілікті таңдап алу

“Ал енді, Құдай сендерді сүйіп, өз халқым деп таңдап алғандықтан, ұдайы жанашыр, мейірімді, кішіпейіл, ілтипатты, сабырлы болып, осы қасиеттерге бөленіңдер! Өзара төзімді болыңдар. Егер біреуге реніш сақтап, тағатын кінәларың болса, кешірімді болыңдар: сендерді Иеміз Мәсіх қалай кешірсе, сендер де солай етіңдер! Барлық қасиеттердің бастысы ретінде сүйіспеншілікке бөленіңдер, ол бәріңді толықтай біріктіреді” (Қол. 3:12-14 курсив автролармен белгілеп қойған).

Сүйіспеншілік біздерді ерекше түрде біріктіреді. Сүйіспеншілік бірліктің негізі әрі мүмкін емес нәрсеге жетудің кілті. Пауыл елші Ефестіктерге арналған хатында (5:28) “күйеулер өз әйелдеріңді сүйюге тиіс” деп айтады. “Тиіс” деген сөз байыпты міндеттеме деп білдіреді. Бұл жерде ерлі-зайыпталарға арналған бір күшті қағида бар яғни біз бір-бірімізді сезімге қарамай сүйюге тиіспіз.

Қазіргі мәдениет сүйіспеншілік – бұл бақылына алмайтын соған тек жауап беру керек екені сезім дейді. Егер біз махабатты сезетін болсақ, соған сәйкес әрекет етеміз. Махабатының сезімі үздіксіз

бола бермейтіні ерекше түсіну қажеті жоқ, дегенмен шынайы сүйіспеншілік әркезде адамның тандауына байланысты. Егер де біз сүйіспеншілікті іс-жүзінде көрсететін болсақ, ақырында сезім де пайда болады. Егер сенімнің махаббат сезім болмай, сүйіспеншілікке негізделетін болса, онда ол тауларды қопарып қозғалтады.

Дитрих Бонхоффер быйлай деген:

Сүйіспеншілік сенің некеңді емес, қайта неке сенің сүйіспеншілігіңді сақтап қорғайды.

Некеде сүйіспеншілікті сақтаудың бір жолы ғана бар-бұл Киелі Рухпен тығыз байланыста тұрудан рухани және ішкі жан-дүниесіндегі рахат алу. Біз бөтен қайнар көзіне сенім артатын болсақ, өзіміздің күшіне ғана сүйеніп, махаббат сезімі сыналып таусылатын болады. Алайда, егер біз Құдайдың сүйіспеншілікте тамыржатын болсақ, біздің сүйіспеншілігіміздің іс-әрекеттері сезімге болмағанына қарамастан бірлікті сақтай алады.

Бұл жерде қате жібермеңіздер. Некенің сезімдер болуға тиіс. К. С. Льюис жазғанындай:

“Ерлі-зайыптылардың барлығына бір-ақ ереже бар – “жұбайымды сүйемін бе, сүймеймін бе” деп өзіңізді мына сұрақпен қинамаңыз. Сіз оны сүйгеніңіздей, әрекет жасай беріңіз. Біз соны істегенде, өзімізге ұлы құпиясырын аша аламыз. Егер сіз жұбайыңызды сүйгеніңіздей қызмет ететін болсаңыз онда оны шынымында сүйетін боласыз. Жұбайыңызға ешқандай сезім болмаса да, оған сүйіспеншілікті көрсете бере алады екенсіз. Оған қызмет етуге, оны қабылдап, қолдауға шешім қабылдауға болады. Өміріңіз сүйіспеншілікке толы болса, сезімдеріңіз де іс-әрекеттерін көрсете бастайды.

5 күн

Ең жақсыны тауып алу

“Оны Құдай сөзімен әрі сүйіспеншілігімен тазартып, қайта туғызып, қасиетті қылды. Сонымен қауым күйеуіне апарылған қалыңдықтай салтанатты да сұлу, ешбір дақсыз, ақаусыз, басқа да кемшіліксіз, қасиетті де пәк таза болсын. Оның сөздері ең жақсыны тауып алады екен” (Ефес. 5:2).

Сүлеймен пайғамбар былай жазған: “Ақылды әйел үйін өркендетер...” (Нақыл сөз 14:1). Егер әйел ақылды болса, онда ол үйін өркендетейді, ал егер ер адам ақылды болса, онда ол өз әйелін өркендете бастайды. Біз бір-бірімізді өркендеткенде, Исаға ұқсас етеміз. Құдайдың некесінде жанын табу үшін бұл жұбайының ең жақсыны тауап алу.

Біздің жұбайларымызға сүйіспеншілігіміз – Құдайдың қолдауымен келіскен Көктегі әріптестік болып табылады. Құдай адамды оның кемшіліктеріне емес, Өзінің мейіріміне әрі сүйіспеншілігіне бағалайды. Құдай жұбайының қабілетіне сөйлейді де, сізге осыны айтуға ұсынады.

Біз бұрын айтқанымыздай, Лиза рак аурунан бір көзінен айырылып қалды. Сол себептен, ол адамдардың алдында шығып сөйлеуден қорқатын еді. Мен (Джон) оның қорқынышы жөнінде білдім де, сонымен қоса Құдай оған ерекше даналығын дарытқанын да білдім.

Мен қауымда жастардың бағушысы болғанда, кейде Лизаға “сенің біздің қауымдағы қыздарына уағыздауың керек” дейтінмін. Ал Лиза маған “жоқ, оны ешқашан істемеймін, мен өзіне қосымша нәрсе емеспін, қауым өзімді емес, сені бағушы етіп қойды” деп жауап қатты.

Оның жауабын естігенде, Лизаның Құдайдың дарынына қарсы болғаны емес, қорыққанынан қарсы тұратын. Ол адамдардың ал-

дында сөйлеуден қорықса да, елдің алдында әркезде сөйлеп тұрған сайын, кісілер маған келіп, оның сөздері қатты әсер еткенін айтатын. Сондықтан, ол “жоқ” дегенде, мен оған барлық уақытта: “дайын бол, кешке қарай сені алып кетуге келемін” дейтінмін.

Мен (Лиза) Джоның өзімді қолымнан келмейтін нәрсені істеуге мәжбүр еткенін ойлап едім. Жастардың жиналыста қыздарға әйелдің дауысын есту керектігін білді де, өзім сол қызметке тиімді емеспін деп сезіндім. Оларға үлгісін іздеп жүргенінен басқа осы қыздардың рухани өсуіне жағдайды туғызып тырысқанын түсінбейтінмін. Мен өзімде қандай қабілет бар екендігін көрмесем де, ол соны байқады. Түні бойы ұйықта алмай, Джонды мені осы қызметке тартпауға өтінгеніме қарамастан, Құдайдың менің қандай қабілетімді көрсету үшін қызметке ертіп апаратын. Сол кезде мен соны қатты ұнатпайтынмын. Алайда, қазір соған қарағанда, Джон мені қорқыныш пен өзіме қойған шектерлерден босатуға қандай ынта-жігермен күш салғанын түсіне білдім. Джон маған көмектескеніндей, мен де оған көмектесетінмін. Ертеде, оқымандарға Джоның жүрегі айтқысы келгенін түсіндіру үшін оның жазған кітаптарын түзетіп отырдым. Біздің істегеніміздің барлығы мақсатқа жеткені-бір-бірімізді қатты сүйіп, рухани өсуге өзара көмектескеніміздің нәтижесі болды.

Бәлкім, сіздер бір-бірімізге ең жақсы қабілетерді қалай тауып көре алатыңызды әлі білмейтін шығарсыз. Немесе, сіздер бір-біріңізді төмендету үшін өз жағдай мен жақындығыңызды пайдаланып жатқан шығарсыз. Осы күн жаңа бастамасының күні болса екен деп тілейміз. Сіз бүгінгі күні осы стандартты бекіте аласыз. Қайтадан бастау ешқашан кеш болмайды. Егер сіздер бір-біріңізде тек жақсысын тауып көргіңіз келсе, онда уақыт бөліп, бірге оңаша жерге барып, мінажат етіңіздер. Жаратқан Иеге мына сөздерді айтыңыздар:

Көктегі Әкеміз біздің арамыздағы бекіткен некемізге дұрыс қарамағанымыз үшін кешірім сұраймыз. Біздің некеміз асыл гауһар іспетті болса да, біз соған немқұрайды қарап едік. Біздің өмірімізде күн сайын жаңарып жатқан мейірімің үшін әрі қайтадан бастауға берген күшің үшін алғысымызды білдіреміз. Киелі Рух, бір-бірімізге Сенің сүйіспеншілігің арқылы қарауға рақымдылығыңды беруінді сұраймыз. Бір-бірімізді одан әрі жоғарлатуға әрі бір-бірімізге қызмет көрсетуге көбірек түсінік пен білімді сыйлай гөр. Бір-біріміздің Өзің дамытқың келетін қабілет пен дарындарымызды көруге көздерімізді ашып, Сенің жұмысында жоғарғы мақсатқа жетуге білдіре гөр. Жалғыз өзіміз болғанымыздан гөрі бірге болғанымыз жақсы болғаны деп сенеміз. Біз өмірімізге әрі некемізге арналған игіліктерінің толықтығына жетіп рухани өскіміз келеді. Иса Мәсіх атынан. Аумин.

Одан кейін, сіздер бір-біріңіздің көздеріне қарап, батылды болып, мына сөздерді айтуға ұсынамыз.

Күйеу:

Сені күшімен басып, кемсітіп жүргенім үші кешірім сұраймын. Сенің адамгершілігіңе, сұлулығыңа, ақылыңа әрі мейіріміңе назар аудармағаңыма кешірім сұраймын. Өзіңе көркеюге жақсы жағдай жасамағаңыма өкініп, шын жүректен кешірім сұраймын. Қарым-қатынасымызда әрі жар төсегімізде өзіміңіл болғаңыма кешірім сұраймын. Құдайдың біздің некемізді сауықтырып, қайтадан қалпына келтіруге әрі ұлылығын асырайтынына кәміл сенемін. Біз Иса Мәсіхтің атынан билік жүргізіп, өсіп-өніп көбейтін боламыз.

Әйел:

Өз артықшылықтарыма бола өзіңнің кемшіліктеріңе көрсетіп жүргеніме кешірім сұраймын. Сені масқара қылып, абыройыңды төккенім үшін әрі өзіміңіл болғаңым үшін кешірім сұраймын. Бүгін-

нен бастап мен сенің өміріңді жақсы сөздеріммен нығайтатын боламын. Үй ішіме дұрыстап қарамағаныма кешірім сұраймын. Мен өзіңе де, өзімізге де қатты сенемін. Құдай барлығын жаңаны ете алатынына сенемін. Мен сені сүйге әрі кешіре беруге шешім қабылдаймын. Бұл мейірімділікке әрі шындыққа жаңа күн. Бір-бірімізді қайтадан сүйіп, арман етейік.

Қымбатты достарымыз, Жаратқан Ие сіздерге болашақта ең жақсы дайындағанына кәміл сенеміз. Сіздердің мұраңыз, төсек қатынасыңыз әрі адамдарға әсер еткеніңіздің Құдайдың рақымыны арқасында кез келген үміт-күткеніңізден артық болатынына да сенеміз. Бірлікте тұрып, осы дүниеге Мәсіхтің сүйіспеншілігін танытатын, Көктегі тағында отырған Жаратқан Иеге қуаныш әкелетін, Құдайдың Рухының құдіреті мен жетелеуінің арқасында сіздер неке жайындағы әңгімені жаза аласыздар.

Қайтадан бастау деген тапсырма-бұл Құдайдың сіздерге деген сенімінің көрсеткішісі. Бұл жалғыз ғана мүмкіндік болмаса да, әлем бар болғаннан бері, барлық замандарға тиімді мәңгілік мүмкіндігі болып табылады. “Қайтадан бастау” - бұл өткен өмірді жіберіп, ертеңгі күніне жүректі дайындап, қазіргі өмірді сүру.

Егер сіздер осы кітапта жазғандарымыздың бәрін өміріңізде жүзеге асырмай, бәрін істей алатын Құдайға тапсырмасаңыздар, онда осы жазғандардың барлығы тек жақсы пікірлер ғана қалады. Яһуданың хатында (1:24-25) бізге не болатыны жайында рухани түсінік берілген.

“Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлерінде өз алдына тұрғызуға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Онікі! Аумин”.

Құдай біздерді қорғап келеді. Біздің некемізді түнектен құтқара алатын тек Ол ғана. Оның даңқын асыру үшін Өзі бізге қуаныш пен ұлылықты береді. Біздің өміріміз-сүйіп, жақсы өсу үшін бізге қарап жүрген адамдарға арналған тірі, Киелі Рухына толы оқылатын хат іспетті.

Әрбір көктем-бұл жаңа бастамасы.

“Қарашы, қыстың кезі өтіп кетті.

Жанбыр жауған сол бір күндер өтті.

Айнала гүлдер қаулап өсіп кеткен.

Құстардың әндетер кезі де келген.

Кептер гуілі естіледі әр жерден” (Таңдаулы аң 2:11-12).

ҰЛЫЛЫҚТЫ КҮТІҢІЗДЕР

*Алайда мен мынаған нық сенемін, әлі де бұ дүниеде тірі жүремін,
Жаратқан Иенің мейірімін көремін. Әрдайым Жаратқанға арт
сеніміңді, батыл болып, нығайта түс жүрегіңді. Әрқашан
Жаратқанға арт сеніміңді!*

— Забур 26:13-14

Көктегі Әке сізді де жұбайыңызды де қатты сүйеді. Ол сіздің некеніңді гүлденуін қалайды. Шын мәнінде, “Жаратқан Ие сіздердің, рақымына ие болуларыңызды сағына күтуде. Ол орнынан тұрып, сіздерге мейірбандық көрсетуге дайын” (Ишая 30:18).

Сіз некеніңізден нені күтесіз? Құдай сізді қай мүмкіндіктері үшін мінажат етуге әрі сенуге түрткі салып отыр?

Құдайдың Сөзі үміт туралы не айтатыны жайында ойланыңыз.

Ежелде Сен халқымыз күтпеген қорқынышты істер істедің. Көктен зымырап түсіп келгенінде алдында таулар шайқалды да! Сен Өзінді сеніммен күткендерге игіліктер жасайсың. Мұны істейтін бірде-бір өзге құдай жоқ! Бұрын-соңды ешкім ондай құдай туралы құлағымен естіп, көзімен көрген де емес.

— Ишая 64:3-4

Сондай керемет — Сенің ережелерің, Сондықтан оларға шын жүректен көнемін. Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады, білімсіздердің де санасын оятып ашады. Аузын ашып, ауаға зәру болған кісідей, мен шексіз құштармын Сенің өсиеттеріне.

— Забур 118:129-131

Сендердің көріктерің сыртқы әшекейлерге: шашты ерекшелеп жинау, алтын әшекей бұйымдар тағып, көз тартарлық әдемі киімдер киюге тәуелді болмасын. Қайта, көріктерің жүректеріңдегі көзге көрінбес ізгі қасиеттеріңнен тұрсын; мейірімді де сабырлы жан дүниелеріңнің мәңгі солмайтын көркі Құдай алдында аса бағалы.

— Петір 1 хат 1:3-4

Сондықтан Жаратқан Ие сендердің Өзіне қайтып келіп, рақымына ие болуларыңды сағына күтуде. Ол орнынан тұрып, сендерге мейірбандық көрсетуге дайын. Өйткені Жаратқан Ие — әділ Құдай. Оған сенім артып Оны күтетіндер қандай бақытты.

— Ишая 30:18

Біз тараулардың бірінде біз шынайы емес, жалған үміттерін күткені жайында айттық. Осы аяттарға қарап, шынайы үміттеріңнің жақсылығын неде?

Ұлы үміт Құдайдың уәделерін, Оның мінез-құлқыны әрі жоспарын танып білу арқылы келеді.

Құдайдың қолынан бәрін келеді, Оған ештеңе қиын болмайды. Жар. 18:13-14; Матай 19:26; Марқа 9:23-24; Лұқа 1:36-37; Ефес. 3:20 оқыңыздар. Құдай сізге Өзінің шексіз күдіреті мен қабілеті жайында нені көрсетеді?

Енді Мен жаңаны жасаймын да. Қазір ол шыққалы тұр жарыққа, сендер мұны ұғынбайсыңдар ма...

— Ишая 43:19

Біз жаңаны жасайтын Жаратқан Иеге қызмет етеміз. Сіздің некеңіз жаңарып болғанын қалайсыз ба? Сізге жаңа махаббат, жаңа армандар, жаңа бірлік, жаңа төсек қатынас керек пе? Құдайдан соны сұрағанда, Көктегі Әке жаңаны жарататынын күтіңіз. Сіздің қай жаңа нәрсені күтіп отырғаныңызды жазыңыз да, Тәңір Иеге соны тапсырыңыз.

ӨМІР ӘКЕЛЕТІН СӨЗДЕР АЙТЫҢЫЗ

Тілінің жемісімен адам қарнын тойдырар, сөзінің өнімімен жанын тойынды. Тілде өмір мен өлімнің билігі болар. Сөзге үйір соның жемісін татар. Ал соларды айтуға өзінің қолыңда болар.

— Нақыл сөз 18:20-21

Сіз көбінесе, қай тілде сөйлесіз? Осы дүниенің тілінде ме әлде көктегі тілінде ме? Бірінші түрінің тілі өлім, ал екінші түрінің тілі өмір әкеледі. Сіз әрбір жағдайда екі тілінің біреуінде сөйлеуге өзіңіз шешім қабылдайсыз. **Джимми Эдванс** деген бағушы былай деп жазады:

“Тілдесу дегеніміз екі адамның өмірлерін біріктіріп, басқа адамның жүрегіне әрі ой-санасына жол ашып беретін көпір іспетті. Некеде тілдесу тек маңызды ғана емес, бұл өте қажетті нәрсе екен. Сөздердің ерекше күші бар-олар адамның жүрегін жаралайды не оны сауықтырады, өмірді құртады, не оны нығайтып көтереді. Біз нығайтатын, көтеретін, жігерлендіретін әрі сауықтыратын сөздерді ғана айтуға үйренуіміз керек”.

Біз біліп алғанымыздай, үндемеудің әрі сөйлеудің яғни әр нәрсенің өз уақыты бар екендігін түсіндік. Сіз тыныш жерде отырып, жұбайыңызбен мәселе жайында сөйлесуге ең қолайсыз уақыт қандай екенін ойланыңыз. Ал ең қолайлы уақыт қандай? Неге?

Жұбайыңызбен бірге қандай қиын жағдайға ұшырағандарыңыз жайында қысқа мазмұндап жазыңыз. Мысалы, “жоғалшы...” деген сияқты қандай ауыр сөздер ауызыңыздан шығатынын жазыңыз.

Тоқталып, тынышталып, былай дұға етіңіз: “Киелі Рух, енді мен бұдан былай осындай жаман сөздерді айтқым келмейді. Қорқыныш пен ашу-ызаны туғызатын сөздерді айтпауға көмегіңді сұраймын. Маған некеміз туралы сенімге толы жақсы сөздерді айтуға яғни көктегі тілінде сөйлеуге жәрдем бере гөрші. Иса Мәсіх атынан. Аумин”.

Сіз Құдайдың Сөзін танып білу арқылы көктегі тілінің сөздігін көбейте аласыз. Келесі аяттарды мұқият оқыңыз да, сіздің некеңізді нығайту үшін бірнеше сөздерді жазып алыңыздар. Біз бірінші аяттының мысалын сізге келтіреміз.

Көктегі тілдің

Киелі Жазбаларының аяттары:

Нақыл сөздер 5:18-19

“Біз бірге өмір бойы төсек жасай беріп содан рахат көретін боламыз”

Ефес. 4:15, 29

Ефес. 4:26, 27

Ефес. 5:21-33

Філіп. 2:3-5

Забур 132

Қор. 1 хат 13:4-8

3 күн. Күнделікті оқу

ӨЗ ЖҰБАЙЫНЫҢ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУ

*Өмірлерің сүйіспеншілікке байлынысқан
сияқты оның жолын қуыңдар!*

— Қор. 1 хат 14:1

Сүйіспеншілікті жеткізетін көп тілдер бар. Сіздің жұбайыңыз бір тілде сөйлеп, ал сіз болсаңыз басқа тілде сөйлетін шығарсыз. “Махаббатының бес тілі” кітабының **Гэри Чепмен** есімді авторы былай жазды:

“Ағылшын мен қытай тілдерінің арасындағы айырмашылық зор болғанындай, сіздің ішкі-жан дүниеніздегі әрі жолдасыңыздың сөйлетін тілдерінің арасында да үлкен айырмашылық бар. Сіз ағылшынша сөйлейтін жолдасыңызға қытайша қаншама сөйлесеңіз де, бір-біріңізді қалай қатты сүйгендеріңізді түсінбейтін боласыз. Егер біз сүйіспеншілікті жақсы көрсеткіміз келсе, онда біз жұбайымыздың махаббатының тілін түсіне білуіміз керек. Менің ақыл қорытындысымынау... махаббатының бес ең негізгі тілдері бар, солардың арқасында адамдар бір-біріне сүйіспеншілікті көрсетіп, соны қабылдайды”.

Доктор Чепмен айтқаны бойынша махаббатының бес тілдері осы-жігерлендіретін сөздер, бірге уақыт өткізу, сыйлықтар әкеліп беру, қызмет пен қамқорлық көрсету, бір-біріне қолмен тиіп жүру. Көптеген адамдардың, біздердің де, махаббатаның ең маңызды және екінші тілі бар екендігін есептейді. Біз айтқанымыздай, сіздер махаббатының бес тілдерін Гэри Чепмен докторының сол кітабын оқи аласыз немесе соны интернет сайттан біліп аласыз.

Сіздер келесі сұрақтарға жауап бергенде, бір-біріңіздің тілдерін біліп аласыздар: *Жолдасымның қай әрекеттері өзімді сүйкімді*

сезінуге сезіндіреді. Оның істемегенің қайсысы менің жүрегімді жаралайды? Өз жұбайымнан көбінесе не талап етемін: жылы және жақсы сөздер айтуды ма? Бірге уақыт өткізуді ме? Ерекше сыйлықтар ма? Мені құшақтап, қол тиюді ме әлде үй жұмысын істеуге көмектесуді ме? Өз пікірлеріңізді жазыңыздар.

Содан кейін, өз жолдасыңыз жайында жауап беріңіз. Ең үлкен айырмашылықтар қандай?

Сіздің әрі жолдасыңыздың сүйіспеншілікті көрсетудің тәсілдерінің арасында айырмашылықтар бар екендігін білдіңіз бе? Егер олай болса, осындай білім сізге некеңізде қандай көмек береді? Егер олай болмаса, араларыңыздағы түсінбеушілік пен келіспеушіліктің себебін көріп тұрасыз ба?

Сүйіспеншілікті көрсететін әрі қабылдайтын тәсілдер жайында бір-біріңізбен сөйлесіңіздер. Бір-біріңізге сүйіспеншіліктің көрсету-дің үш тәсілдерін айтып жазыңыздар.

Өз жұбайыңызға сүйіспеншілікті ең жақсы жолымен көрсетуге Киелі Рух сізге көрсету үшін Оған уақыт арнап, мінажат етіңіздер. Сіздің жұбайыңызды Одан басқа ешкім жақсы білмейді!

ӨМІРІҢІЗДІҢ ЕҢ БАСТЫСЫ

*Бауырластарым, сендерге Неміз Иса Мәсіхтің атынан ескертемін:
ауызбірлікті сақтап, жікке бөлінбеңдер! Қайта, бірдей мақсат пен
пікірде болып, бірлікте тұрыңдар!*

— Қор. 1 хат 1:10

Бірлік бар жерде тірлік бар. Біздің арамыздағы бірлік Құдайды білмейтін адамдарға Оның сүйіспеншілігін көрсетудің Жаратқан Иенің тәсілі болып табылады. Некеден басқа бірлікті сақтауға өмірдің өзге саласында осындай ғажайып мүмкіндік болмайды. Сіз екінші тарауны оқиғанда, некеге арналған жалып жоспар мен мақсатын анықтап алдыңыз. Енді, осы кітаптың аяғына дейін жеткенде, біз сіздердің мақсатыңызды қолдайтын күнделікті бастапқы, ең негізгі приоритеттер жайында ойлануға ұсынамыз.

Өміріңіздің ең бастысы әрі маңыздысы - Құдаймен тығыз байланыста болу. Неге Құдай осыған аса маңызды көңіл бөледі? Сіз үшін Оған барлық жағынан құрмет көрсету не мағынаны білдіреді? Сіз бен Құдайдың араларыңыздағы жақсы қарым-қатынасыңыз некеңізге, отбасыңызға, жұмысыңызға әрі басқа салаларға қандай әсер етеді?

Құдайдың берген мақсаты мен қызметін орындау деген барлығы мына ретімен келтіруді білдіреді: күйеу (әйел), балалар, қызмет, демалу, басқа адамдармен қатынаста тұру. Сіз тыныш жерде отыра қалып, мінажат етіңіз: *“Тәңір Ие менің ең бастысы приоритеттер дұрыс ретілген бе? егер дұрыс ретілмеген болса, онда қай*

жерін өзгертуім керек? Мен кімге немесе қай нәрсеге тым артық көңілімді бөлеймін? Кімге немесе қай нәрсеге аса мәнімді бермеймін? Тәртіпті дұрыс келтіріп, оны сақтау үшін не істеуім керек?"

Құдайдың сізге рухани түсінік беріп, көрсеткен әрекеттерін жазыңыз.

Сіз қалған өміріңізде жұбайыңызды қолдауға әрі оған қызмет етуге шешім қабылдадыңыз. Балаларыңыз үйіңізді тастап, жұмысыңыздың карьерасы өзгеріп, достар келіп кететін болады да, ал сіздің некеңізді одағы өмірдің барлық мезгілдерінде болып қалады.

Өз қарым-қатынасыңызға қарап тұрып, қартайған кездеріңізде ең жақсы достар болып қалдық деп айта аласыз ба? Сіз бір-біріңізді Құдайдың тағайындаған қызметінде әрі жұмысының карьерасында қолдап тұрасыздар ма?

Некеңізде қай жолымен бірлікті бағалап, сақтайсыздар? Сізде бірлікке көзқарасыңызбен немесе іс-әрекеттеріңізбен зақым келтіретін жағдай болды ма?

Уағыздаушы кітабын 4:9 және Қол. 3:12-14 аяттарды оқыңыз да, былай дұға етіңіз:

Уа, Тәңір Ие, Сен мені және жұбайымды киелі әрі сүйкімді болуға таңдап алдың. Өз жолдасыма Киелі Рухыңның арқасында мейрімділік, ізгілік, кіші пейілділік, мойынсұну әрі шыдамдылықты көрсетуге рақымдылығыңды бере гөр! Жұбайымның өмірін сөздермен де, іс-әрекеттерімен де жақсы етуге жәрдем берші. Бөлек болғанымыздан гөрі, бірге болғанымыз жақсы екендігіне сенемін, себебі біз бір-бірімізге гүлденуге көмектесе алады екенбіз. Сені жақыннан танып білу үшін әрі бір-бірімізге қызмет ету үшін ең бастысы приоритеттер ретке келтіруге көмек беруіңді сұраймыз. Иса Мәсіх атынан, амин.

ЖҰБАЙЫҢЫЗДЫҢ ЕҢ ЖАҚСЫНЫ ҚАБІЛЕТТЕРІН АШЫП КӨРСЕТУ

Қауымнан тыс адамдармен парасатты қарым-қатынас жасап, тиімді сәттерді пайдаланыңдар! Сөйлескенде ұдайы ниеттерің игі, сөздерің дәмді болсын, әрқайсысына қалай жауап беру керек екенін біліңдер. Соның мақсаты-адамдарды төмендетпей, олардан үстем болмай, қайта олардың ең жақсы қабілеттерін ашып көрсету.

— Қол. 4:5-6

Сіздер біртұтассыздар. Сіздерде не болса бәрі ортақ екендігін білдіреді. Сіздің жұбайыңыздың жетістікке жеткені өзіңіз жеткеніңіздей болады. Жұбайыңыз риза әрі жемісті болып жүрсе, сізде риза болып, жемісті боласыз. Жұбайыңыздың мінезінде ең жақсыны тауып алғанда, өзіңізде де ең жақсыны тауып аласыз. Иса біздерді яғни Өз қалындығын үйретіп, осындай сөздерді айтады: “Оны Құдай сөзімен тазартып, қайта туғызып, қасиетті қылды... Мәсіхтің сөздері оның мінезінің **ең жақсыны ашып көрсетеді**”... (Ефес. 5:26-27 the Message, ағылшын тілінен аударылған).

Жұбайыңыздың дарындары, қабілеттері мен жақсы жақтары, оған не ұнайтыны, қай нәрседенрахат көретіні жайында ойлап көріңіз. Басқа адамдар оны қандай қасиеттері үшін мақтайды?

Менің жұбайымның көріп тұрған дарындар, қабілеттер мен жақсы жақтары мынадай:

Егер оның қабілеттер жұмыста не қызметте адамдарға жақсы әсер етіп жатса, онда жұбайыңыздың қабілеттерін жетілдіре беруді ынта-жігерлі болуға қалай көмектесе аласыз? Егер жұбайыңыздың пайдаланбай жүрген дарындар немесе қабілеттерін көретін болсаңыз, онда сіз оған соны қолдануға әрі толық жетілдіруге қандай жағдай туғыза аласыз?

Өзара сүйіспеншілік көрсетіп, бір-бірімізге қамқорлық көрсетіп, игілік істеуге қозғау салудың, бір-бірімізді жігерлендіруге мән беріп, соған үйреніп қамын ойлайық.

— Евр. 10:24

Сондықтан мүмкіндік барда барлық адамдарға, әсіресе сенімі бір бауырластарымызға ерекше көңіл аударып, оларға Құдайдың батасын жеткізуге жақсылық істей берейік.

— Ғал. 6:10

Евр. 10:24; Ғал. 10:24; және Қол. 4:5-6 аяттарды мұқият оқыңыз. Сіз жұбайыңыздың ең жақсы қабілеттерін тауып алып, соларды оған жетілдіруге іс-жүзінде қалай көмектесе аласыз? Басқа сөздермен айтқанда, оны өз қабілеттері мен дарындарын пайдалануға қандай сөздер айтып, оған қандай іс-жүзіндегі көмек бере аласыз? Сіз оған сол жағынан өсіп дамығанын көру үшін қандай жігер бере аласыз?

Бүгін–ақ, бір-біріңізге уақыт арнап, өз түсінгендеріңізбен бөлісіңіз. Жұбайыңыздың өзіңізге жүрегін ашып, бар түкпіріндегін айтуға сұраңыз. Сіз онымен қай жерде келісесіз? Жұбайыңыз де, өзіңіз де жайында жаңа нәрсе ашылды ма екен? Тыныш жерде отырып, жолдасыңызға Құдайдың ақ батасын беруін сұраңыз.

Жұбайыңызды жақын біліп тануға әрі өзіңізді білуге тырысыңыз. Сізге не ашылатынына таңқалуыңыз мүмкін. Некенің бір қызығы өз жұбайының кім екенін терең түсіну. Сіздің жұбайыңыз кім болып кететіне мәз болып, таңқаласыз.

— Х. Норман Райт

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Егер сіз “Messenger” қызметінен “Неке жөніндегі әңгімелер” атты кітабы материалдарының бір тарауы ретінде оқитын болсаңыз, онда алтыншы бейнесабақты көруіңізді өтінеміз.

- 1| Құдай Тағала Адам-атаға мен Хауа-анаға өсіп-өніп көбейюге әрі жер бетін толтыруға бұйрық берген еді. Бірнеше ұрпақтардан кейін Жаратқан Иенің бұйрығын менсінбейтін ұрпақ дүниеге келген еді. Жаратылыстың басталуы кітабын мұқият оқыңыз (Жар. 11:1-6). Олардың бірлігі неде болды? Егер Құдайға мойынсұнбаған адамдардың арасындағы бірлік арқылы осындай нәтижеге жеткен болса, онда Мәсіхпен байланысып тұрған, Құдайға мойнысұнғысы келетін ерлі-зайыптылар бірлікте тұрса, қандай нәтижеге келуге болады деп қалай ойлайсыз?
- 2| Бірліктің нәтижесі күш және ұлы сыйлық болғаны. Осы Киелі Жазбаның аяттарды мұқият оқып, осы аяттар сіздерге қандай қатынас бар? Забур 132; Маттай 18:19-20; Жохан 17:21-23; Қор. 1 хат 13:11. Араларыңыздағы бірлік болғаннан кейін өмірлеріңізде қандай жақсылықты көретін боласыздар?
- 3| Адамның соңғы сөздерінде күш бар, ал Мәсіхтің сөздерге келсек, солар ерекше күшті әрі пайғамбарлықтың құдіретінде айттыған еді. Жохан 17:9-11; 20-23. Иса осы сөздерді айқыш ағашта ілінген кезде айтты. Мәсіхтің және Көктегі Әкесінің арасындағы бірлік болғанына көңіл аударыңызшы. Киелі Рух сізге осы аяттар арқылы не көрсетеді? Олар сізді араларыңыздағы бірлікті сақтауға қалай ынталандырады?

- 4| Құдай жаңа нәрселерді бастайтын Құдай! Ол бәрін жаңасын жаратамын деп айтты (Аян 21:5). Ол біздің некеміздің өмірі бойы жаңа қарым-қатынас жасап, үміт артып, сенімді жетілдіріп, төсек қатынасының әрі армандарымызбен жұбаймызбен бөлісіп беруімізді қалайды. Біз ерлі-зайыптылар болғаннан кейін, бір-бірімізбен қалай іс-жүзінде қарым-қатынасымыздағы бірлікті нығайта аламыз?

- 5| Нақыл сөздер кітабында (14:1) ақылды әйел өз үйін өркендетер деп жазылған. Сонымен бұл ақылды еркек өз әйелін көтеретінін білдіреді! Әйелдер, сіздер өз үйіңізді қалай өркендете аласыздар? Күйеулер, сіздер өз әйелдеріңізді қалай өркендете аласыздар?

- 6| Кейбір жұбайлар бірге бизнес жасайды немесе қызмет етеді. Кейбіреулер олай етпейді. Сондықтан олар одан да бірге жақын болуға әрі бір-бірін өз жұмысында не қызметінде өсуге жетілдіруге тиіс. Ерлі-зайыптылар бір-бірін қалай қолдап, жақынырақ бола алады?

ТАРАУҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ ЖАСАУ

- Әрбір неке Мәсіхпен байланыстырылған болса, жаңарып өзгере алады. Құдайдың Рухы бізге әр кезде өмірдің әрбір саласында жаңадан бастауға мүмкіндік беріп тұрады.
- Бізде қандай жағдай болса да, көктегі тілде немесе осы дүниенің тілінде сөйлеуге шешімді өзіміз қабылдаймыз. Біз сенімімізге бола, Көкпен келісіп, Құдайдың Сөзінің уәделері бойынша сөйлей аламыз.
- Бірлік бұл некенің мақсаты болып табылады. Біз барлық жағынан бірлікке ұмтылуымыз керек.
- Егер біз жұбайымызбен бірлікті сақтауға, бір тілде сөйлеуге әрі бір мақсатқа қарай баса алатын болсақ, онда Құдайдың батасы аспаннан төгіліп, қолымыздан келмейтін ешнәрсе болмайды.
- Ерлі-зайыптылардың арасындағы өзара, адал сүйіспеншілігі осы дүниеге Құдайдың ұлылығы және сүйіспеншілігі ақын көрінеді. Біздің бірлігіміз адамдарды Исаға тарта бастайды.
- Ақылды әйел өз үйін өркендетер, ал ақылды еркек өз әйелін көтерер. Егер әрбір еркек және әрбір әйел бір-біріне өмір әкелетін сөздер айтатын болса, бір-бірінің жақсы жақтарына аса көңіл аударатын болса, онда олар өз өмірлерін кеңейтіп, осы жерде Құдайдың еркін орындай алады.

ҚОСЫМША ҰСЫНЫС

Исаны қалай қабылдауға болады

Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ие деп мойындасаң, жүрегінде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілкеніне сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындау арқылы құтқарыласың.

— Рим. 10:9-10

Өз жұбайыңызға Құдайдың сүйіспеншілігін көрсету үшін сіздің ең алдымен Оның рухани ұлы Иса Мәсіх арқылы Жаратқан Иенің сүйіспеншілігі әрі құтқарылуын қабылдауыңыз керек. Құдай Исаның өлімі әрі содан қайта тірілу арқылы сізге өз ұлына (қызына) ретінде Өзінің Патшалығына жол ашты. Исаның айқыштағы құрбандығы әрбіреумізге мәңгілік және игіліктерге мол өмірін қол жетімді етті. Құтқарылу бұл Құдайдың сыйы, сіз соған лайқты болуға ештеңе істе алмайсыз.


Осы бағажетпес сыйды қабылдау үшін сіздің Құдайға мойынсұнбай өз бетіңізбен жүргеніңізді Оның алдында мойындауыңыз керек. Өйткені, Оған мойынсұнбаушылық адамдардың күнәларының түп тамыры осы. Құдайдың алдында осындай тәубе ету құтқарылудың шарты болып табылады. Елшілердің істерінде Петір бұл жайында бес мың адам құтқарылған кезде анық айтқан: “Сондықтан теріс жолдан қайтыңдар! Сонда Құдай Ие күнәларыңды кешіреді” (Елш. 3:19). Киелі Жазба әрбіріміздің күнәнің құлдығында туылатынымызды айтады. Осы күнәнің құлдығы Адам –атадан тарап, біздің Құдайға мойынсұнбаушылықтан көрсетеледі. Шынайы тәубе, ету бұл шайтанның әрі өзіміздің жолынан қайтып, біз үшін өмір берген Тәңір Иса Мәсіхке бет бұрып, Оның жолымен жүру. Сіз өміріңізді Исаға толық бағыштауыңыз керек. Исаны “Жаратқан Ие” деп мойындау бұл

бар өмірімізді (рух, жан мен тәнімізді), өзімізді және барымызды Оған толық арнау. Сіз Исаны қабылдаған кезде, Құдай сізді қара түнектен құтқарып өміріңізге Өз Патшалығының нұрын төгіп, толық өзгертеді. Сіз өлімнен шынайы өмірге өтіп Оның рухани баласы боласыз! Егер сіз Иса арқылы құтқарылғыңыз келсе, онда осындай мінажат ете аласыз:

Көктегі Құдай, мен өзім күнәкар болып, Сенің әділ жолыңмен жүрмегенімді мойындаймын. Мен тозаққа баруға лайықтымын. Алайда, мені осы қалтында қалдырмай, Сенің сүйікті рухани Ұлыңды, пәк таза қыздан туылған, мен үшін айқыш-ағашта өлуге Иса Мәсіхті жібергеніңе сенемін. Оныңүшінші күні өлімнен қайта тіріліп, Сенің оң жағында Тәңі Іе әрі Құтқарушы ретінде отырғанына сенемін. Бүгін, мен өз бетіммен жүруден бас тартып, Саған шынайы тәубе етіп, Иса Мәсіхке өмірімнің Тәңір Иесі ретінде мойынсұнамын. Иса, мен Сені Құтқарушы әрі Жаратқан Іе ретінде мойындаймын. Өзінің Рухың арқылы өміріме кіріп, мені Құдайдың баласы етіп, өзгертіш. Мен барлық қара түнектегі қылықтарымнан бас тартамын, өз бетіммен жүрмей, Саған бағышталып, өмір сүретін боламын. Уа, Тәңір Иса, менің өмірім Сенің қолыңда, Сенің Сөзіңде жазылғандай, Өзіңе сенім артқандар ешқашан ұятқа қалмайды!!! Амин.

Құдайдың рухани отбасына қош келдіңіз! Мен сіздің жаңа, жақсы хабармен басқа сенушілермен бөліскеніңізді қалаймын. Исаға сенушілердің қауымына қосылғаныңыз өте маңызды. Сол жерде рухани бауырластарыңыз сізге жігер беріп, әрі қарай рухани өсуіңізге көмектеседі. Сіздің осындай шешім қабылдағаныңыз өте жақсы болды. Енді, сіз Құдаймен күнде қарым-қатынаста тұрып, соны жетілдіріп, керемет өмір сүретін боласыз.

Егер сіз біздің өзіңізге тұрған қалада қауымды тауып алуымызды қаласаңыз, онда біздің қызметімізге хабарласып, мына интернет сайтқа кіріп MessengerInternational.org біліп аласыз. Біз сіздің күнде Құдайдың Өзін әрі Оның сүйіспеншілігін жақыннан танып біліп, рухани өсуіңіз үшін мінажат етіп отырамыз!




Киелі Рух

Исаның шәкірттері Онымен бірге жүріп, айтқанының бәрін естіген. Дегенмен, Иса ең жақын достарына, Өзінің кететінін және Соның орнына Киелі Рухтың келетінін айтты (Жохан 16:7; 13-14). Егер Исамен бірге жүрген сенушілерге бұл шындықты қабылдау өте қажет болса, онда бізге қаншама зор Киелі Рухпен өмірімізде тығыз қарым-қатынаста тұру қажет екен.

Өкінішке орай, кейбіреулер Киелі Рухтың Өзінің кім екенін қате түсініп, Оның жұмысы мен құдіреті қай жолмен көрсетілетіні көптеген адамдарға түсініксіз болып қалады. Киелі Рух оларға оғаш болып көрінеді.

Киелі Кітап бізге Киелі Рух жансыз табиғат еместігін анық айтады. Ол сізді ешқашан тастамауға уәде еткен жеке тұлға екен. Осы кітапта Джон Бивер сізге сенуші адамдар қате түсінетін Киелі Рух туралы дұрыс түсінік береді.



ШАЙТАН ТҰЗАҒЫ

Шайтанның құрған өлім қауіпі торынан сақ болыңыз. Осы кітапта сенушілерді Құдайдың жолынан тайдыру үшін, шайтанның алдамшы торына түсуі, яғни реніш жайында жазылған. Көптеген сенушілер осы шайтанның торына түскенін байқамайды. Өзіңіз алданып кетпеңіз. Сіз өзіңізді ренжітіп,

өкпелететін адамдармен кездесетін боласыз.

Осы адамдарға деген көзқарасаңыз сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңызға әсер етеді. Сіздің реңжуге қатысты көзқарасыңыз өз болашағыңызға әсер етеді.

Егер сіз соған Құдайдың көзқарасымен қарайтын болсаңыз, онда одан да рухани мықты боласыз.

Қосымша ресурстар алу үшін:

www.CloudLibrary.org



Сіз көбірек білгіңіз келе ме?
Мынадан сканерлеп алыңыз:

БІР КҮНІ КӨП ЖЫЛДАР БҰРЫН...

Некелесу әрқашан да бола беретін. Бұл бір еркек және бір әйелді бірге байланыстырған өсиет болған еді. Осы байланыс оларды одан бетер күштірек, аса мейірімді және әйгілі адам қылды. Олардың бөлектеніп жүргенінен гөрі, бірге болғаны өте жақсы болды.

Үйлену тойы салтанаты, тек бастамасы ғана болды. Бұл, олардың ұзақ және бақытты отбасылық өміріне апаратын салтанатты қақпа еді. Олардың әрбір тандауы мен әрекеттері, олардың неке одағының тағдырына сәйкес, өмір құруға тиісті болатын. Ері мен әйелі, өзінің Жаратушысының сүйіспеншілігін көрсетуі үшін, тығыз шырмалған жүректерімен, қолдары және дауыстарымен біріге отырып, ұлағатты, белгісіз некеге тұрған еді.

Біздер осы күмәнеіз сүйіспеншілік оқиғасынан қалайша байланысты үзіп алдық? «Неке жөніндегі оқиға» кітабында Джон және Лиза Бивер сендерді Құдайдың көптен келе жатқан түпкі ойын қайтадан ашып түсіну үшін шақырады. Сіз тұрмыстасыз ба, немесе үйлі адамсыз ба, күйеуге шықпағаныңыз ба немесе бойдақсыз ба, немесе атастырылған болсаңыз, сіздің оқиғаңыз бұл, Оның әңгімесінің бір бөлігі.

Осы интерактивті кітапты пайдаланыңыз, сондай-ақ;

- Әр күнге арнап мінажат ете аласыз
- Топтардағы сұрақтарды талқылай аласыз
- Сен Өзіңнің армандағыңдай, отбасын құру үшін қандай амалдарын қолдана аласың?
- Отау құру үшін нақты нұсқауларды орындай аласыз



Джон және Лиза Бивер – бестселлердің авторлары және Messenger International ұйымының ортақ құрылтайшылары. Олардың отбасын құрғандарына отыз жылдан асқан және олардың шайқастары мен жеңістерінің басқа адамдардың «неке жөніндегі әңгімелерді» байытып, қорғауын қалайды. Джон мен Лиза, Колорадо Спрингс қаласында, Колорадо штатында, АҚШ-та тұрады. Олардың төрт ұлдары және үш немерелері бар.

Қосымша ресурстар алу үшін: www.CloudLibrary.org



Сіз көбірек білгіңіз келе ме?
Мәңгілік сөздеріңіз алыңыз:

**Messenger
International**
MessengerInternational.org

Бұл кітап сыйлық болып табылады,
және оны сатуға болмайды.

